

Н.Ильясова

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІ

(ОРЫС АУДИТОРИЯСЫНА
АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ)

Алматы 2013

УДК 80/81 (075)
ББК 81.2 Қаз.я 7
И 46

Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне ақпарат министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында
тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

Жауапты редакторы:

Б.Қапалбек филология ғылымдарының кандидаты

Пікір жазғандар:

А.Жаңабекова А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты Компьютерлік лингвистика
бөлімінің меңгерушісі, филология
ғылымдарының докторы

С.Құлманов А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты Грамматика бөлімінің аға
ғылыми қызметкері, филология
ғылымдарының кандидаты

И 46 Ильясова Н.Б.

Қазақ есімдері (орыс аудиториясына арналған оқу құралы).
– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2013. 256-бет.

ISBN 978-601-7206-52-9

Оқу құралы өзге этнос өкілдеріне қазақ тілін оқып-үйретуге
арналып жазылған. Құралдың ерекшелігі тілді қазақтың ат қою
дәстүрімен байланыстыра оқыту болып табылады.

Еңбек мемлекеттік тілді өз бетінше үйренушілерге, қазақ тілін
өзге этнос өкілдеріне оқытушыларға, студенттерге, сондай-ақ
қызығушылық танытқан қалың көпшілікке арналады.

Еңбек толықтырылып, өңделіп екінші рет басылып отыр.

УДК 80/81 (075)
ББК 81.2 Қаз.я 7

ISBN 978-601-7206-52-9

© Ильясова Н., 2013
© Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2013

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда қазақ тілін үйретуге, үйренуге арналған құралдардың түрлері көп. Баспа түріндегі оқу құралдарын былай қойғанда, электронды оқулықтардың саны жылдан жылға артып келеді. Тілді үйренеүік десек, дұрыс оқулық жоқ деген жай сұлттау гана, қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейіне толық көтерілуіне оқулықтың тапшылығы кедергі болып тұр деп түсінештіндердің көзін жеткізу үшін осы саладағы мамандар барынша еңбектеніп келеді. Жазылып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының бағыттары мен құрылымы, формасы мен мазмұны әртүрлі. Бір автор тіл үйретуде классикалық бағытты таңдаса, әнді бірі коммуникацияны басты өлшем етіп ұстайды. Сондай-ақ тілді мақал-мәтедер жаттату арқылы үйрету, грамматикасыз үйрету, өлең, ән айту арқылы үйрету, сөйлем модельдері арқылы үйрету кездеседі. Қолдарыныздагы еңбек те осындай ізденистің нәтижесі.

Мемлекеттік тілді өлі менгерменеген азаматтар Қазақстан Республикасында тұратындықтан, белгілі бір мөлшерде қазақ есімдерін жатқа біледі. Өздерінізге бөлгілі қазақ есімдері негізінен лексикалық қордағы бірліктерден жасалады. Яғни тіл үйренауші қанша есімдерді жатқа білсе, оның сөздік қорында соңша сөз бар. Осындай жатталған сөздерді тіл үйретуге пайдалану керек. Пассив жатқан лексикалық бірліктерді коммуникацияға түсіру қажет. Құралды жазу идеясы осындай мақсатты жүзеге асырудан туындаиды.

Оқу құралы 21 сабактан құралған. Онда "Жер-су аттарынан жасалған есімдер", "Сын есімдерден жасалған есімдер", "Сан есімдерден жасалған есімдер", "Етісміктен жасалған есімдер", "Сөздердің тіркесі арқылы жасалған есімдер", "Тұыстық атаулардан жасалған есімдер", "Үй жануарлары атауларынан жасалған есімдер", "Үйжиңаздары мен мұліктөрдің атауларынан жасалған есімдер", "Табигат құбылыстары атау-

ларынан жасалған есімдер", "Аңдар мән жәндік атауларынан жасалған есімдер", "Құстардың атауларынан жасалған есімдер", "Жеміс-жидек атауларынан жасалған есімдер", "Асыл металдар мән қымбат зат атауларынан жасалған есімдер", "Аспан дәнелерінің атауларынан жасалған есімдер", "Қоғам өміріне қатысты атаулардан жасалған есімдер", "Орыс тіліндегі қазақ (туркі) есімдері" т.б. тақырыптар қамтылған. Эр сабак 8-10 жаттығудан тұрады. Жаттығуларды орындау арқылы тіл үйренуші сөздік қорындағы сөздерді қолданысқа түсіруді үйрөнеді. Эр сабак сонында тақырыпқа байланысты қосымша мәтіндер берілген.

Оқулықты жазу барысында тәмендегідей ғылыми әдебиеттер мән сөздіктерге сүйендей:

1. Т.Жанұзақов, К.Есбаева. Қазақ есімдері. Казахские имена. Алма-Ата, "Наука", 1988, 478 с.
2. Т.Джанузаков. Есіміңіз кім? Ваше имя? Алма-Ата, "Казахстан", 1989, 164 с.
3. Т.Жанұзақов. Есімдер сыры. Тайны имен. Алматы, "Парасат" журналы, 2004, 208 бет.
4. Баскаков Н.А. Русские фамилии тюркского происхождения. Москва, "Наука", 1979, 279 с.

ЖЕР-СУ АТТАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР **(Имена, связанные с географическими названиями)**

№	Жер-су аттарынан жасалған есімдер (Имена, связанные с географическими названиями)	Белгі (Знаки)	Орналасқан жері (Место расположения)	Танымал адамдар (Известные люди)	Білдіретін мағынасы (Значение)
1	Алтай	▼	Алтай солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа тараған. Оңтүстікегі табиги шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады	Алтай Аманжолов – филология ғылымдарының докторы, профессор Халифа Алтай – философия ғылымдарының профессоры Әктем Алтаев - әнші	алтан // алтын – золото+тай- таг – гора. букв. – золотая гора, название гор алтай. Сложносостав в- ные имена – Алтайбай, Алтайбек.
2	Арал	▼	Арал теңізі - Өзбекстан мән Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе обл.) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемесінде, Үстірттің шының шөлтінде орналасқан түйік көл		Арал, каз – остров, Аралбай, Имя дано ребенку, рожденному на берегу Аральского моря.

3	Еділ	▼	Еділ өзені бастауын Валдай қыратынан (абс. биіктігі 343 м) альып, Каспий тенізіне құяды	Еділов Тұрсынғали Нұржакыпұлы – жаттықтыру- шы, былғары қолғап шебері	Едил, др.тюрк. название реки Волги. Составные имена – Едильбай, Едильбек, Едильтай, Едильжан
	Ertic	▼	Ertic – Солтүстік Мұзды мұхит альбында жатқан өзен, Обь өзенінің сол саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы агады	Ertisbaev Ермұхамет – мемлекеттік қоғам қайраткері	Ертис, др. тюрк. букв. – рожденный у берегов реки Иртыш
4	Жайық	▼	Каспий албындағы өзен. Оңтүстік Орал таусы және Каспий оïпаты, Ресей Федерациясының Башқортстан Республикасы, Челябі, Орынбор және Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау қаласы түсінде Каспий тенізіне құяды		Жайик, каз. Русский вариант названия – Урал
5	Жамбыл	▼	Жамбыл облысы - батысында Оңтүстік Қазақстан, солтүсті- гінде Қарағанды, шығысында Алматы облыстарымен, онтүстігінде Қыргыз Республикасымен шектеседі	Жамбыл Жабаев – ақын	Жамбул, монг. – крепость
6	Орал	▼	Орал қаласы – Қазақстанның батыс белгінде орналасқан. Солтүстік және солтүстік батысы Ресей Федерациясымен шектескен	Оралхан Бекей – жазушы	Орал // Урал, каз. имя, образованное от названия реки Урал. Составные имена – Оралбай, Оралбек, Оралхан, Оралтай

❖ Упражнение 1. Уточните, о какой реке идет речь.

1. _____ өзені бастауын Валдай қыратынан (абс. биіктігі 343 м) алып, Каспий теңізіне құяды.
2. _____ Солтүстік Мұзды мұхит алыбында жатқан өзен, Обь өзенінің сол саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады.
3. _____ Каспий алыбындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы және Каспий ойпаты, Ресей Федерациясының Башқұртстан Республикасы, Челябі, Орынбор және Қазақстандың Батыс Қазақстан, Атырау қаласы тұсында Каспий теңізіне құяды.

❖ Упражнение 2. Укажите стрелкой профессии людей, связанные с названиями местностей.

Халифа Алтай	акын
Өктем Алтаев	философия ғылымдарының профессоры
Жамбыл Жабаев	жаттықтырушы, былғары қолғап шебері
Ертісбаев Ермұхамет	әнші
Еділов Тұрсынғали	саясаттану ғылымдарының докторы, профессор

❖ Упражнение 3. Сопоставьте пословицы и поговорки с рисунками.

1		Су ағар да тас қалар, Қарт өтер де жас қалар
2		Жер тойғаны – ел тойғаны
3		Тау мен тау кездеспейді, Адам мен адам кездеседі
4		Өмір өзен

❖ Упражнение 4. Найдите имена, связанные с географическими названиями.

Бауыржан, Назгүл, Орал, Алтынай, Жайық, Ажар, Еділ, Гүлдана, Арал, Гүлзат, Қарасай, Айда, Қанат, Жамбыл, Мақсат, Алтай, Ертіс, Ержан.

❖ Упражнение 5. Прочтите текст в первом столбике и определите о ком идет речь.

Филология ғылымдарының докторы, профессор. Түрік тілін зерттеуші, тілші ғалым. Атақты лингвист Сарсен Аманжоловтың ұлы.	
Ұлы ақын, жырау жыршы. Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған.	
Жетісуда жонғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғыста қол бастаған. Сол жылдардағы соғыстарда қазақ әскерлерінің басшыларының бірі болған.	

❖ Упражнение 6. Ознакомьтесь с текстом.



Жамбыл Жабаев 1845 жылы ақпан айының жиырма сегізі күні Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде туған. Ұлы ақын, жырау және жыршы. Ұлы жұз құрамындағы шапырашты тайпасының екей руынан шыққан Жапа деген елге қадірлі адамның отбасында дүниеге келген. Жамбыл жасынан өлең-жырга қанып өскен, өз анасы Ұлданың ақындық таланттың бойына сіңірген, "Менің пірім Сүйінбай..." деп Жамбылдың өзі жырға қосқандай, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған. Жамбылдың ақын болып қалыптасуы тек Жетісү ақын-

дық мектебінің ауқымында қалған жоқ. Ол өзіне дейін өмір сүрген атақты жыраулардың, өзімен қатарлас ақындар мен жыраулардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгеріп, өз шығармашылығына тұғыр еткен. Асан Қайғы, Бұқар жырау, Шәже, Балта, Шернияз, Шортанбай, Дулат, Сүйінбай, Досқожа сынды ақындарды үлгі тұтқан.

Жамбылдың шығармашылығы 19-ғасырдың 70-жылдарынан басталған. Бұл – қазақ халқы үшін өте ауыр кезең еді. Жырларында халықтың мұнын мұнданап, жоғын жоқтадан.

Жамбылды нағыз ақын ретінде танытқан айтыс өнері. Оның Жаныс ақын, Белектің қызы, Бұрым қызы, Айкүміс, Сара, Сары ақын, Шыбыл, Белтірік, Майкөт, Сарбас, Құлмамбет, Доспамбет және Шашубаймен айтыстары қазақ әдебиетінің алтын қорларына жатады.

❖ Упражнение 7. Напишите отдельной графикой названия местностей, названия рек и названия гор.

Алтай, Жамбыл, Еділ, Ертіс, Жайық, Арад, Орал, Сырдария, Ақсу, Алатау, Қаратаяу, Іле, Шу, Қаракөз, Өскемен, Семей, Жезқазған, Жаңаарқа.

❖ Упражнение 8. Найдите логическое продолжение текста.

Жамбыл Жабаев – 1845 жылы ақпан айының жиырма сегізі күні Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде туылған. Ұлы жүз құрамындағы шапырашты тайпасының екей руынан шыққан Жапа деген елге қадірлі адамның отбасында дүниеге келген.

<p>А) Жамбыл облысында өнеркесіптің әртүрлі салаларымен бірге суармалы егіншілік пен жайылымдық мал шаруашылығы қатар дамыған. Атақты Жамбылдың атына қойылған қалада бірнеше өнеркесіп орындары бар. Облыс аймақтарында Жамбыл тауы орналасқан.</p>	<p>Ә) Жамбыл жасынан өлең-жырга қанып өскен, өз анасы Үлданның ақындық таланттың бойына сіңірген, «Менің пірім Сүйінбай ...» деп Жамбылдың өзі жырга қосқандай, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған.</p>
--	--

❖ Упражнение 9. Выучите наизусть стихотворение.

Алтайдың ар жағынан келген ару

Авторы: Т.Рахимов

Қимайтын жан екенсің жат үяға,
Қарағым-ау, кез келдің-ай қапияда, шіркін.

Қайырмасы:

Мөп-мөлдір жанарың-ай,
Жаз дидар жамалың-ай,
Қалдыым-ай тіл қата алмай, қарағым-ай.
Қасына бара алмадым,
Сездің бе жан арманын?
Еріксіз, қалқам, саған ән арнадым.

Сүйсіндім сымбатыңа, қабағыңа,
Ұқсаттым асқар Алтай маралына, шіркін.

Қайырмасы:

Алтайдың ар жағынан келген ару,
Жарқ етіп қарағаның емге дәру, шіркін.

Қайырмасы:

Көзіңнен ерекше бір арай көрдім,
Келді ғой қарай бергім, қарай бергім, шіркін.

Қайырмасы:

Жарқ етіп өте шықтың нұр елестей,
Өзіңсіз кешкен дәурен түк еместей, шіркін.

Қайырмасы:

Баянды болсын сенің құшар бағың,
Қолыңды қош айттысып қыса алмадым, шіркін.

Қайырмасы:

❖ Упражнение 10. Ознакомьтесь с текстом.

**Тұрсынғали Еділов
(Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы)**

Менің балалық шағым Алматы облысы Ұйғыр ауданының Ташқарасу ауылында өтті. Біздің ауылдың бір орыс жігіті Шамалғандағы техникумда оқыды. Сол жерде жүріп бокспен айналысты. Біздің ауылға боксты алып келген - сол орыс жігіті. Техникумды бітіріп, ауылға келді. Біз қатарлы балаларды жинап алып, бокс қолғабын кигізіп, жұдырықтастырып қоятын. Бокс техникасын білмейміз, бірақ қайтпай, бір-бірімізді төпелеп жататынбыз. Бұл - алтыншы класта оқып жүрген кезім. Бокспен "ауыруым" осы кезде басталды. Бір-екі жыл үзбей қатысуымның арқасында облыстық жарыстардан жүлдемен оралып жүрдім. Жұлқысып, жұдырықтасып жүріп, мектепті де бітірдік.

Алматыға келіп, Дене тәрбиесі институтына құжаттарымды тапсырдым. Қырсық дегенді қарасаңызышы бар өмтиханды сәтті тапсырып келе жатып, соғысында сүріндім.

Бұл кезде "Динамо" спорт қоғамының атынан сынға түсіп жүрген Валерий Рачков, Виктор Демьяненконың аттары дүрілдеп тұрды. Қазақстандағы бапкерлердің мықтылары да сол "Динамода" еді. Кешкі сағат 7-ден кейін "Динамода" бокспен өуестенетін жастар өте көп жиналатын. Сол көптің ішінде мен де бармын. Оқуға түссе алмадым, сондықтан да құрылышта жұмыс істеуге тұра келді. Құндіз құрылыштың балшығын тасимын, кешке жаңышырып "Динамога" келемін. Таңғы алтыда тұрып, жаттығу жасаймын, сағат 8-де құрылышта жүремін. Сағат 4-тен аса кейде сұранып, кейде қашып, спортзалға келемін. Сол күндері белгілі бапкер Станислав Болдыревтің назарына ілігіппін. Бір күні тоқтатып алып:

- Сені кім жаттықтырып жүр? - деді.
- Менің жаттықтырушым жоқ, - деймін.
- Атың кім? - дейді қадалып.

- Тұрсынғали, - дедім.
- Жоқ, сенің атың бүгіннен бастап Толик болады, - деді күліп. - Баскетбол ойнай аласың ба?

- Ойнаймын, - дедім.

Келесі күні Рачков, Демьяненко бәріміз баскетбол ойнауға кірістік. Баскетбол - сүйікті ойыным. Лып-лып етіп жүрген қымылым белгілі бапкерге қатты ұнаған болуы керек. "Сені өзім жаттықтыратын боламын", - деді Болдырев құшағына алып. Бұл - 1977 жыл еді.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Алтай тау жүйесі

Алтай - Алтай тау жүйесінің - Азия құрлығы орта тұсындағы таулы өлкө. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 км-ге созылып жатыр. Алтай солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа тараған. Оңтүстікегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады.

Алтайдың климаты тым континентті. Қысы сүйік, әрі ұзак. Қантар айының орташа температурасы тауаралық ойыстарда - 27 - 30° С, тау етектері мен жазық жерлерінде - 13 - 16° С. Ең сүйік орташа температура Марқакөл көлінің маңында (- 27.6° С). Алтайдың ең жылды кезі шілде айы, орташа температурасы 18-20° С, ал 1000-1500 м биіктікте ол 14-16° С-тан аспайды. Ең жоғарғы температура Зайсан Қазаншұңқырында.

Алтайда шөллейтке, далаға, орманға және биік тауларға тән жануарлар кездеседі. Дала жануарларынан: қасқыр, көртышқан, саршұнақ, терісаяқ өмір сүрсе, орман жануарларынан: қоңыр аю, марал, солтүстік бұғы, елік, күдір, сілеусін, барыс, бұлғын, құндыз, тиін, боршатышқан, сасық күзен, қоян, түлкі мекендейді.

2. Мәтінді оқыңыз.

Жамбыл облысы

Жамбыл облысы - Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Облыс болып 1939 жылы 14 қарашада құ-

рылған. Жерінің аумағы 144,3 мың км², тұрғындары 983,9 мың адам (1999). Батысында Оңтүстік Қазақстан, солтүстігінде Қарағанды, шығысында Алматы облыстарымен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен шектеседі. Облыс аумағындағы 383 елді-мекен, 10 әкімшілік округтерге біріктірілген (1999). Орталығы – Тараз қаласы.

Жамбыл облысында өнеркәсіптің әртүрлі салаларымен бірге суармалы егіншілік пен жайылымдық мал шаруашылығы қатар да-мыған. Облыс өнеркәсібінің жетекші салалары - тау-кен, химия, женіл, тамақ өнеркәсіптері. Бұлар негізінен, жергілікті шикізат қорына негізделген. Қаратая мен Жаңатаста фосфорит шикізатын өндіру және өндірілген көсіпорындары, Таразда фосфор химиясының зауыты жұмыс істейді. Женіл өнеркәсіптің ірі көсіпорындары: резина бұйымдарын шығаратын зауыт, былғары аяқтім комбинаты, жұнді алғашқы өндейтін, тігін, галантерия фабрикалары (Таразда), былғары комбинаты (Қордайда). Тамақ көсіпорындарынан қант (Таразда, Шуда, Ойталда), ет, спирт, арак, шарап, сыра (Таразда), сүт және сарымай заттары (Таразда, Қаратуда, Шуда), балық зауыттары (Мыңаралда) бар.

3. Мәтінді оқыңыз.

Еділ - Волга (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) - Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км, су жиналатын алабы 1360 мың км². Еділ өзені бастауын Валдай қыратынан (абс. биіктігі 343 м) алғып, Каспий теңізіне құяды. Орман, орманды дала, дала, шелейт белдемдері арқылы солтүстікке қарай ағып өтеді. Жалпы құламасы 256 м. Сағасы теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Еділге 200-ден астам салалар құяды. Жоғарғы ағысындағы басты салалары: Семижаровка, Тверца, Молога, Шексна және Унжа. Орта ағысында Ока, Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады. Бұл өңірде өзен Еділ бойы қыратын бойлай ағып, Жигули тауын айналып өтеді. Самара қаласы тұсында иін жасап ағады. Мұнда ірі Волга СЭС-інің бөгеті салынған. Одан төменде Саратов бөгені бар.

4. Мәтінді оқыңыз.

Жайық - Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы және Каспий ойпаты, Ресей Федерациясының Башқортстан Республикасы, Челябі, Орынбор және Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау қаласы тұсында Каспий теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2428 км, су жиналатын алабының ауданы 237 мың км², Қазақстан же-ріндегі ұзындығы 1084 км. Орал тау жотасынан басталып, жоғарғы бөлігінде Оңтүстік шығыс беткейін бойлай тар аңғармен ағып, Верхнеуральск қойнауынан төмен қарай жазықпен ағады. Магнитогорск металлургия комбинатын сумен қамтамасыз ету үшін қала маңында

бөгөн салынған. Бөгеннен төмен қарай өзеннің жағасы жарқабақ, арнасында қайраңдар бар. Өзен жоғарғы ағысында қарашаның басында, орта, төменгі бөлігінде қарашаның аяғында қатып, мұзының еруі төменгі бөлігінде наурыздың аяғында басталып, жоғарғы бөлігінде сөүірдің ортасына дейін созылады. Өзеннен бекіре, шоқыр, майшабақ, көксерке, Каспий қаракөзі, табан балық, сазан, жайын ауланады. Жайықтың бойында орналасқан қалалар: Верхнеуральск, Магнитогорск, Орск, Новотроицк, Орынбор, Орал, Атырау. Жайық өзені бойымен Еуропа мен Азияның шартты шекарасы өтеді.

5. Мәтінді оқыңыз.

"Еділ мен Жайық" әнінің шығу тарихы

Әннің сезін ақының ақын Жұбан Молдағалиев жазған. Өйткені осы қос өзеннің көктей ағып өтер өлкесінде туып-өсken Жұбан ағаның Еділ мен Жайыққа деген іңкәрлі сезімі ерекше екендігі сөзсіз. Әйтсе де Ілекен әнмен қоса оның мәтініне де терең талап, талғаммен қарайтындықтан, ақын ағасын өлдөнеше азапқа салып қинаған жайы бар. Әзінің жан сарайынан керней ақтарылғалы тұрган өуенге лайық сөз табылар емес. Жұбан ақынның бір емес, бірнеше өлең нұсқасын жаратпай тастаған. Жаратпағаны емес, ән өуенінің ажарын ашып, мазмұнын терендете түсер сөз тумай тұр. Тәқаппар ақын ашуға басты, жазбаймын деп тулап бақты.

Бірақ Ілия өкшелеп қалар емес, "жазасыз, жазып бересіз" деп жаналқымға алды. Ақыры шығармашылық азаптың шырғалаң шынжырын үзіп, жарқыраған жаңа мәтін өмірге келді.

Күлпypyрады дала, гүлдейді орман,
Есіледі егіз Еділ мен Жайық.
Ақ шағала айдын, ақталған арман,
Тербеледі кеме, ойнайды қайық.

А-а-а, ағады шалқып,
Аққулары қалқып,
Еділ мен Жайық!

Шырқалады әндер, жан жүрек іңкәр,
Сылқылдайды сұлу Еділ мен Жайық.
Әуелейді адам, самғайды сұңқар,
Шығандарға, шыңға қанатын жайып.

- Саған ешuaқытta өлең жақпайды екен, Ілия! - деп бір кездे қағазды умаждай лақтырған Жұбан ақын "Еділ-Жайықты" тындал

отырып, "Мына әнмен сен, Ілия, талай жерге баrasың. Рухы зор ән екен!" - деп адап бағасын беріпті.

Міне, өз шығармашылықтына соншалықты қатал сыни түрғыдан қарай билетін қайратты талант Ілия Жақанов әннің өлең мәтініне соншалықты парасатты пайыммен қарайды, азуын айға білеген Жұбанның өзінен де қаймықпай, ойнақы да отты, ішкі ырғағы әнге сұрана үйлескен өлеңнің тууына тікелей себепкер болады.

6. Мәтінді оқыңыз.

Арал теңізі - Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе обл.) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемесінде, Үстірттің шығыс шетінде орналасқан тұйық көл. Алабындағы қарқынды антропогендік әрекеттерге дейін (1960-70ж.) дүние жүзінде теңіз деңгейінен 53,0 м биіктікте жатқан. Осы деңгейдегі айдынының ауданы 66,1 мың km^2 (аралдарымен қосқанда), суының көлемі 1064 km^3 , орташа тереніндігі 16,1 м (ең терең жері 67 м), ұзындығы 428 км, ені 235 км, су жинау алабының ауданы 69000 km^2 болған. Алабындағы шаруашылық мақсаттарға үздіксіз су алу барысында 1998 ж. теңіз деңгейі 18 м -ге төмендеді (1997). Нәтижесінде теңіз 2 суқоймаға - Үлкен Арал және Кіші Аралға бөлініп қалады.

Арал теңізі көне замандардан белгілі. Ежелгі гректер мен Римдіктер теңізді Каспийдің "сақ шығанағы" деп есептесе, А.Македонский кезінде Окс теңізі (Окс - Сырдарияның грекше аты) деп атаған. Арал теңізінің Хорезм, Жент, Кердері теңізі сияқты аттары да бар.

2-САБАҚ

СЫН ЕСІМДЕРДЕН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР (Имена людей, образованные от прилагательных)

№	Сын есімдер (Имена прилагательные)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Синонимдік қатары және мағынасы (Синонимический ряд и значение)
1	Айқын	▼	явный, очевидный, отчетливый, четкий, ясно	анық, белгілі, айқын, нақты
2	Асқар	▼	высочайший, неприступный	асқар, занғар, зәулім, зенгір, асқаралы, сенгір, асқак
	... бек	▼	великий	
	... бай	▼	богатый	
3	Ақ	▲	белый	ақ, боз, қылан, шаңқан. Ақ - сүт пен қардың түсіндей, қарсы мағынасы қара. Боз бен қылан, кебінесе жылқыға қатысты айттылады. Шаңқан, өте ақ, тым ақшыл деген мағынаны білдіреді
	... гүл	▲	цветок	
	... қыз	▲	девочка	
	... бепе	▲	младенец	
	... ерке	▲	баловень	
	... маржан	▲	коралл	
	... нұр	▲	свет, луч, сияние	
	... тоты	▲	(зоол) попугай	
	... жан	▲	душа	
	... сәуле	▲	луч	
	... баян		араб.ясность, др.турк., каз. – счастливый	
	... жігіт	▼	юноша, парень	
	...батыр	▼	герой, богатырь	
4	Әптақ		беленький	аппақ, қардай, кудай, сүттей, шаңқан.
5	Әсем	▲	прекрасный, великолепный	әсем, сұлу, әдемі, көркем, ару, әрлі, бәденді, ажарлы, шырайлы, келбетті, кескінді, көрікті, ренди, өнді
	...гүл (құл)	▲	цветок	
	... бек	◆	великий	
6	Әділ	▼	справедливый, правдивый	турашыл, әділ, шыншыл, тура, әділетшіл, әділлетті
	... хан	▼	хан	
	... бек	▼	великий	
	... жан	▼	душа	

7	Батыр	▼	герой	ер, батыр, қаңарман, қаңарлы, жауынгер, сайыпқыран
	... хан	▼	хан	
	... жан	▼	душа	
	... бек	▼	великий	
8	Байлы	▼	богатый	бай, мол, көп, қыруар, ауқатты, дәүлетті, тұрмысты, жағдайлы, қорабалы, әлді, қуатты, күйлі, байқуатты
	... бай	▼	богатый	
	... бек	▼	великий	
	... бол	▼	будь	
9	Байтақ	▼	обширный, широкий	байтақ, кең, дархан
10	Берік	▼	крепкий, прочный, твердый	мықты, берік, бекем, мызығымас, мелжемді
	... бай	▼	богатый	
	... бол	▼	будь	
11	Бірлік	▼	единство	ынтымақ
12	Ботагөз	▲	букв. верблюжонок+глаза , большие красивые глаза как у верблюжонка	көзі ботадай үлкен
13	Дана	▲	мудрый	дана, данышпан, кеменғер, ойшылдық
	... гүл	▲	цветок	
	... Қызы	▲	девочка	
	Ел ...	▼	население, народ	
	...нұр	▼	свет, луч, сияние	
14	Дархан	▼	щедрый	әте кең, мол, пейілі кең
15	Данышпан	▼	мудрец, гений	дана, данышпан, кеменғер, ойшыл
16	Ерке	▲	баловень, неженка, любимец	шолжаң, тотай, тәлліш
	... жан	▼ ▲	душа	
	... наз	▲	нежный	
	... бек	▼	великий	
	Жан ...	▲	душа	
	Таң...	▲	рассвет	
17	Жақсы	▼	хороший	жақсы, тәүір, әжептәүір, керім, келісті
	... лық	▼	добро, доброта	
	... бай	▼	богатый	

18	Жаман	▼	дурной, плохой	жаман, нашар,
	...құл	▼	раб	тәмен, жөндекілеу
19	Жаңа	▲	новый	жанә, жаңалау,
	... гүл	▲	цветок	
	... бай	▼	богатый	
	... берген	▼	дающий	
20	Жомарт	▼	щедрый	жомарт, кең, мәрт,
	би ...	▼	судья	
	бай	▼	богатый	
	бек	▼	великий	
21	Мекем	▼	крепкий	мықты, берік, бекем
	... тас	▼	камень	
22	Мерген	▼	стрелок	мерген
	...бай	▼	богатый	
23	Мейір	▼▲	симпатия	мейірімді, рақымды,
	...ман	▲	благодеяние	
	...бан	▲	доброжелательный	
	...жан	▲▼	душа	
	...бек	▼	великий	
24	Кәрі	▲	старый, древний	ақсақал, егде, қартан,
	... бай	▼	богатый	
	... бек	▼	великий	
25	Кеменгөр	▼	гениальный, мудрый, ученый, прекрасный	қайырымды, шапагатты, мейірімшіл
26	Керім	▲	удивительный, чудесный	данышпан, білімді, ақылды, көпті көрген, білгір.
	... бай	▼	богатый	
	... бек	▼	великий	
27	Қара	▼	черный	қара түсті
	... шаш	▲	волосы	
28	Салқын	▼	прохладный	салқындау, мұздау, сұықтау, тоңазу, сұыну
	... бай	▼	богатый	
	... бек	▼	великий	
29	Сабыр	▼	терпение, сдержанность	сабыр, тағат, шыдам, төзім, дегбір, байсал
	... жан	▼	душа	
	... хан	▼	хан	
	... бек	▼	великий	
30	Сұлу	▲	красивый, миловидный	әдемі, әсем, көркем, ару, әрлі, келбетті, ажарлы, шырайлы, өнді
	... шаш	▲	волосы	
	... хан	▼	хан	
31	Палуан	▼	борец, силач	балуан, күрескер

❖ **Упражнение 1.** Из каждого прилагательного составьте по пять определяющих сочетаний.

Үлгі: Әсем

1. Әсем қала
2. Әсем қыз
3. Әсем келбет
4. Әсем ән
5. Әсем дауыс

❖ **Упражнение 2.** Впишите в две графы женские и мужские имена, образованные от прилагательного.

Ақгүл, Ақбөп, Ақерке, Ақтоты, Ақжігіт, Ақбатыр, Ақбаян, Әсемкүл, Әсембек, Әділхан, Әділжан, Батыржан, Батырхан, Ботагөз, Елдана, Данабек, Ерке, Еркежан, Жанерке, Мейірбан, Мейіржан.

Әйел есімдері	Ер кісі есімдері

❖ **Упражнение 3.** Найдите прилагательное, которое не означает имя человека.

Жақсы, жаман, әсем, қыын, дана, ақ, аппақ, батыр, қорқақ, данышпан, ауыр, ыңғайлы, мырза, жомарт, әділ, үрей, маймақ, дархан, сарғыш, сирек, шырайлы, ақылды, тәкеппар, палуан, мерген, сабыр, алтын, ерке, сылқым, ұғымтал.

❖ **Упражнение 4.** Найдите антонимы прилагательных, которые означают имя людей.

Образец: ақ - қара, жаман - жақсы.

- | | |
|----------|-----------|
| 1. кәрі | 6. байтақ |
| 2. сабыр | 7. салқын |
| 3. сұлуу | 8. әділ |
| 4. ерке | 9. дана |
| 5. батыр | 10. мырза |

❖ **Упражнение 5.** Найдите в пословицах и поговорках прилагательное.

Батырдан сауға,
Мергеннен сыралқы.

Батыр бір оқтық,
Бай бір жұттық.

Жақсы адам - елдің ырысы.
Жақсы жер - жанның тынысы.

Жаман ерден жайдағым жақсы,
Жаман қатыннан бойдағым жақсы.

Әдепті бала - арлы бала,
Әдепсіз бала - сорлы бала.

Боранды күні бала құтырап,
Желді күні ит құтырап.

Жақсы бала - сүйік,
Жаман бала - күйік.

Көріліктің алды,
Жігіттіктің соңы.

❖ **Упражнение 6.** Назовите имена людей, выраженных качественными прилагательными.

- Қара - черный
- Сары - желтый
- Сабыр - терпение
- Әдемі - изящный, красивый, прекрасный
- Палуан - борец, силач
- Жақсы - хороший, хорошо
- Жаман - плохой, дурной, скверный
- Дархан - щедрый
- Данышпан - гениальный, мудрый
- Батыр - богатырь, герой

Мырза - господин, барин, щедрый
Таза - чистый, опрятный, честный
Салқын - прохладный, прохлада
Берік - крепкий, прочный, устойчивый
Мейір - симпатия, быть ласковым, милостивым

❖ **Упражнение 7.** Назовите имена людей, образованных при участии относительных прилагательных.

ажарлы - красивый, привлекательный
бақытты - счастливый
әсерлі - впечатляющий
көңілді - радостный
сабырлы - терпеливый
көрікті - красивый
өнерлі - обладающий искусством, мастерством
епті - ловкий
тұзды - соленый
шеткі - крайний
ақшалы - денежный
қалталы - богатый

❖ **Упражнение 8.** Ознакомьтесь с ученым.

Мекемтас Мырзахметұлы



Қазақ есімді қоюда көп жағдайда "сол кісідей болса" деп еліктейді немесе ырым етеді. Мысалы, мен ата-анамның үміт еткен жалғыз баласы және көп баладан қалған соңғы баласы болғандықтан "осы бала аман болсын, мекем болсын, тас секілді бір орында тұрсын" деп ырымдап "Мекемтас" деп қойған. Ырымдағандары соншалық, анам емізбеген, бесікке салмаған, ес білер-білместен құлағыма сырға, қолыма білеziк салып, тек аман болуымды, тірі қалғанымды ғана ойлаған.

❖ Упражнение 9. Найдите в тексте среди имен людей имя человека, которое образовано от прилагательного.

Жазғы демалыс

Жазғы демалыста ауылға асығамын. Ауыл жайлыш менің айтарымды сөзбен жеткізу қыны. Эр күнім бір-біріне ұқсамайтын, езінше ерекше қызықты. Атам мен әжемнің құшағында еркелегенге не жетсін?! Әжемнің қарынға салып жинаған майы, ыстық таба нанын басқа аспен салыстыру мүмкін емес. Атаммен бірге малға қараймын. Қектемде туылған қозыларды бөлек ұстаймыз. Оларды екі мезгіл ауыл сыртына шығарып, жайып келемін. Сол жерде мен көптеген достар таптым. Жақсылық, Ерсін, Салқынбай, Батыр, Айдын. Олар да бірі қозыларын, бірі тайларын алып шығады. Кейде мен онда қозы бағып жүргенімді ұмытып та кетемін, достарыммен ойын қызығына кіріп кетіп уақыттың қалай өткенін ұмытып та қаламын. Қайтарда бәріміз қозы, тайларымызды айдал ауылға қайтамыз. Салқынбай менімен түйдей құрдас. Ол да Астанада тұрады. Оның да атасы, әкесінің інісі отбасымен ауылда тұрады. Ал қалған достарым осы ауылдың тұрғындары. Жақсылық пен Айдын бізден екі жас үлкен, Батыр мен Ерсін керісінше бізден бір жас кіші. Бірақ біз бір-бірімізді жақсы түсінеміз. Мен ауылдағы достарыма Астана туралы айтып беремін. Астананың зәулім сарайлары, жаңадан салынып жатқан ғимараттары жайында айтқанымда, олардың Астанаға деген қызығушылығын одан өрі оятып жіберемін. Біз мектеп бітіргеннен кейін Астана қаласындағы жоғары оқу орындарында оқытын боламыз. Біздің достығымыз ұзағынан болады деген сенімдемін.

❖ Упражнение 10. Уточните, кто это?

Мамандығы , атақ-дәрежесі	Аты-жоні
Журналист қызы, тегі Нұржісіт	
С.Мүқовтың шығармасы	
Бұрынғы «A студиясының» солист әншісі	

«Абай жыолы» шыгармасындағы «Бөжей» кім?	
«Кісілік» кітабының авторы	
«Аяз бидің» шын аты	
Абай шыгармаларын зерттеуши галым	
1980 жылы Мәскеуде өткен XXII Олимпиадада жеңіске жеткен қазақ спортшысы	
1995-2002 жылдары ҚР Парламенті сенатының депутаты, «Ат тұяғын қыздырган Атамекен» кітабының авторы	
Ақан серінің шын аты	

Грамматика

Имена прилагательные обозначают признаки предметов и употребляются перед существительными.

В казахском языке в отличие от русского функции определения не изменяются перед существительным ни в числе, ни в падеже. Мысалы: жақсы кітап - хорошая книга; жақсы кітап + тар - хорошие книги; жақсы кітап + ты - хорошую книгу.

Имена прилагательные делятся на непроизводные - корневые и производные, образованные при помощи суффиксов: ақ - белый, үлкен - большой, тәтті - сладкий - являются непроизводными корневыми прилагательными, а слова - күш + ті - сильный, бұлт + сыз - безоблачный, қыс + қы - зимний относятся к производным, прилагательные отвечают на вопрос қандай? - какой?

Качественные прилагательные обозначают непосредственно воспринимаемые различные признаки предмета, цвета, мысалы: қара - черный, қызыл - красный; качество и характер, мысалы: жақсы - хороший, жаман - плохой, размер и объем, мысалы: аласа - низкий, үлкен - большой, вкус и запах, мысалы: аяң - горький, қышыл - кислый и т.д.

Качественные прилагательные выражают признак предмета непосредственно своим лексическим значением без дополнительного формально-грамматического оформления.

Производные прилагательные образуются при помощи специальных суффиксов, мысалы:

- әйлең-ди, - ты/- ті, - лы/- лі - тау + лы - горный, күш + ті - сильный
- дай/- дей, - тай/-тей - бала + дай - как ребенок, сүт + тей - как молоко
- лық/- лік, - дық/- дік, - тық/- тік - кала + лық - городской, аудан + дық - районный
- сыз/- сіз - су + сыз - безводный
- гы/- гі, - қы/- кі - жаз + гы - летний, күз + гі - осенний

Имена прилагательные в предложении в основном выступают в качестве определения и сказуемого, мысалы: жақсы бала, сұлу қызы, қара шаш.

В этих случаях имена прилагательные, выполняя свою основную функцию, сочетаясь с существительными, выступают в роли определения. А в предложениях сөн жақсысын, мен сұлумын имя прилагательное принимает аффикс сказуемости.

1. Өлеңді жаттап алыңыз.

Елдана

Айналайын, Елдана,
Айналасы - тең бала.
Немереден
Әжеңе
Теңелері - Сен ғана!

Айналайын, Елдана,
Айналасы - тең бала.
Немереден
Әжеңнің
Жеңілері - Сен ғана!

Айналайын, Елдана,
Айналасы - тең бала.
Немеренің ішінде,
Тек осының үшін де,
Ең әдемім - Сен ғана!

Айналайын, Елдана,
Айналасы - тең бала.
Немеренің ішінде,
Ең әдемім - Сен ғана.

Ж. Әбдіраш

2. Мәтінді оқыңыз.

Айқын Төлепбергенұлы



Мақсатым - айқын. Әнші болу. Өзімді өнерге аяқ астынан, дайындықсыз келгендер қатарына қоспаймын. Негізінде, адамның бір-ақ күнде әнші болып кетуі де мүмкін нәрсе емес қой. Бала күнімнен музыкаға, әнге жақын жүретінмін. Бір күні Аслан деген досым маған гитара сыйлады. Сол күннен бастап гитарамен ән айтуды қолға алдым. Университет қабырғасында да ҚТК-ге, түрлі байқауларға қатысып жүрдім. Студент кезімде мейрамханаларда да өлең айтып, қызмет еттім. Кейіннен теледидардан Батырхан Шүкеновтің мега жобаға жастарды шақырып жатқанын естіп бардым. Бірақ финалдан бір-ақ шығам деп ойлаған жоқ едім.

3. Мәтінді аударыңыз.

Шукенов Батырхан Камалович

Родился 18 мая 1962 года в городе Кызылорда (Казахстан).
Образование: СШ № 233 им. Н.Островского. Школьная пора - золотое время в жизни каждого человека. Уже в те годы Батыр ув-



лекся музыкой. Ему, 12-летнему парню, она в буквальном смысле, "вскружила" голову. Первый инструмент, который его заинтересовал, была гитара. 1979 г. Ленинградский Государственный Институт Культуры им. Н.К. Крупской. В культурную столицу РСФСР Батыр приехал с намерениями повысить свой профессиональный уровень и мастерство. В руках у музыканта был саксофон - один из нескольких инструментов, которыми он успел овладеть. Два года Батырхан прожил в Ленинграде, ныне Санкт-Петербург, и вспоминает то время как самое значимое в его становлении и росте мастерства.

1981 г. Алматинская Государственная Консерватория им. Курмангазы. Напряженный период жизни. Батыр: Тогда студенты были другими. Если сейчас, придя в консерваторию можно увидеть пустующие классы, то во времена моего студенчества, такое случалось только ночью. Мы приходили очень рано, а уходили поздно. В один из таких вечеров Батырхан познакомился со знаменитым в Советском Союзе джазовым музыкантом Георгием Метакой. В дуэт с мэтром Батыр по-настоящему открыл для себя мир джаза. Совместные выступления с такими известными музыкантами как Тахир Ибрагимов и группой "Бумеранг" были встречены алматинскими слушателями с аншлагом.

1982 год. Знакомство с Байгали Серкебаевым, Булатом Сыздыковым, Владимиром Миклошичем. Музыканты пригласили Батырхана в тогда уже знаменитую группу "Арай".

В 1983 году в составе группы "Арай" Батыр был удостоен звания Лауреата Седьмого Всесоюзного конкурса артистов эстрады.

Служба: 1985г - 1986 г в рядах Советской Армии. Двенадцатый оркестр штаба САВО (Среднеазиатский Военный Округ).

1987 г. группа "Алмата ", позже переименована в "Алмата-студио" и "А"Студио".

1989 г - 1994 г- работа в Театре песни Аллы Пугачевой. Время, которое никто и никогда не сможет забыть. Знаменитую и полюбившуюся "Джулия" поклонники до сих пор помнят и напевают. После 13 лет работы в группе "А"Студио" - создание собственного сольного проекта. Первый сольный альбом Батыра на казахском языке - "Отан Ана" (в переводе на рус. яз. Родная Земля). Презентация работы состоялась в г. Алматы 26 октября 2002 года. В сборник вошли 10 композиций и один видео-бонус на песню "Отан Ана".

САН ЕСІМДЕРДЕН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР (Имена, образованные от числительных)

№	Сан есімдер (Имена числительные)	Есімдер (Имена)	Белгісі (Знак)	Сан есімнен жасалған кісі есімдері (Имена, связанные с числительным)
1	бір	один	Бір-жан один + душа	▼ Биржан сал – певец, композитор, поэт
2	екі	два	0	—
3	үш	три	Үш-кемпір три + старуха	▼ Ушкемпиров Жаксылык – казахский спортсмен, олимпийский чемпион
4	төрт	четыре	0	—
5	бес	пять	Бес-бай пять + богатый	▼ Мейрамбек Бесбаев – певец
6	алты	шесть	Алты-бай	—
7	жеті	семь	Жеті-бай	—
8	сегіз	восемь	Сегіз-бай восемь+ богатый	▼ Сегизбаев Султан – государственный деятель, ученый
9	тоғыз	девять	Тоғыз-бай девять+ богатый	—
10	он	десять	0	—
11	жиырма	двадцать	0	—
12	отыз	тридцать	0	—
13	қырық	сорок	Қырық-бай сорок+ богатый	▲ Кырыкбаева Динара – молодая певица
14	елу	пятьдесят	Елу-бай пятьдесят+ богатый	▼ Омирзаков Елубай – актер
15	алпыс	шестьдесят	Алпыс-бай шестьдесят+ богатый	▼ Алпысбаев Куныпия – доктор филологических наук, профессор

16	жетпіс	семьдесят	Жетпіс-бай семьдесят+ богатый	▼	—
17	сексен	восемьдесят	Сексен-бай восемьдесят + богатый	▼	—
18	тоқсан	девяносто	Тоқсан-бай девяносто+ богатый	▼	—
19	жүз	сто	Жүз-бай сто+богатый	▼	—
20	мың	тысяча	Мың-бай тысяча+ богатый	▼	—

❖ Упражнение 1. Прочтите задачу и изложите письменно.

$$12+8=20$$

$$1000-951=49$$

$$110+45=155$$

$$645-40=605$$

$$33+72=105$$

$$21-20=1$$

$$652+107=759$$

$$459-365=94$$

❖ Упражнение 2. Ответьте на следующие вопросы.

Жасың нешеде?

Ата-анаң нешеде?

Отбасында неше адам бар?

Олардың жастары нешеде?

Үйіңнің телефон нөмірі қандай?

Пәтеріңнің нөмірі қандай?

Ұялы телефоныңың нөмірі қандай?

Алматының кодын білесің бе?

❖ Упражнение 3. Напишите продолжение предложений, объясните их значение.

Бірінші байлық -

Екінші байлық -

Үшінші байлық -

❖ Упражнение 4. Ознакомьтесь с текстом.

Жақсылық Үшкемпіров



Үшкемпіров Жақсылық 1951 жылы Байзак ауданының Тегістік ауылында туған. Бірінші қазақ спортшысы, олимпиада чемпионы. 1980 жылы Мәскеуде өткен XXII Олимпиада ойындарында жеңіске ие болды. Бірнеше рет грек-рим күресінен КСРО біріншілігінің және КСРО халықтарының VI жазғы спартакиадасының жеңімпазы, 1981 ж. дүниe жүзі чемпионы, 1982 жылы дүниe жүзі кубогінің күміс жүлдегері, 1974-1984 жылдары Қазақ ССР мемлекеттік спорт комитетінде нұсқаушы. 1984-1993 жылдары республикалық кәсіподақ комитеті спорт мектебінің директоры. 1993 жылдан "Жақсылық" спорт клубының директоры. Үшкемпіров Жақсылық КСРО спорт шебері, Қазақ ССР-інен еңбек сінірген жаттықтыруышы. Спорттағы жетістіктері үшін "Құрмет белгісі" орденімен марапатталды. Бірнеше медальдары жаттықтыруыш атағына берілді.

❖ Упражнение 5. Сгруппируйте имена по теме.

Сан есімге байланысты есімдер	Тұыстық атауға байланысты есімдер	Жер-су аттарына байланысты есімдер

Біржан, Жамбыл, Орал, Бауыржан, Көпболсын, Көпжасар, Қарасай, Қырықбай, Елубай, Алпысбай, Ағатай, Жетпісбай, Жиенбай, Үшкемпір, Жиенқұл, Бабанияз, Тоқсанбай, Мыңбай, Нағашыбек, Ағажан, Атабай, Бабақан.

❖ Упражнение 6. Найдите в предложениях числительные и подчеркните.

Бір аптада жеті күн бар, оның бес күні жұмыс күні. Қазақта "Жеті атасын білмеген - жетесіз" деген мақал бар. Жеті

күннен кейін біз ауылға барамыз. Жеті жердегі жетім қырық тоғызы. Әдетте, ертегілерде байдың жеті үйір жылқысы болыпты деген сюжет кездеседі. Бір күні әжем маған ою оюды үйретті. Екі жастағы інім енді-енді былдырлап сөйлөп жүр. Әкем мен анам осы жылды елуғе толды. Әкемнің қарындасы алпысыншы жылды туылған.

❖ Упражнение 7. Переведите пословицы.

Бес саусақ бірдей емес.

Жеті атасын білмеген - жетесіз.

Отызында орда бұзбаған,
Қырқында қамал алмайды.

Болатын бала қырқынан шықпай қырықтамын дейді,
Болмайтын бала қырқымнан шықпадым дейді.

Қызды қырық үйден тию.

Жеті рет өлшеп,
Бір рет кес.

Бір қыз тұрмысқа шықса,
Қырық қыз тұс көреді.

❖ Упражнение 8. Ознакомьтесь с текстом.

Бесбаев Мейрамбек Әбіләшімұлы



Бесбаев Мейрамбек Әбіләшімұлы - 1976 жылы туған. "МҰЗАРТ" тобының әншісі. Қазақ мемлекеттік театр және кино институтын бітірген. "Қазақ әуендері" Ақтың "Қазақконцерт" концерттік бірлестігі" филиалында жұмыс істейді.

Жастайынан "Бозторғай" әні арқылы халыққа танылды. Оның қоңыр дауысы кез келген қазақ жүргегінен өз орнын тапқан.

Репертуары күннен-күнге толыға тұсуде. Мейрамбектің орындаудында "Үш қоңыр", "Сағыныш", "Алма бағы", "Са-

ғындым Алматымды", "Қоштасудың қыныны-ай", "Алғашқы ма-хаббат", "Шынарым", "Жайлauкөл кештері" т.б. әндер бар.

❖ Упражнение 9. Найдите логическую пару слов.

бес қырық жеті жеті бес жеті үш	қазына, парыз, қарақшы, әтірік, жұрт, саусақ, ата
---	--

❖ Упражнение 10. Прочтите стихи Шал ақына.

Шал ақын

Үш-төрттен талап еттім, асық жинап,
Жүгірдім жалаң аяқ, жанды қинап.
Боқтасып, көрінгенді боқпен атып,
Араға кіре алмадым кісі сыйлап.

Сегізде бала болып ойнап едім,
Тоғызда тайлы суға бойлап едім.
Он бес пен **он алтының** арасында,
Желкемнен аларын да ойлап едім.

Жиырмада құрып өттім жігіт салтын,
Ойламай еш нәрсенің алды-артын.
Бар болса елде сұлу - менікі деп,
Болмапты ешнәрседен сонда парқым.

Отызда ор қояндай арыстадым,
Болса да қайдан дүбір қалыспадым.
Бүркіттей тасқа қонған талап етіп,
Алдында хан, қараның қарыштадым.

Қырық та бір жас екен - қырдан астым,
Көнілді тасып жүрген әрең бастым.

Жанасып жақсылармен, әзіл айтып,
Арада сол секілді орындастым.

Елу де бір жас екен есептеулі,
Есептеп, елдің жөнін білсек дейді.
Кешегі жиырма бес жас қайтып келіп,
Көнілім бұрынғыдай жүрсек дейді.

Алпыста аш бөрідей заман болар,
Қартайсан, ақылың да шабан болар.
Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың,
Дауасыз бұл көрілікке не амал болар.

Сексенде тұяғынды серіппейсін,
Селт етіп еш нәрсеге елікпейсін.
Тоқсанда тотықсыған сен қорғансың,
Май құйып қорытқанмен бірікпейсін.

Келеді **тоқсан тоғыз**,
Тағы да жұз...
Ер бар ма жұзге келген,
Біз байғұстан қудерінді үз.

Грамматика

Имя числительное (*сан есім*) - часть речи, которая обозначает количество предметов, число, а также порядок предметов при счете.

Сан есім в функции определения не изменяется по падежам и числам.

Вопросы: сколько? который? какой? по сколько? почем? приблизительно сколько?
Сұрақтары: қанша? неше? қаншасыныш? нешінші? қай? қаншашау? нешөу? қаншадан?
нешеден? қаншадай? нешедей?

<i>Түрлері (Типы)</i>	<i>Мысалдар (Например)</i>
<i>I. Тұлғасына қарай (по способу образования)</i>	<i>1. Негізгі (непроизводные)</i>
	<i>2. Тұынды (производные)</i>
<i>II. Құрамына қарай (по составу)</i>	<i>1. Дара (простые)</i>
	<i>2. Құрделі (сложные)</i>
<i>III. Мәғынасына қарай (по значению)</i>	<i>1. Есептік (количественные)</i>
	<i>2. Реттік (порядковые)</i>
	<i>3. Жинақтық (собирательные)</i>
	<i>4. Топтай (разделительные)</i>
	<i>5. Болжалдық (предположительные)</i>
	<i>6. Бөлшектік (дробные)</i>

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Біржан сал

Біржан сал Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданында 1834 жылы өмірге келген. Әнші, композитор, ақын. Тәрбиесінде болған үлкен әкесі Қожағұл да, өз әкесі Тұрлыбай да орташа дәулетті, шаруа адамдар болған. Бозбала кезінен ел арасында әншілермен көзге түсіп, жасы 20-ға таяған кезде, ән шығара бастайды. Әнші-ақындардың қасына еріп, той думанның сәніне айналады, өз атына "сал" атауы қосарланып айтылатын болады. Шәже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Сегізсері, Арыстан тәрізді өнер иелері - Біржан салдың ұстаздары. 1865 жылы Абаймен кездесуі Біржан салдың композиторлық, әншілік, ақындық өнерінің дами түсүіне үлкен әсер етеді. Біржан сал қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін, халықтың музикасын жаңа белеске көтеріп, өз ән-өлеңдерімен толықтырған ірі тұлға. Өзінен бұрынғы айтулы әнші-ақын, сал-серілердің жанына еріп жүріп, тәлім алған. Біржан сал кейін өзі де, айналасына небір дүлділ ақын - әнші, өнерпаздарын топтастырған Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан шолақ, Газиз, Естай, Үкіл Ұбырай Арқаның атақты әншілері - Біржан салдың мектебінен өнеге алып, өріс жайған. Оның композиторлық өнерін жалғастырып, ілгерілеуіне мол үлес қосқан өнерпаздар.

2. Мәтінді оқыңыз.**Біржанов Амантай**

1945 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданында туған. 1970 жылы Алматы қаласындағы Мемлекеттік медицина институтын бітірген. 1970-1975 жылдары облыстық балалар ауруханасында хирург болып жұмыс істегенд. 1975-1980 жылдары №2 қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері, облыстық денсаулық сақтау бөлімі бастығының орынбасары. 1980-1992 жылдары республикалық "Көктем" санаториййінің бас дәрігері. 1992 жылдан Біржанов Амантай Алматы жедел көмек клиникалық ауруханасының бас дәрігері, денсаулық сақтау ісінің үздігі белгісімен марапатталған, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қызметкері атағына ие болды. Бірнеше рет Алматы қалалық мәслихатына депутаттықа сайланды. Денсаулық сақтауды басқару халықаралық университет бағдарламасының ассоциация мүшесі, экология академиясының мүшесі. Біржанов Амантай денсаулық сақтау жүйесін жақсарту мен дамытуға үлкен үлес қосты, Тұрақ Рысқұлов ауданында жер сілкінісінен зардап шеккендерге 4 млн теңгеге медициналық препарат және құралдармен қайырымдылық көмек көрсетті.

3. Мәтінді оқыңыз.**Қырық өтірік**

Ертеде бір хан халқына жар шақыртты: "Кімде-кім алдыма келіп, кідірмей-мұдірмей, бір өтірік өңгіме құрастырып айтып өтсе және артынан қырық ауыз өтірікті өлең қылышпайтса, сол адамға қызыымды беріп, күйеу қыламын, тіпті, уәзір де етемін. Бірақ бір сертім бар: "Әңгімесінің, я өлеңінің ішіне бір ауыз рас сөз қосылса, дарға тартқызамын!"- депті.

Бұл хабар жұрттың құлағына тегіс тиғен соң, ханның қызын алышп, күйеу болуға қызықпайтын адам болмайды. Әркімдер-ақ дәмелі болып: "Ой, айтпай несі бар!"- деп, ханның алдына барады, бірақ өтірігін келістіріп айта алмай, дарға тартылып жатады.

Жұрттың ең соңынан бір тазша бала кіріп, иіліп, тәжім өтіп, сейлеуге ханнан рұқсатын сұрайды.

Сонда хан тұрып:

- Ие, не арызың бар?- дейді.
- Тақсыр, жарлығыныңды естіп, өтірік өңгіме мен өтірік өлең айтқалы келіп тұрмын!- дейді тазша.
- Жаңым-ай, жас бала көрінесің! Сенен естияр талай адамдар да айтамын деп келіп, айта алмай кеткен. Жарқының, өлуге асырып жүрген не қылған баласың? Тілімді ал да, қайта фой!- дейді хан.

- Тақсыр-ау, солардан жаным артық па? Айта алмасам, обалым өзіме ғой, рүқсат етіңіз! - дейді тазша.

- Ал, ендеше, сөйлей ғой! - дейді хан.

Тазша:

Үш жаста мергеншілік кесіп қылдым,
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай, жұз тұзақтан сатып тұрдым....

Қамыстан жылқы ұстаяға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сирек қылдым.
Бір талын сойылымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым...

Масаның сілекейін желі қылдым.
Шымшықтың жұмыртқасын келі қылдым.
Қамыстан сегіз қабат үй істетіп,
Жонынан шегірткенің көген тілдім....

Көлбақаның көнектей сүйегі бар,
Көртышқаның қырық құлаш үйегі бар.
Өзім барып, жерінен алып келдім,
Бір тұлқінің қырық арба сүйегі бар!...
- деп аяқтады өлеңін тазша.

Тазшаның әңгімесі де, өлеңі де, бастан-аяқ ханның өзі айтқандай, рас сөзден бір ауыз қосылмай айтылғанына ханның мейірі қанып: "Адам қай іске бет түзеп үмтүлса, сол істің үдесінен шығарына көнілім сенеді. Түбінде мұның қолынан үлкен-үлкен жұмыс келер", - деп, айтқан үәдесімен қызыын да береді, уәзір де қылады. Тазша, сөйтіп, мұратына жетеді.

4. Мәтінді оқып, танысыңыз.

Қырықбуын

Қырықбуындар тұқымдастына жататын мәңгі жасыл, көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Тамырлары бұтақталып, өте жақсы дамыған. Сабақтары бунақты, көбіне топтасып бұтақтанады, буындарында түтікке біріккен қара түсті жапырақтың қынапшалары орналасқан. Олардың ирек ұштарында ақ түсті жолақтары болады. Сабақтың сыртын бір қабат эпидермис жауып тұрады. Спора түзетін сабақтары біршама жуан, түсі қоңырлау, хлорофилсіз, бұтақталмаған. Биіктігі 15-30 см. Олардың буындарында 8-9 иректелген тістері бар, түтік тәрізді қынапшалармен жабылып тұрады. Спора түзетін масақта-

ры сабақтың үштарына жетіледі. Шар тәрізді споралары пісіп жетілгеннен кейін сабағы солып қалады. Қазақстанда сегіз түрі кездеседі. Олар өзен жағалауында, орманда, қалың бұта арасында, ылғалы мол жерлерде өседі. Қырықбуынның аса құнды жем-шөптік және жайылымдар мен егіс алқаптарында өсетін арам шөп ретінде кездесетін де түрлөрі бар. Ал олардың арасында улы түрлөрінің бірі батпақ қырықбуын деп аталады.

Қырықбуын дәрілік өсімдік ретінде медицинада көнінен қолданылады. Сабактарын егу қағаз ретінде де пайдалануға болады.

5. Мәтінді оқыңыз.

Елубай Өмірзақов

Атақты актер Елубай Өмірзақов Орынборда оқып білім алған. 1923-1924 жылдары драма үйірмесіне қатысып, есімі көпке танылды. Қызылорда қаласында қазақ театры ашылған жылы Елубай Өмірзақовты да осы театрда жұмыс жасауы үшін шақырылады. Алғашқы спектакльдің сахнага шығуына Елубайдың еңбегі зор болып, үйімдастыру жұмыстарына белсене қатысты. Үздік еңбегі үшін театрдың ашылғанына бес жыл толуына орай Қазақ ССР артисі атағына ие болды.

Елубай Өмірзақов сахнада да, кинода да халық батыры Амангелдінің жарқын образын жасауы арқылы өзін аса дарынды актер ретінде көрсетті.

Елубай Өмірзақов өмірінің соңына дейін Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында жұмыс істеп, небір өлмес бейнелер жасады. Сонымен қатар кинофильмдерге де түсті. Оның қазақ өміріне сіңірген еңбегі жоғары бағаланады.

6. Мәтінді оқыңыз.

Оны Тайыр айтқан...

Бір жолы Баспасөз үйінде Мұзафар Әлімбаев бастаған бір топ кісі лифтіге отырған кезде Кәдірбек Серізбаев сыймай қалса керек. Ол қысылып-қымтырылып кимелеп кірмек болады. Сонда Мұзагаң оған қарап:

- Кәне, осы арада ойланбай бір мысал айтшы, ала кетеік, - дейді. Кәдірбек те саспастан:

- Жазатыны мақал, өзі сондай нахал! - деп тартып қалыпты. Ал Мұзагаң болса:

- Оттапсың, оны Тайыр айтқан! Өзіңнен көр. Сен қалдың, біз кеттік, - деген екен.

6. Мәтінді оқып, танысыңыз.**Жетісу**

Жетісу – тарихи-географикалық аймақ. Солтүстік Балқаш, солтүстік шығысында Сасықөл мен Алакөл, шығыста Жетісу Алataуы, оңтүстік және оңтүстік батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын 7 су жайында түрліше пікір бар. А.К.Гейне бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқызыса, А.Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің ортасына солтүстік шығыстағы Аягөз, оңтүстік Іле өзендерін атайды. В.В.Бартольдтың айтуынша, алғашқыда жергілікті халық жетісу деп Ілден солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері енген.

Жетісудың кең аумағы және тауларының биіктігінің әртүрлі болып келуі оның климаты мен ландшафттарының да түрліше болуына байланысты. Бұл өлкеде егін шаруашылығы ертеден-ақ шұраттық сипат алып, қолдан сугаруды қажет еткен. Жайылымдық мал шаруашылығы кең еріс алған. Жетісудың оңтүстік шығыс бөлігінің тау бектерінде ауа райы ылғалды, қоңыр салқын және ауыспалы, топырағы құнарлы. Оnda суармалы егіншілікке пайдаланатын көптеген тау өзендері бар. Жемісті ағаштар мен жапырақты ағаштар, ал одан жоғарыда шырша ормандары өседі.

Жетісудың солтүстік шығыс өнірінде отырықшы егіншілік пайда болды. Оның іздері Алматы, Талғар, Дүңгөне, Қойлық, Қарғалы қалаларының қираған үйінділерінде сақталған. Қолөнер кәсібінің өнімдері ұлғайып, көрші көшпелі тайпалармен экономикалық байланыстары дамыды, сауда-саттық өсті. Ақшаны пайдалану және жергілікті ақша шығару пайда болды. Осы кезден бастап Жетісуды мекендеген түркі тайпалары едөүір дәрежеде отырықшылықта бой бүрды.

4-САБАҚ

ЕТИСТІКТЕН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР (Имена, образованные от глаголов)

№	Есімдер (Имена)	Жасалу тәсілдері (Способы образования)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Синонимдік қатары (Синонимичес- кие ряды)
1	Айт ... бай	Айт+бай глагол+сущест .	▼	говорить богатый	—
	... бек	Айт+бек глагол+сущест	▼	говорить	—
2	Алдар	алда+р глагол+прич.	▼	обманет	арбау, алдау, жалған, өтірік
3	Аңсаған	аңса +ған глагол+прич.	▼	жаждущий, горячий желанием	сағынған, зарықкан, күткен
4	Басар	бас+ар глагол+прич.	▼	наступить	басу, жаншу
5	Басқан	бас+қан глагол+прич.	▼	наступил, наступивший	—
6	Бекін	бекі+н глагол+возвра- т. залог	▼	укрепляйся	нығаю, қорғану
7	Берген	бер+ген глагол+ прич.	▼	отдал	буру
8	Берді	бер+ді глагол+прош. время	▼	отдал	—
9	Демеген	деме+ген глагол+прич.	▼	помогал, поддержал	—
10	Демеу	деме+у глагол+неоп. форма гл.	▼	оказывать помощь	көмек, жәрдем
11	Елен	елет+н глагол+ возврат. залог	▼	быть заметным, почетным, уважаемым	байқал, білін
12	Жайна	жайна глагол	▲	сияющая	құлімде, жымында
13	Жұрсін	Жұр-сін глагол+суфф.	▼	пусты долгожи- вает	жұр, журу
14	Көбей	Көбей глагол	▼	умножайся, расти	арту, молаю

15	Қуан	Қуан глагол	▼	радоваться, букв. радуйся	шаттану, масаттану, мерейлену
16	Өтеген	өте+ген глагол+прич.	▼	оплатил	төлеген
17	Сақтаған	сақта+ған глагол+прич.	▼	хранитель, хранение	—
18	Табылған	табыл+ған глагол+прич.	▼	найденный	—
19	Тілеген	тіле+ген глагол+прич.	▼	выпрошенный	сұраған, өтінген, жалынған
20	Тоқтар	тоқта+р глагол+прич.	▼	прекратится, остановится	аялдар, кідірер
21	Төлеген	төле+ген глагол+прич.	▼	заплатил, уплачено	өтеу, өндіру
22	Тұрар	тұр+ар глагол+прич.	▼	остановится, будет жить	—
23	Тұрган	тұр+ған глагол+прич.	▼	остановившийся, долго живущий	—
24	Тұрсын	тұр+сын глагол+	▼	пусть живет	—

❖ Упражнение 1. Найдите основы глаголов, которые встречаются в казахских именах и переводите на русский язык.

№	Kіci есімдері	Тұбірі	Аудармасы
1	Аңсаған		
2	Алдар		
3	Басар		
4	Басқан		
5	Берген		
6	Берді		
7	Демеу		
8	Тұрган		
9	Тұрсын		
10	Елен		
11	Сақтаған		
12	Жайна		
13	Төлеген		
14	Тілеген		
15	Тоқтар		
16	Жұрсін		
17	Кәбей		
18	Қуан		
19	Айтбай		

❖ Упражнение 2. Подберите правильный перевод к именам.

аңсаған	обманет
алдар	помогал
басар	быть заметным, почетным, уважаемым
басқан	выпрощенный
берді	хранитель, хранение
демеу	жаждущий, горящий желанием
демеген	сияющий
тұрған	заплатил
тұрсын	наступил
елен	остановится
сақтаған	наступить
жайна	пусть стоит
төлеген	отдал
тілеген	оказывать помощь
тоқтар	прекратится, остановится
табылған	найденный

❖ Упражнение 3. Найдите имена людей, образованные от глаголов.

Айтбек, Айжан, Берген, Берік, Елен, Ерік, Демеген, Демеуші, Жайна, Жанар, Жазира, Жадыра, Табылған, Табынған, Тоқтар, Тоғжан, Төлеген, Тілеген, Сақтаған, Сагат, Самат, Иней, Имеш, Раушан, Рауан.

❖ Упражнение 4. Найдите русский перевод имени Тұрар и ознакомьтесь с текстом.

Заплатил, наступил, встать, остановится (будет жить)
наступить, пусть стоит, отдал, оказывать помощь, остановившийся, найденный



Тұрар - _____

Тұрар Рысқұлұлы - мемлекет және қоғам қайраткері, Әулиеата уезіндегі 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісінің үйымдастырушысы және басшысы. Экесі Рысқұл Жылқай-

дарұлы шаруасы шағын, ауылдың еті тірі, есті жігіті болған. 1904 жылы патша үкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы шыққаны үшін он жылға сотталып, итжеккенге жер аударылады.

Әкесінің қылмысты болып, түрмеге қамалуы он жасар Тұрардың былайғы өмірінің сол кездегі өзі түрғылас қазақтың ауыл балаларының тірлігінен бөлек, басқа арнаға ауысусына себепші болады. Панарап басқа жері жоқ Тұрар қашан әкесі сотталып, жер аударылғанша түрмеде, соның қасында болып, бас бостандығы жоқтардың бақытсызың күндерін солармен бірге бастан кешіреді.

Тұрар 1907 жылы әкесін білетін жақсы адамдардың көмегімен, онда да аты-жөнін өзгертип, "Қырғызбаев" деген фамилиямен, Әулиеатадағы бұратаналарға арналған орысша бастауыш мектепке оқуға енеді. Бұдан кейін ол Бішкектегі ауыл шаруашылығы мектебін бітіріп, Ташкенттегі мұғалімдер институтына түседі. Бірақ онда оқудың мүмкіндігі болмайды. Осы кезде Қазақстанның әр жерінде патшаның "Июнь жарлығына" қарсы бас көтерген халықтың наразылығы ұлт-азаттық көтерілісіне ұласып кеткен еді. Әулиеатадағы осындай көтеріліске белсене қатысқан Тұрарды патша үкіметі тұтқынға алады.

❖ **Упражнение 5.** Составьте по одному предложению с использованием синонимов глаголов, встречающиеся в казахских именах.

Kісі есімдері	Синонимдік қатары
Аңсаған	сағынған, зарықкан, күткен
Алдар	арбау, алдау, жалған, өтірік
Бекін	нығаю, қорғану
Демеу	көмек, жәрдем
Елен	байқал, білін
Жайна	кулімде, жымында
Тілеген	сұраған

❖ **Упражнение 6.** Найдите среди разных грамматических форм глаголы, встречающиеся в казахских именах, переведите текст.

Біз атамызға ас бердік. Экем саған ерте тұрсын деді. Ал мен оның атын суарып бергенмін. Ауа райы көктем

күнгідей жайнап тұр. Жер қозғалып тұрғандай болды. Атыма қамшы басқанмын. Тасаға бекініп ата бастады.

❖ **Упражнение 7.** Найдите перевод имени Тоқтар и ознакомьтесь с текстом.

Остановится, наступить, наступил, укрепляйся, отдал, дающий, помогал, оказывать помощь, быть замечательным, почетным, уважаемым

Тоқтар - _____



Тоқтар Оңғарбайұлы Әубекіров 1946 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, 1 Май ауылында дүниеге келген. Қазақтың тұңғыш ғарышкері. Техника ғылымының докторы, профессор. Қазақстан шыққан тұңғыш сынақшы-ұшқыш. Жайғана сынақшы емес, еңбегі сіңген сынақшы атағы бар. Авиация генерал-майоры. Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы. Қазақстан Республикасының ұшқыш ғарышкері.

1962-1965 жылдары еңбек жолын Теміртау құйма-механика зауытында токарь болудан бастаған. 1964 жылдың есімі облыстың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылған. 1969 жылды Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітірген. 1969-1975 жылдар аралығында Кеңес Одағы Әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары қызметтерін атқарған. 1976 жылды Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін, 1979 жылды Мәскеу авиация институтын бітірген.

Мәскеудегі А.И. Микоян атындағы Тәжірибелік конструкторлық бюроның ұшқыш-сынақшысы ретінде бүкіл кеңестік әскери ұшқыштардың ішіндегі ең таңдаулы бесеудің бірі болып, іс жүзінде мүмкін емес делінген әрекетке барып, тоғызы балдық мұхит толқынындағы кемеге ұшақ қондырған. Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде жоғары шапшаңдықпен ұшып бара жатып, бірнеше рет май құю арқылы солтүстік

полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаған. Ол реактивті ұшақтың 50-ден аса ең соңғы техникамен жаракталған түрін сыйнақтан өткізді. Аса қымбат алып ұшақтарды игеріп, көкке көтерілу үшін батырлықпен бірге зор білім керек. Оны елдің ең таңдаулыларының қатарына қомсыңдырмай қосқаны оның батырлығы мен білімінің бір жерде ұштасқанынан.

❖ Упражнение 8. Найдите глаголы, встречающиеся в казахских именах, переведите текст.

Ол маған сабақ берген. Ол үйдің жанында тұрған. Тоқтар салықшыға ақшасын төлеген. Бұл өзі табылған ақыл болды. Анасы осыны баласына деп сақтаған. Ол аңсаған тамағын жеп, мауқын басты. Жайна үлкен кісіні қолтығынан демеген болды.

❖ Упражнение 9. Восстановите предложения.

1. Менің машинам тұра сенің үйінде тұрсын.
2. Қалды еленбей біздің ақын.
3. Ақшасын едік біз төлеген.
4. Бір оза бермей тоқтар күні ол да.
5. Бірге Айгүл де жұрсін сендермен.

❖ Упражнение 10. Ознакомьтесь с текстом.

Қазақ халқы нағым-сенімге сенген халық. Сондықтан да жаңа туылған сәбійін көз тиеді, сөзі өтеді деген сеніммен бала туылғанына қырық күн өткенше үйге бөтен адамдарды кіргізбеген немесе баласын жасырын ұстаған. Жарық дүниеге келмей жатып туылған балалары шетінеп, бала тұрмаса ата-анасы жаңа туған балаға ырымдап **Тоқтар, Тұрар, Тоқтамыс, Көбей, Жұрсін** деген секілді есімдер берген. Көп жылдан бері бала көрмей, алладан сұрап көрген баласын **Аңсаған, Сағынған, Тілеген, Тілеміс, Берді, Берген** деген секілді есімдермен атаған. Осы балам күндей жарқырасын, жансын, қуансын деген мақсатта **Жадыра, Қуан** есімдері қойылған.

Іс-әрекет, қымыл-қозғалыс, жай-күй, мезгілдік сипаттар мен түрлі құбылыстарды білдіретін сөз табын етістік деп

атаймыз. Жоғарыда көрсетілген есімдер (**Аңсаған, Сағынған, Тілеген, Тоқтар, Тұrap, Тоқтамыс, Көбей, Жүрсін т.б.**) іс-әрекетті, қозғалысты, жай-куйді білдіреді. Есімдердің түбірі етістік болып келеді, немесе етістіктің шақ категориясы, рай категориясы арқылы жасалады. Сондықтан бұл есімдерді етістік арқылы жасалған есімдерге жатқызамыз.

❖ Упражнение 11. Составьте предложения, используя производные корни от глагола "айт".

Етістік сөз	Аудармасы	Мысалы
Айт	говорить, сказать	
Айту	сказать, говорить, рассказывать, выражение, гласить, упомянуть	
Айтушы	говорящий	
Айтулы	прославленный, известный, достойный	
Айтқан	говорил	
Айтпақшы	кстати (сказать)	
Айтқыш	1. оратор, рассказчик, сказатель 2. резкий, смелый	
Айтқысыз	небывалый	
Айтыс	импровизация, дебаты, дискуссия, полемика, спор, песенное состязание	
Айтстырыу	1. организовать состязание в песнях 2. предоставить возможность	
Айтисуышы	участник поэтического состязания	
Айтқызыу	заставить говорить	

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1 . Мәтінді оқып, танысыңыз.

Академик Әмірзақ Айтбаев

Әмірзақ Айтбайұлы Айтбаев 1936 жылдың 5-інде өттік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл (бұрын Түркістан ауданына қараған) селосында дүниеге келген. Мектеп табалдырығын 1943 жылдың осы ауданының Қарғалы колхозында аттайды. 1953 жылдың аудан орталығы Шәйілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітіреді.

Ол өмір жолын 1953 жылдың Кентау қаласындағы Мырғалымсай "Сантехмонтаж" мекемесінде темір шебері болып бастайды. 1954-59 жылдары С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) ҚазМУ-дың филология факультетінің студенті болады. Студенттік жылдардың өзінде ғылыми, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұйымдастырушы ретінде көзге түседі. Көркеменерпаздар үйірмелеріне қатысып, қазақтың ән-би сауық кештерін ұйымдастырып, оған бүкіл қала жастарын тартады. Сол жылдары ол ән шығарумен де өуестенеді. Оның кейір әндері республикалық газеттерде жарияланған.

Ә.Айтбайұлы университетті бітірген жылды, яғни 1959 жылдың шілдесінен республикалық "Социалистік Қазақстан" газетінің әдеби қызыметкері болып қызыметке тұрады да, онда 1962 жылдың сәуірінде дейін істейді, осы жылдары ол қаламын шындағы түседі. 1962 жылдың көктемінде Қазақ ССР ФА Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызыметкер болып ауысады. Міне, осыдан бастап ол ғылыми жұмыстармен түбекейлі айналысады.

2. Сөйлемдерді аударыңыз.

- Ертең әдебиеттен сабак айту керек.
- Сұраққа жауап айтушы Азамат.
- Айтулы ақын Абай Құнанбаев.
- Берілген тапсырманы уақытында орында деп айтқан.
- Қызға сөз айтпақ болған түрін-ай.
- Айтпақшы, сенің шаруаңды орындауды ұмытып кетіппін.
- Айтпақшыдай, еткендегі тауардың бағасы қанша еді?
- Әлеңді жақсы айтады.
- Әжем ертегі айтқыш болатын.
- Айтыс өнері жылдан-жылға даму үстінде.
- Қос ақынды айттыстуру арқылы мықтысын таңдаймыз.
- Жамбыл облысынан шыққан айттысушы ақын алдарыныңда.
- Қылмыскерге шындықты айтқызу үшін тергеу бөлімінде алып кетті.

3 . Мәтінді оқыңыз.

Ескелді би

Ескелді би Жылгелдіұлы шамамен 1695 жылы Алматы облысы, Іле мен Қаратал өзенінің аралығында өмір сүрген. Би, шешен, қолбасшы, Теле бидің Ұланбике атты қызынан туған жиен немересі. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының сиырши руынан шыққан Ескелді би "Ақтабан шұбырынды, Алқақел сұлама" жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жонғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсетті. Кейін Ескелді би бастаған Жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырганды, Құлазыған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Ескелді бидің Абылай ханның сенімді серігі болғаны жайында да ақыздар сақталған. Соның бірі - Ескелді бидің қалмақ ханы Қалдан Серенмен келіссөз жүргізуге барып, сонында "судың тубін шым бекітеді, даудың тубін қыз бекітеді" деп, хан қызын Ескелді биге бергендігі туралы ақыз. Бірақ Ескелді би "Ата салтты санаasz болмас" деп, жолын Абылай ханға берген екен. Халық арасында "Ескелді би айтты" деген ұлағатты сөздер кең тараалып, ол жөнінде Бақтыбай Жолбарысұлы, Сара Тастанбеккізы жыр жолдарын арнаған.

Алматы облысының Талдықорған ауданы 1926 жылға дейін "Ескелді би" ауданы аталаған, 2000 жылдың Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бұл атау қалпына келтірілді. Ескелді би тұралы жазушы Ұ. Доспанбет "Қызыл жолбарыс" атты 2 томдық тарихи роман жазған.

4. Мәтінді оқыңыз.

Барсакелмес

Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі тубек. Қызылорда облысының Арап ауданында орналасқан. Теніз суы тартылғанға дейінгі ұзындығы 28 км, енді жері 8 км, ауданы 133 км² арал болған. Жер қыртысы неоген шөгінділерінің сазды тақтатас және мергель тау жыныстарынан тұрады. Оның бетін терптік кезеңдерінің шөгінділері жапқан. Жер бедері дөнесті, белесті болып келеді. Абсолюттік биіктігі 113 м. Құмды жерлерінде шағылдар мен құм төбешіктер бар. Барсакелмestің батыс бөлігінің жағалауы жартасты, жарқабақты, шығысы жазық, жайпақ, келген. Климаты тыым континентті және шөлді. Қысы суық, жазы ыстық. Қаңтардың орташа температурасы - 10°C, кейбір күндері - 35°C-қа дейін төмендейді. Шілдедегі орташа температурасы 26,5°C, кейде 40°C-қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 100-120 мм. Жер

асты сұзы аңты. Топырағы сұр, сортаң және құмдақ. Өсімдіктен сексеріл, бұйырғын, теріскең жусанның бірнеше түрі, адыраспан және әртүрлі сораң шөптер кең тараған. Теніз сұнының тартылып қалуына және топырағының кебірленіп түзға айналуына байланысты тубектегі жануарлар Қапшағай аңшылық - қорық шаруашылығына және Үстірт қорығына көшірілген.

5. Мәтінмен танысыңыз.

Барлыбаева Сәулө Хатиятқызы - қазақ қыздары арасынан шыққан тұнғыш гимнасшылардың бірі, көркем гимнастикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазакстанның бірнеше дүркін чемпионы, толтасып өнер көрсетуден КСРО чемпионы. ҚазМУ-ды бітірген. 1993 жылдан ҚазМУ-дың журналистика факультетінің доценті. Ақпарат және телекоммуникация саласындағы ғылыми зерттеулермен айналысады.

6. Мәтінді оқыңыз.

Елеместің адамгершілігі

Ертеде бір кедейдің үш баласы болыпты. Ұшеуінің мінезі үш түрлі еken. Үлкені қатыгез, кү, тек қана өзін ойлайтын, ал ортанышсы жігерсіз, елдің айтқанымен жүретін адам болып өседі. Ең кішісінің аты Елемес еken. Ол ағаларына қарағанда мейірімді, адад, еңбек-қор еді. Құні жетіп, әкелері ауыр науқастан қайтыс болады. Бар жиған-тергенін балалары әкесін жерлеуге жұмсап, өздері панасыз қалаады. Басқа амалдары қалмаған жетім балалар құн көру үшін алыс жолға аттанады. Ұзақ жүрген ұшеуінің алдында екі айрық жол шығады. Осы жerde таста қашалған сөздер бар еken. Онда екі бағыт көрсетілген: біреуі - барса келмес, екіншісі - барса қайтар. Ағалары:

- Кіши ініміз қайда барса сый-сияпатқа ие болады. Оның бізден қандай артықшылығы бар. Одан да Елеместен құтылайық, - деп келіседі де:

- Сен барса келмес деген жолмен кет, ал біз барса қайтармен барайық, - дейді.

Елемес келіседі. Ол ағаларымен қоштасып, өз жолымен кетеді.

Жолшыбай қалың орманда Елемеске көкжал қасқыр кезігеді. Ол:

- Сен неге бұл жолмен жүрдің? Осы жолдың "Барса - келмес" аталуын білмеуші ме едің? Әлде өмір сүргің келмей ме? Мен сені жеймін! - деп ақырады.

Елемес қасқырга:

- Амал қанша? Өмір де, өлім де - біреу. Одан қашып құтыла алмайсың. Пешенеме жазылғаны осы болса, көнбеске амал бар ма? Жегенің ас болсын! - деген еken.

Қасқыр осындай батыл адамды алғаш кездестірген еді. Елеместің берген жауабына разы болған ол:

- О, достым, бұл - менің құлағыма тиғен бірінші жылы сөз. Бұдан бүрын маған кезіккендер "жегенің ас болмасын" - дейтін. Мен ерекісіп, оларды өлтіруші едім. Сондықтан бұл жол - "барса келмес" атанған. Сенің айтқан сөзің маған қатты ұнады. Мен сені жей алмаймын. Екеуміз дос болайық. Реті келсе саған көмегім де тиіп қалар, - дейді де, қоштасып өз жолымен кетеді.

Елемес одан әрі жүре береді. Бір уақытта алдынан үлкен қала шығады. Қаланың кіре беріс жерінде жәрменеке болып жатыр екен. Елемес жәрменекені аралап келе жатып алдында жатқан бір әмиянға көзі түседі. Әмиянды жерден көтеріп алып:

-Мынау кімнің әмияны? Кім жоғалтты? - деп жар салады. Бұл сөзді естіген жәрменекеде жүрген қала жұрты аңтарылып Елемеске қарап қалады. Осы кезде Елеместі қоршап тұрған адамдардың арасынан бір қария шығып:

- Мен жоғалттым. Оның ішінде менің өмір бойы жиып-терген алтын теңгелерім бар. Оларды әйелім тігіп берген гүлді орамалдың ішіне түйіп қойғанмын. Балам, әмиянды ашып көрші, - дейді.

Елемес әмиянды қарап тұрған жүрттың көзінше ашады. Расында да ішінде гүлді орамалға түйілген алтын теңгелер бар екен. Жоғын тапқан қария қуанып Елемеске алғысын айтады.

7. Мәтінді оқыңыз.

Спандияр Көбеев

Спандияр Көбеев 1878 жылы караша айының 1-і күні Қостанай облысы, Боровской ауданы Ақсат ауылында дүниеге келген. Педагог, жазушы, аудармашы. Ы.Алтынсарин ашқан ауылдық орыс-қазақ мектебінде сауат ашып, 1901 жылы Қостанайдағы мұғалімдер даярлайтын курсты бітірген. Көбеев ұзақ жылдар бойы ұстаздық жұмыспен айналысып, жас ұрпақты оқыту, тәрбиелу ісімен шұғылданған. Қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабак берген. Ол ұстаздық жұмысты жазушылық қызыметпен тығыз байланыстыра жүргізді. Орыс жазушыларының тәлімдік шығармаларын қазақ тіліне аударып, "Үлгілі тәржіме" деген атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды.

8. Мәтінді оқыңыз.

Көкейұлы Тұrap Қойшығараев

Тұrap Қойшығараев Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ұшарал ауылында туған. 1952 жылы Жамбыл медицина училищесін, 1958

жылы Қазақ мемлекеттік дәрігерлік университетін бітірді. Еңбек жолын Талас ауданындағы Аққөл ауылында хирург, бас дәрігердің орынбасарлығынан бастады. Қазақ дәрігерлік аспирантурасын бітірген. Мұнда аспиранттықтан кафедра меншерушілігі, профессорлық атаққа дейін көтерілді. Хирургиялық ауруларын емдеудің негізін салушы. Ол А.Н. Сызғанов атындағы ғылыми хирургиялық орталықтың құрметті профессоры, жетекші ғалым - хирург. Қазақстан хирургтер ассоциациясының мүшесі. Көкейұлы Тұrap Қойышығараев Қазақстан Республикасы жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызыметкер.

5-САБАҚ

**СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСІ АРҚЫЛЫ
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, образованные при помощи
словосочетаний)**

№	Kіci есімдері (Имена людей)	Белгі (Знак)	Сөз табы (Части речи)	Орыс тіліндең мағынасы (Значения в русском языке)
1	Айбол	▼	ай-бол (сущест. + глагол)	пусть ребенок будет как луна
2	Айболат	▼	ай-болат (сущест. + сущест.)	пусть ребенок сверкает как луна и будет крепким как сталь
3	Айболсын	▼	ай-болсын (сущест. + глагол)	пусть ребенок будет красивым как луна
4	Айберген	▼	ай-берген (сущест. + глагол)	долгожданного ребенка подарила могущественная луна
5	Алдаберген	▼	алла-берген (сущест. + глагол)	долгожданного ребенка дал Аллах
6	Амангелді	▼	аман-келді (наречие + глагол)	ребенок появился на свет здоровым
7	Байбол	▼	бай-бол (сущест. + глагол)	пусть наш сын будет богатым
8	Байболсын	▼	бай-болсын (сущест. + глагол)	пусть будет наш сын богатым
9	Бақашар	▼	бақ-ашар (сущест. + глагол)	пусть наш сын будет счастливым
10	Бақелді	▼	бақ-келді (сущест. + глагол)	пусть вместе с этим ребенком в дом войдет счастье
11	Бақберген	▼	бақ-берген (сущест. + глагол)	пусть Аллах одарит его счастьем
12	Бақыткелді	▼	бақыт-келді (сущест. + глагол)	вместе с ребенком пришло счастье
13	Дәүлеткелді	▼	дәүлет-келді (сущест. + глагол)	пусть с этим ребенком в дом придет богатство

14	Жанболат	▼	жан-болат (сущест. + сущест.)	пусть его душа будет крепкой как сталь
15	Жангелді	▼	жан-келді (сущест. + глагол)	семья пополнилась еще одним ребенком
16	Ербол	▼	ер-бол (сущест. + глагол)	пусть будет храбрым, защитником
17	Ерболат	▼	ер-болат (прил. + сущест.)	пусть мальчик будет крепким как сталь
18	Ерболсын	▼	ер-болсын (сущест. + глагол)	пусть мальчик будет храбрым и крепким как сталь.
19	Есенгелді	▼	есен-келді (сущест. + глагол)	пусть наш сын будет здоровым и благополучным
20	Көпберген	▼	көп-берген (прил. + глагол)	даётся в знак благодарностей богу, когда в семье много сыновей
21	Құдайберген	▼	құдай-берген (сущест. + глагол)	подаренный богом долгожданный сын
22	Нұрберген	▼	нұр-берген (сущест. + глагол)	сын, подаренный божьим светом, Аллахом
23	Оразгелді	▼	ораз-келді (сущест.+ глагол)	родившийся во время мусульманского поста оразы; счастливый
24	Сұлтанмұрат	▼	султан-мұрат (сущест. +сущест.)	пусть наш сын станет правителем, достигнет своих целей
25	Таңатар	▼	таң-атар (сущест. + глагол)	родившийся на рассвете
26	Тәнірберген	▼	тәнір-берген (сущест. + глагол)	данный богом, долгожданный сын
27	Ұлболсын	▲	ұл-болсын (сущест. + глагол)	пусть следующим родится мальчик
28	Ұлтуған	▲	ұл-туған (сущест. + глагол)	пусть следующим родится мальчик

❖ Упражнение 1. Кому какое имя дали бы?



❖ Упражнение 2. Найдите правильный перевод имен.

Бақкелді	даруемый богом
Айболсын	пришел невредимым
Ұлболсын	будь богатым
Байбол	да будет богатым
Бақашар	улыбнулось счастье
Ұлтуған	пришло благополучие
Амангелді	быть султаном
Байболсын	пусть будет мальчиком
Сұлтанмұрат	родила сына
Алдаберген	да будет луной

❖ Упражнение 3. Определите какие имена образованы от словосочетаний.

Арыстан, Анар, Аңсаған, Айболсын, Алдар, Алдаберген, Алма, Амангелді, Аю, Аяз, Бақкелді, Басар, Басқан, Байбол, Байболсын, Бақашар, Берген, Берді, Боран, Бидай, Демеу, Жаңғақ, Жолбарыс, Тұрған, Елең, Сақтаған, Сұлтанмұрат, Сарымсақ, Төлеген, Қасқыр, Қар, Қоян, Қызғалдақ, Өрік, Ұлболсын, Ұлтуған.

❖ Упражнение 4. Из каких частей речи образованы эти имена?

Үлгі: Бақкелді - бақ - зат есім, келді - етістік;

Алдаберген, Амангелді, Байбол, Байболсын, Бақашар, Бақкелді, Бақберген, Бақыткелді, Дәүлеткелді, Жанболат, Жангелді, Ербол, Ерболат, Ерболсын, Есенгелді, Көпберген, Құдайберген, Нұрберген, Оразгелді, Сұлтанмұрат, Таңтар, Тәңірберген, Ұлболсын.

❖ Упражнение 5. Переведите имена на русский язык и обратите внимание на пояснения данное в сноске.

Алдаберген	Ербол	Сұлтанмұрат
Құдайберген	Ерболат	Таңтар
Бақберген	Ерболсын	Ұлболсын
Тәңірберген	Есенгелді	Айберген
Дәүлеткелді	Көпберген	
Жанболат	Оразгелді	

Упражнение 6. Найдите русский перевод имени Амангелді и ознакомьтесь с текстом.

даруемый богом, пришел невредимым, будь богатым, да будет богатым, улыбнулось счастье, пришло благополучие, быть султаном, пусть будет мальчиком, родила сына, да будет луной

Амангелді - _____



Амангелді Удербайұлы Иманов (3.4.1873, бұрынғы Торғай уезі, Қайдауыл болысы - 18.5.1919, Торғай қ.) - халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін үйімдастырушылардың бірі, Кенесары Қасымовтың үзенгілес серігі Иман батыр Дулатұлының немересі. Экесі шаруа мал бақсан, момын кісі болған. Шешесі Қалампыр Қақуқызы медресе бітірген. Амангелді әуелі ауыл молдасынан 2 жыл оқып, кейін Тасыбай, Тәшімғамбет ишандардың медресесіне түскен. Экесінен 7 жасында жетім қалып, жоқшылықтың тауқыметін ерте тартқан. Ел ішіндегі дау-шараға ерте араласқан, сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілерінің қудалауына ұшырап, 1896-1911 жылдар арасында бірнеше рет түрмеге түскен. Амангелді батырдың үйімдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Ресей императорының маусым айындағы жарлығына наразылық ретінде Торғай даласында бүрк еткен ұлт-азаттық көтерілісі барысында айқын көрінді. 2-3 ай ішінде елеулі күшке айналған көтерілісшілер Қоғалықөлде бас қосып, Әбдіғаппар Жанбосыновты хан, Амангелдіні қөтеріліс қолбасшысы етіп сайлады. Әбдіғаппар мен Амангелдінің үйімдастырушылық іскерлігінің нәтижесінде көтеріліс саяси сипат алды, әскери-үйімдық жағынан қүшейіп, оған қатысушы сарбаздар саны 50 мың адамға жетті. Амангелді Торғай қаласын 27 күн бойы қоршауға алды. Ол көтерілісшілердің Шошқалы, Қүйік қопаларындағы шайқастарына, подполковник Тургеневтің жарақты үлкен жасағына қарсы 1917 жылғы 21-23 ақпанындағы Құмкешу - Доғалы-Үрпектегі соңғы айқасы-

на тікелей басшылық жасаған. Жазалаушылар Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісін тыныштандыра алмады. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне жалғасты. Амангелді 1918 жылы 21 наурыз - 2 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай Қеңестерінің тұнғыш съезіне қатысты. Торғай уезінің комиссары болып тағайындалды. 1919 жылы 20 сәуірде Торғайда Қенес үкіметі құлатылады да, Амангелді тұтқынға алынады. Батыр қазақ азаматтарын бір-біріне қарсы қойған аласапыран уақыттың алмағайып саясаттың құрбаны болды. Мәйіті бір жылдан кейін әуелі Алакөлге, кейін (1940) аудан орталығына әкелініп жерленді. Қабірінің басына ескерткіш орнатылды. (Мұсінші Х.Наурызбаев). Амангелдіден Рамазан, Шәріп есімді еki бала қалды. Ұрпақтары Алматыда тұрады. Амангелдінің ерлікке толы ғұмыры көптеген ақын-жазушылардың, суретшілер мен композиторлардың шығармаларына арқау болды.

❖ **Упражнение 7.** Переведите морфологический разбор имен, образованных от словосочетаний.

Образец: *Айболын - ай -им. сущ. - бол - глагол - сын III лицо повелительного наклонения.*

Алдаберген	Дәулеткелді	Құдайберген
Амангелді	Жанболат	Нұрберген
Байбол	Жангелді	Оразгелді
Байболын	Ербол	Сұлтанмұрат
Бақашар	Ерболат	Таңатар
Бақкелді	Ерболын	Тәңірберген
Бақберген	Есенгелді	Ұлболын
Бақыткелді	Көпберген	

❖ **Упражнение 8.** Составьте предложения, используя имена, образованные от словосочетаний.

Образец: *Менің атам согыстан аман келді.*

Айбол, Айболат, Айболын, Айберген, Алдаберген, Тәңірберген, Дәулеткелді, Жанболат, Жангелді, Ербол, Ерболат, Ерболын.

❖ Упражнение 9. Найдите в предложениях словосочетания, от которых можно образовать имена.

1. Тамаққа отырарда атамның қолына су құйдым. Ол кісі маған "бай бол, өркенің өссін" деп ризашылығын білдірді.
2. Ағамның әскерден аман келгеніне қуанған үй-іші той жасап, туыстарды шақырды.
3. Таң атар шақта әжем екеуміз жиналышп, жолға шықтық.
4. Бала кезімде әкем, "Халқыңа қалаулы ер бол" - деп жиі айтатын.
5. Осы жылды егістігіміз жақсы шығып, отбасымызға дәүлет келді.
6. Анам "бестігің көп болсын деп" - сабаққа шығарып салды.
7. Келіннің бетін ашқанда "бармақтай бақ берсін" деп әнші бала сөзін аяқтады.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқып, танысыныңыз.

Әнші Досымжан Таңатаровтың сұхбатынан үзінді



Бала кезімде әке-шешем бие байлап, қымыз сауатын. Әзімнің қалап алған жирен қасқа құнаным болатын. Құлыштар үйде байлаулы тұрады да, биелер жайылымға кетеді. Тұннің ортасына дейін біраз қараған боласың, бірақ жылқылар еілген жонышқаға үйреніп алған, тұн ортасынан кейін сол жаққа кетіп қалады. Таң атпай айдан әкетпесен, қарауыл келеді де, қамап қояды, сонын айып төлең алуың керек. Бір күні қатты үйықтап қалыппын да, тұра шаптым. Ар жақтан қарауыл да шауып келе жатыр. Одан бұрын үлгеруім керек. Сөйтіп келе жатып, ат арыққа түсіп кетіп, омақаса құлады. Үзенгіден аяғым шықпай, астында қалып қалдым. Тұра сап, қайтадан атыма міндім. Әйтеуір жылқыларымды әкетіп үлгердім. Ет қызулықпен ештеңе байқамаппын, қайтып келе жатып атымды қамшылайын десем, бір қолым жұмыс істемейді. Сөйтсем, бұғанам шығып кетіпті. Үзенгі тиген аяғымның сүйегі де сынныпты. Үйде мал ұстағаннан кейін аттан құламасаң, оның қызығы, көні?

2. Мәтінді оқыңыз.

Құдайберген аға 1921 жылғы 25 мамырда Павлодар облысындағы Қашыр ауданының Сұлуағаш ауылында дүниеге келген. Бір жастан асқан шағында анасы қайтыс болып, әжесі Жәніке мен атасы Сұрағанның бауырында өседі. Кішкентайынан еңбекке, білімпаздықта баулып, зерек етіп өсірген қамқор ата-әже тәрбиесінің арқасында ол бала кезінен оқуға, білімге құштар болып, жетіжылдық мектепте жақсы білім алады.

1937 жылы Павлодар қаласындағы педагогикалық училищеге түсіп, үш жылдан кейін қызыл дипломды үстаз болып шығады. Содан Жаңаауыл орталau мектебінде мұғалімдік қызметін жалғастырып жүргенде әскерге шақырылады. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Женістен соң батыр аға Абай атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетінде емтихансыз қабылданып, оны бітіргеннен кейін әрі қарай аспирантурада оқиды. Бұл арада ол Жәніке аласының ақ батасымен шаңырақ құрып, өзі жаңымен қалап, ұнатып алған жары Шәйза Шәймердеқызы екеуі Гүлмира, Серік атты үл-қызы сүйген еді. Осылайша бір жағы отбасын өркендетіп, бір жағы өзі бала күннен таңдаған математика саласы бойынша еңбек етуге кіріседі.

41 жыл бойы Қыздар педагогикалық институтында жоғары математиканың ең күрделі салалары - аналитикалық, дифференциалды және проективті геометрия курстары бойынша дәріс оқыды. Осы салада елеулі ғылыми табыстарға қол жеткізіп, "Мектепте дифференциалды теңдеулерді оқыту мәселесі" тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 47 жыл отасқан адад жары Шәйза апай бүгінде өмірде жоқ, бірақ, артында қалған балалары Гүлмира - әже, Серік - ата атанып, немере-шөбере сүйіп, жүлдізы жарқырауда. Солардың ортасында Құдайберген ата да көне тарих көзіндегі уақыт еткен сайын сындарланып, сыны ашыла түскендей.

3. Мәтінді оқыңыз.**Бақберген Досманбетов**

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі. Қызылорда облысынан сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болған. 1945 жылғы 21 қыркүйекте туған. Білімі жоғары. Мәскеу инженерлік-экономикалық институтын бітірген. Инженер-экономист. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік

университетінің ректоры, Қызылорда қаласының әкімі, Арнайы экономикалық аймақтың Әкімшілік Кеңесінің төрағасы болып қызмет істеген.

Қазақстан Республикасы Парламентінің екінші шақырылымында Сенат депутаты болып сайланған. ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының мүшесі. ЕКПА Экономикалық мәселелер, ғылым, технологиялар және қоршаған орта комитетінің мүшесі.

Бельгия Корольдігі Парламенті және Жапония Кеңесшілер Палатасымен ынтымақтастық тобының мүшесі. "Құрмет" орденімен, төрт медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. 100-дөн аса ғылыми еңбектердің авторы, олардың арасында "Қазақстан халқының дамуы" (1993 ж.), "Қазақстан халқының статистикасы" (1993 ж.), "Рынок труда в Казахстане" (1995 г.), "Население Казахстана" (2004 г.) сияқты ғылыми еңбектері бар.

4. Мәтінді оқыңыз.

Тәңірберген Бердоңғаров



Менің бозбала шағым Қазақстанның Тәуелсіздік алудың тұспа-тұс келді. Біз Кеңес әкіметінің тұсында туылып, тәлімі-тербиесін алдып, енді есейіп, үлкен өмірге аяқ басқанымызда, қоғам өзгеріп сала берсін. Қытайда "әтпелі кезенде өмір сүруді дүшпаныма да тілемемін" деген сөз бар. Тоқырау жылдарында алғашқыда абыдыrap "ертеңіміз не болар екен?" деп сарсанға түскенімізben, az уақыттың ішінде есімізді жиып, қайта ел басындағы осындай жағдайдың барлығы біздің әбден пісіп, жетілуімізге өз көмегін тигізді деп ойлаймын. Мен Алматы маңындағы Абай ауылында өстім. 90-шы жылдардың басында ауылдардың барлығы жарық, жылу, тіпті ішерге ас таба алмай қалды. Мәдени шаралардың барлығы адыра қалып, мәдениет сарайының іші қаңырап, тәбесінде құстар ұшып жүретін. Ал ауылды еңбекпен қамтамасыз етіп отырған құс фабрикасы жабылып, өке-шешеміз екі қолға бір жұмыс таба алмады. Жан бағу үшін анам екеуміз кунде үйдегі сатуға жарайтын заттарды базарға апаратынбыз. Ал шынтуайтына келгенде, әкем де, шешем де жоғары білім алған, білікті мамандар. Тек қана біз емес, халықтың бәрі базар тәнірекtedі ғой. Әрине, он бес жасар бала бүл жағдайдың барлығына көнілі толмай, аз да болса үйіне көмек көрсетіп, қалқан болғысы келеді емес пе? Үйде жарық болса, қарным ашпаса, әкем мен шешемнің қабағы шытылмаса деп ойлады. Бірақ, қоғамнан тысқары бір ғана отбасының өмірін өзгерту мүмкін емес екендігін

түсіндім. Мәселен, мен миллиардер болдым делік, ал менің көршілерім бір тілім нан таба алмай отыrsa, тамағымнан қалай ас өтеді? Егер адам өз өмірін жақсартуға ниет етсе, онда ол ең құрымаса көшесінің, болмаса ауылының жағдайының жақсаруына атсалысыу керек деп ойлаймын. Ал мен тек қана ауылымның емес, мемлекеттің жағдайының өзгеруіне үлес қосқым келеді. Егер қоғам қалыпты өмір кешсе, менің де болашағым айқын болатындығын түсіндім.

5. Мәтінді оқыңыздар.

Ұлмекен

Қазекең табиғатында шектен тыс ырымшыл халықтың қатарына кірмейді. Алайда, дүниеге бірінен соң бірі қыздар келген кезде, ендігі жерде үл, мұрагер күткен ата-ана сол перзентінің бірінің есімін ырымдап Ұлдай, Ұлболсын, Ұлбике, Ұлмекен, Ұлтуған деп қоятын жағдайлары да кездесіп тұрады. Онысымен қоймай, оны ер балаша тәрбиелеп өсіруге дең қоятын ағайындарымыз да аз емес. Бейжің Олимпиадасында әйелдер арасында еркін күрестен ел намысын қорғауға бекем бел буып отырған қазақ қызы Ұлмекен Жәнібековың есімі де осындай оймен қойылғаны анық.

Ол - соңғы жылдары ұдайы өсу, тоғысу, шыңдалу үстінде келе жатқан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Оның бұған дейінгі жеңістері мен табыстары да айтуға тұрарлықтай. Ұлмекен өзінің кәсіби спорттағы жетістіктерін түңғыш жаттықтырушысы Бауыржан Нұрмановтың есімімен байланыстыра айтқанды жөн көреді. Өзін бірінші разрядты спортшы қатарына жеткізген үстазының кейін еркін күрестен Қазақстан құрама командасының аға жаттықтырушысы болып тағайындалғанын мақтан тұтады. Сондай-ақ, Ұлмекен соңғы төрт жылда алған асулары үшін бүгінгі жаттықтырушысы Тағыберген Сейітовті де ерекше ілтипатпен атайды.



6-САБАҚ

ТҮҮСТҮҮК АТАУЛАРДАН ЖАСАЛГАН ЕСІМДЕР (Имена, образованные от номинаций родства)

Түүстүүк атаулар (Номинация родства)	Аудармасы (Перевод)	Белгі (Знак)	Сөздің мағынасы (Значение)
Баба	предок	▼	1) предок бабаларымыз – наши предки
... ғали	араб. имя	▼	2) баба (прибавляется к личному имени, чаще исторических лиц – в знак почтения, уважения); Қорқыт баба – почтенный Коркыт баба (легендарный родоначальник музыкального искусства у казахов) миф. дух – покровитель
... қожа	хозяин	▼	
... жан	душа	▼	
... қан	хан	▼	
... нияз	правитель	▼	
Ата	дедушка	▼	1. дед, дедушка; предок (по отцовской линии)
... бай	богатый	▼	2. в составе собственных мифологических имен
... бек	великий	▼	покровитель, патрон, Шопан ата – покровитель овец
...мұрат	цель	▼	3. отец, қайын ата – отец мужа
... нияз	правитель	▼	4. колено (поколение) жеті атасын білу – знать свою родословную до седьмого колена
			5. этн. род, происхождение Атасы басқа – (человек) из чужого рода, племени
			6. перен. родоначальник. Құй атасы Құрманғазы – родоначальник кюя Курмангазы
			7. почтительное обращение к очень пожилым мужчинам-дедушка атадан алтау едік, өле-өле жетеу болдық – нас от одного отца было шестеро, многие поумирали и стало нас семеро

Аға	брать	▼	1) старший брат 2) старший по возрасту родственник; дядя (по линии отца) 3) старший по возрасту человек (с оттенком уважения) 4) старший (по должности, по положению) * ауыл ағасы – старший в ауле, * жігіт ағасы а) зрелый муж б) мужчина средних лет 5) старший * аға бухгалтер – старший бухгалтер * аға ғылыми қызметкер – старший научный сотрудник * аға лейтенант – старший лейтенант
Бөле	дети родных сестер	▼ ▲	двоюродный брат; двоюродная сестра (по материнской линии)
... бай	богатый	▼	
Бауыр	близкий, кровный	▼	кровный родственник, родич; брат; бауыр тарту – относиться как (кровный) к родственнику
... жан	душа	▼	
Нагашы	родственник по линии матери	▼ ▲	нагашы аға – дядя (по линии матери) нагашы ата – дедушка (по линии матери)
...бек	великий	▼	нагашы апа – бабушка (по линии матери) нагашы әпке – сестра (по линии матери) нагашы жеңге – невестка (по линии матери)
Жиен	внук от дочери	▼ ▲	племянник, племянница (по женской линии)
... бай	богатый	▼	жиен қызы – кузина
... құл	раб	▼	
Тұңғыш	первенец	▼	первый ребенок
... бай	богатый	▼	
... бек	великий	▼	
Кенже	самый младший из детей	▼ ▲	1) младший ребенок (в семье) кенже бала – последний, последний ребенок баланың кішісі – младший из детей в семье 2) поздний (о молодняке) кенже қозы – ягненок позднего окота
... бек	великий	▼	
... ғали	араб. имя	▼	
... тай	стригунок	▼	
... қан	хан	▲	
... гүл	цветок	▲	
.. хан	хан	▲	

❖ Упражнение 1. Сопоставьте русские и казахские переводы.

беле	брать
нагашы	предок
жиен	дедушка
бауыр	дети родных сестер
ага	близкий, кровный
ата	родственник по линии матери
баба	внук от дочери

❖ Упражнение 2. Найдите противоположное значение.

ұл	шеше
әке	іні
тұңғыш	қарындас
ата	қызы
қарындас	ана

❖ Упражнение 3. Вместо многоточия вставьте номинаций родства и составьте имена людей.

Нужные слова: ата, ага, нагашы, беле, баба, жиен

... бай

... жан

... бек

... ғали
... қожа
... жан
... қан
... нияз

... бай
... бек
... лық
... мұрат
... нияз

... діл
... бек
... жан

... бай
... құл

... бай
... бек

... бек
... ғали
... тай
... қан
... құл
... хан

❖ Упражнение 4. Определите к какому рисунку относится высказывание.

Бәрін де көрдіңіздер,
Бәріне көндіңіздер,
Бәріне сендіңіздер,
Бәрін де бердіңіздер,
Сіздер, алпысқа келдіңіздер.
Алпысқа келсек екен енді біздер

M.Мақатаев

Қызды ауылды көргенде,
Бұландағатқан жиырма бес
Тәскейден қашқан түлкідей,
Сылаңдағатқан жиырма бес.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер жиырма бес.
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес,
Іздесен де табылмас.

Бұқар жырау

❖ Упражнение 5. Переведите текст.

1. Бөлем екеуміз киноға бардық.
2. Жазғы демалыста нағашымның үйінде болдым.
3. Кенже інім ерке болып өсті.
4. Мен ата-анамның тұңғышымын.
5. Бауырларымды ешқашан ренжіткім келмейді.

Упражнение 6. Определите к какому из этих рисунков относится текст.

1. Ол - ұзынша бойлы, жауырынды, тіп-тік жігіт. Қыр мұрынды, үлкен шүніректеу көзді. Жасы 25-26 шамасында. Түйіліп-жазылған қигаштау қасы мен шүніректеу көзді. Жасы зор, қайратты, қайсарлы етіп көрсетеді.

2. Қоңырқай жүзді, көтерінкі қыр мұрынды, ұзын қолаң шашты, үлкен қара көзді келіншек. Сүйкімді еріндері қалыңдау келген, аса көрікті жап-жас келіншек 20-21 жас шамасында.

3. Қоңырқай жүзін әжім торлаған, әсіресе мойны сай сай әжім, жұтқыншағы шодырайып шығып тұрады. Сақал-

шашы бурыл, тіпті ақселеу десе де болады. Қоңырқай жүзінен аппақ қудай қасы көзге ерекше шалынады. Ол жасаураған көздерін әдетінше сығырайта қарайды.

4. Ұзын бойлы, ақ құба, нәзік, сымбатты. Оның шаштары қап-қара, ұзын, өзіне жақсы жарасады. Үлкен қара көздері және жінішке қара қастары да өте әдемі. Оның құлағындағы әдемі, үлкен сырға, мойнындағы зерлі алқа оған одан әрі көрік беріп тұр.

5. Жасы қартайып, қуаты азайған. Бірақ бетінен ерекше қайрат білінеді, ерек пішиңдес. Үлкен жалпақ маңдайлыш, қошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Қабағының астынан көрінген кішкене көздері өткір, салқын қарайды.



❖ Упражнение 7. Ознакомьтесь с текстом.

Бауыржан Момышұлы



Бауыржан Момышұлы 24.12.1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау қонысында дүниеге келіп, 10.6.1982 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кенес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы. Малшы отбасында дүниеге келіп, 13 жасқа дейін ауылда, содан кейін интернаттарда тәрбиеленеді. Мектеп бітіріп, біраз уақыт мұғалім болды. 1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнөрін игерді. Ауылына оралған соң,

қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 жылы қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизияна қосылды. Ресейдегі Волоколамск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крюково, Бородино, Трашково, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік көрсетті. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада "ошақты" және "икемді қорғаныс" ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момыш-

«Бауыр» сөзінің тілдік қолданысын есте сақтаңыз.

БАУЫР

I. Адам мен жан-жануарлардың қан тарату, зат алмасу, ас қорыту қызметтеріне қатысушы ішкі мүшесі. Бауыры ауырады.

II. Бірге тұган қандас, туыс, ағайын. Шешеміздің бірге тұган бауыры.

1. Жан-жануардың бауыр орналасқан ішкі жағы. Саршұнақтың бауыры ақшыл сары.

2. Таулы, жоталы биік жерлердің ой жағы, етегі, алқымы. Ел бауыраға түсіп келе жатқан кез (М.Әузев).

3. **Ауыс.** Заттардың ішкі жағы, бауырдағы.

Тұрақты мағынасына назар аударыңыздар.

1) Бауырымен жорғалаушылар - кесіртке, жылан, тасбақа т.б. омыртқалылар отряды.

2) Бауыр басты - жақын тартты, үйренди.

3) Бауыры езілді - елжіреді, жақсы көрді.

4) Бауыры қатты - мейірімсіз, қатал

5) Бауыры құтты - мейірімді, берекелі.

6) Бауырына басты - а) құшақтады, құшты; ә) асырап алды, бақты; б) мәншіктеді, тәуелдеді.

7) Бауырына тартты - а) өзіне жақындасты, құшақтады; ә) іш тартты, өзімсінді. Бауырында болды [өсті] - біреудің асырауында болды, тәрбиеленді.

ұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасы, терең ойлай білетін әскери маман ретінде гүлдегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары көңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкөрлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Ол бұл теорияны жүзеге асыруда бүкіл әскер түрлерінің өзара тығыз байланыста әрекет етуіне баса көніл бөліп отырады. Танк, артиллерия әскери бөлімдерді полктар мен дивизиялар командирі қол астына бере отырып, олардың өздігінше жауынгерлік қимылдар жүргізуіне мүмкіндік жасау тактикасын қолданды.

Бауыржан Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырыған дара тұлға. Оның атақ-даңқы, батырлығы А.Бектің "Волоколамск тас жолы" атты кітабында суреттелді.

❖ Упражнение 8. Найдите определение номинации рода-ства.

1. Апалы-сіңлілердің балалары өзара болады.
2. Атаның әкесі, яғни арғы ата мен тұп ата.
3. Адамның жас жағынан үлкен бауыры, ер адам.
4. Бірге туған ағайынды адамдар.
5. Шешесінің төркіні балаларына ... болады.
6. Қыздан туған баланы қыздың төркіні және рулас адамдары, яғни нағашылары ... деп атайды.

❖ Упражнение 9. Ознакомьтесь с текстом.



Тұңғышбай Жаманқұл Эл-Тарази

1948 жылы Жамбыл облысында туылған. Жастайынан актерлік өнерге таланты болған Тұңғышбай 1966-1967 жылдары Жамбыл облыстық Абай атындағы драма театрында актер болып жұмыс жасайды. 1973 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияны бітіреді. Актерлік өнерін

Алматы қаласында шыңдай түседі. "Тамаша" ойын-сауық отауының актері болып біраз жыл енбек етеді. Дегенмен қазақ театры үшін жасаған еңбегі зор болып, 1993-2000 жылдары М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының директоры қызметіне көтеріледі. Қазір осы театрда актер. Тұңғышбай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Қазақстанның халық әртісі. Кинода 30-дан, театрда 40-тан астам басты рөлдерді сомдаған. Отбасылы, үш ұлы, бір қызы бар.

❖ Упражнение 10. По рисункам определите о ком идет речь в тексте.

Биши, педагог. Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның енбек сінірген әртісі.	
Әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қенес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаңарманы.	
Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, өнертану ғылымдарының кандидаты.	

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Бөлекеев Сауқым

Бөлекеев Сауқым сұлтант. Сырдарияның төмөнгі ағысы бойын-дагы қазақтардың ханы. Ералы ханның нөмересі, Бөлекейдің ұлы. Ағасы Бөлекеев Қасым өлгеннен кейін оның өшін алу үшін қоқандықтармен аяусыз күрес жүргізді. 1837 жылды Хиуа ханы Аллақұлдың қолдауымен Кіші жүздің шемекей руы қазақтарының ханы болып табылды.

лып сайланды. Сондықтан Хиуа ханына қарсы келмеген. Қоқандықтардың Сырдария бойындағы қамалдарына жорықтар үйімдастырып тұрды.

2. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Бабақұмаров Ержан

Бабақұмаров Ержан Жалбакұлы, вице-министр 1969 жылы 2 наурызда туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Саясат ғылымдарының кандидаты. Аспирантураны бітіргеннен кейін Қазақстанның даму институтында ішкі саясат бөлімінің менгерушісі, Саяси зерттеулер орталығының директоры қызметтерін атқарған. 1996-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Президенті менгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2004 жылғы қыркүйектен бастап - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің ақпараттық-талдау орталығының менгерушісі болды. Қазақстанда, Ресейде, Үндістанда, Украинада шығарылған 50-ден аса монография, кітап, ғылыми мақалалардың авторы. Саяси ғылымдар қоғамдық Академиясының толық мүшесі, академик, Қазақстанның саяси ғылымдар Қауымдастығының мүшесі. 2006 жылдың ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт вице-министрі. 2006 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министри.

3. Мәтінді оқыңыз.

Аға

1. Орта ғасырдағы түркі мемлекеттеріндегі өскери атақ. 15-17 ғасырларда Түркия янычарлар корпусының қолбасшылары аға деп аталған. Ауыз әдебиетінің деректері мұнданай қолбасылық дәреже осы кезеңде қалыптасқан Ноғайлы Ордасында, Қырым хандығында да болғанын көрсететін аға сөзі шығыста хан сарайларындағы "есік ағасы", "шора ағасы" дәрежелерінде де сақталған. Өзінің толғауында айтылғандай Доспамбет жырау Аймадетұлы аға дәрежесіндегі өскербасы болған. Аға дәрежесі әмір, бек дәрежесімен тең болғанға ұқсайды. Кейін аға сөзі жалпы басшы, жетекші, ақылшы мағынасында қолданыла бастады. Мысалы., "елғасы", "отағасы" деген сөздерде;

2. Адамның жас жағынан үлкен бауыры, ер адам. Кез келген жасы үлкен ақылшы, жетекші ер адамдарды да аға деп атай береді;

Қызмет, шен, лауазым дәрежесін көрсететін үфым (аға лейтенант, аға ғылыми қызметкер, аға сұлтан).

4. Мәтінді оқыңыз.**Ағытай батыр**

Ағытай батыр Тәуке ханның Қазақ хандығының тәуелсіздігі мен бүтіндігін сақтау жолындағы саясатын белсенді қолдаған қайраткер. 1836-38 жылдардағы Кіші жүз қазақтары көтерілісінің басшысы Истай Тайманұлының арғы атасы. Есімі беріш руының ұранына айналған. Оның саналы ғұмыры Еділ қалмақтарымен соғыста өтті. Ресей бодандығын қабылдаған қалмақтардың Кіші жүзге шабуылы 18ғасырдың 1-ширеңгінде күшіне түсті. Ресей билеушілері қалмақ ханы Аюке жасақтарының құшімен қазақ хандығын әлсіретуді көздесе, қалмақтар Ресейге арқа сүйеп, Кіші жүз қазақтарын езіне тәуелді еткісі келеді. Ұзақ жылдар бойы олар Еділдегі қалмақ хандығының жерін шығыска қарай ұлғайту ниетінен бас тартпады. Түстікегі Хиуа хандығы да Кіші жүз жерін Ресеймен бәлісер оңтайлы жағдайды күтіп отырған. 18 ғ-дың 1-ширеңгінде көрші елдерінің басқыншылық ниетін жақсы түсінген Тәуке хан Түркістан қаласының маңында 80 мың жасақ ұстады. Осы әскери күштің құрамында Ағытай батырдың да қолы болды. Ағытай батырдың Айболат, Қуат, Атабас, Боқай, Жәндібек, Серікпен есімді ұлдары болған.

5. Мәтінді оқыңыз.**Бауыр - ең үлкен ас қорыту безі**

Бауыр - ең үлкен ас қорыту безі. Омыртқасыз жануарларда бауыр ас қорыту және қоректі сініру процестерінің қатынасады, сондай-ақ, онда май, көмірсу жиналады. Омыртқасыздардың бауырларын кейде бауыр-үйқы безі деп те атайды, себебі ол омыртқалы жануарлар мен адамның үйқы безі белгінетін затқа ұқсас секрет шығарады. Омыртқалы жануарлар мен адамда бауыр - құрделі орган, ол организмдегі зат алмасу процесінің қатынасады әрі онда ас қорыту сөлдерінің бірі - әт түзіледі. Оның ересек адамдардағы орташа салмағы 1,5 -2 кг. Бауыр іш қуысының он жақ жоғарғы бөлігіне орналасқан. Бауырдың көк етке жанастып жататын жоғарғы дөңес, тәменгі ішкі беттері бар. Бұлар бауырдың (улкен) және сол (кіші) бөліктерге бөледі. Бауырлардың бетінің ортасында бауыр қақпасы деп аталатын көлденең ойық болады. Ол арқылы бауырга arterия, қақпалық вена тамырлары, жүйке талшықтары етеді де, одан лимфа тамырлары мен әт түтігі шығады. Бауыр қақпасының алдыңы жағында әт қуыры жатады. Бауыр қорғаныш қызметін де атқарады, яғни тамақ құрамында болып, ішекте сінірліген зиянды заттар мен белок алмасуының нәтижесінде түзілетін қаннның құрамындағы улы өнімдер бауырларда зарарсыздандырылады. Бауырдың лимфа түзілудегі, қан үюнін реттеудегі және қаннның тұрақты құрамын сақтаудағы маңызы

зор. Бауырда қанмен келген амин қышқылдарынан белоктар, глюкоза, фруктоза, глицерин, май қышқылы түзіледі, сондай-ақ, қандағы көмірсулар бауырларда гликогенге айналады. Бауырдағы зат алмасу процесстері әртүрлі ферменттердің қатысуымен жүреді, оны жүйке жүйесі мен түрлі гормондар реттеп отырады.

6. Мәтінді оқыңыз.

Тұнғыш бала

Кез келген қазақ отбасындағы тұнғыш бала әке-шешемен теңдей дәрежедегі рөлге ие. Бұл мәселенің ұтымды жағы сол - тұнғыш бала басқа балалардай емес, жауапкершілікті терең сезініп өседі. Біріншіден, бұл бала әке-шешесі тарарапынан көп еркелетілмейді, бірақ ол тарастан талап қойылады. "Сен осында болуға тиіссің!" - деп құлағына құйып өсіреді.

Балаға нені үйретсе, соны сініреді. Айтыла бергеннен кейін "мен осында болуға тиіс екем ғой..." деген ой сінірілген сайын, өскен сағын салмақтана түседі. Басқаша айтқанда, "Алдыңғы дәңгелек қайда жүрсе, соғы дәңгелек сонда жүреді!" қағидасында қапы жоқ, осылайша тұнғыш бала өзінен кейінгі бауырларының тек өзіне қарап өсетінін ерте бастан түсінеді.

Ең ғажабы - тұнғыш бала осыған көнеді. Қазақ отбасында жұз пайыз болмаса да, тоқсан пайыз тұнғыш балалардың өз бауырларының, үй-іші тіршілігі алдында "мен жасауым керек", "менің тартуым керек" деген, тіпті жоқ дегендеге "көмектесуім керек" деген жауапкершілігі бар. Бұл, әсіресе, тұнғыш тұған ер балалардың бойында көбірек болады.

Егер еті тірі, алдын ала ойластырып тұратын өте іскер болса, қыз балалар да үй қамын қүйттеп, орнына келтіруде әке-шешеден кем қалыспайды.

7. Мәтінді оқыңыз.

К е н ж е

Балалардың көнжесі әке-шешесінің шүпілдеген мейіріміне қанып, ерке болып өседі. Дегенмен, есті болады. Құлағында "қара шаңырақ" деген сөз тұрғанда, есерлікке салынбайды. Себебі тұнғыш бала секілді мұның да бойында "қара шаңырақтың киесін қашырмай ие болып қалу маған бұйырылған" деген жауапкершілік сезімі басым болады.

Қара шаңырақ иесінің қолында қалу салты да қазақты өзге халықтан бөлектейтін ең басты айырмашылығы. Кенже баланы ұстап қалу дағдысы, негізінен, кеңестік кезеңде қалыптасқан сияқты. Өйткені дәстүр бойынша үлкен бала апасы мен атасының тәрбиесін сініреді

де, оған жастайынан дербес құқық беріледі және ол үйленгеннен кейін бірінші отау тігіп, жеке шаңырақ иесі болып кетеді.

Ал кенже баланы дайындағанда ата-ананың көкейінде есеп жататыны жалған емес. "Кенже балам шаруага, мал-мұлікке ие болып қалса, ат ататып, сүйек сындырымай, азын-аулақ абыropyымды аман-есен алтып жүрсе, алда-жалда, яки қартайғанда ауырып, төсек тартып жатып қалғанда, басымды сүйесе, бұл дүниеден өткенде басыма ай мүйіз көктас қойса" деген ой тұрады.

...деген екен

"Балақаев ауырып қалды"

Сол ҚазМУ-де 1-курс студенттері алғашқы қазақ тілі сабағында Мәулен Балақаевты құтіп отырса, аудиторияға түр-түсі өзге ұлт өкілі кіріп келеді. Студенттер: "Бізге қазір қазақ тілі, Балақаевтың сабағы болады", - деп шулап қоя беріпті. Мәкен: "Балақаев - мен" демей, "Ол кісі ауырып қалыпты, орнына мен өткіземін", - депті. Балалар Балақаевты танымай қалғандарына кейін біраз ұялып жүріпті.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ АТАУЛАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР

**(Имена, образованные от названий
домашних животных)**

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Орыс тіліндегі мағынасы (Значения в русском языке)
Қозы	▼	ягненок	пусть будет миролюбивым как ягненок
... бай	▼	богатый	
... бағар	▼	пасти	
Жан ...	▼	душа	
Бай ...	▼	богатый	
Ер ...	▼	мужчина	
Қой	▼	овца // баран	один из священных животных. Пусть ребенок будет богатым, щедрым и добрым
... лыбай	▼	қойлы – обладатель овец, имеющий овец, бай – богатый	
... шыбай	▼	қойши – чабан, овчар (пастух овец) богатый	
... бағар	▼	заниматься разведением овец	
Жылқы	▼	лошадь	
... бай	▼	богатый	
Бұзау	▼	теленок	пусть ребенок будет тихим и спокойным, как теленок
... бай	▼	богатый	
Серке	▼	вожак	
... бай	▼	предводитель богатый, ел серкесі – народный вожак	пусть будет вожаком стада, предводителем, как серке
Ит	▼	собака	
... бай	▼	богатый	собака – одно из семи богатств. Верный, как пес

Мысық	▼	кошка	
... бай	▼	богатый	кошка –живучее существо. Присваивается, чтобы не сглазили ребенка
Бота	▲	верблюжонок	красивый, как верблюжонок
... көз	▲	верблюжие глаза, черные глаза	большие, черные глаза, как у верблюжонка
... бай	▲	богатый	имя давалось с пожеланием, чтобы у ребенка было много верблюжат
Ақ ...	▲	белый верблюжонок	беленкая, красивая как верблюжонок

❖ Упражнение 1. Сопоставьте рисунок с наименованиями.

	қой
	бұзау
	жылқы
	қозы
	серке

❖ Упражнение 2. Какие звуки издают домашние животные.

қой	мияулайды
бұзау	кісінейді
жылқы	маңырайды
бота	менірейді
ит	боздайды
мысық	үреді

❖ Упражнение 3. Проверьте правильность этих определений.

	Дұрыс	Бұрыс
Бота – түйенің анасы		
Қозы – қойдың б айға толмаган жас төлі		
Серке – тақ тұяқты		
Жылқы – тақ тұяқты		
Сиыр – ірі қара малға жатады		
Ит – төрт аяқты		
Мысық – жолбарыстың баласы		

❖ Упражнение 4. Найдите среди домашних животных название "қозы" на русском языке и ознакомьтесь с текстом.

овца, лошадь, ягненок, теленок, собака, кошка, верблюжонок, корова, верблюд

Қозы - _____



Қозыбаев Манаш Қабашұлы 16.11.1931, Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Тазкөл ауылында дүниеге келген. Фалым, қоғам және мемлекет қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР FA академигі.

1953 жылы ҚазМУ-ды бітірген. 1953-58 жылдары Қостанай педагогикалық институтында, 1958-74 жылдары СОКП ОК жаңындағы Марксизм-ленинизм институтында, кейін ҚазМУ жаңындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру институтында ғылыми-педагогикалық жұмыстар-

мен айналысты. 1979-86 жылдары Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакторы, 1986-88 жылы Қазақстан FA Тарих және этнологиялық институты тарихнама бөлімінің меңгерушісі, 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы институттың директоры болды.

Қозыбаевтың 30 монографиясы, 50-ден астам ұжымдық еңбектері бар. Оның басшылығымен "Қазақстан тарихы" академиялық басылымының 3 томы, ағылшын тілінде "Қазақстан тарихы", көптеген құжаттар жинақтары жарық көрді. Қозыбаев отандық тарихнамада жеке ғылыми мектеп қалыптастырыды, 90-ға жуық шәкірт тәрбиеледі. Халықаралық конгрестерде, конференциялар мен симпозиумдарда 200-ге жуық баяндамалар жасады. Еңбектері Ресей, Украина, Қытай, Түркия, Иран, АҚШ, Корея, Армения, Беларуссия, т.б. елдерде жарық көрді.

Қозыбаев 1990-93 жылдары сайланған ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және Тілдерді дамыту комитетінің мүшесі, 1993 жылы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес мүшесі, 1994-98 жылдары Адам құқығы жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі болды. Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының (1970), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері (1995), ҚР Президентінің Бейбітшілік пән рухани келісім сыйлығының лауреаты (1997), 2001 жылы "Парасат" орденімен марапатталды. Қозыбаев Қостанай облысының Мендиқара ауданының, Қостанай қаласының құрметті азаматы. Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан университетіне Қозыбаевтың есімі 2003 жылы берілді.

2002 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Оның есімі қазақ тарихында елеулі орын алады.

❖ Упражнение 5. Сопоставьте словосочетания.

- | | |
|------------|------------|
| 1. қойды | бағады |
| 2. жылқыға | жүк артады |
| 3. түйеге | мінеді |

❖ Упражнение 6. Найдите имена людей.

Бұзау, Бұзаубай, Бұзаухан, Мысықбай, Мысықжан, Қойшыбай, Қойшыбек, Қойғара, Қойгелді, Ешкібай, Ешкібек, Ешкін, Серке, Серкебай, Серкеш, Сиыр, Сиыржан, Сиырхан, Итбай, Итбек, Итжан, Жылқыбек, Жылқыбай, Жылқыжан, Бота, Ботабек, Ботажан, Боталық, Түйебай, Түйежан, Түйехан, Тоқтыбек, Саулықжан, Бурабай, Бұқабек, Айғырхан, Биебай.

❖ Упражнение 7. В предложении вставьте названия домашних животных в соответствии с их содержанием.

1. Қасқыр ...ға шабады. 2. Сиыр баласы 3. Ешкінің бес-алты жастағы баласын ... деп атایмыз. 4. Жеті қазынаның бірі..., ол адамның досы, серігі. 5. Пеш түбінде ... жата береді, себебі ол жылы жерді жақсы көреді.

Нужные слова: қой, қозы, бұзау, серке, ит, мысық.

❖ Упражнение 8. О каких животных говорится в пословицах? Объясните значение.

Үй жануарлары	Мақалдар
	Малды бақсан, қойды бақ, Май кетпейді шарадан
	Сиырлының үйі айран, Сиырсыздың үйі сырдан
	Айдағаның бес ешкі, Ысқырығың жер жарады
	Ит асырасаң сырттаннан Қой бермейді қорадан

Упражнение 9. Найдите среди названий домашних животных слово "көй" на русском языке и ознакомьтесь с текстом.

овца, лошадь, ягненок, теленок, собака, кошка, верблюжонок, корова, верблюд

көй - _____



Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылында 18.8.1946 жылы дүниеге келген. Фалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қырғыз мемлекеттік университеттің бітірген. 1971-2002 жылдары ҚазҰУ -де, Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтында, ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысты. 2002 жылдан ҚР ҰҒА-ның Тарих және этнология институтының директоры, 20 ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен шұғылданады. Тарих ғылымында Алаш қозғалысы тарихына жаңа көзқарас қалыптастырыды. Сондай-ақ орта ғасырдағы қазақ ғұламасы, тарихшы Қадырғали Қосымұлының "Жылнамалар жинағы" ортағасырлық тарихи жазба дәстүрі негізінде өмірге келген құнды еңбек екендігін ғылыми тұрғыда негіздеді.

Шығармалары: "Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы", "Тарих тағлымы не дейді?", "Алаш қозғалысы", "Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шокайұлы".

Упражнение 10. Разгадайте загадки.

Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.

(...)

Мұрты бар, иегінде сақалы жоқ,
Тоны бар киеріне шапаны жоқ.

Пайдасы үй ішінен табылған соң,
Далаға кіріп-шығар, сапары жоқ.
(...)

Ел жатса да енекем жатпайды
(...)

Апан-апан,
Ескі шапан.
Иір қобыз,
Жарық жұлдыз.
(...)

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Қозы - қойдың 6 айға толмаған жас төлі. Қозылар егіз және жалқы болып туылады. Оларды туған мерзіміне қарай мәйекті қозы, кәбе (кепе), қауқа, күн тимес, көпелдеш, көпей, арамза, марқа, бағлан қозы деп атайды. Қозылар туылғаннан соң 10-15 күнде отығады, 3-4 аптадан кейін қосымша жем беріледі. Оларды 1,5 айлығында отармен бірге бағып, 3-4 айдан кейін еркек не үргашысына қарай отардан бөледі.

2. Мәтінді оқыңыз.

Жылқы – тақ түқетылар отрядының бір түқымдасы. Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 жылдан бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендердің дәлелдейді. Жылқы түқымдасы есек, құлан, зебр, қазіргі жылқы болып 4 түрге бөлінеді. Жабайы жылқының сүйегі Францияның солтүстігінен көп табылған. Америкада жабайы жылқы болмаған, қолға үйретілген жылқылар кейін тағаланып кеткен. Қазір Монголияда ғана жабайы жылқылар үйірлері кездеседі. Оларды Пржевальский жылқысы (керкүлан) деп атайды. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша көдімгі жылқының ең жақын тегі осы керкүлан. Қолға үйретілген жылқының шаруашылықта маңызы зор. Ол - ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, спорттық бағыттарында өсіріледі. Шоқтығына дейінгі биіктігі 50-185 см, салмағы 60-1500 кг болады. Жылқы орта есеппен 18-20 жыл, кейде 40 жылға дейін жасайды. Түсі қылаң, баран, ала боп бөлінеді.

Қылаңға ақбоз, боз, бурыл, теңбіл, құбақан, сары, құла, құла жирен, шабдыр, көк, сүр, құлагер, қызыл, нарқызыл жылқылар; баранға торы, қара, қаракөк, қарасүр, қоңыр, жирен, күрең жылқылар; алаға сарыала, сұрала, көкала, керала, қарала, қоңырала, куренала жылқылар жатады. Дүние жүзінде жылқының 250-дей түрі бар. Қазақстанда жылқының 16 түрі өсіріледі. Дәстүрлі қазақ қоғамында жүйрік жылқы тек иесінің ғана емес, бүкіл рудың, аймақтың мәртебесін өсірген. Олар туралы әндер мен күйлер шығарылып, есімдері халық жадында сақталған. Мысалы., Құлагер, Жетісуға мәлім болған Кекбайтал, Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстанның біраз жерлеріне даңқы жеткен Қараат, XX ғасырлардың 60-жылдарындағы Б.Кітапбаевтың Құланқарасы, Бұланқарасы, Желмаясы, халықта жақсы танымал "Кербескер", "Қара жорға", "Бестай", "Бозжорға", "Тепенкөк" тәрізді әндер мен күйлер, Ақан серінің "Құлагері", "Маңманғері", "Құлагердің желісі" әндері, Біржаннның "Телқоңыр", "Бурылтай", "Керекіл" әндері, К.Әзірбаевтың "Кекшолағы" жылқыны әспеттеудің ең үздік үлгілері болып саналады.

3. Мәтінді оқыныз.

Сиыр - ірі қара, мүйізді ірі қара. Сүт қоректілер класына жататын аша түяқты, қуыс мүйізді, күйіс қайыратын жануарлар. Оның жабайы және қолға үйретілген түрлери бар. Қолға үйретілген сиыр жабайы түрден тараган, ол біздің дәүірімізге мындаған жылдар бойы Еуропа, Азия, Африкаға кең тараған. Сиырдың дене бітімі олардың өнімділік бағытына байланысты. Сүт бағытындағы сиырдың денесі үзын, сүйегі салыстырмалы түрде жінішке, терісі жұқа, жұмсақ, түгі жылттыр, қарыны кең, басы мен мойыны үзын, құрсағы мен желіні үлкен болады. Асказаны төрт камералы (месқарын, жұмыршақ, қатпаршақ, үлтабар), соның арқасында олардың көп мөлшерде ірі сабакты шөпті қорытуға мүмкіндігі бар. Жағының жоғарғы жағында күрек тістері болмайды, желіні төрт емшекті.

Сиырдың жынысы мен жасына байланысты жас төлін - бұзау, алты айға толғанға дейінгі төлін (ерек, үрғашысын) - баспақ, бір жастағы төлін (ерек, үрғашысын) - тайынша, бір жастағы үрғашысын - қашар, бір жас пен екі жас аралығындағы үрғашысын - құнажын, екі жас пен үш жас аралығындағысын (ерек, үрғашысын) - дәнежін, еркегін - бұқа, піштірілген еркегін - өгіз деп атайды.

Жаңа туылған бұзау өте әдемі болады. Көздері үлкен, кірпіктері үзын, бойы орта, терісі жұқа, жүндері жұмсақ болып келеді. Әдette сиыр жаңа туылған бұзауды қызғанып, адамдарға айбат көрсетуі мүмкін. Сондықтан адамзат бүл сұлулықты бағалап, өздерінің нөрес-теперінің сұлулығын бұзауға теңеп, есімін "бұзау" деп атайды.

4. Мәтінді оқыңыз.

Ешкі - мүйіз қуыстылар тұқымдасына жататын жұп түяқты, күйіс қайыратын жануар. Үй ешкілерінің бастапқы тегіне ешкілердің жабайы 2 түрі, сондай-ақ, жойылып кеткен түрі жатады. Ешкі - қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дene бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жұні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің жұндең, түбіті, етті тұқымдары бар. Ешкі 9-10 жыл тіршілік етеді. 5-8 айында жыныстық жағынан жетіледі. Ешкінің буаздық мерзімі 5 ай. 1-2, кейде бесеуден лақтайды. Жақсылап күтсе екеуден лақтайды.

Серке деп ешкінің еркегі, соның ішінде жолды бірінші бастап жүруші.

5. Мәтінді оқыңыз.



Серкебаев Ермек Бекмұхамедұлы 4.7.1926 жылы Петропавл қаласында дүниеге келген. Әнші, Қазақ КСР-інің және КСРО-ның халық әртісі. 1941-43 жылдары Алматы музыка училище-сінде оқыды. 1951 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірді. 1947 жылы Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Абай партиясын орындауды. Сол жылдан бастап осы театрдың әнші-солисі болды. Таңдаулы партиялары: Қожағұл, Амангелді, Тарғын, Артем, Алпамыс, Панфилов, Евгений Онегин, Фигаро, Дон Жуан, т.б. репертуарында қазақтың халық әндері, сондай-ақ қазақ және ТМД елдері, Батыс Еуропа композиторларының ән-романстары бар.

1953 жылы Бухарестте өткен жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінің лауреаты. 1977 жылы концерттік-орындаушылық шеберлігі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған. 1973 жылдан Алматы мемлекеттік өнер институтында педагогикалық қызметпен шұғылданады. 2 рет Ленин орденімен, Октябрь Революциясы және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

6. Мәтінді оқып, аударыңыз.

Ит - івшіл, іісшіл, қызмет иттері, күзетші, бақташы және көлік ретінде шанаға жегілетін, аңға салынатын, үйде үсталатын болып ажыратылады. Івшіл күзетші иттер шекараны, мемлекеттік және қоғамдық мешікті қорғауга, зілзала апатынан құтқаруда пайдаланылады. Иісшіл иттер кеден қызметінде есірткі, жарылғыш заттарды тасымалдаушыларды табуға көмектеседі. Бақташы ит - малшылардың көмекшісі. Шанаға жегілетін иттер - солтүстік сұық аймақ-

тағы негізгі көлік. Қазақстанда 100 мыңнан астам бақташы ит бар. Қазақ берібасары, Кавказ овчаркасы, Шығыс Еуропа овчаркалары жақсы үйретілсе қойды түнде күзетумен қатар күндіз де бағады.

Ал, мал көрмей өскен иттерді бақташылыққа үйрету қыын. Сондықтан малшылар өз итінің күшігін баулып, мал бағуға үйретеді. Ал ішіл, иісішіл қызмет иттерін ит питомнигінде өсіріп, оларды жұмсауға үйретіп, белгіленген мақсатқа сай машықтандырылады. Қазақ мал өсіру ғылыми-зерттеу институтында бақташылыққа бейім ит тұқымдары өсіріледі. Бұлар аңызақ ыстыққа және құмды жердің ауа раянына көнбіс, үнемі малмен бірге жүретін, қасқырмен батыл айқасатын сақ иттер.

7. Мәтінді оқыңыз.

Мысық тәрізділер жыртқыштар отрядының бір тұқымдасы. Қазба қалдықтары жоғары олигоценнен белгілі. Жер бетінде жақсы таралған, тек Австралияда, Антарктидада, Жаңа Гвинея, Мадагаскар, Сулавеси, Грэнландия аралдарында кездеспейді. Мысықтардың 4 туысы 36 түрі бар. Қазақстанда 3 туысының 8 түрі мекендейді. Мысық туысына 6 түр жатады. Бұлардың дене бітімі ықшам, алдыңғы аяқтары 5, артқы аяқтары 4 саусақты, тырнақтары жиырылыш болып келеді. Дене түркі 40-105 см-дей, салмағы 2,5-24 кг. Құйрығы көпшілік түрінде ұзын, түгі тықыр, қалың әрі жұмсақ, көпшілігі теңбіл де жолақ болады. Тек етпен қоректенеді. Ұсақ түрлөри жыл сайын 5-6 (үй мысығы будан жиі), ірілөри 2-4 үрпақ (жылда емес) әкеледі. Мысық туысының 3 түрі (қарақал, сабыншы, шағыл мысығы) бар. 1 түр тармағы қорғауға алынып, Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген. Мысық терісі үшін ауланады.

**8-САБАҚ**

**ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ МЕН МҰЛІКТЕРДІҢ
АТАУЛАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, образованные от названий домашней
мебели и имущества)**

Kісі есімдері (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Омонимдік қатары (Омонимический ряд)
Айна	▲	1. зеркало айнадай – как зеркало 2. чистый, ясный // ясно көңіл айнасы – зеркало души	АЙНА 1. стеклянный или металлический предмет, покрытый с одной стороны отражающим слоем 2. перен. четкий образ, ясная картина
... ш	▲	ласкательная форма	Айна көз – чистые, как зеркало, глаза
... гүл	▲	цветок	Айна көл – чистая, прозрачная, как зеркало, вода Айна қатесіз – точь в точь, как две капли воды, один к одному Айна таз – лысый, без единого волоска
Перде	▲	занавеска, покрывало	ПЕРДЕ 1. занавеска для окон и дверей, для театральной сцены 2. покрывало, которое носят женщины; маска, скрывающая лицо 3. театр. часть акта оперы, балета, драмы 4. перен. тоненькая скорлупа
... гүл	▲	цветок	
Табак	▼	1. большое круглое блюдо 2. лист (бумаги, железы, фанеры)	ТАБАҚ I 1. большая, круглая плоская чаша, посуда для пищи 2. пластиинка для записи музыкальных произведений

			Табақ тартар – ритуальное блюдо с грудинкой для жениха Табақ тарту – а) принести еду на блюде, чаше; б) ритуальное блюдо (свату – бедренная кость, жениху – грудинка, девушке – малоберцовая кость) ТАБАҚ II лист бумаги баспа табақ – печатный лист
... бай	▼	богатый	
Шара	▲	1. большая чашка, чаша 2. а). глазная впадина, орбита б). уровень [воды] шарасынан шықты – вода в озере поднялась выше 3. мера, средство, мероприятие; шарасын табу – находить средства, жазалау шаралары – меры наказания	ШАРА I 1. большой деревянный сосуд 2. перен. глазная впадина, орбита 3. перен. уровень, объем чего-то Шарасына түсті – успокоился ШАРА II 1. определенное действие, возможность, метод 2. ничего другого не осталось 3. дело, задача на будущее Шара қолданды – принял меры
.. гүл(күл)	▲	цветок	
Шам	▲	лампа, свеча	ШАМ 1. свечка, лампа, фонарик
... ша	▲	суфф.	2. честь, совесть
... шы	▲	суфф.	Шамалды – близко принял к сердцу
Шөміш	▼	1. ковш, половник, поварешка 2. техн. ковш экскаватора 3. рыб. сюзга, плица;	ШӨМІШ 1. поварешка 2. тех. ковш экскаватора
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	

❖ Упражнение 1. Найдите корни слов, которые встречаются в казахских именах и переведите на русский язык.

№	Kіci есімдері	Түбірі	Аудармасы
1	Айнагұл		
2	Табақбай		
3	Шемішбай		
4	Шара		

❖ Упражнение 2. Сопоставьте слова с переводом.

Есімдер	Орыншасы
Айнагұл	большая чашка
Табақбай	зеркало
Пердегұл	лампа
Шамши	занавеска
Шемішбай	большое круглое блюдо
Шара	поварешка

❖ Упражнение 3. Найдите названия домашней мебели и имущества, связанные с именами людей.

Айна, терезе, перде, жастық, ожау, тостақ, табак, кесе, қасық, шара, шеміш, үтік, тарақ, шанышқы, шәйнек, пышақ, орындық, үстел, шам, тостақ, кілем, алаша, көрпе, есік, кілт, дастархан.

❖ Упражнение 4. Сопоставьте русские и казахские переводы.

Поварешка	Айна
Большая чашка	Табак
Зеркало	Шеміш
Плоская посуда	Шара
Лампа	Перде
Занавеска	Шам

❖ Упражнение 5. Найдите русский перевод имени Шеміш, и ознакомьтесь с текстом.

большая чаша, зеркало, лампа, занавеска, большое круглое блюдо, поварешка

Шеміш - _____

Шемішбай Сариев

Ш.Сариев 1946 жылдың 15-сәуірінде Арап ауданы, Шеміш темір жол станциясында туылды. Орта мектепті бітіріп, Қазалы ауданы "Ленин туы", кейін Арап ауданының "Толқын" газеттерінде жұмыс істеді.

Ш.Сариев 1960-1980 жылдарда Арап өнірінен балауса өлең-жырларымен көрінген саңлақ жас таланттардың бірі. Жас ақынның таңдап алған тақырыптары адам мен табиғат, балықшы мен теңіз болды. "Балдаурен", "Теңізден соққан жел", "Өң мен тұс", "Үш өлшем" тағы басқа да өлеңдері мен поэмалары ой толғанысынан шыққан құнды туындылар.

Оның алғашқы өлеңдері облыстық, республикалық "Лениншіл жас" газеттерінде жарық көрді.

1971 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетін бітірген Ш.Сариев "Қазақстан" баспасында редакторлық және "Жүлдyz" журналында бөлім менгерушісі қызметтерін атқарды. Ол - филология ғылымдарының кандидаты.

Шемішбайдың бірқатар өлеңдері ана тіліміздің тазалығын сақтауға арналды.

Ақынның заманның жасару, жаңару тақырыбындағы өлеңдеріне жас композиторлар іле-шала ән-әуендерін жазып, үлттымыздың мәдени-рухани дәрежесін көтеруге үлесін қосып келеді.

❖ Упражнение 6. Сгруппируйте имена людей по значению.

Үй жиназдары мен мүліктердің атауларынан жасалған есімдер	Тұыстық атаулардан жасалған есімдер	Сан есімдерден жасалған есімдер

Алпысбай, Атабек, Ағаділ, Ағабек, Айнаш, Айна, Бабақан, Бөлебай, Біржан, Жетпісбай, Жиенқұл, Пердегүл,

Мыңбай, Нагашыбек, Сексенбай, Табақбай, Тұнғышбай, Кенжегүл, Кенжебек, Шара, Шарагүл, Шамшы, Шөмішбай, Үшкемпір.

❖ Упражнение 7. Найдите определяющие слова.

айна	тағам салатын ыдыс
шара	жарық беретін зат
шөміш	өз-өзінді көретін зат
шам	су ішетін ыдыс
табақ	көлемі жағынан үлкен ыдыс

Упражнение 8. Найдите русский перевод имени Шара, и ознакомьтесь с текстом.

большая чашка, зеркало, лампа, занавеска, большое круглое блюдо, поварешка

шара - _____

Жиенқұлова Шара Баймолдақызы



Жиенқұлова Шара биши, педагог. Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның еңбек сінірген әртісі. 1929-30 жылдары ҚазПИ-дің тарих факультетінде оқып, өнер жолын Қазақ драма театрынан бастады. Тұнғыш ойнаған рөлі - Б.Майлиниң "Майдан" пьесасындағы Пұліш. Бұдан кейін Еңлік, Қарагөз (М.Әуезов) рөлдерін сомдады.

1934 жылы Музыкалық драма театрына (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ауысты. Мұнда М.Әуезовтің "Айман-Шолпан" музыкалық драмасында, Е.Г.Брусиловскийдің "Қызы Жібек", "Жалбыр" және "Ер Тарғын" операларында ұлттық билерді орындағы. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып, ұлттық би өнеріміздің әсемдігіне өзге халық өкілдерін тәнті етті. Қазақтың тұнғыш ұлттық балеті - "Қалқаман - Мамырда" (1938) Мамырдың партиясын орындағы. 1938 жылы "Амангелді"

фильмінде Балымның рөлін экранға шығарды. Қазақ филармониясында қызмет етіп, 1962-66 жылдары Қазақтың ән-би ансамблін басқарды. 1966-1975 жылдары Алматы хореографиялық училищесінің директоры болды. Қазақстанның халық әртісі Г.Талпақова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қ.Қарабалина Ш.Жиенқұлованың шәкірттері.

❖ Упражнение 9. Найдите продолжение текста.

Кеше ауа-рай түсініксіз болды. Дала қапырық болып, үй ішінің ауасы тарылғандықтан, есік-терезені ашып қойғанмын. Көзім ілінгені сол еді, қатты желдің өсерінен

А) есік, терезе қатты желдің әсерінен ашылып-жабылып тұр екен. Мен оны жауып қойдым.

Ә) бір бөлменің терезесі сыннып қалыпты. Мен есік-терезелерді жауып, сынған терезенің әйнектерін жинадым.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Айнадан жарық сәулесі тұсу және шағылу бұрышының тепе-тендігін сақтай отырып, шағылады. Айна арқылы денелердің оптикалық кескіні алынады және ол кескіндердің орны геометриялық оптика заңдары бойынша анықталады. Ең көп тараған түрі - оптикалық жазық айна. Сондай-ақ оптикалық жүйелерде сфералық, параболалық, эллипсоидтық шағылдырығыш беттері бар дәнес және ойыс айналар да қолданылады. Айна бетінің пішіні математикалық жағынан неғұрлым дұрыс болған сайын, олардың сапасы соғұрлым жоғары болып келеді. Айнаның шағылдырығыш бетінің тегіс еместігі жарық толқыны ұзындығымен салыстырғанда аз болуы керек. Жазық емес айналардың барлығына аберрация құбылысы тән. Жазық айналар аберрациясыз кескін бере алатын жалғыз оптикалық жүйе. Жазық емес айнадағы дененің орны мен кескіні мына қатыс бойынша анықталады: $1/s+1/s_1=2/r$, мұндағы r - қисықтық радиусы, s - айна тәбесінен денеге дейінгі, ал s_1 - айна тәбесінен дене кескініне дейінгі қашықтық. Бұл қатынас айнаның оптикалық осі мен айнаға түскен жарық сәулесі арасындағы бұрыштың шамасы ете аз болған жағдайда ғана орындалады. Айна астрономиялық, спектрлік, жарықтандырығыш құралдарда, сондай-ақ ультрадыбыстық аппаратуралар мен күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылады.

2. Мәтінмен танысыңыз.

Айнабеков Қайып ақынның алғашқы өлеңдер жинағы "Қырдың қызыл гүлдері" 1928 жылы жарық көрді. Ақын шығармалары ел өміріндегі елеулі тарихи оқиғаларды жырлауға, адалдық пен тәрбие-лілік мәселелерін үағыздауға құрылған. 1921 жылы Орынборда өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық 2-съезіне делегат болды. 1923 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық этнографиялық көрмеге қатысып, өнер көрсетті. Айнабеков 1943 жылы Қарағандыда өткен облыстық ақындар айтысын бастаушылардың бірі болды. I.Манкинмен, С.Әзденбаев және К.Елеуовпен айтысты. Қазақ ауылшының сол кезеңдегі жағдайын баяндайтын "Қолаң" және қемірлі Қарағанды кеншілерінің ауыр өмірін суреттейтін "Алып туралы аңыз" дастандары бар. Өлеңдері, дастандары мен айтыстары халық ақындарының ұжымдық жинақтарында, Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген "Қазақ поэзиясының антологиясында" жарияланған. Айнабеков бірнеше ән шығарып, халық әндерін ел аузынан жинау, жаздыру ісімен де айналысты. Белгілі музыка жинаушы А.В.Затаевич Айнабековтен "Сұлушаш", "Қос көтерме", "Әхпілдек", "Назқоңыр", "Жеңеше" сияқты халық әндерін жазып алған.

3. Мәтінді оқыңыз.

Табақ тарту тәртібі

Женге табақ

Қазақта қайыны мен қайын сіңлілері женгелерімен ерекше қалжындасады, бөлекше әзілдеседі. Тіптен жақсы көреді, бал тілімен тәп-тәтті әзіл айтысады. Сөйтіп жандары жақсылықпен жанасады. Ойын-кулкілі, әзіл-қалжынды өмір берекесімен табысады. "Женге жолы шеше жолымен бірдей" деген сөз бар қазақта. Қазақ қызжігіттері женгелерін құрметтейді, күтеді, мол дастанарқан жаяды. "Женге табақ" деген атпен ас әзірлейді. Женге табаққа қойдың жамбасын, жауырынын, арқа белдемесін, сүбе қабырғасын, жүрек, бауырын, тоқ ішегін, қарын, бүйректерін салады. Осының өзіндік тілі бар. Бауыр, жүрек, бүйрек салуы бауырынды бауырындей көр, жүрек табысқан жүрегі бұрылып тұратын болсын дегені, ал жамбас асуы жолың үлкен, шеше орнында сыйлаймыз, ішек-қарын асуы іші-бауырымыз араласып, сыр жасырмайық дегені.

Жезде табақ

Жезде табақты жездесіне балдыздар дайынрайдай. Оған ортан жілік, жауырын, арқа, белдеме, қарын, тоқ ішек, бауыр, жүрек, бүйрек, құйымшақ салады. Жезде табаққа салынатын сый-сыбаға

негізінен "женге табақпен" бірдей болады. Ал ұксамайтын жері құйымшақ қосады. Онысы балдыз қыздардың жездесіне көрсеткен әзіл-қалжыны, назды қылышы. "Құйымшақ жеген қойшы болады", "сіз бізге қойшы болыңыз" дегені. Бұл әзілді білетін қу жезделер білдірмей отырып құйымшақты балдыз қыздардың біріне ұсына қояды. Оны байқамай алып қойған қыз жездеден женілген болып, оған киіт кигізеді. Ал момын, өлжуаз, жол мен қуылқыт сезбейтін жезде болса, құйымшақты білмей жеп қойса, оны аңдып тұрган қыз балдыздар жезделерін шап беріп ұстап алып, женілген жолын сұрайды. Ас қайырылып болған соң, жезделер табаққа күміс теңге, жұзік, сырға салып қайтарады. Мұны күтімақы "көніл табу", "арашалану салты" деп атайды.

Қазак "Жездеден киген жең болмас, етектен кескен тон болмас" деп оны әзіл үшін, ойын-қызық үшін шығарғанын да жасырмайды. "Жездеге ілессен, жерде қалмайсың" деп жезделерін таудай бағалайды. Жезде-аға деп ағынан жарылып ағалайды.

Беташар табақ

Қазақтың келін тусіру салтында, келіннің бетін ашқан жігітке арнап "беташар табақ" деген ас сыйлайды, үлкен сый-құрмет керсетеді. Беташар табаққа тіл жағын, жүрек, бауырын, ортан жілік, жауырын, белдеме, арқа, қабыргаларын, үстіне таңдай салады. Оның үстіне әдемі кестелі қол жаулық жабады, болса күміс жұзік, теңге қояды. Бет ашқан жігіт жолдас-жораларымен алқа-қотан отырып, теңгені, жұзікті, қол жаулықты белісіп алады да, бата жасайды, әнші жігіт таңдайым тақылдасын деп таңдайды алып жейді, қалған еттерді бәрі бірігіп белісіп жейді. Мұны қазақ көдесінде "беташар табақ" деп атайды.

Қазақтың сый-сыйбағасындағы беташар табақтың да өзіндік құпия тілі бар. Қызық қыры, сан алуан сыры бар. Беташар табаққа бас салмауы жасында көрілік келмес дегені, тіл жақ, таңдай тартуы шешен болындар, бұлбұлдай сайраған әнші болындар, тілдеріңнен бал тамсын, келіннің беті жарық, жолы ашиқ болсын дегені. Жүрек салғаны жүрегі таза, ақниетті болындар дегені. Бауыр салғаны бауырдай жақын болайық, жамандық, сүйк сөз, сүмпайы тіл болмасын дегені. Ал осының бәрін салып сыйлағаны ер жігіттің басын қастерлегені. Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық көрінеді деп, ыстық аспен ықылас сыйлауы құрмет көрсету болып табылады.

Бала табақ

Баласын бақытына балайтын қазекең олардың рухани өсіп-жетілуіне ерекше мән береді, сонымен бірге азықпен қоректендіруге де баса мән беріп, бала жолы бал, үлкен жол деп үйіне келген балаларға да "бала табақ" тартып, ас-дәм сыйлап отырған.

Бала табаққа асықты жілік, жауырын, ортан жілік, арқа, белдеме, тіл жақ, қабырға салады. "Баланы құыс үйден құр шығарма" деп оларға киім-кешек, тәтті тағам сияқты әралуан балаларға тән тарту ұсынады. Баланың меселін қайтарма, қалағаның бер, "сәбидің көңілі қайтса кедей болып қаламыз", "бала бақытынан асқан бақыт жоқ", "көрші үйдің баласын ұрма, қолың қалтақ, бұтың талтақ болады" деп ырымдайды. Осыдан-ақ баладан дана тәрбиелеген халқымыздың дәстүр-тағылымы көрініп жатпай ма?!

Баланы баласыну, бәлсіну, яки көзге ілмей яғни адамгершілік, азаматтық жолға да, арға да үйлеспейді, тәрбиеге де дұрыс келмейді. Баланы бала демей, дана деу, оған дұрыс мәмілеле жасаудың өзі үлкен кісілік парыз. Парыз ғана емес, мойынды қызып түсер қарыз. Оны әрбір үлкен есті адам есінде берік сақтауы керек. "Алыстан алты жастағы бала келсе, ауылдың алпыс жастағы ақсақалы сәлем береді" деп бұрынғы өткен көнекөз қарттар амандаса барған фой. Баламен тізе қағысып отырып, ауылдың, ата-ананың амандығын ұғысқан фой. Баланы бала демей, даналарша сыйласқан фой. Әуелі екі қария таныса қалса, ел амандығынан соң, "қанша балаң бар?" деп сұрап, "бақытты екенсің" деп жатады. Қанша ақшан, қанша малың бар деп сұраған емес. Өркениетті ел өренімен мақтанады. Ендеше, баланы баласынбай, құрмет көрсетуді ұмытпайық.

Бала табақтан жарқылдаған қабақ тауып, ойды шүлен еткенде, өмірді мәнгө, тірлікті сөнгө айналдырайық!

... деген екен

Ақын сүйсө несі айып?

Жазушылардың бір жиынына қатысу үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Кәкімжан Қазыбаев пен Министрлер Кеңесі тәрагасының орынбасары Шәңгереі Жәнібеков Одақтың үйіне келеді. Дәлізде тұрған бір топ ақын-жазушының арасында Шемішбай Сариев те болса керек. Көрінген кісіні құшақтап бетінен сүйетін әдетімен Шемішбай бұларға тұра ұмтылады. Оның бүл қылышын жақсы білетін Кәкен жалт бұрылып кетеді де Шәкен Шемішбайдың құшағынан бір-ақ шығады. Ол шөпілдете келіп сүйеді.

Ертеңіне Шемішбайдың бастығы Шәңгереіге телефон шалып, кешегі оқиғаға кешірім сұрайды да үкімет адамының алдында әбестік жасағаны үшін Шемішбайдың қатты жазаланғанын хабарлайды.

Сонда Шәкен:

- Оу, жолдастар-ау, бұларың не? Ол белгілі ақын, мен қатардағы шенеунікпін, ендеше, ақын шенеуніктің бетінен сүйсө несі айып? - деген екен.

9-САБАҚ

**ТАБИФАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ АТАУЛАРЫНАН
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, образованные от названий
природных явлений)**

Есімдер Имена	Белгі Знак	Аудармасы Перевод	Қойылу себебі Причина происхождения имен
Аяз	▼	мороз	такое имя присваивается ребенку, родившемуся в морозный день
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	
... би	▼	судья	
Сәүле	▲ ▼	1) луч; свет 2) сознание способность мыслить; рассудок	пусть жизнь ребенка (девочки) будет ярким, светлым и солнечным
Тұман		1) туман 2) перен. покрывать туманом; омрачать	родившийся в туманный, пасмурный день
... бай	▼	богатый	
Қар	▼	снег	родившийся в холодный день,
... жау	▼	падал снег	когда все вокруг покрыто снегом, присваивается с особым смыслом
Қырау	▼	1) иней, изморозь 2) (при заморозках) 3) холод, мороз 4) перен. седина	родившийся в холодный день, когда все вокруг покрыто инеем, присваивается с особым смыслом
... бай	▼	богатый	

Жаңбыр	▼	дождь	присваивается родившимся в дождливый, ливневый день пусть будет как луч света, принесет своему народу пользу и счастье
... бай	▼	богатый	
Нұр	▼	свет, луч солнца, сияние	
... сұлтан	▼	султан	
... ым	▲	окончание притяжательности	
... лан	▼	побудительный залог	
... жан	▼	душа	
... ғиса	▲	араб. имя	
... ғайша	▲	араб. имя	
... дәүлет	▼	богатство	
Шапагат	▲	1) свет, луч 2) милость, благодеяние	пусть светит как солнце, который озаряет всех своими лучами

❖ Упражнение 1. Сопоставьте слова с переводом.

Есімдер

Аяз

Сәүле

Тұман

Қар

Қырау

Жаңбыр

Нұр

Шапагат

Орысшасы

иней, изморозь (при заморозках)

дождь

свет

луч

мороз

снег

туман

солнца, сияние

❖ Упражнение 2. Совместите названия природных явлений по содержанию.

Нужные слова: қар, жауын, боран, қырау, аяз, нұр.

Қыста жауады, ... соғады. Даңада қатты ... болып тұр. Көктемде ... жауады. Күннен ... түсіп, айнала жадырай бастады. Қыста дала ... болып тұрады. Терезелерді ... басты.


❖ Упражнение 3. Сопоставьте действия природных явлений.

Аяз	түседі
Боран	болады
Күн сәулесі	жауады
Қар	жарық береді
Қырау	согады

❖ Упражнение 4. Найдите логическое продолжение предложений.

Күн тұман болса,	мал ықтайды
Жаңбыр жауса	қаранғы болады
Боран соқса	жылы болады
Қар жауса	жер көгереді
Күн тұтылса	адасып қаласыз
Аяз болса	аңға шығамыз
Күн сәулесін шашса.	күн суытады

❖ Упражнение 5. Составьте небольшой текст из предложенных рисунков, применяя слова "зимой" и "летом".



❖ Упражнение 6. Найдите продолжение текста.

Бүгін Алматыда қар аралас жаңбыр жауады. Ауа-райын болжашылдардың мәліметтеріне сүйенсек, артынан аяз болып, кешеде, жолдарда көктайғақ болады.	Бүгін Алматыда қар жауып тұр. Кеше жаңбыр жауған. Былтыр осы уақытта күн аяз болып көшеде, жолда көктайғақ болған.
Сондықтан келік жүргізушилерге болатындығын ескертеміз.	бүгін сапарға шығудың қауіпті

❖ Упражнение 7. Найдите русский вариант слова "нұр".
Работа с текстом.



Н.Назарбаев родился 6 июля 1940 года в селе Чемолган Каскеленского района Алма-Атинской области. В 1967 г. окончил завод-втуз при Карагандинском металлургическом комбинате. Доктор экономических наук. Академик Национальной академии наук Республики Казахстан, Международной инженерной академии, Академии социальных наук Российской Федерации. Почетный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби. Почетный член Белорусской академии наук. Почетный профессор Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова. С 1960 по 1969 годы работал на Карагандинском металлургическом комбинате. С 1969 по 1973 годы - на партийной, комсомольской работе в городе Темиртау Карагандинской области. В 1973-1977 годах - секретарь парткома Карагандинского металлургического комбината.

С 1977 по 1979 годы - секретарь, второй секретарь Карагандинского обкома партии. В 1979-1984 годах - секретарь Центрального Комитета Компартии Казахстана. С 1984 по 1989 годы - Председатель Совета Министров Казахской ССР.

В 1989-1991 годах - первый секретарь Центрального Комитета Компартии Казахстана. Одновременно с февраля по апрель 1990 года - Председатель Верховного Совета Казахской ССР.

С апреля 1990 года - Президент Республики Казахстан.

Задания.

1. Переведите эти предложения на русский язык.

1. Мың тоғыз жүз қырқыншы жылды туылған.
2. Мың тоғыз жүз алпыс және алпыс тоғызыншы жылдар аралығында Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс жасады.

3. Мың тоғыз жүз сексен тоғыз және мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып қызмет етті.

2. Найдите в тексте варианты этих слов на русском языке.

1. 1940 жылы Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында алтыншы шілде күні туылған.
2. Экономика ғылымдарының докторы.
3. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.
4. 1977-1976 жылдары Қарағанды обком партиясының секретары, екінші секретары.
5. 1990 жылдың сөүірінен бастап Қазақстан Республикасының Президенті.

❖ **Упражнение 8. Разгадайте загадки**

Қанаты жоқ ұшады,
Аяғы жоқ желеді,
Аузы жоқ ұлиды
(...)

Көтеріліп теңізден
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде
Өңі кірер даланың
(...)

Жазда болмайды,
Қыста болады,
Терезеге қонады,
Әсем ою ояды
(...)

Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады
(...)

Мамықтай ұлпа,
Қанаттай ақ.
Қыста жер бетін басады,
Жазда тауға қашады
(...)

❖ **Упражнение 9. Работа с текстом.**

Табиғатта кездесетін көптеген құбылыстарда адам аттарын қоюда үлкен мән жатыр. Мәселен Боран, Қаржая,

Қырау, Аязби, Жаңбырбай, Сәүле, Шұғыла, Шапағат, Нұрым, Нұрғиса, Нұрсұлтан, Тұманбай т.б. Бұл есімдердің қойылу себебі бірі баласын күннің сәулесіндегі өмірі жарық болсын, нұрдай еліне жылулық беретін азamat болсын деген ниетте қойса, енді бірі тұманды, желді, боранды күнде туылғандықтан ырымдап қойып жатады. Дегенмен мұндай есімдер біз үшін таңсық емес. Тұманбай Молдағалиев, Нұрғиса Тілендиев, Сәүле Жанпейісова, Нұрсұлтан Назарбаев т.б. белгілі тұлғаларды атауға болады.

❖ **Упражнение 10.** Прочтите стихотворение и найдите слова, относящиеся к явлениям природы.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
 Ауылдың маңы терең сай,
 Тасыған өзен гүрілдеп.

Орай да, борай
 Қар жауса,
Қалыңға, боран боран ба?
 Қаптай соққан, боранда
 Қаптама киген тоңар ма?
 Тұырлықсыз тұл үйге
 Ту байласа тұрар ма?

Аппак, аппак,
 Жапалақтап,
Қар жауады түнгі аспан.
 Қалың орман,
 Қар жамылған,
 Маужырайды түнгі аспан.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
 Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
 Үсті-басы - ақ **қырау**, түсі сұық,
 Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Аязбенен қызарып ажарланды.
 Бұлттай қасы жауып екі көзін,

Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Бурадай бүрк-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл **тұман** жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Ат ойнап, құлышын қашқан, тай жарысқан.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Әзіл әңгіме.

Сатирик ақын Асқар Тоқмағамбетов өзінің мерейтойына келген қонақтарына бір-бірден бас киім үлестіреді. Қадырға (Мырза Әлі) тәуірі, **Тұманбайға** (Молдағалиев) түсі тәмендеуі тисе керек.

Бұны байқаган Тұмаган, досына: "Саған қандайы тиді?" дег сұраса, Қадыр: "Әркімнің басына қарап беріп жатыр-ау деймін, маған жақсысы бұйырды" деген екен.

2. Мәтінді оқыңыз.

Әсет апам - менің Шәбден атамның бәйбішесі. Менің әкем туралы көп айтып отыруши еді. "Сенің әкеніңің тесек тартып жатқан кезінде жаңына жақын кеп басын сүйеген женгесі едім мен. Оның айтқан зарлы өлеңдерін тыңдайтын да, оның кейбірін жадында ұстап қалушылардың бірі мен едім. Бір күні қайнұң ауру дегенді естіп көнілін сұрағын дег үйлеріне келдім. Қайнұм төр алдында жатыр екен, оның төсінде сен жатыр екенсің. Абысыным - Сейсер тे ауырып жатыр екен. Халжаяғдайын сұрап қайнұмының қасында біраз отырып қалдым. Төсінде жатқан сенен қайнұм: "Мен жазылам ба, балам?" - дег сұрады. Сен тақ-тақ етіп: "Тәте, сен өлесің, апам жазылады", - дедің. Қайнұм сенің тілінді қызықтап: "Періште аузына салып жатыр-ау сөзді. Мейлі, мен өлсем сенің алдында өлейін. Тек шешен тірі болсын", - деді жымып.

Сен туғанда біздің ауылға ерте көктемнің жауыны жауды. Қой төлдеп жатқан кез. Біздің үйге сүйінші сұрап Отарбайдың Рәзиясы келді. Атаң екеуміз кешкे құтты болсын айтуда бардық. "Әй, Әсіп, сонау ауырып жатқан кезімде басымды сүйеген сүйеніш едің. Балаңа атты өзің қой, - деді қайнұм. Мен өзімнің Түменбайымға үйқас болсын дег Тұманбай қойдым атынды. Ал, қайдан Тұманбай болып кеткенінді білмеймін, балам" - дейтін Әсіп апам.

3. Мәтінді оқып, кісі есімін қоюдағы өз ойыңызды білдіріңіз.

Біреулер қыстың сұығын, тоңғанды ұнатпай, жадыраған жазды, шақырайған күнді ұнатып жатса, керісінше неге екенін білмеймін қыс мезгілін қатты жауып, ерекше боран болған екен. Тұстарым біраз әуре болса керек. Ауруханаға барудың өзі қыындалап, көлік қатынамай, әкем атпен барыпты. Эжем құдайдан келіні мен немересінің саулығын сұрап, менің есімімді "Боран" қоюды үйғарыпты. Бір қызығы менің атымды "Боран" аталғанына ешкім таңырқамапты да. Барлығы бір ауыздан келіскендей, әжемнің сөзін құптағандай қарсылық білдірушілер табылмаған екен. Әлі күнге дейін отбасымызда менің туылған күнімді ерекше әңгіме етіп отырады. Күн қатты сұыта бастаса болды, біздің боранның туылған күні келе жатыр-ау.

4. Өлеңді оқыңыз.**Нұрланның ойы**

Бесікте бебегі,
Ал Нұрлан бесте еді.
Нұрланға керегі,
Бебек тез өскені.
Өссе деп тезінен,
Асығар жөні бар.
Күресіп өзімен,
Жықпақшы ойы бар.

Ескен Елубаев

10-САБАҚ

**АНДАР МЕН ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНАН
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, образованные от названий
животных и насекомых)**

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Мекендейтін орны (Места обитания)
Арыстан	▼	1. лев 2. перен. храбрый, бесстрашный	Лев, хищное млекопитающее сем. кошачьих. Телосложение плотное, голова крупная, на конце хвоста черная кисть.
... бек	▼	великий	Длина тела до 2,4 м, хвоста до 1,1 м; масса до 280 кг.
... хан	▼	хан	Обладает большой силой и ловкостью. Волосяной покров низкий, желтовато – песочный; брюхо светлое. Часть головы, шея, грудь и брюха у самцов покрыты длинной косматой шерстью от светло-желтого до черного цвета. Обитает в саваннах, нагорных полупустынях, приречных лесах и пустынях. Лев охотится в сумерках и ночью в одиночку, парами, семьями и группами по 5-10 особей на антилоп, буйволов, зебр, оленей, домашний скот и др. Малочисленный Азиатский подвид занесен в Красную книгу МСОП.
Аю	▼	медведь	медведи (медвежьи), сем. млекопитающих отр., хищных.
... бек	▼	великий	Обитают в пустынях, высокогорьях, тропич. лесах, арктич. плавучих льдах. Юж. виды преимущественно растительноядные, сев.
... хан	▼	хан	

			<p>плотоядные и всеядные. Числ. и ареалы всех видов М. В 20 в. резко сокращаются: в ряде стран находятся под охраной. Иногда к сем. М. относят малую и большую панду. В Казахстане 900-1000 особей, обитающих в горах Тянь – Шань, Джунгарского Алатауа, Тарбагатая, Саура. Масса тела до 150-200 кг, мех длинный, густой, буровато-палевый, темно-бурый, рыжеватый на спине. Типичный обитатель леса. В октябре – ноябре залегает в зимнюю спячку. Просыпается в марте – апр. Живет до 30 лет. Из 2 подвидов, обитающих в Центр. Азии и Казахстане, тянь-шанский М. занесен в Красную книгу</p>
Жолбарыс	▼	тигр	<p>Тигр, млекопитающее рода больших кошек. Самый кр. представитель сем. кошачьих – дл. тела 160 – 300 см, хвоста до 114 см, выс. в холке до 1,2 м, масса до 390 кг. Голова округлая. Окраска рыжая, с черными поперечными полосами на спине и боках. 7 подвидов, в Передней и юго-восточной Азии, на п-ве Индостан. Обитает в зарослях тростника, кустарников и в горных лесах. Охотится на диких копытных. Тигры людоеды встречаются редко. Способен делать прыжки до 7 м в дл. и до 2 м в выс. Хорошо плавает. Хорошо размножается в неволе. Все подвиды занесены в Красную книгу МСОП</p>

Қасқыр	▼	1. волк, матерый волк 2. храбрый, смелый	Волки, род хищных млекопитающих. Существует 7 видов. Был распространен в Евразии, Африке, Центр. Америке, Гренландии, но во многих местах исчез. Обитает в степях, тундре, лесах, горах. В природе поддерживает равновесие, регулируя численность др. животных, особенно копытных. Наносит ущерб животноводству и охотничьему хозяйству.
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	
Бәрі	▼	волк	
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	
Қоян	▼	1. заяц 2. кролик 3. год зайца	Распространены по всему земному шару (кроме Антарктиды, юж. части Юж. Америки, Мадагаскара). В Казахстане 2 сем. (зайцы и пищухи), 8 видов (заяц-русак, заяц-беляк, заяц – песчаник, большеухая пищуха, малая пищуха, алтайская пищуха, монгольская пищуха и красная пищуха). Дл. тела 12-75 см, весят до 4,5 кг. передвигаются обычно прыжками со скоростью до 70 км/ч. Растильноядны; 3. свойственна аутокопрофагия (пища дважды проходит через пищеварит. тракт). Имеют промышлен. значение (используются мясо, мех).
... бай	▼	богатый	

Күндыз	▲	бобер	Часто бобра называют архитектором дикой природы, поскольку это единственное животное, помимо человека, чьи постройки влияют на окружающую среду. Однако, в отличие от многих действий человека, бобры создают более устойчивый мир. Они строят свои хатки, сооружая маленькие плотины и создавая запруды, где они устраивают жилье и кормятся. Способность изменять большие территории среды обитания помогает сохранять заболоченные районы и все виды флоры и фауны. В результате увеличиваются популяции рыб, выдр, водоплавающих птиц, лис и оленей
Дәүіт	▼	богомол	Богомолы, сем. хищных насекомых отр. богомоловых. св. 2 тыс. видов, гл. обр. в тропиках и субтропиках. В Казахстане ок. 20 видов. дл. до 11 см. питаются гл. обр. насекомыми, иногда нападают на мелких ящериц, птиц. Окраска защитная – зеленая, желтая, бурая. Летом может изменяться по мере увядания растительности. 1 – вид – богомолы древесные занесен в Красную книгу Казахстана

❖ Упражнение 1. Сопоставьте рисунки с названиями.

	Айлакер түлкі
	Жыртқыш жолбарыс
	Аң патшасы арыстан
	Азулы қасқыр
	Қорбандаған аю
	Сүжүрек қоян

❖ Упражнение 2. Дайте характеристики зверям.

Аңдар	Сипаты
Арыстан	Айлакер, қу
Жолбарыс	Су жүрек қорқақ
Аю	Жыланнның жауы
Қасқыр	Аң патшасы
Қоян	Епсіз, қорбандаған
Түлкі	Қойға шапқыш, азулы
Дәуіт	Мысық тұқымдас

❖ Упражнение 3. Найдите названия животных и насекомых, связанные с именами людей.

Арыстан, аю, сілеусін, тын, борсық, сарышұнақ, қосаяқ, тышқан, дәуіт, бұғы, суыр, құлан, қасқыр, қоян, қарақұйрық, кірпі, тұлкі, жолбарыс, маймыл.

❖ Упражнение 4. По содержанию предложений поставьте соответствующие названия зверей.

1. шөппен қоректенеді. 2. ... қойға шабады. 3. Аң патшасы 4. ... терісінің үсті тарғыл болып келеді. 5. Ерте-гілерде ... қу, айлакер ретінде суреттеледі. 6. Қорбандаған балды жақсы көреді.

❖ Упражнение 5. Найдите среди названий зверей слово "аю" на русском языке и ознакомьтесь с текстом.

лев, медведь, волк, материый волк, заяц, кролик, тигр

Аю - _____



Аюханов Болат Фазизұлы (13.9.1938 жылы туылған, Семей) - биші, педагог, балетмейстер. Қазақстанның халық әртісі (1973).

Аюханов Болат Алматы хореографиялық училищесін 1955 жылы бітірген. 1955-57 жылдары Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) А.Я.Ваганова атындағы би академиясында білімін жалғастырды. 1957-59 жылдары Қазақ опера және балет театрының бишісі болады. 1959-64 жылдары ГИТИС-тің балетмейстерлік бөлімінде оқыды. 1967 жылы "Алматының жас балеті" ансамблін құрды. Сол жылдан бастап осы ансамбльдің билері мен хореограф миниатүраларды, композицияларды ("Аққу", "Айтыс", "Аңшылар биі", "Жайдарман"), бір, екі актылы балеттерді (М.Равельдің "Болеросы", Вс. Булгаровскийдің "Қазақ сувенири", А.Исакованиң "Гамлет", "Жарыс"т.б.) сахнаға қойды.

"Алматының жас балетінің" шын мәнінде Мемлекеттік академиялық классикалық би ансамбліне айналып, репертуарының бай, шеберліктерінің жоғары болуында Аюхановтың үлесі ерекше. Оның қолтаңбасына ізденіс, музыкалық биік мәдениет, классикалық көркем би тәсілдерінің таусылмайтын қазынасын менгеруге ұмтылыс, жаңалықта құштарлық тән. Отыз жылдан астан Аюханов жетекшілік етіп келе жатқан ансамбль дүние жүзіне кеңінен танымал болып, хореографиялық өнерді игеруі жөнінен әлемдік балет ұжымдарының ең үздік саналатын алғашқы ондығына енген Аюханов - "Мениң балетім", "Сезімдер өмірбағы" кітаптарының авторы.

Варнада өткен халықаралық балет артистері конкурсының 1-сыйлығын иемденді, Майя Плисецкая атындағы халықаралық конкурстың дипломанты болды. Аюханов арнайы шақырумен Туркияда "Махаббат аңызы", Ташкентте "Алдар көсе" балеттерін қойған. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1972), Еңбек Қызыл Ту орденімен марарапатталған.

❖ Упражнение 6. Кто сильнее?

- Аю құшті ме, әлде қасқыр құшті ме?
- Қасқыр құшті ме, әлде қоян құшті ме?
- Арыстан құшті ме, әлде жолбарыс құшті ме?
- Жолбарыс құшті ме, қасқыр құшті ме?
- Қоян құшті ме, арыстан құшті ме?

❖ Упражнение 7. Прочтите текст и найдите названия зверей.

Африка сағанасын тұн басты. Ауыл адамдары үйқыға кетіп, қашадағы қой-ешкілер күйіс қайыруға кірісті, байлаудағы жылқылар мен түйелер де мүлгіп тұр. Кенеттен күннің күркірегеніндегі ақырған дауыс гүж ете түсті. Адамдар үйқысынан оянып, жануарлар тыным таптай аласұрды. Сол тұста тәніректі тітіренткен қаһарлы үн қайта естілді: бұл - аң патшасы арыстанның жемін іздеуге шыққан сәті. Жүрт оны бұлай бекер атамаса керек. Арыстанға, сірә, күшімен, ептілігімен, батылдығымен парапар келетін ешнәрсе бола қоймас. Ол бұқпантайлап, сездірмей шабуыл жасау дегенді білмейді. Ал андар, мен жем іздеуғе шықтым, сақ болындар дегендей көкірек кере жар салады.

Сақ бол қабан, зебр, желден жүйрік киік пен айбарлы буйвол! Баршаларың сақ болыңдар! Арыстан тіпті ауылға баса-көктей кіріп, үрейі үшқан жұрттың көз алдында-ақ бұзау-тайыншаны немесе сиырды сүйреп әкете береді.

❖ **Упражнение 8.** О каком звере идет речь в пословицах? Поясните значения пословиц.

Аңдар	Мақалдар
	Өлі арыстаннан Тірі тышқан артық
	Түлкінің бар айласы тауық үшін
	Қасқыр байлағанға көнбес, Шошқа айдағанға көнбес
	Қоянның қарасын көріп, Қалжасынан түніл
	Аюға намаз үйреткен таяқ

❖ **Упражнение 9.** Найдите двенадцать видов животных, которые встречаются в летоисчислении казахов.

Арыстан, жолбарыс, барыс, қой, ешкі, жылқы, тышқан, ит, тауық, мешін, сиыр, доңыз, жылан, ұлу, қоян, қасқыр, аю, тыын, сілеусін, кірпі, түйе.

- | | |
|----|-----|
| 1. | 7. |
| 2. | 8. |
| 3. | 9. |
| 4. | 10. |
| 5. | 11. |
| 6. | 12. |

❖ **Упражнение 10.** Прочтите текст и определите о каком звере идет речь.

1. _____ сүтқоректілер класының мысықтар тұқымдасына жататын ірі жыртқыш аң. Басы жұмыр, жүнінің түсі қызыл жирен, арқасы мен екі бүйірінде көлденен қара түсті жолақтары айқын байқалады. Құлағы қысқа, төрт қатар мұртшалары ірі қылышықты. Көзінің қарашығы ашық сары түсті. Сойдақ тістері өте ірі, әрі өткір, иілген тырнақтары мықты, алдыңғы аяғы артқы аяғынан жақсы жетілген. Көбінесе, қоныс ауыстырып, жеке жүреді. Жабайы шошқа, бұғы, марал, елік сияқты тұяқты жануарларды ұстап жейді. 2-3 жылда бір ұйығып, 98-112 күнде 2-3 күшік туады, оларды 5-6 ай емізеді. Табиғи жағдайда 40-50 жылдай тіршілік етеді.

2. _____ дene тұрқы асыранды иттей. Дене мөлшері 105-160 см, ұлпілдек, жұнді құйрығының ұзындығы 29-50 см. Аяқтары ұзын. Жылына екі рет түлейді. Буаздық мерзімі 62-75 күн, қаншығы 3-13, көбінесе 4-6 күшік табады. Қорегін іздел 70-85 км-ге дейін барады. Терісінен ішік тігеді, оның өтін өмге пайдаланады. Тырнағын бесікке іjіп қояды, жын-шайтан жоламайды деп ырым етеді. Олар топтанып, тіршілік етеді. Шағын ұялас тобын - әуегі, ал сол әуек басшысын - Абаданы деп атайды.

3. _____ сүтқоректілер класының бір отряды. Қазіргі кездे 4 тұқымдасы 65-тен астам түрі белгілі. Маусымдай түлеуі (жүнінің түсі өзгеріп отырады) көп түрлеріне тән

қасиет. Үстіңгі жағында екі жұп күрек тістері болады, алдыңғы күрек тістері өте үлкен, өткір қашау тәрізді. Күрек тістері мен азу тістерінің аралығында тісі болмайтын жері диастема деп аталады. Ерекшелігі - соқыршегі спираль тәрізді қатпарланып жатады. Жылына 2-5 рет, 2-8 көжек туады. Шөп, ағаштың қабығымен, бүршігімен, бұтағымен қоректенеді. Дене тұрқы 75 см-дей. Артқы аяғы алдыңғы аяғынан едәуір ұзын. Құйрығы қысқа, құлағы ұзын болады. Қазақстанда 3 түрі мекен етеді.

❖ Упражнение 11. Разгадайте загадки.

Андар	Жұмбақтар
	Күші десен күші бар, Тіци десен тіци бар, Торуылдан ауылды Түнде жортар ісі бар
	Жол үстінде қу қазық. Мергеншіге жол азық
	Бір нәрсе қайраты көп, болған күшті, Басынан өткізеді әрбір істі. Жануар мақұлыштың біреуі өзі, Іркілмей жұмсайтүғын улы тісті
	Кілемнің түрлеріндей жұндері бар, Айбатты жан шыдамас үндері бар. Шаршы бой; сұлу құйрық, қысқа құлақ, Кететін зиян қылышп бір жері бар
	Жақпар тастың астында Қызыл тонды қыз жатыр

❖ Упражнение 12. Объясните значение пословиц.

Арыстанды тырнағынан танимын,
Көк есекті құлағынан танимын.

Қоян көлеңкесінен қорқады.

Жаман иттің атын бәрібасар қояды

Қасқырды сұрылышы үшін ұрмайды,
Ұрлығы үшін ұрады.

Қасқырдың аузы жесе де қан,
Жемесе де қан.

Қасқыр да жолдасына қас қылмайды.

Қасқырды қанша асырасаң да,
Орманға қарап ұлиды.

Аюға намаз үйреткен таяқ,
Молдаға намаз үйреткен таяқ.

Арыстан аш болады,
Қоңыз тоқ болады.

Арыстанның ойнынан
Тұлқінің мойны ұзіледі.

Арыстан болсаң жау үшін,
Тұлқідей болсын әдісің.

Арыстандай күшің болса,
Тұлқідей әдісің болсын.

Жауың тышқан болса,
Арыстан деп қара.

Қоянды қамыс өлтіреді,
Жігітті намыс өлтіреді.

Кекпар тартқандікі,
Қоян қаққандікі.

Қоянның қарасын көріп,
Қалжасынан түніл.

Бәрі көмеді,
Тұлкі ашады.

Бәрікті тастап,
Бәріден құтылуға болмайды.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Арыстан

Арыстандар шынында да Африка сағаналарында ұзақ уақыт өткемдік етті. Оларды жергілікті халықтар сирек аулайтын. Кейіннен мылтықты адамдар келді де, арыстандарды қаһарлы қүші де, ептілігі де, батылдығы да, еппен жасырынуы да қорғап қала алмады. Олардың көп ұзамай-ақ тұқымы құруға таянды. Қазіргі кезде арыстандар тек орталық Африканың біраз жерлерінде және қорықтарда ғана, сондай-ақ өте аз мөлшерде Үндістанда сақталып қалды. Ерте кезде арыстан КСРО территориясында да тіршілік еткен. Бұл күнде айбарлы үні жер тітіренткен осынау аң патшасын еліміздің хайуанаттар саябағынан ғана көруге болады.

Әуелде адамдар арыстандарды құртса, тұяқты жануарлардың саны қебейе түседі деп ойлады. Бірақ ол керісінше болып шықты. Сөйтсек, арыстандар ең алдымен хайуанаттардың ауру, әлсіздерін жейді екен, сондықтан жұқпалы аурулар кең таралып кете алмайтын көрінеді.

Қазір арыстандар тірі қалған жерлерде оларды хайуанаттар паркі үшін рұқсат арқылы ғана аулауға болады.

Арыстандар торда баққанға тез көнеді, тіпті өсіп-өнуін тоқтатпайды.

Арыстандардың жаңа туған күшіктері (әдетте ұшеу) өте кішкене, дене түркы 30 см шамасында ғана болады, олардың үстіндегі теңбілдері кейін бүршікті түске айналады.

2. Қызықты әңгіме

Арыстан мен Жолбарыс

Журналист Арыстан Рұстемов "Жетісі" газетінде қызмет етіп жүрген кезде университетте оқытын болашақ журналист Жолбарыс Әбішев екеуін бір жігіт редакция бөлмесінде таныстырады. Үстелде отырған Рұстемов орнынан тұрып:

- Арыстан, - деп қолын бірінші ұсынады. Ал жас жігіт Әбішев:
- Жолбарыс, - деп жымың өте қалады. Мінезі салмақты, сөзге сараң Арыстан Рұстемов оның бетіне біраз уақыт қарап тұрып:
- Бала, мұнынды қой! - деген екен.

3. Мәтінді оқыңыз.

Арыстанбаб - әулие. Діни аңыздар бойынша Ахмет Иасауиғе алғашқы ұстаз болған. Арыстанбаб есімі Отырар, Сайрам, Иасы

өңіріндегі сопылардың рухани ұстазы ретінде кеңінен жайылған. Оның үрпақтары да кейін жайылған. Оның үрпақтары да кейін Иасауи құрған сопылық ұйымдар жетекшілері болды. Арыстанбабтың әулиелігін халық мойындаған. Сондықтан зиярат етушілер бейсенді сайын әулие басына түнеп, ғибадат етеді. Ел арасында "Арыстанбабқа түне, Қожа Ахметтен тіле" деген ұлағатты сөз бар.

Арыстанбаб есімі Қожа Ахметтің "Диуани Хикметінде" жіңі атаплады. Онда Арыстанбабтың тәлім-тәрбиесінің мазмұны сопылық, ал ол адамның рухани жағынан жетілу жолы екенін уағыздайды.

4. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қоян - сүтқоректілер класының бір отряды. Бұларды XX ғасырдың ортасына дейін жұп қүрек тістілер отряд тармағына жатқызып келді. Қоянның кеміргіштермен ұқсастығы дивергенция емес, көрісінше конвергенция процесімен түсіндіріледі. Бұлар бор кезеңінде аяғында қаралайым жәндік қоректілерден пайда болған. Ең көне қазба қалдықтары жоғары палеоцен қабатынан табылған. Жер шарында кең таралған, тек Антарктидада, Оңтүстік Америкада, Жана Зеландия аралдарында жерсіндірілген. 4 түкымдасы, 65-тен астам түрі белгілі. Маусымдық түлеуі (жүнінің түсі өзгеріп отырады) көп түрлеріне тән қасиет. Үстінгі жағында екі жұп қүрек тіс болады, алдыңғы қүрек тістері өте үлкен, өткір қашау тәрізді. Қүрек тістері мен азу тістерінің арапалығында тісі болмайтын жері диастема деп атаплады. Ерекшелігі - соқыршегі спираль тәрізді қатпарланып жатады. Жылышына 2-5 рет, 2-8 көжек туады. Шөп, ағаштың қабығымен, бүршігімен, бұтағымен қоректенеді. Қоянның дене түркі 75 см - дей. Артқы аяғы алдыңғы аяғынан едәуір ұзын. Құйрығы қысқа, құлағы ұзын болады. Қазақстанда қоян түкымдасының 3 түрі мекен етеді.

5. Мәтінді оқыңыз.

Жолбарыс - сүтқоректілер класының мысықтар түкымдасына жаттын ірі жыртқыш аң. Қазіргі кезде Ресейдің Қызыл шығысында, Үндістан тубегінде, Қытайда, Ява, Суматра аралдарында да кездеседі.

XX ғасырдың 50-жылдарына дейін Тұран жолбарысы Қазақстанда Сырдарияның төменгі ағысындағы қалың қамысты, тогайларды мекендейген. Түркі 160-290 см, құйрығының ұзындығы 110-120 см, салмағы 200-220 кг.

Жолбарыстың еркегі үрғашысынан ірі болады. Басы жұмыр, жүнінің түсі қызыл жириен, арқасы мен екі бүйірінде көлденең қара түсті жолақтары айқын байқалады. Құлағы қысқа, төрт қатар мұртшалары ірі қылышықты. Көзінің қарашығы ашық сары түсті. Сойдақ тістері өте ірі, өрі өткір, иілген тырнақтары мықты, алдыңғы аяғы артқы

аянынан жақсы жетілген. Көбінесе, қоныс ауыстырып, жеке жүреді. Жабайы шошқа, бұғы, марал, елік сияқты түяқты жануарларды ұстап жейді. 2-3 жылда бір үйігіп, 98-112 күнде 2-3 күшік туады, оларды 5-6 ай емізеді. Табиғи жағдайда 40-50 жылдан тіршілік етеді.

6. Мәтінді оқыңыз.

Жолбарыс би Жылқайдарұлы

Жолбарыс би Жылқайдарұлы (1671 - 1761) - би, батыр. Ұлы жұз құрамындағы жалайыр тайпасының күшік тармағынан шықсан. "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" жылдары Іле мен Қаратал өзендерінің аралығындағы шайқастарға қатысқан. Кейін қазақ жері жаудан тазартылған соң, босқын елді Атамекеніне қайтаруға да үлес қосқан. Ел аузындағы аңыздарда, Жолбарыс би денесіне жау қаруын дарытпаған батыр, әрі ертеңгі күнді болжай алатын сөуегей, қара қылды қақ жарған би ретінде сипатталады. Бейіті Алматы облысы, Үштөбе қаласына жақын Қелле ауылының құншығыс жағында. Бейіт басына үлкен кесене тұрғызылып, құлпытас орнатылған.

7. Мәтінді оқыңыз.

Бері - түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы. Аңыз бойынша, бері түркілердің ұрпағын құтқарып қалған. Бұл аңыздардың бір нұсқасы көне қытай жылнамасында былайша жазылған. Түркілердің арғы аталарын Лин мемлекеті талқандайды. Тек он жасар бір бала аман қалады. Дүшпандар баланы өлтіруге қимай, аяқ-қолын шауып, көлге лақтырып кетеді. Оны ұрғашы қасқыр тауып алып, сүт (емізеді) беріп асырайды. Мұны естіген дүшпандар баланы да, қасқырды да өлтіруге бел буады. Алайда қасқыр баланы алып, Алтай тауына қашып кетеді. Осында қасқыр баладан он ұл тауып, кейіннен ол он тайпа елге айналады. Ұлдарының ішінде біреуі ерекше ақылды, көсем болып сайланып, бері атанады.

8. Мәтінді оқыңыз.

Берібай батыр - қолбасы. Шамамен 1694-1756/60 жылдары өмір сүрген. 1723-40 жылдары жонғарларға қарсы соғыстарда матаі руы қолын басқарған. Жалайыр, найман, қонырат жасақтарының басын біріктіріп, Сарысу өзенінің бойына қоныстандырыған. Жонғар шапқыншылығының ең ауыр кезеңінде өз қарамағындағы рулардың жаудан қорғану ісін үйімдастырды. Сарысу өзені бойындағы шайқаста қаза табады. Қожа Ахмет Иасауи кешенінде жерленген. Экесі

Сары мырза 1688-89 жылдары Ресеймен арада келіссөз жүргізу үшін қазақ елшілігін Тобылға бастап апарған. Берібай батырдың үрпақтарынан кейін ру басы, ел анасы аталған Бікенана, Барлыбек пен Тұрлыбек Сырттанұлдары, Тәнеке батыр, Қыдыралы би, Маман, Тұрысбек сияқты тарихи тұлғалар шықты. Берібай батырдың ерлігі жайлы кезінде Серіз сері, Дәстем сал, Жанкісі жыраулар дастандар шығарып, елге жайған.

9. Мәтінді оқыңыз.

Қасқыр - дене түркы асыранды иттей. Асыранды иттің арғы жабайы тегі қасқыр деп есептелінеді. Қасқыр Еуропада, Азияның көп аймақтарында кеңінен таралған, 18-19 ғасырда көп ауланудың нәтижесінде Еуропаның біраз елінде, Жапонияда, Канаданың оңтүстік аймақтарында, АҚШ пен Мексикада, олардың саны мулдем азайған. Бірақ 1990 жылдан олардың саны қайтадан көбейіп келеді. Эрбір қасқыр күніне 4 кг-дай ет жайды.

Қазақстанда қасқыр санын реттеу мақсатында 1995 жылы 5-қыркүйекте "Кейбір аң түрлерінің санын реттеу" туралы арнайы қаулы қабылданды. Дене мөлшері 105-160 см, үлпілдек, жұнді қүйрығының ұзындығы 29-50 см, аяқтары ұзын. Жылына екі рет түлеиді. Буаздық мерзімі 62-75 күн, қаншығы 3-13, көбінесе 4-6 күшік табады. Қасқыр қорегін іздең 70-85 км-ге дейін барады. Қасқырдың терісінен ішік тігеді, оның етін емге пайдаланады. Тырнағын бесікке іліп қояды, жын-шайтан жоламайды деп ырым етеді. Қасқыр топтанып, тіршілік етеді. Шағын үлас жыныс - әуегі, ал сол әуек басшысын - Абаданы деп атайды.

10. Мәтінді оқыңыз.

Аю - жыртқыштар отрядына жататын аң. Еуразияда аюлар миоцен дәуірінің орта кезінен, оңтүстік Америка мен солтүстік Африка да плейстоцен дәуірінен белгілі. Олардың денесі шомбал, басы үлкен, құлағы кішкентай, құйрығы қысқа. Жұні бір түсті қоңыр, қара не ақ, аяғы бес саусақты, тырнақтары болады. Иіс сезу қабілеті жақсы же тілген. Қазір олардың ақ аю, ақ тәсті аю, қоңыр аю, барibal, ерінді аю, Малайзия аюы және көзілдірікті аю деген 7 түрі кездеседі.

11. Мәтінді оқыңыз.

Аю биі - қазақтың құлдіргі биі. Музыкалық өлшемі 4/4. Би дабыл аспабының сүйемелімен орындалады. Аңшылыққа байланысты тұған би. Орман-таулы жерді мекендеген қазақтар арасында көп тараған. Онда аңшының орманда кездескен аңқау аюды тапқырлықпен

шапшаң әрі епті қымылт-жүрсімен алдауы, сонында көңіл шат аңшының қайта-қайта басын ішке алып аунап тұсуден әбден қалжыраған аюға мініп кете баруы би тілімен өрнектеледі.

12. Мәтінді оқыңыз.

Дәуіт - жыртқыш жәндіктер отрядының бірі. Дәуіттің басы қозғалысқа өте икемді, денесі ұзынша (40-75 мм), жасыл, сары, қоңыр түсті. Ал жазда өсімдіктің маусымдық өзгеруіне байланысты түсі құбылып тұрады. Қос қанатты, алдыңғы екі аяғы жемін қармаға икемді, облыстарында 20-дай түрі, әсіресе, кәдімгі дәуіт, теңбіл қанатты дәуіт, қауырсын тұмсықты әмпуза жіңі кездеседі. Дәуіттер шала түрленіп дамиды, олардың қыстаған жұмыртқасы көктемге салым қанатсыз дернәсілге айналады да, 7-8 рет түлейді. Дәуіт түрлі ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Олар ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктермен қоректенетін болғандықтан пайдалы, бірақ кейір түрі бал арасын, пайдалы қоңыздарды жеп зиян да келтіреді.

13. Мәтінді оқыңыз.

Дәуіт Асауұлы - батыр. 19 ғасырдың 50-жылдарында Орынбор ведомствосына қарайтын табын руының Қарақойлы бөлімшесінің басқарушысы болған. 19 ғасырдың 40-50-жылдарында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы Кіші жұз қазақтарының көтерілістеріне Есет Көтібарұлымен бірге жетекшілік жасағандардың бірі. 1855 жылы Орынбор өлкесінде Есет Көтібарұлы мен Дәуіт бастаған шектілер мен табындардың наразылығы болды. Көтерілісшілер қазақ даласына жазалау отрядтарын жіберуді тыюоды, қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтатуды, тутін салығын жоюды, Жем, Елік, Қобда, Жайық өзендерінің бойларына көшіп-қонуға мүмкіндік жасап, шаруаларға жайылымдық жерлерге еркіндік беруді талап етті. Қазақтардың Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылығы кейін де жалғасты. Дәуіт Ресей үкіметінің 1867-68 жылдары жүргізген әкімшілік және сот реформаларына наразылық білдіріп, 1869 жылы Орал мен Торғай облыстары қазақтарының көтерілісіне басшылық жасағандардың бірі болды.

14. Мәтінді оқыңыз.

Бөлтірік Әлменұлы (1771, Жамбыл облысы, Шу ауданы - 1854, сонда) - шешен, батыр. Жастайынан ақындық, батырлық жолын қыып, есейген шағында ел арасындағы жер, су, еңбек, құн және жесір дауларына талай рет әділ төрелік айтқан. Бөлтірік билер дәүірі әдебиетінің ірі өкілі. Бөлтіріктің шешендік сөздері оның заманы мен

сол заман адамының ең бір маңызды да мәнді, ең көкейкесті мәселелеріне арналған. Ел арасында "Бөлтірік айтыпты" деген шешендік сөздер көп. Бөлтіріктің "Аппақ сақал қараңғы тұнде айдай көрінеді", "Ұры-қары деген атақ қалыпты", "Төре баласы мен түйе ботасы", "Хан баласына бата", "Қырғыз - қазақтың байлық туралы айтысқаны" секілді сөздері аз сөзбен көп мағына берудің үлгісі болып табылады. Соның бірінде Бөлтірік шешен: "Арғымақ атты жал болмас, жабы келіп жалыменен теңесер, Ақының атта жал болмас, жабы келіп жалыменен теңесер, ақының ерде мал болмас, жаман келіп малыменен теңесер", - деп түйіндейді.

15. Мәтінді оқыңыз.

Барыс - мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Дене тұрқы 125-135 см, биіктігі 60 см, құйрығы 90-100 см, салмағы 30-40 кг-дай. Түсі көк сұр, теңбіл шұбар, сақина тәрізді дөңгелек қара дақтары бар, жұн ұзын, әрі қалың. Қазақстан мен Орта Азияның биік тауларында кездеседі. Оның ең көп жүретін жері - басын мәңгі қар басқан тасты тік беткейлер мен қиялар. Қыста қар қалың түскенде, барыс таудың орманды белбеуіне дейін төменге түседі. Барыс тұяқты жануарларды, әсіреле, арқарды, тау текені, тау ешкілерін, еліктерді, ал құстардан ұлар мен кекіліктерді ұстап жейді. Қорегін негізінен іңірде немесе түнде аулайды. Барыс екі жасында жыныстық жағынан жетіледі. Таутаны екі жылда бір рет, ақпан-наурыз айлауында ұйығып, 98-103 күннен кейін мамыр-шілде айларында 1-5 алан табады. Аландары соқыр, жұнді, салмағы 300-600 г болып туады, 5-6 аптадан кейін індерінен шығып, жура бастайды. Қазақстандағы барыстың саны - 180-200-дай. Олар негізінен Ақсу-Жабагалы, Алматы, Марқакөл қорықтары мен Алматы, Лепсі, Тоқты қорықшаларында мекендейді.

16. Мәтінді оқыңыз.

Құндыз - жыртқыштар отряды, сусар тұқымдасына жататын, терісі бағалы аң. Қазақстанның орманды, таулы аймақтарында көдімгі құндыз және Орта Азия құндызы кездеседі. Дене тұрқы 65 - 70, құйрығы 41-44 см, салмағы 5-8 кг. Құндыздың арқасы мен құйрығының түсі жылтыраған қара қоңыр. Бауыры ақшыл, төсі сарғыш қоңыр келеді. Саусақтарының арасы жұзу жарғақтарымен көмкөрілген. Қазақстанның оңтүстік-шығысында таралған. Іле өзеніне құятын Шілік, Үсек, Құндызды сияқты таулы өзендерінің сағаларын және Көксу, Қара, Тентек өзендерінің жоғары жағалауларын мекендейді. Көбіне шабақтар мен балықтармен қоректенеді. Сондай-ақ, құстарды, сұтқоректілерден - қоян, су тышқаны мен ұсақ кеміргіш-

терді ұстап жейді. Құндыз көбіне өзеннің тік жағасынан ін қазып, сонда паналайды. Інінің аузы су астында болады. Жатағын қыста қатпайтын, балығы бар ағын су бойына салады. Жылына 1 рет түлейді. Аналыры 2-4 құнай табады. Көп аулануына байланысты саны күрт азайып кеткен. Осы кезде тек көдімгі құндызды ғана аулауга рұқсат етіледі. Орта Азияда құндыз ете сирек кездесетін болғандықтан Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген. Бұл аң Кирсанов қорықшасында арнайы қорғалып, өсіріледі. Жылына 100-150 құндыз елтірісі дайындалады.

17. Мәтінді оқыңыз.

Бір кезде жануарлар арасында "Жыл келе жатыр" деген аңыз тарайды. Келе жатқан жыл жануарларға жайлы бола ма, жайсыз бола ма, кім білсін! Әйтеуір, жануарлар, андар жиналып, жылды қарсы алмақ болады. Бәрі де жаңа жылды бір-бірінен бұрын көрмек болып, бәсекелесіп түрады. Түйе бойына сеніп онша саспайды, сөйтіп түрғанда тышқан жорғалап түйенің құлағына шыбып, жылды бәрінен бұрын көріп айғай салыпты. Түйе ыза болып, тышқанды күа жөнелгенде, басқалар жылды көріп алышты. Жыл аттары жылды бұрын көрген жануарлардың атымен аталыпты.

Жылды бірінші көрген тышқан жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты. Тышқанның інін көрсе, түйе шөге салып, аунайтыны сондықтан дейді. Бір жылда он екі ай бар, он екі айдың аттары: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Он екі жыл бір мүшел деп аталады.

11-САБАҚ

**ҚҰСТАРДЫҢ АТАУЛАРЫНАН
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
(Имена, образованные от названий птиц)

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Мекендейтін орны (Места обитания)
Ақку	▲	лебедь	Лебедь, род водоплавающих птиц сем. утиных отр. гусеобразных. В Казахстане 3 вида: перелетные – Л. – кликун, Л. малый и гнездящийся Л. – шипун. Живут во всех водоемах с тростниками зарослями. Л. – самые кр. птицы в сем., дл. крыла 55-56 см, масса самцов 9,5 кг, самок – 5,8 кг. Окраска у взрослых птиц белая, у молодых серовато – охристая. Живут постоянными парами, в стаи объединяются в период сезонных миграций и смены маевых перьев. Гнездо устраивает в зарослях тростника или рогоза. Питается в осн. растениями. Малочисленны, охота на Л. строго запрещена. Л. – кликун и Л. малый занесены в Красную книгу Казахстана
Бұркіт	▼	1. орел	Беркуты хищники, однако, ещё и охотники. Ареал расселения этих птиц внушителен: Северная Америка, Северная Африка и Евразия. беркуты Гнездятся в труднодоступных лесах и лесных болотах. Область шеи, предплечий и головы не густо разбавлена золотистыми пёрышками.
... бай		2. беркут	Интересным отличием этого вида являются не только наличие «штанишек» но и штанишки на
... бек	▼	богатый	
		великий	

			<p>плюснах лап. Самка беркута не больше самца размерами и отличается от него по виду только окрасом оперения (самки немного светлее самцов и их тип окраса соответствует окрасу молодых птиц.). Период гнездования – выхаживания маленьких птенцов у беркутов не отличается от других орлиных. Примерно 2- 2 с половиной календарных месяца.</p> <p>Самка беркута средних размеров способна снести от 2 до 4 яиц. К периоду размножения беркуты готовы уже в возрасте пяти лет. Следует также сказать, что они живут очень долго. По типу питания беркут, как и все орлиные, хищник. Правда в отличие от других, зимой и после неудачной охоты может питаться падалью, но предпочитает, естественно, свежее мясо. Беркуты нападают на животных размером крупнее себя и проявляют в охоте непревзойденную жестокость.</p> <p>История знает случаи нападения беркутами на лосей и косуль</p>
Бұлбұл	▲	соловей	<p>Соловьи, род птиц сем. дроздовых. Распространены широко. Ок. 20 видов. Селятся по опушкам леса, в садах, парках, предпочитают влажные места. Самцы поют гл. обр. в сумерках и ночью; сложная (до 24 колен) и красивая песня состоит из свистовых, щелкающих и рокочущих звуков. С. учатся пению у опытных самцов, но, в отличие от других певчих птиц, не заимствуют репертуар других видов, оставаясь непревзойденными «импровизаторами». В Казахстане 2 вида: С. обыкновенный и С. южный</p>
Қаз	▼	1. гусь 2. копать 3. қаз қалпы – без изменений	<p>Гуси (лат. <i>Anser</i>) — род водоплавающих птиц семейства утиных, отряда гулеобразных. Гуси живут на луговых и болотистых пространствах, некоторые на морских берегах; хорошо ходят и бегают;</p>

			летают быстро, но плавают и ныряют хуже уток. На воде находятся гораздо меньше, чем утки и лебеди, большую часть жизни проводят на суше. Летят гуси на зимовку и на гнездования обычно по ночам на большой высоте, довольно быстро. Гуси отличаются клювом, имеющим при основании большую высоту, чем ширину, и оканчивающимся ноготком с острым краем. По краям клюва идут мелкие зубчики. Гуси отличаются шеей средней длины (более длинной, чем у уток, но короче, чем у лебедей), довольно высокими ногами, прикрепленными ближе к середине тела, чем у уток, и твердым бугром, или шпорой, на сгибе крыла. Перья и пух сильно развиты. Самцы практически не отличаются от самок. Питаются почти исключительно растительной пищей, главным образом — зелёными частями растений и семенами. С помощью клюва, снабжённого острыми зубчиками по краям, они щиплют траву, злаки, капусту, обрывают листья, ягоды, стручки и колосья. Кроме растений некоторые виды едят ёшё и мелких позвоночных и насекомых. Гуси живут парами, а во время перелетов собираются в большие стаи. Гнездятся на болотах, некоторые на деревьях; число яиц обыкновенно 6-12. В основном крупные птицы с вкусным мясом. В насиживании яиц самец участия не принимает, он охраняет самку, а когда вылупляются птенцы, ходит рядом, охраняя всю семью. Многие гуси гогочут или издают бормочущие звуки, при опасности или в раздражении шипят
...бек	▼	великий	
Қарлығаш	▲	ласточка	Ласточка, птица отряда воробьиных. 79 видов распространены по всему земному шару, кроме Арктики и Антарктида. В Казахстане 5 видов Л.: деревенская, рыжепоясничная и

			городская селятся вблизи жилья; береговая и скалистая обитают у рек и озер с обрывистыми берегами, образуя колонии. Клюв уплощенный, разрез рта большой. Крылья длинные и узкие. Ноги короткие, поэтому ходить почти не может и на землю садится только для сбора материала для гнезд. Оперение сверху чаще темное, нередко с синим, зеленым или пурпурным блеском, снизу светлое. Дл. тела 9-23 см, вес 10 – 60 г. Л. хорошо летает, большую ч. жизни проводит в воздухе. Питается исключительно насекомыми
Лашын	▲	сапсан (ловчая птица семейства соколиных)	Сапсан, хищная птица рода соколов. Дл. до 50 см. Распространен широко (исключая Юж. Америку и Антарктиду). В Казахстане гнездится на С. и В., зимует на Ю. и Ю.-В. Предпочитает открытые пространства. Масса 500-1000 г, размах крыльев до 113 см. Сизовато-серый верх и светлый низ с темным поперечным рисунком. Под глазами большие черные «усы», бурающие начало у основания клюва. Обладает стремительным полетом, на добычу жертв (птиц) пикирует со скоростью 350 км/ч. В пределах гнездового участка не охотится. В Красной книге Казахстана

❖ Упражнение 1. Сопоставьте рисунки с названиями.

	Аққұ
	Бүркіт

	Қарлығаш
	Бұлбұл
	Лашын
	Қаз

❖ Упражнение 2. Назовите описание птиц.

Аққу	төрт башпайлы, суда жақсы жүзетін құс
Бүркіт	саябақтарды мекендейтін әнші құс
Қарлығаш	адамзаттың досы болып саналатын құс
Бұлбұл	махаббат символы болып саналатын құс
Лашын	жыртқыш аңдарды өлтіруге күші жететін құс
Қаз	құзда, қияда мекендейтін жыртқыш құс

❖ Упражнение 3. Найдите названия птиц, которые не встречаются в именах людей.

Аққу, дуадақ, бірқазан, бүркіт, бұлбұл, кептер, қарлығаш, қоқиқаз, қаз, құмай, қырғауыл, лашын, торғай, шымшық, үкі, жапалақ.

❖ Упражнение 4. Прочтите текст и определите о какой птице говорится.

Айдын көлдегі құс біткеннің төресі. Олар үнемі жұптасып, ешуақытта өздігінен жұбын жазбай бірге жүзіп жүреді. Қауырсынының түсі аппақ болып су бетінде алыстан көрінеді. Ол өте сымбатты құс, сондықтан да халық сұлұлықтың белгісі, пәктіктің күәсі, жақсылық атаулының жаршысы деп есептейді, оған ешуақытта мылтық кезеп оқ атпайды. Үлажы болмаған кезде ғана "сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ" деп Құдайға жалбарынады. Халқымыздың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген киелі құстардың бірі. Олардың аталағын "саһап", балапаның "көгілдір" деп ерекше атаған. Ол – көлдің көрікті құсы, табиғатқа ерекше сән береді.

❖ Упражнение 5. Найдите среди названия птиц слово "каз" на русском языке и ознакомьтесь с текстом.

Лебедь, орел, соловей, гусь, ласточка, сапсан

Каз - _____



Қазыбек - Төле би мен Әйтеке бидің тұстасы, қазақтың атақты билерінің бірі. Тәуке ханның дәүірінде Орта жүзді биледі. Кейбір деректерге қарағанда заңдар жинағы - "Жеті жарғыны" жасауға қатысқан Қазыбек би мемлекет басқару ісіне белсene араласқан. Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың ішкі және сыртқы саясаттарына ықпал жасап отырған. Жоңғар шапқыншыларына қарсы халық күресін үйімдастырған. Ол Ресей мен Цин империясымен өзіндік саясат жүргізді.

Оның әділдігін, шешендігін, асқан ақылдылығын халық бағалап, Қаз дауысты Қазыбек атап кеткен.

Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендігі жайында көптеген аныз әңгімелер бар. Бірде Қаз дауысты Қазыбектің атағы шығып тұрған кезде ауылдан бір саудагер келіпті. Түстеніп болған соң Қазыбекке:

- Сізден бір сөз сұрайын деп едім, - депті. - Бір керуен едік, өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуін таба алмай қойдық: "Сөздің атасы кім, анасы кім?"

Қазыбек ойланып қалады.

- Япырай, өзбектің саудагері ғана білмейді еken десек, қазақтың Қазыбегі де білмейді еken ғой; биыл таппасаңыз ендігі жылы табарсыз, - деп саудагер үйден шығып кетеді.

Қазыбек орнынан ұшып тұрып, іле-шала тысқа шықса, саудагер асығыс атқа мініп алған еken.

- Япырай, саудагердің ісі сарт-сұрт деген рас еken ғой! Артыңа қарамай аттанғаның не? Әлгі сөздің шешуін іздең, ендігі жылы тағы келіп, саудаңдан қаларсың, артыңа қарамайтын болып кет. "Сөздің атасы - бірлік, анасы - шындық! Жолың болсын, жүрген жеріне айта жүр!" - депті Қазыбек.

❖ Упражнение 6. О какой птице говорится в пословицах?

	Бұлбұл құс зымыстан көрмей, Гүлстан қадірін білмес.
	Қаз қаңқылдаса, Жазды шақырады.
	Аққуды атпа, Досынды сатпа.

ⓘ БҰЛБҰЛ

1. Торғай туқымдаст, коңыр-қызылт түсті әдемі сайрайтын құс; сандуааш.
 2. Ауыс. Даусы әсем, әни. Орта жүздің ән бүлбұлы, сұлу Майра.
 3. Ауыс. Шешен, сөзге жүйрік, тілмар. Ежелден ел бүлбұлды ақындар гой.
- Бүлбұл көмей - әсем дауысты әни.
- Бүлбұл үнді - үні бүлбұлдың үніндей, әсем.



❖ Упражнение 7. Переведите текст.

Қарлығаштың ұясын бұзбайды, өзін өлтірмейді. Аңыздарға қарағанда ол Меккеден ұшып келген қасиетті құс. Сондықтан оның бойында магиялық құш бар деп есептеді. Егер оны ауру адам ұстап алып, басынан үш қайтара айналдырып барып, ұшырып жіберсе ауруынан айығады. Сондай-ақ қарлығаштың ұясынан топырақ алып, оны ауру адамға берсе, баспа, қызылша және жөтел ауруларынан айығуына болады. Оның ұясынан табылған тас, адамның бойындағы қорқыныш пен қайғыны қуалайды, бас ауруынан емдейді деген халық арасында болжамдар бар.

❖ Упражнение 8. Найдите названия птиц.

Аққу, бүркіт, бұлбұл, қаз, қарлығаш, қарақұрт, сарышаян, ұлу, мешін, тауық, қораз, торғай, кептер, қарға, үйрек, шаян, жолбарыс, раушан, лашын, талшын, ара, балапан, борсық, бірқазан, тырна, үкі, жарғанат, жапалақ, марғай, мысық, ит, инелік.

❖ Упражнение 9. Разгадайте загадку.

Садақша мойнын ілтіп,
Көрген жанды сүйсінтіп,
Жүзгендे көлдің сәні өзі,
Судағы құстың нәні өзі.
Жердегі құстың серкесі,
Көктегі құстың еркесі

(...)

Шарлап ұшып даланы,
Үйіме үйін салады.
(...)

Бір нәрсе екі аяқты, сегіз бармақ,
Іліксе дүниенің бәрін алмақ.
Өзінің тілі бар да, тістері жоқ,
Жұтады көрінгенді алмап-жұлмап
(...)

❖ Упражнение 10. Уясните и заполните народные при-
меты о птицах.

Қарлығаштар жер бауырлай үшса - жел соғып, күн бұзылады, керісінше биқтеп үшса - күн ашық, жылды болады.

Қарлығаш пен торғайдың үясын біреу бұзса, бетіне шұбар секпіл түседі.

Қыста торғайлар үясына мамық тасыса, күн кенеттен қатты сүйп кетеді.

Қыстығуні әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, аяз басталады.

Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауын-шашынды болады деп күткен жөн.

Қараторғайлар топтана үшып, аспанда неше түрлі қимылдар жасаса, күз ұзаққа созылады.

Құстардың үясы мен құмырсқалардың илеуін аяқпен теуіп бұзуға болмайды. Онда сіздің үяңызды да біреу сондай етіп талқандайды.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Бұлбұл торғай тәрізділер отрядының сайрауықтар тұқымдасына жататын әнші құс. Қазақстанда 2 түрі - кәдімгі немесе шығыс бұлбұлы және оңтүстік не зор тұмсықты бұлбұл кездеседі. Оңтүстік бұлбұл Сырдария, Шу, Іле, Қаратал өзендерінің бойындағы тоғайларды, үлкен бау-бақшаларды, қалың бұталы есімдіктерге бай саябақтарды мекендейді. Кәдімгі бұлбұл Жайық пен Ертіс бойында, Қекшетау өніріндегі қыраттарда ұялайды. Дене түркы 160-190 мм, қанатының ұзындығы 90 мм-дей, салмағы 17-26 г. түсі реңсіз, жыныстық жағынан бір-бірінен ажырату өте қыын. Арқасы қара-сүр, бауыры ақшыл болады.

Бұлбұл жыл құсы. Сәуірдің аяғы мен мамырдың басында ұялауға үшып келеді. Ұяларын жерге, шөп арасына немесе ағаштардың төменгі бұтақтарына салады. Мамыр-маусымда ұяларына 3-5 қоңыр түсті жұмыртқа салып, оны мекиені 13-14 күндей басып, балапандарын ербітеді, жұптасып қоректенеді. Тамыздың аяғы, қырқүйектің басында Африканың тропиктік аудандарына қыстауға үшып кетеді.

Бұлбұл әртүрлі жәндіктермен қоректеніп, орман шаруашылығына көп пайда келтіреді. Бұлбұлдардың өнші құс ретінде эстетикалық маңызы бар.

2. "Бұлбұл" сөзінің мағынасын ажыратыңыз.

1. Қазақстанда бұлбұл құстың екі түрі мекендейді. 2. Сырдария, Шу, Іле, Қаратал өзендерінің бойында мекен ететін - оңтүстік бұлбұл. 3. Жайық пен Ертіс бойында, Қекшетау өнірінде мекен ететін кәдімгі бұлбұл. 4. Бұлбұл құстар көбіне ормандарда, тоғайларды, үлкен бау-бақшаларды, қалың бұталы өсімдіктерге бай саябақтарды мекендейді. 5. Бұлбұл менің әпкемнің жақын құбысы. 6. Бұлбұл кішкентай кезінен бастап өнді жақсы айтады. 7. Ол үлкен саҳналарда өз өнерін көрсетеді. 8. Бұлбұл болашақта үлкен өнер адамы болуды армандайды. 9. Аружанның қоңыры дауысы бұлбұлдың үніндей. 10. Қазақстаның еңбек сінірген бұлбұл өншісі Бибігүл Төлегенова.

3. Ән жаттайық.

Бұлбұл құс

Сағым болып кеттің еркем,
Сағынумен құні-тұн.
Сарқылғандай бар сезімің
Сорлы жүрек дір етті.
Сағым болып кеттің еркем
Сағынумен құні-тұн.
Сарқылғандай бар сезімің
Сорлы жүрек дір етті.

Қайырмасы
Бұлбұл құсым жырақта ма?
Жанымды отқа бөлеші.
Сүйем сені бірақ қана,
Ұмыт мені демеші.

Жанарға жас сүйе алады
Жыламауға көнбейді.
Сезім сыры жиналады
Кетсендағы сенбейді.
Өтті күндер зымырады
Білем қайта кел дейді.
Демім іштей сығылады
Кеудемді үміт кернейді

3. Мәтінді оқыңыз.

Бүркіт сұнқар тәрізділер отряды, қаршыға тұқымдастының қырандар туысына жататын ірі жыртқыш құс. Бүркіт Солтүстік Батыс Африканы, Жапония аралдарын мекендейді. Қазақстанда оның 6 түр тармағы Маңғыстау, Үстірт, Мұғалжар, Сыр бойы, Қызылқұм, Бетпақдала, Сарыарқа, Тянь-Шань, Тарбағатай, Алтай өнірлеріндегі жазық жерлерде, тау бөктерінде кездеседі. Бүркіт - қырандар ішіндегі ең ірі, әрі күшті, дene бітімі мығым, жылдам ұшатын құс. Саусақтары салалы, ірі, әрі бедерлі. Қауырсындары бір түсті қара қоңыр. Желкесі мен мойнының сырты сарғыш-жирен түсті. Жас бүркіттің құйрығы ақ, оның ұшында жалпақ қара жолағы, қанатының астында ірі ақ қауырсындары болады. Бүркіттің қанатының шеткі қауырсындары шалғысы деп, ал құйрығының ортасындағы екі қабат әлді қауырсының көбесі, қалғандарын жебесі деп атайды. Ұябасарының бір қанатының ұзындығы 65-74 см, шеулісінікі - 59-66 см. Ұябасының салмағы 3,8-6,3 кг.

Жұптасып тіршілік етеді. Бүркіт суыр, қоян, тұлкі, борсықты, кейде тышқан мен саршұнақты, тасбақаны, тұяқты жануарлардың төлдерін жейді.

Бүркіт анды тырнағымен емес, табанындағы бұртіктері - безде-рімен буындырып өлтіреді. Үлкен ұсының қурап қалған ағаш бұтақтарынан құздың, жартастың басына бірнеше жыл қатарынан салады. Наурыз-сәуірде 1-3 тен жұмыртқалайды, оны әдетте ұябасындағылары 40-45 күн шайқайды. Балапандарын алғашқы күндері шеулісі ұзақ уақыт бойы баулап, қауауылдан жүреді. Табиғи жағдайда бүркіт 100 жылдай тіршілік етеді. Қазақ құсбегілері бүркітті жасына қарай ажыратып, атайды.

Мысалы: 1 жастағысын - балапан, 2-дегісін - қантубіт, 3-тегісін - тірнек, 4-тегісін - тас түлек, 5-тегісін - мұзбалық, 6-дағысын - көк түбіт, 7-дегісін - қана, 8-дегісін - жана, 9-дағысын - майтубіт, 10-дағысын - барқын, ал 12 жастағысын - шөгел деп атаған.

Халық ұғымында бүркіт – киелі құс. Мәселен, балалардың бас киіміне, бесікке бүркіттің қанатын тағып қойған.

4. Мәтінді оқыңыз.

Қаз тәрізділер жалпақ тұмсықтылар - су құстары отряды. Жер шарында кең тараған, әсіресе, Оңтүстік Америкада, тропиктік аймақтарда және Австралияда жиі кездеседі. Қазақстанда 16 туысы, 40 түрі бар. Басқа құстардан айырмашылығы: мойны ұзын, құйрығы қысқа, аяғы 4 башайлы, алдыңың үшегүй жарғақты келеді. Тұмсығы жалпақ, шеті жұқа, ұшында мүйізді түбіртік "тырнақшасы" болады.

Кейбір түрлерінде жақ жиегін мүйізді тісшелер көмкереді. Қауырсындары қалың, тығыз, денесінің бауыр жағында мамық көп болады. Құйымшақ безі жақсы дамыған. Көбі суда жақсы жүзеді.

Қаз тәрізділер сұнгүір құстар, көптеген түрі 40 м терендікке дейін сұнғы алады, тағы бір ерекшелігі - сұыққа төзімді. Салқын және қоңыржай аймақта кездесетін көптеген түрі - жыл құсы. Ұя басу үшін наурыз, сөуір айларында ұшып кетеді. Каспий теңізінен Жерорта теңізіне дейінгі шалғай аймақтарда қыстайды.

Қаз тәрізділер ұясын үй маңындағы жерлерге, тайыз су бетіне, ағашқа, інге, жартасқа, кеуекке салады. 5-20 жұмыртқа салып, оларды 20-40 күндей басады. Жыныстық жағынан 2-4 жасында жетіледі. Құрақ өркенімен, өсімдік тамырларымен, ұсақ балықтармен және омыртқасыз су жәндіктерімен қоректенеді.

Қаз тәрізділердің 9 түрі (қызылжемсаулы қарашақаз, қутұмсық, сұңқылдақ аққу, кіші аққу, мәрмәр шүрегей, алакөз сұнгүір, дөңтұмсық тұрпан, қара тұрпан, ақбас үйрек) қорғауға алынып, Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген

5. Мәтінді оқыңыз.

Қарлығаш торғай тәрізділер отряды, әнші торғайлар тобының тұқымдасы. Артика мен Антарктидадан басқа аймақтарда көнін тарапған, 20 туысқа бірігетін 79 түрі бар. Қазақстанда 5 түрі кездеседі. Қарлығаштың тұмсығы қысқа, тұмсығының түбі кең, езулерінің арасы алшақ. Қанаттары жіңішке әрі ұзын. Дене бітімі ерекше сымбатты. Саусақтары қысқа, әрі әлсіз, жерде журуі ебедейсіз. Қарлығаштың қауырсыны тығыз, жотасы қара түсті жылтыр. Сыртқы түрінен еркегі мен үрғашысының айырмашылығы байқалмайды. Дене түркі 9-23 см, салмағы 10-60 г. Қарлығаш ете жақсы ұшады, тіршілігінің көп уақытын ауада ұшып жүріп өткізеді. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп қорегін ұстап жейді. Дауысы онша қатты емес. Қарлығаш ұясын саз балшықтан сілекейімен араластырып бекем етіп жартас құыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне, кейде ағаш басына да салады. Ұясы жарты ай немесе түбі кең, аузы тар құмыра пішінді. Ұясының түбіне қауырсыннан жұмсақ төсөніш жасайды. Ашық ұядығы жұмыртқа қара теңбелді шұбар, жабық ұядығы жұмыртқа ақ түсті болады. Жылына 1, кейде 2 рет 3-7 жұмыртқа салып, балапан басып шығарады. Балапандары қызылشاқа болып туады. Қорегі көбіне ұсақ жәндіктер. Ашық күндері биіктеп ұшады да, ауа райы жауын-шашынды болар алдында жер бауырлап ұшады. Сондықтан да қарлығаштың ұшу ерекшелігіне қарап ауа райының өзгерісін алдын-ала болжауға болады.

6. Мәтінді оқыңыз.

Лашын - сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Қазақстанда Іле алабының төменгі ағысында, Ертіс-Есіл өзендері алабында, Алакөл, Қызылтүз, Зайсан көлдері маңындағы адырларда, Алтай, Алатау, Тарбағатай тауларының бөктерінде кездеседі. Қанаты ұзын, ұшқір, үстіңгі беті сұр, астыңғы жағы ақшылдау келген, көлденең қара жолақты. Көзінің астында ұзынша қос қара "мұртшасы" болады. Шәулісі ұябасарынан кішірек. Шәулісінің салмағы 500-800 г., ал ұябасарынің - 540-1090 г. Сағатына 300 км жылдамдықпен ұшады. Лашын жартас, құздарғы қолайлы қуысқа, қияда ескен ағаш басына ұя салады. Кейде өзге құстардың ұясын да иемденеді. Ұясына 2-4 жұмыртқа салады. Оны ұябасары 28-32 күндей басады. Балапандар бір жарым айда ұядан ұшады. Негізгі қорегін ұшып жүріп аулайды. Құсбегілер лашын мен қаз-үйрек, дуадақ, тырна, құр, ұлар, өзге де құстарды аулайды. Қазақстанда лашынның 1935 жылы Наурызым қорығы мен 1958 жылы Марқакөлде ұя салғаны ғана белгілі. Алматы хайуанаттар саябағында төрт лашын құс бар. Лашын Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген.



ЖЕМІС-ЖИДЕК АТАУЛАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР

(Имена людей, образованные от названий ягод и фруктов)

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Тұрақты тіркестер (Словосочетания)
Алма	▲	1. бот. яблоня 2. яблоко	алма бет – девушка румяная (чаще эпитет красавицы)
... бай	▼	богатый	алма мойын - с красивой круглой шеей (эпитет красавицы)
... бек	▼	великий	алма кезек – попеременно
... құл (гүл)	▲	цветок	кос анар – женская грудь
... хан	▲	хан	
Анар	▲	гранат	
... хан	▲	хан	
... бек	▼	великий	
... құл (гүл)	▲	цветок	
Бидай	▼	пшеница // пшеничный	бидай өнді – лицо цвета пшеницы, светолицый
... бек	▼	великий	
Гүл	▲	цветок	
... ай	▲	луна	гүлдей жайнады, гүл жайнады – расцвели как цветы
... ім	▲	суфф.	гүлдей солды – завял как цветок, заахнуть, угаснуть во цвете лет
... хан	▲	хан	
... сім	▲	суфф.	
... дана	▲	мудрый	
... жан	▲	душа	
Жаңғақ	▲ ▼	1. бот. орех 2. греческий орех	—
Жиде	▲	джигида	—
... құл (гүл)	▲	цветок	—
Қарақат	▲	бот. смородина	қарақат көз – глаза черные, как смородина
Қызылдақ	▲	тюльпан	—
Райхан	▲	1. бот. базилик 2. красный цветок	—

Раушан	▲	роза	—
Сарымсақ	▼	1. чеснок 2. лук	—
Өрік	▼▲	абрикос, урюк	—

❖ Упражнение 1. Сопоставьте слова с рисунками.

	Алма
	Анар
	Өрік
	Бидай
	Жаңғақ
	Сарымсақ
	Қызғалдақ
	Гүл

	Раушан
	Бидай
	Қарақат

❖ Упражнение 2. Найдите названия растений и ягод, не обозначающие имя человека.

Алма, Қарбыз, Қауын, Анар, Қарақат, Әңгелек, Қияр, Жүзім, Сарымсақ, Өрік, Қызылша, Қызанақ, Жаңғақ, Алмұрт, Шие, Сәбіз, Бидай, Картоп, Қызғалдақ, Сарғалдақ, Мейіз, Раушан, Мендуана, Орамжапырақ.

❖ Упражнение 3. Прочтите текст и найдите названия ягод и растений.

Мен жазғы демалысымды ауылдағы атам мен апамның үйінде өткізмін. Ауылдың таза ауасының өзі қандай керемет десенші. Атам бау-бақша өсіреді. Онда жеміс ағаштар, көкөністер басқа да түрлі жемістер көп. Мен атама қуанақуана көмектесемін. Ол кісінің арқасында жеміс-жидек өсіруден біраз хабарым бар. Мәселен, қай кезде суғару керек, суды қаншалықты құю керек, өнімін көтеп алу үшін қалай күту керек дегендерді бір кісідей біліп алдым. Бақшада алма, жаңғақ, өрік ағаштары өседі. Қыстағы сұықтан, үсіктен қорғаудың арқасында, жеміс ағаштары жемісті көп береді. Апам ертелі-кеш есік алдындағы раушан гүлдерімен әлек. Раушан гүлінің хош иісі мұрныңды жарады.

Кейде атам екеуміз ауыл сыртындағы тауға шығамыз. Таудың сұлұлығын тамашалап жүріп, бір жағынан таза

ауда дем аламыз. Тау бөктөрінен қарақатты кездестіреміз. Олар әбден піскен кезінде көтеп теріп аламын. Қарақаттың адам денсаулығы үшін пайдасы мол.

❖ **Упражнение 4.** Определите свойства растений и найдите соответствия.

гүл	қатты, дәнді
сарымсақ	дәнді-дақыл
өрік	хөш істі, нәзік
жанғақ	сөлді, тәтті
бидай	ащы, өткір істі

❖ **Упражнение 5.** Прочтите текст и расскажите о яблонях.

Алма* раушан гүлдер тұқымдасына жататын, өте кең тараған жеміс ағашы. Табиғи алманың жер шарында 36 түрі белгілі. Қазақстанда негізінен сиверс алмасы, недзвецкий алмасы, қырғыз алмасы өседі. Алманың жаздық, күздік, қыстық сорттары бар. Алма ағашының өмір сүру үзақтығы 20-100 жыл, биіктігі 3-10 м болады. 3-12 жылда жеміс береді.

Алманың құрамында 83-88 пайыз су, 7,5 - 16 пайыз қант, 0,2-0,8 пайыз қышқыл, 9,5 - 18,5 пайыз құрғақ қалдық, 0,28 - 1,0 пайыз илік заттар, А, В1, В2, В6, РР дәрумендері, көптеген минералды заттар бар. Шырынан шарап, сусын да-

*Алма сөзінің көп мағыналылығына назар аударыңыз

АЛМА

1. Раушан гүлділөр тұқымдасына жататын көп жылдық жеміс ағашы.
Мысалы, алма өсіп тұр.
2. Алма ағашта өсетін жеміс.
Мысалы, алма жеді.
3. **поэт.** Эйел тәсі, емшегі. Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, **алмасы** өкпе болар қол батпаган (Абай).
- **Алма бет** - қызыраған домалақ бет.
5. **Алма мойын** - жұмыр келген әдемі мойын.
4. Қала атаяу. Алматы қаласының тұрғыны.
5. ет. алма. Заттарды орнынан алма.

йындалады, жемісі емдік дәрі ретінде де, адам организмін ауыр металл заттарынан тазалауға, қан бұзылу жөне жүрек ауруларын емдеуге қолданылады.

Алма ағашын кем дегенде жылына бір рет дәрілеп тұру қажет, себебі алманың өнімі құрып кетуі мүмкін. Бір жағынан жемістің дәмді, таза болуына септігін тиғізеді. Артық бұтақтарын қырқып, түбін ақтап тұру қажет. Сонымен қатар өнімі үлкен, шырынды болуы үшін жиі суғарып тұрады.

❖ **Упражнение 6.** Найдите среди названий растений перевод слова "қарақат" и ознакомьтесь с тестом.

Яблоко, цветы, гранат, чеснок, лук, смородина, абрикос, урюк, орех, греческий орех, пшеница // пшеничный, тонкая ткань

Қарақат - _____

Қарақат Әбілдина



Менің есімімді Қымбат апайым қойыпты. Кішкентай ғана ауылдан арман қуып, журналист боламын деп Алматыға келген апайым үздік білімі бола тұра, оқуға түсе алмапты. Сонымен 1978 жылы "ер кезегі үшке дейін" деп үшінші рет келгенінде жолы болыпты. Бойын кернеген қуанышпен ауылға оралғанында мен дүниеге келіппін. Мені қолына алып көрген апам "Көздері қарақаттай екен, атын Қарақат қоямын" деп мені еншілеп алышты. Апайымның айтуы бойынша, қарақат деген жеміс екінің бірінің қолы жете бермейтін жеміс екен. Оны тери үшін қаншама еңбек керек, дерктек шипа, қасиетті, пайдалы жеміс дейтін.

Қарақат есімі бұрындары сирек кездесетін. Қазір гастрольдық сапармен Қазақстанның қай қаласына барсам да, алдынан кішкентай Қарақаттар шығады. "Сіздің құрметің ізге қойып едік" деп жатады. Бірде Қызылорда облысына бір топ әншілер өнер көрсетуге барған болатынбыз. Ауыл-

ауылды аралап жүргенде, Қарақат есімді кішкентай қыздардан он сегіз аттасымды кездестіріппін.

❖ **Упражнение 7.** Переведите названия ягод на казахский язык.

	яблоко
	цветы
	гранат
	чеснок
	абрикос
	греческий орех
	пшеница
	смородина

❖ Упражнение 8. Есть ли среди ваших знакомых люди с именами, связанными с названиями ягод и растений? Расскажите о них.

❖ Упражнение 9. Разгадайте загадки.

Алма дерсің түсіне қарап,
Жүгері дерсің ішіне қарап,
Татсаң тәтті,
Бал шөрбатты

Тәтті,
Тәттінің іші қатты,
Қаттының іші тәтті

Ұзын мұртты сарылар,
Қойынында наны бар



❖ Упражнение 10. Прочтите данные о ягодах и растениях.

1) **Анар*** – анар тұқымдасына жататын ағаш немесе бұта тәрізді субтропикалық өсімдік. Биіктігі 3-5 м, бұтақтары тікеңекті, ашық қызыл түсті келеді. Анар жарықты жақсы көреді, құргақшылыққа төзімді, сұыққа төзімсіз. Бақта қатар аралығы 4 x 3 м етіп отырызылады. Отрызылығаннан кейін 3-4 жылда жеміс бере бастайды. Орташа есеппен өр ағаштан 25-30 кг өнім алғанады. Ағаштары жемісті 30-50 жылға дейін береді.

***Анар сөзінің көп мағыналылығына назар аударыңыз**

1. **Анар*** – анар тұқымдасына жататын биіктігі 5-6 м. бұталы өсімдік және осы өсімдіктің жемісі.

2. Ауыс. Эйелдің екі емшегі.

АНАРГУЛ бот. Қызыл түсті ғул.

АНАРДАЙ Қып-қызыл, нарттай.



2) **Сарымсақ**, екпе жуа - лалагүл тұқымдасы, жуа туысына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдік. Сарымсақ Қазақстанның барлық жерлерінде өсіріледі. Биіктігі 1 метрдей. Жапырағы тегіс, жас күйінде жеуге болады. Баданасы күрделі (құрамында 36 пайызға дейін құрғақ зат, 7 пайызға жуық азотты заттар, 10-19 мг % С дәрумені, қант болады). Сарымсақтың күздік және жаздық түрі өсіріледі. Жаздық сарымсақ сабактанбайды, күздік сарымсақтың гүл сабақшасында ұсақ жуашықтар пайда болады. Күздік сарымсақтың өнімділігі жоғары, бірақ ұсақ уақыт сақталынбайды. Ал жаздық сарымсақты келесі отырғызғанға дейін сақтауға болады.

3) **Әрік** - раушан гүлдер тұқымдасына жататын жеміс ағаштарының туысы, жеміс дақылы. Ағаштары өте биік, 8-15 м аралығында. Жапырақтары жалпақ, жоғары жағы үшкірлеу, тісті болып келеді. Жеміс бүршіктепі бір гүл береді, олар ақ немесе қызыл болып келеді. Жапырақтардан бұрын ашылады. Жемісі етті, түкті, ал сүйегі жылтыр келеді.

Әрік - жарық, жылу сүйіш дақыл, женіл ауа, ылғал өткізгіш топырақтарда жақсы өседі, ал сазды, тұзды жерлер өрік өсіруге жарамсыз келеді. Құрғақшылыққа тәзімді. Тікпе көшеттері отырғызылған бақтар 3-4 жылдан кейін өнім бере бастайды, 40-50 және одан да көп жыл өмір сүреді. Әр түptен 100 кг (15-20 жылдық ағаш) жеміс алынады. Жемісі шілде айында піседі, салмағы 20-70 г. Жемісінің құрамында 4-20 пайыз қант, алма және лимон қышқылдары, 10 пайыздай каротин, 0,4-1,3 пайыз пектин заттары, ал тұқымында 29-58 пайыз май болады.

4) **Жанғақ** қос жарнақты көп жылдық ағаш. Дүние жүзінде 20 түрі бар.

**Білгеніңіз абзал**

- * Сарымсақ адам ағзасына пайдалы өсімдік.
- * Сарымсақты міс ауырғанда пайдаланады.
- * Ол містегі нөрвөтерді өлтіреді.
- * Сарымсақты қунделікті аста пайдаланған дұрыс.
- * Сарымсақтың жағымсыз ісі болады.
- * Сарымсақты шаш күтімінде пайдаланады.
- * Суық тигенде сарымсақтың суын пайдаланады.

Жаңғақтың Қазақстанда екі түрі кездеседі:

1. грек жаңғағы
2. қара жаңғақ

Ағаш беркі қалың, аумақты, жапырақтары ірі (5-11 жапырақшалардан тұрады, ұзындығы 20-40 см), хош иісті. Гүлі дара жынысты, бір үйлі. Атальқ гүлдері салбыраған сырға тәрізді, аналық гүлдері жеке-жеке не бірнеше гүлден өркеннің ұшында орналасқан. Грек жаңғағы жемісінің жеуге жарамды бөлігі - дәні. Қатты жеміс қабы мен қалың жарғақ ұяшығы жеуге жарамсыз. Бір ағаштан жылына 65-100, кейде 200-300 кг жеміс алынады. Жемістің салмағы 3-23 г, көбінесе, жұмыртқа не шар тәрізді болады. Дәнінің жеміс салмағындағы үлесі 30-75 пайыз. Дәнінің құрамында 55-77 пайыз май, 18-21 пайыз ақуыз, 5-6 пайыз көмірсу, В1 дәрумені, А провитамині бар. Піскен дәндерінде 30-85 мг, ал толығымен піспеген дәндерінде 1500-2000 мг, кейде 3000 мг-ға дейін С дәрумені болады.

5) **Бидай** - астық тұқымдасына жататын аса маңызды дәнді дақыл. Қазақстанда 6 түрі өседі, жабайы түрлері си-рек кездеседі. Биіктігі 40-130 см, тамыр жүйесі - шашақты, тарамданған. Сабағы қуыс, жұмыр, жапырағы таспа тәрізді, сағағы сабағын орай орналасқан. Гүл шоғыры - құрделі масақ, оның қынабында 2 масақша қабыршығынан тұратын масақтар орналасқан. Масақтың пішіні ұршық тәрізді, түсі ақ, қызығылт, кейде қара, ішінде қылтанағы болады. Тұқымы - ұзына бойына тартылған сываты бар, беті жылтыр дән. Қазақстанда жұмсақ және қатты бидай өсіріледі. Жұмсақ бидайдың масағы да жұмсақ, дәні жұмыр әрі жылтыр, сабағы қуыс. Оның ұнынан көбіне нан пісіріледі, ол нәрлі және жоғары сапалы болып саналады. Құрамында 16 пайыздай ақуыз болады, жылтырлығы 70 пайыз, дән узызы серпімді әрі созылмалы келеді. Жұмсақ бидай Қазақстанда егіс көлемінің негізгі бөлігін алғып жатыр. Қатты бидайдың дәні ірі, сопақша жылтыр. Оның дәнінде 24 пайыз ақуыз, ұнының сапасы жақсы, одан кеспе және макарон жасайды. Бірақ жұмсақ бидайға қарағанда наны онша көтерілмейді.

6) **Қарақат** тасжарғандар тұқымдасына жататын бұта. Қазақстанда Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында өсірілетін 11 түрі бар. Биіктігі 60 см-ден 2 м-ге дейін жетеді.

Бұтағы тікенекті, жапырағы жалпақ, 3-5 қалақшасы болады. Гүл ұсақ, екі үйлі, көбінесе қос жынысты, кейде дара жынысты. Маусым - шілде айларында гүлдеп, шілде-тамызда жемісі піседі. Жемісі - жидек. Жеміс шоғында 2-18 түйір жеміс болады. Жеміс құрамында 12-20 пайыз құрғақ зат, 78-83 пайыз су, 5-10 пайыз қант, 2-4 пайыз түрлі қышқыл, дәрумендер, сондай-ақ, пектин, минералды тұздар бар. Қара қарақатты халық медицинасында кеңінен қолданады. Жидегі тәбет ашады, тер және ңесеп жүргізетін қасиеті бар. Жидегі организмде дәрумен жетіспеген жағдайда, қан азайғанда және жүдеген кезде пайдалы. Қызыл және жабайы қарақат тек жемісін жинау үшін емес, будандастыру арқылы жаңа сорттар шығару үшін де пайдаланады. Жидек ретінде қара, қызыл және ақ қарақат көп өсіріледі.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Алмажан Азаматқызы

Алмажан Азаматқызы 1823 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Бекетай ауылында дүниеге келген. Әкесі Азамат 1836-37 жылдары Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісіне қатысып, шайқаста қаза тапқан. Алмажан жастайынан өлең шығарып, ақын қыз атанды. Бірақ осы күнге сақталып қалған шығармасы - "Жетім қыз" дастаны. Дастанда әділетсіз әкімдердің жетім-жесірлерге жасаған зорлық-зомбылығы әшкереленеді. "Жетім қыздың" басты кейіпкері - Алмажанның өзі. Оқиға 2 жақтан баяндалады, арагідік қара сөзбен баяндауы бар. Дастанның сюжет желісінә әкесі Азамат қайтыс болғаннан кейін жетім қалған 14 жасар қыз бер 7 жасар ұлға Нарындағы билік иелері тарапынан жасалған зардапкер, Жәңгір ханға арызданбақшы болғанда көрген қынышылықтары негіз етіп алынған. Дастанда әділдік іздел күрескен жетім қыздың өршіл тұлғасы сомдалған.

2. Мәтінді оқыңыз.

Анар – анар тұқымдасына жататын ағаш нәмесе бұта тәрізді субтропикалық өсімдік. Жабайы анар Кавказда, Орта және Кіші Азияда, Ауғанстан мен Үндістанда кездеседі. Кәдімгі анар Орта Азия жемістерінің ішінде көп өсірілетін дақыл. Биіктігі 3-5 м, бұтақтары тікенекті, ашық қызыл түсті келеді. Анар жарықты жақсы көреді, құрғақшы-

лыққа төзімді, сұыққа төзімсіз. Бақта қатар аралығы 4 x 3 м. етіп отырығызылады. Отырғызылғаннан кейін 3-4 жылда жеміс бере бастайды. Анар түкімінан және өсімді тәсілмен, ал қолдан өсірілетін сорттары, көбінесе, сүректелген қалемшे немесе ұластыру арқылы көбейеді. Орташа есеппен әр ағаштан 25-30 кг өнім алынады. Ағаштары жемісті 30-50 жылға дейін береді. Кейбір анар ағаштары 300 жылға дейін өседі. Жемісінің салмағы 200-ден 1000 г -ға дейін. Дөңгелек, шырынды, көп түкімды, сыртында қатты қабығы бар. Жемісінің шырынында 80-90 % су, 8-12 % қант, 0,5-5 % түрлі қышқылдар, 3-4 % көмірсу, С,В дәрүмендері болады.

3. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым - Анар. Азан шақырып қойған атым - Мадина. Тұылған кезімде оң қолымда үлкен қызыл қал болыпты. Әдетте, қызыл қалмен тұылған адам есімін қазақта Анар деп атаған. Сол себепті мені де Анар деп атап кеткен. Мадина тек құжат жүзіндегі есімім болғанымен, мені танитын барлық таныстарым Анар деп атайды.

Сол сияқты Анаргул, Анархан, Анарбек есімдері де көп жағдайда жайдан-жай қойылмайды деп ойлаймын. Қазақта, егер анары бар адамдардың есімін басқаша атаса, дenesіндегі қызыл қал өсіп кетеді деген ырым бар. Сондықтан оларға есім қоярда үлкен мән берген.

4. Мәтінді оқыңыз.

Сарымсақ

Сарымсақ, екпе жуа - лалагул түкімдасы, жуа туысына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдік. Отаны - Орта Азия. Жабайы түрі Қазақстанның қытустігінде, орталық Азияда, Үндістанда, Жерорта теңізі елдерінде кездеседі. Сарымсақ Қазақстанның барлық жерлерінде өсіріледі. Биіктігі 1 метрдей. Жапырағы тегіс, жас күйінде жеуге болады. Баданасы күрделі (құрамында 36 пайызға дейін құрғақ зат, 7 пайызға жуық азотты заттар, 10-19 мг % С дәрүмені, қант болады). Сарымсақтың күздік және жаздық түрі өсіріледі. Жаздық сарымсақ сабак-танбайды, күздік сарымсақтың гүл сабакшасында ұсақ жуашықтар пайда болады. Күздік сарымсақтың өнімділігі жоғары, бірақ ұзақ уақыт сақтауынбайды. Ал жаздық сарымсақты келесі отырығызғанға дейін сақтауға болады. Мәдени түрі түкім қалыптастырымайды. Сұыққа, құрғақ-шылыққа төзімді, құнарлы топырақта жақсы өседі. Оның тамыры 2-3 °C, ал жапырақтары 5-7 °C-та ессе бастайды. Күзде отырғызғанда тамырланып үлгерсе, ол қыстың сұрынына шыдайды. Сарымсақтың иісі ондағы эфир майына байланысты. Онда фитонцид көп, сонымен бірге күшіла тәрізді қосылыстар болғандықтан, емдік қасиеті бар.

5. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ халқы – сұлуплықты бағалаған халық. Қызын аялап, мәпелеп өсірген – халық. Гүл - хош иісті, нәзік, көздің жауын алатын әдемі... Осы әдемілікке, сұлуплыққа, көріктілікке қызын тәнеп отырған. Сондықтан да болар, қазақ халқында "гүл" сөзімен тіркескен қыздардың саны шексіз.

Қазақ тілінде "Гүл" сөзі бірнеше мағынада жұмсалады:

1. Тұрлі-тұсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы аты. Бақшада шоқ-шоқ гүлдер.
2. Ауыс. Жасөспірім, бүлдіршін. Үйдің сөні бүлдіршіндей екі гүл.
3. Ауыс. Ажар, әр, көрік, келбет. Ақ бетің үлбіреп. Өзгеше біткен гүл.

Есімдер	Белгісі	Есімдер	Белгісі
Гүл...	▲	... гүл	▲
... ай	▲	Ай ...	▲
...ім	▲	Нұр ...	▲
... жан	▲	Наз ...	▲
... хан	▲	Жан ...	▲
... наз	▲	Мейрам ...	▲
... сім	▲	Дана ...	▲
... жайна	▲	Ақ ...	▲
... дана	▲	Бибі...	▲
...зат	▲	Жанар ...	▲
... нұр	▲	Әсем ...	▲
... баршын	▲	Бағда...	▲
... жауңар	▲	Базар...	▲
... сара	▲	Еркін...	▲
... нар	▲	Сырға...	▲
... жанар	▲	Жиде ...	▲
... гауңар	▲	Жаңа ...	▲
...жәмила	▲	Зия...	▲
..женіс	▲	Иба...	▲

...жиңан	▲	Нар...	▲
... зара	▲	Өмір...	▲
... зарифа	▲	Рай ...	▲
... зипа	▲	Тәжі...	▲
...мария	▲	Шынар...	▲
...мира	▲	Шырай...	▲
...нафис	▲	Нұрлы...	▲
...санат	▲	Сайлау...	▲
...шара	▲	Үміт...	▲
...шат	▲	Рыс...	▲

6. Мәтінді оқыңыз.

Үй гүлін өсіру

Үйде гүл өсіру әрі әдемілік, әрі бөлме ауасын тазарту үшін таптырмас амал. Дегенмен қандай гүлді өсіруді қолға алсақ та, алдымен оны күтіп-баптаудың қыр-сырын біліп алған жөн. Әйтпесе босқа әуре болып қаларың сөзсіз. Себебі әр гүлдің шығу тарихы, мекені әртүрлі. Бір гүл жарық, күн сәулесі мол түсетін жерде жақсы өсетін болса, енді бірі қара көлеңкені қалайды.

Расында да, пәтерде не үйде гүл өсіруге шындал бел бусаңыз, онда кейір мәселелерге аса мән беруге тұра келеді. Гүлдер мен үйде өсіруге болатын өсімдіктер үшін ең маңыздысы - жарық, жылу, топырақ пен су. Суды гүлге құйып және бүркіп отыру керек болса, ал топырақты дер кезінде құнарлылығын арттыру үшін түрлі тыңайтқыштарды пайдалануға тұра келеді. Жарық және жылу режимін сақтау да гүлдің жайқалып өсуіне өсер етеді.

Үй гүлдері, негізінен, екіге бөлінеді. Бірі - әдемі декоративті, жақырақты, сосын гүлдейтін. Гүлкүмарлардың көбі оларды араластырып өсіргенді жақсы көреді. Гүлдейтін гүлдердің күтімі ерекше екендігін үнемі ескеру керек. Сондай-ақ олардың қай кезде гүлдейтінін білу керек. Біз үй гүлі дегенімізben, олар өзге бір елдерде табиғатта өседі. Үйдің жағдайын да сол табиғаттағы қалыпқа жеткізіп, топырағын, ылғалдылығын үнемі қадағалау керек. Сол кезде ғана үй гүлі өз дәрежесінде гүлдейді.

Үй гүлдері сонымен қатар құнді жақсы көретін және алакөлеңке жерде де өсе беретін болып бөлінеді. Сондықтан үйде гүл өсіруді

қолға алсаңыз, оны қай жерге қоятыныңды алдын ала ескеріп, дүкеншімен кеңесу керек. Өзіңіз қызығып, қалап сатып алған гуліңіздің күнді қалайтынын немесе керісінше екендігін дүкеншіден біліп алған жөн. Әйтпесе гулдің бабы болмай, курап қалуы мүмкін.

Балаларға кішкентай кезінен қай гулдің, қай өсімдіктің улы екенін үйрету керек. Табиғаттағы өсімдіктердің шамамен 50-60 пайызы улы болып келеді. Фалымдар "у мен дәрінің айырмашылығы олардың мөлшерінде" дег жатады. Үй гүлдерінің де көбі улы болып келеді. Міне, тап осы улы гүлдердің көпшілігінің емдік қасиеті болады.

"Жаңақты аулаға екпеу керек екен, үйдегі адам саны өспейді" деген де ырым бар. Сол жемісті өсіретін көбіне өзбек халқы. Жаңақты ауласында өсіріп-ақ, олар бау-бақшасымен де айналысып, бала-шагасын да өсіріп жатыр. Сондай-ақ "Мына гулді өксең, күйеуге шықпай қаласың" деген секілді ел арасында тараған ырымдар бар. Бірақ бұл дұрыс ұғым емес. Негізі, үйде өсіруге болмайтын гул жоқ. Дегенмен кактус, яғни кірпі гүлдің тікенегі балалардың қолына кіріп кетпеу үшін біктеу жерге қою керек.

Дәрілік қасиеті бар гүлдер өте көп. Мысалы, бір ғана алаказия гүлінің жапырағынан қаншама дәрі жасалады. Шырмауық гүлінің де түрлі емдік қасиеті бар. Жапырақтарын жылы суға бір салып, көзге қоятын болсақ, көздің тамырларына әсер етіп, шаршағанын басады. Кейбір гүлдердің адамның көңіл-күйін көтеруге де ықпалы бар.

 ⓘ Есте сақтаңыз!!!

Гул - гулді өсімдіктердің жыныстық жолмен кәбею мүшесі. Ол сабақ не жанама бұтақ ұшында өседі. Гул бірнеше бөлімнөн тұрады. Гул жапырақшалары гүл шығатын бұыннан өспіп, гүлге қорғаныш болып тұрады. Гул орналасатын сағақтың ұшы гүл табаны, сабақтың гүл орналасқан бөлігі - гүл сағааы, барлық гүлдер орналасатын өсімдік сабағы - гүлсидам, жабық тұқымды өсімдіктердің тоғтаганшасы мен күлте жапырақшаларынан құрылған гүл орамы - гүл серігі деп аталады. Тоғтаганша жапырақшамының түсі жасыл болады, өйткені ол фотосинтез процесіне қатысады. Гүлге тұс беретін - күлте жапырақшалар. Оның түсі әртүрлі болады.

Өсімдіктің гүлдеу мерзімі жарыққа, температурага, аяға, тоғырақ ылғалдылығына байланысты. Қөптеген өсімдіктердің гүлі күндіз ашылады. Дәрілік, дәм-татымдық өсімдіктердің жинауда, пішөн шабуда гүлдеу мерзімін білуідің маңызы зор. Гүлдің пішіні, түсі, саны, сондай-ақ тұқым қуалай белгілері өсімдіктердің өзара туыстық қатынасын, өсімдік жүйесін анықтауда кеңінен пайдаланылады.

7. Өлеңді оқыңыз.**Мұқағали Мақатаев**

Жартасқа жалғыз гүл өсер
 Сабағы әлсіз сары гүл
 Жартаста жалғыз түр өсіп.
 Жауын ба, жел ме - бәрібір,
 Өзінше ол да күресіп,
 Жартаста жалғыз түр өсіп.
 Дәнене де аттай желігіп,
 Олжасыз қалған бір мерген
 Отырган сөтте ерігіп,
 Жартастан жалғыз гүл көрген.
 Панарап төсін көненің,
 Жыл сайын осы гүл өсер.
 Көрсетпек болып өнерін,
 Көздеді оны бір есер.
 Бір есер отыр сүйініп,
 Есерді қостап жаңағы.
 Үкілі қыздай иіліп,
 Қылды гүлдің сабағы.
 Тамыры терең көмілген,
 Жартасқа жана гүл өсер.
 Өткінші мынау өмірмен
 Өзінше ол да күресер.

8. Мәтінді оқыңыз.

Әрік - раушан гүлдер тұқымдастына жататын жеміс ағаштарының туысы, жеміс дақылы. Қазақстанда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында бір түрі - көдімгі өрік өсіріледі. Ағаштары ете биік, 8-15 м аралығында. Жапырақтары жалпақ, жоғары жағы үшкірлеу, тісті болып келеді. Жеміс бүршіктегі бір гүл береді, олар ақ немесе қызыл болып келеді. Жапырақтардан бұрын ашылады. Жемісі етті, тұкті, ал сүйегі жылтыр келеді.

Әрік - жарық, жылу сүйіш дақыл, женіл ауа, ылғал өткізгіш топырақтарда дақсы өседі, ал сазды, тұзды жерлер өрік өсіруге жарамсыз келеді. Құрғақшылықта тәзімді. Тікпе көшеттері отырғызылған бақтар 3-4 жылдан кейін өнім бере бастайды, 40-50 және одан да көп жыл өмір сүреді. Әр түбінен 100 кг (15-20 жылдық ағаш) жеміс алынады. Әріктің жемісі шілде айында піседі, салмағы 20-70 г. Жемісінің құрамында 4-20 пайыз қант, алма және лимон қышқылдары, 10 пайыздай каротин, 0,4-1,3 пайыз пектин заттары, ал тұқымында 29-58 пайыз май

болады. Жемісінің өзін, кептірілген және өнделген күйінде пайдаланады. Өрік ағашын егісті желден қорғайтын орман алқабында отырғызылады және шабдалымен телу үшін өсіріледі. Өріктің мәдени сорттарын кебейту тәсілі - ұластыру. Негізгі отырғызу тәсілі тік бұрышты, қатар аралығы 6-8 м, қатар іші 5-6 м. Отырғызғаннан кейін жас ағаштарының берікбасын қалыптастыру үшін шырпу жұмыстарын жүргізіп, 3-4 жылда бір рет органикалық және минералдық тыңайтқыштар енгізіп тұру қажет.

9. Мәтінді оқыңыз.

Жаңғақ қос жарнақты көп жылдық ағаш. Дүние жүзінде 20 түрі бар. Қазақстанда екі түрі кездеседі:

1. грек жаңғағы
2. қара жаңғақ

Жабайы түрлері Орта Азияда, Қытайда, Жапонияда кездеседі. Ағаштары ете биік (20-30 м), дінінің жуандығы 1,5-2 м. Ағаш беркі қалың, аумақты, жапырақтары ірі (5-11 жапырақшалардан тұрады, ұзындығы 20-40 см), хош иісті. Гүлі дара жынысты, бір үйлі. Атальқ гулдері салбыраған сырға тәрізді, аналық гулдері жеке-жеке не бірнеше гулден өркеннің үшінде орналасқан. Грек жаңғағы жемісінің жеуге жарамды бөлігі - дәні. Қатты жеміс қабы мен қалың жарғақ үяшығы жеуге жарамсыз. Бір ағаштан жылына 65-100, кейде 200-300 кг жеміс алынады. Жемістің салмағы 3-23 г, көбінесе, жұмыртқа не шар тәрізді болады. Дәнінің жеміс салмағындағы үлесі 30-75 пайыз. Дәнінің құрамында 55-77 пайыз май, 18-21 пайыз ақуыз, 5-6 пайыз көмірсу, В1 дәрумені, А провитамині бар. Піскен дәндерінде 30-85 мг, ал толықымен піспеген дәндерінде 1500-2000 мг, кейде 3000 мг-ға дейін С дәрумені болады.

10. Мәтінді оқыңыз.

Бидай - астық тұқымдасына жататын аса маңызды дәнді-дақыл. Қазақстанда 6 түрі өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі. Биіктігі 40-130 см, тамыр жүйесі - шашақты, тарамданған. Сабағы қуыс, жұмыр, жапырағы таспа тәрізді, сағағы сабағын орай орналасқан. Гүл шоғыры - күрделі масақ, оның қынабында 2 масақша қабыршығынан тұратын масақтар орналасқан. Гүл шоғыры - күрделі маса, оның қынабында 2 масақша қабыршығынан тұратын масақтар орналасқан, ал олардың аралығында 3-5 гүлдері болады. Масақтың пішіні үршық тәрізді, түсі ақ, қызығылт, кейде қара, ішінде қылтанағы болады. Тұқымы - ұзына бойына тартылған сываты бар, беті жылтыр дән. Масақ қылттығына, түсі мен масақша қабыршағының түк басуына, қылтықтары мен дәндерінің түсіне байланысты бидайдың түрлері түршелерге бөлінеді, ал әрбір түрше сорттардан тұрады.

Қазақстанда жұмсақ және қатты бидай өсіріледі. Жұмсақ бидайдың масағы да жұмсақ, дәні жұмыр әрі жылтыр, сабағы қуыс. Оның ұнынан көбіне наң пісіріледі, ол нәрлі және жоғары сапалы болады. Құрамында 16 пайыздай ақуыз болады, жылтырылығы 70 пайыз, дән узызы серпімді әрі созылмалы келеді. Жұмсақ бидай Қазақстанда егіс көлемінің негізгі белгін алып жатыр. Қатты бидайдың дәні ірі, сопақша жылтыр. Оның дәнінде 24 пайыз ақуыз, ұнының сапасы жақсы, одан кеспе және макарон жасайды. Бірақ жұмсақ бидайдың қаранды наны онша көтерілмейді.

11. Мәтінді оқыңыз.

Алмұрт - нәк раушангүлділер тұқымдасының бір туысы, жеміс ағашы. Дүние жүзінде 60-қа жуық түрі белгілі. Олар ауа-райы қоңыржай және субтропикалық аймақтарда өседі. Қазақстанда көдімгі алмұрт немесе орман алмұрты, регель алмұрты, құлжа алмұрты немесе кеш пісетін алмұрт деген түрлері бар. Алмұрт көп күтімді қажет етпейді, жылусүйгіш, сүйқа тәзімсіз ағаш. Биіктігі 10-12 м болады. Бұтақ шоғырының аумағы жалпақ, пирамида тәрізді. Жапырағы жұмыртқа пішінді, тұксіз, жылтыр. Гүлі ақ, қызығылт, сарғыш, кейде қызыл түсті, ғұлтабақшасына шоғырланған. Жемісі - сары, жасыл не қызығылт түсті сопақша келеді. Салмағы 20-300 г-дай. Алмұрт отырғызылғаннан кейін 4-5 жылда жеміс бере бастайды, 40-50 жылдай өседі. Мәдени сорттарын ұластыру арқылы өсіреді. Қазақстанда 14 сорты аудандастырылған, оның Орман аруы, Талғар аруы, хош иісті алмұрт деген сорттары кең тараған. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында өсіріледі. Өтімдік зиянкестеріне тәзімді, көбіне ауруға шалдықпайды. Алмұрт бағалы ағаш, гүлінен араптар бал жинаиды. Жемісінің құрамында 80-84,3 пайыз су, 10-13 пайыз қант, глюкоза, фруктоза, сахароза, 0,1-0,6 пайыз қышқыл, илік және 0,4 пайыз азотты заттар, В, С дәрүмендері, каротин болады. Одан тосап, шарап, т.б. сусындар дайындалады.

12. Мәтінді оқыңыз.

Қызгалдақ лала гүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық шептесін пияздықты өсімдіктер. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі. Қызгалдақтың жалпы 32 түрі бар, оның 11 түрі Қазақстанның эндемигі болып саналады. Бұлардың биіктігі 3-50 см. Сабағы жұмыр, тік өседі. Тамырымен жалғасқан буынында пиязшығы болады. Гүл қоршауы ақ, қызыл не сары. Жемісі - қауашақ. Қызгалдақтың пиязшығын күзде гүлі түскеннен кейін жинап алып, оны құргақ, салқын жерде сақтап, көктемде егеді. Қызгалдақ өсемдік және гүлінен хош иісті зат алу үшін өсіріледі.

13. Мәтінді оқыңыз.

Раушангүл тұқымдасы қос жарнақтыларға жататын бұта, ағаш тәріздес бір не екі жылдық өсімдіктер. Жер шарында кең таралған, негізінен, қоңыржай аймақта өседі. Оның 100-ден аса туысы, 3 мыңнан астам түрі белгілі. Қазақстанның барлық жерінде кездесетін 36 туысы, 200-ден артық түрі бар, оның 12-сі өте сирек кездесетін өсімдіктер, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген. Раушангүл тұқымдасына жататын өсімдіктердің жапырақтары күрделі, кезектесіп орналасады, бүтін жиекті, қосалқы жапырақшалары болады. Гүлі қос жынысты, кейде дара жынысты, жеке-жеке не топтанып орналасқан. Гүл күлтесі бесеу, аталығы мен аналығы көп, гүлқоршауы көбіне екі қатарлы. Бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктер арқылы тозаңданады. Жемісі - көп сүйекті жаңғақ, жаңғақша, жидек, алма, тұқымы эндоспермсіз. Раушангүл тұқымдасының көбі пайдалы өсімдіктер: жеміс беретін ағаштар (алма, алмұрт, айва, шие, өрік, шабдалы); жидек (таңқурай, қойбулдірген, сиыр бүлдірген, қарақат), әсемдік түрлері (раушангүл, шетен, тобылғы, долана) және дәрілік түрлері (итмұрын, тұзу қазтабан, бүршікгүл). Жемісі тамаққа пайдаланылады, құнарлы мал азығы, гүлінен ара бал жинайды.

**13-САБАҚ**

**АСЫЛ МЕТАЛДАР МЕН ҚЫМБАТ ЗАТ
АТАУЛАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, образованные от названий драгоценных
металлов и ценных вещей)**

№	Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Магынасы (Значение)
1	Алтын	▲	золото	один из драгоценных металлов
	...күл (гүл)	▲	цветок	
	...ай	◆	луна	
	...бек	▼	великий	
2	Алмас	▼	алмаз	самый прочный предмет природы
	...бек	▼	великий	
3	Күміс	▲	серебро	бело-сверкающий металл
	... бек	▼	великий	
	... ай	▲	луна	
4	Ділдә	▲	золотая монета	старинная пятирублевая золотая монета
	... бай	▼	богатый	
	Сей ...	▼	араб. имя	
	Ибә ...	▼	араб. имя	
5	Гаунар	▲	бриллиант	редкий, очень ценный драгоценный камень
	... тас	▲	камень	
	... бек	▼	великий	
	Гул ...	▲	цветок	
6	Маржан	▲	коралл	1. ярко красный, красноватый или белый камень, мелкие бусы 2. перен. редкий, дорогой, ценный
7	Меруерт	▲	жемчуг	шарообразное образование в раковинах некоторых моллюсков
8	Жібек	▲	щелк, шелковый	натуральное волокно из коконов тутового шелкопряда, применяется в хлопкопрядильной промышленности

9	Болат	▼	1. сталь 2. крепкий (перен.)	сплав железа с углеродом и другими элементами
	Бек ...	▼	великий	
	Бақ ...	▼	удача, счастье	
	... бек	▼	великий	
10	Темір	▼	железо	гладкий, серебристый белый металл
	... лан	▼	побудительный залог	
	... бек	▼	великий	

❖ Упражнение 1. Определите правильность – неправильность.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Алтын қыздың аты		
Алтынай үлдың - есімі		
Әпкемнің есімі - Темір		
Жездемнің аты		
Маржан		
Сыныптасты Меруерт		
Әнші қыз Гаунар		
Боксшы жігіт		
Ділдебаев		
Алтынбек жақсы қыз		
Қарындасымның аты		
Болатбек		
Күмісайдың ағасы		
Алтынбек		

❖ Упражнение 2. Сгруппируйте по значениям.

Алмас, Алмасбек, Алтын, Алтынгүл, Арыстан, Аюбай, Болат, Болатбек, Бөрібай, Бөлтірік, Гаунар, Гаунарбек, Дәүлет, Ділдә, Ділдебай, Темір, Темірлан, Тұманбай, Сәуле, Маржан, Меруерт, Нұрсұлтан, Нұрым, Шапағат, Қаржау, Қасқырбай, Қоянбай, Аяз, Жаңбырбай, Жолбарыс, Жібек.

Асыл металдар мен қымбат зат атауларынан жасалған есімдер	Табиғат құбылыстары атауларынан жасалған есімдер	Аңдар мен жәндік атауларынан жасалған есімдер

❖ **Упражнение 3.** Прочтите предложения и найдите определяемые слова.

Ақша тауары рөлін атқаратын бағалы металл	ділдә, алтын, гауңар, маржан, меруерт, жібек, темір, алмас
Табиғаттағы ең қатты зат	
Сирек кездесетін, аса бағалы зат	
Құны бес сомдық есکі алтын ақша	
Ішек қысты теніз жануарлары	
Кейір моллюскілердің бакалшақтарындағы шар тәріздес түзіліс	
Мата өнеркәсібінде пайдаланатын табиғи талшық	
Жылтыр, күміс түсті ақ түсті металл	

❖ **Упражнение 4.** Разделите на две группы имена людей связанные с названиями драгоценных металлов и ценных вещей.

Алтынгул, Алтынай, Алтынбек, Алмас, Алмасбек, Күміс, Күмісгүл, Күмісбек, Күмісай, Ділдә, Ділдәбай, Сейділдә, Гауңар, Гауңартас, Гауңарбек, Маржан, Меруерт, Жібек, Болат, Болатбек, Бекболат, Темір, Темірлан, Темірбек.

Ер адам есімі	Әйел адам есімі

❖ **Упражнение 5.** Прочтите текст, обратите внимание на словосочетания сочетающиеся со словом "алтын"

Қабір шырша бөренелерден жасалған, көлемі 3,3x1,9 м, биіктігі 1,5 м, сол жақ бөлігіне қойылған сақ жауынгерінің басы батысқа қаратылып жатқызылған. Қабірдің оңтүстік және батыс шеттерінде металл, қыш, ағаштан жасалынған ыдыстар, зергерлік бүйымдар қойылған. Қабір ағаш қақпақ-

пен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, еденіне тақтай төсөлген, ал адам қойылатын жеріне **алтын** жapsырмалармен безендірілген төсөніш салынған. **Алтын** адам киімі 4 мыңға жуық **алтын** әшекейлермен безендірілген. Әшекейлермен барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін "аңдар стилінде" жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген **алтын** сырға табылды. Бас киімі қазіргі қазақ киімі ұлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында деңгелек жүзік сияқты алтын **алқа**, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі **алтын** тоғалармен өрнектелген, саусағында екі **алтын** жүзік, қамзолы құрастырмалы белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, он жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында **алтын** пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар - ақинақ, шалбар балағы да **алтын** тоғалармен әшекейленген.

❖ **Упражнение 6.** Ознакомьтесь с текстом.

Алтын адам

Алтын адам (б.з.б. 5 ғ.) - Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. 1969-70 жылдары археолог К.А.Ақышев тапқан 40-тан астам обадан тұратын қорымның оңтүстік шетінде биіктігі 6 м, диаметрі 60 м үйінді тәбе астынан екі қабір ашылды. Біреуі ертеректе тоналған. Екіншісінен жасы 17-18 шамасындағы сақ жауынгерінің мүрдесі ашылды. Қабір шырша бөренелерден жасалған, көлемі 3,3x1,9 м, биіктігі 1,5 м, сол жақ бөлігіне қойылған сақ жауынгерінің басы батысқа қаратылып жатқызылған. Қабірдің оңтүстік және батыс шеттерінде металл, қыш, ағаштан істелінген ыдыстар, зергерлік бүйымдар қойылған. Қабір ағаш қақпақпен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, еденіне тақтай төсөлген, ал адам қойылатын жеріне алтын жапсырмалармен безендірілген төсөніш салынған. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлермен барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін бе-

ретін "аңдар стилінде" жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейләнген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш кейлегі, көкірегінің тұсы, жеңіл алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, қамзолы құрастырмалы белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 доға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар - ақинак, шалбар балағы да алтын доғалармен әшекейләнген. Есік обасынан алынған археологиялық мәліметтерге қарап, бұл адамның б.з.б 5-4 ғасырларда өмір сүргені анықталды. Кім үлгісі, жерлеу рәсімі, алтын адамның Жетісу жерін мекендейген сақтардың көрнекті елбасы немесе жас кесем, әскербасы екенін айқын көрсетеді. Табылған күміс тостағандарғы 26 жеке әріппер қатары сол кездің өзінде Жетісу сақтарында көне әліпби түрлери қолданылғанын байқатады. Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология салдарынан мол дерек беретін алтын адам сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді. Алтын адам - Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, ал төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі Елтаңбамызға енді.

❖ Упражнение 7. О ком идет речь?

1. "Суперстар" байқауының бірінші жүлдегері?
2. "Келінге өсиет" әнінің авторы?
3. Қарағандылық, 1996 жылы ҚР Қорғаныс министрі кім?
4. Меруерт Өтекешова қандай рөлді сомдаған?
5. 27-Олимпиада ойындарының (2000, Сидней, Австралия) күміс жүлдегері кім?


❖ Упражнение 8. Приведите в порядок расположения слов в предложениях.

1. Қорытылып алынады темірден болат.
2. Тоқыма пайдаланады жібекті өнеркәсібінде.

3. Бес теңгелік ділдә құны ескі алтын ақша.
4. Алмас ең қатты табиғаттағы зат.
5. Металдардың бірі асыл алтын.

❖ **Упражнение 9.** Ознакомьтесь с текстом.

Жас өнші Алмас Кішкенбаев



Алмас Кішкенбаев 1985 жылы 1 маусымда Қызылорда қаласында туылдып, үлкен отбасында тәрбиеленеді. Анасы Айнаш, әпкелері: Дина, Алия, ағалары: Болат, Берік, Бекзат. Алмас ең кіші бала. 9-шы сыныптан кейін Қызылорда қаласындағы музикалық колледжге вокал бөлімінде оқиды. Домбырада және фортепианодан жақсы ойнайды. Алмас өн айтуды 5 жасынан бастаған. Сол кезде Родион Газмановтың орындаудағы "Люси" өні әйгілі болған, осы өнді бес жасар Алмас орындаған. Кейіннен оның репертуарына әртүрлі тілдегі өндер қосылды. Отбасындағылардың ешбірі өн айтпағандықтан, кішкене Алмасқа ешкім көңіл бөлмеді.

Мектеп қабырғасында көптеген жарыстарға қатысып, өз өнерін халыққа танытады. 1997 жылы Парижде өтетін халықаралық талантты балалар фестиваліне қатысады. Оның өнші ретінде қалыптастына колледждегі ұстазы Қарағөз Ақдаулетова әсер етті.

2005 жылы өткен "Суперстар" байқауының бас жүлдегері атанды. Қазір Жүргенов атындағы өнер институтында білім алуша. Оның шығармашылық жолы жылдан-жылға молая түсude.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Алтын - (Au) - элементтердің периодты жүйесінің I-тобындағы химиялық элемент, асыл металдарының бірі. Реттік нөмірі 79, атомдық массасы 196,967, балқу t-1063°C, қайнау t-2947°C. Таза алтын – сары түсті, соғылғыш және созылғыш металл, химиялық инертті

элемент. Сыртқы ортаның химиялық әсеріне аса төзімді. Оттек, су-тек, азот және көміртекпен тікелей қосылмайды. Алтынға сілтілер және жеке қышқылдар әсер етпейді. "Патша сүйігінда" (1 көлем HNO_3 , 3 көлем HC1) және кейбір күшті қышқылдар қоспасында ериді. Қосылыстарында алтын бір және үш валентті болып келеді.

Алтын - экономикада тауарлардың жалпы жиынынан бөлініп шығып, жалпыға бірдей баламаға айналған асыл металл. Ол ұзақ тарихи кезең бойы басқа металдармен қатар, ал кейін жеке дара ақша және валюта жүйесін құрай отырып, ақша тауары рөлін атқарып келеді. Алтын б.з.б. 1500 жылдары Қытай, Үндістан, Мысыр және Месопотамияда, ал б.з.б. 8-7 ғасырдан Ежелгі Грекияда ақша қызметін атқарады.

2. Мәтінді оқыңыз.

Алтынбаев Мұхтар Қапашұлы

Алтынбаев Мұхтар Қапашұлы 10.12.1945 жылы Қарағандыда туылған. Әскери қайраткер, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметін атқарған, генерал-полковник. 1965 жылғы 29 желтоқсаннан бері Қарулы Күштер қатарында қызмет атқарады. 1977 жылы Әуе-Қорғаныс әскери үшқыштарының Армавир Жоғарғы әскери училищесін, 1985 жылы Г.К.Жуков атындағы Әуе-Қорғаныс әскери Әскери командалық академиясын бітірген. Авиация полк үшқышы, жойғыш авиация полк командирі, ұшуға дайындық полк командирінің орынбасары, жойғыш авиация полк командирі, Әуе-Қорғаныс әскери дивизия командирінің орынбасары, командир, Әуе-Қорғаныс әскери корпусы командирі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Әскери-Әуе Күштерінің қолбасшысы қызметтерін атқарған. III дәрежелі "Отанға қызмет еткені үшін" орденімен марал патталған.

3. Мәтінді оқыңыз.

Алмас - минерал, көміртектің (С) кристалл түрі, табиғаттағы ең қатты зат. Алмас кубтық сингонияда кристалданады. Куб, октаэдр, ромбододекаэдр, тетраэдр, сондай-ақ олардың арапасқан түрінде кездеседі. Алмас б.з.б. белгілі болған. 19 ғасырдың 70-жылдарына дейін ол тек кен қайрандардан өндірілді. Табиғатта кездесетін алмас түйіршіктерінің салмағы әдетте 0,1 - 1,0 караттан (20 г) астам ірі кристалдары ете сирек кездеседі және оларға жеке ат беріледі. Мысалы, 1905 жылы Оңтүстік Африкада табылған дүние жүзіндегі ең ірі "Куллинан" алмасы кристалының массасы 3106 карат (621,2 г) бол-

ған. Кейін одан әртүрлі пішінді 105 бриллиант алынды. Алмастың меншікті салмағы 3,5-4,0 г/см³. морт сынады, сынған жері бұдыр келеді, электр тогын нашар өткізеді. Түссіз, ақ, көгілдір, жасыл, сарғылт, қоңыр, қызығылт, қара сұр түсті болып келеді. Алмастың түсі әртүрлі болып келуі құрамындағы қоспаларға (5 % - ке дейін Si, Al, Ca, Mg, Ti, Co, Cr, Fe, т.б.) байланысты. Бұлардан басқа оның құрамында қатты (оливин, пироксен, гранаттар, хромшпинелидтер, графит, кварц, темір оксидтері, т.б.) күйіндегі қоспалар да болады.

4. Мәтінді оқыңыз.

Күміс - Ag элементтердің периодтық жүйесінің I тобындағы химиялық элемент. Табиғатта тұрақты екі изотопы бар. Ag және Ag күміс ете ерте заманнан бастап адам тұрмысында пайдаланылып келеді. Мысалы., Мысыр фараоны - Менес заманында (б.з.б. 3600ж.) күміс алтыннан 2,5 есе қымбат болған. Одан күміс теңгелер, зергерлік бұйымдар жасалған. Күміс 16 ғасырдан 19 ғасырдың аяғына дейін Еуропа елдерінің ақша айналымында болған. 19 ғасырдың аяғында елдердің көпшілігі алтынға ауысты. Күміс валютасы Қытайда, Иранда Ауғанстанда 20 ғасырдың 30-жылдарына дейін сақталды.

Күміс қорғасын-мырышты, мыс, алтын-күмісті кентастардан алынады. Оның басқа металдармен қорытпасы зергерлік бұйымдар жасауда, медицинада күміс препараттары, кино және фотоөнеркәсіптерінде, химия, электртехникалық және электрондық өнеркәсіптерінде қолданылады. Ag+ иондары суды жақсы тазартады. Қазақстанда күміс Бозшакөл, Қоңырат, Ақтөгай, Айдарлы, Бақыршық кен орындарында кездеседі.

5. Мәтінді оқыңыз.

Гауһар

Гауһар (бриллиант) - сирек кездесетін, аса бағалы асыл тас. Ең алғашқы гауһарлар табиғи процестер нәтижесінде егеліп жылтырланған кристалдар, алмас кен қайрандарында кездеседі. Алмас кристалдарын өңдеу жұмыстары 14 ғ-да Венецияда басталған.

Гауһарды қырлау жұмыстарының негізі алмас кристалдарының табиғи пішінінен өрбіген. 17-18 ғасырларда "роза", "багет", "перуции" және "регент" деп аталынған гауһардың қырланған түрлері кеңінен тараған. 19 ғасырда алмас өндірісіне ендірілген механикалық еげу-өңдеу әдістері тастандардың жалпы бейнесін өзгертуге, сонымен қатар қазіргі дөңгелекше гауһардың шығуына себепкер болды. Бұл жаңа дөңгелек бейнелі қырлы гауһарлар аса сәнді ажарғағажайып жылтырылғы және сәуле шағылыстыру - құлпырма қасиет-

теріне ие болды. Осында 57 тегіс жақты дәңгелекше - "толық" гауһар 3 қабаттан тұрады: жоғарғы (тәж), ортағы (рундинист), төменгі (павильон). Тәж гауһардың орталық осіне тік перпендикуляр орналасады. Оны айнала 32 жақты 2-3 қатарлы белбеу жүргізіледі. Рундинист гауһардың аумағын және бейнесін реттейді. Павильонда 24 жақ 2 қатарға айнала орналасып, орталығында бір нүктемен аяқлады (кейде нүкте орнына 8 бұрышты кішкентай 58-ші жақ өндеді). "Толық" қырлы гауһардың геометриялық сипаттамасын 1919 жылы орыс зерттеушісі М.Толковский есептеп шығарған. Гауһарды қырлаудың көп тараған түрлері: дәңгелекше ("қарапайым" және "толық"), түрлі пішінді ("алмұрт", "жүрек", "сопақ"), тікбұрышты ("багет", "изумруд"), жұпсыз симметриялы ("импариант", "принцесса"). Гауһардың бағалауда оның түсі, түрлі "ақаулары" (жарығы, қоспалары), салмағы және қырлау сапасы ескеріледі. Бұл қасиеттерді анықтау үшін түрлі стандарттық эталондар және әдістер қолданылады. Гауһар зергерлік бұйымдар жасауда: көбінесе, қымбат металдардан жасалған сақина, сырға, түйме көздерін және композициялы бұйымдардың жеке элементтерін немесе топталған жиынтық түрінде оның негізін құруға (диадемда, алқа, түйреуіш), сонымен қатар кейбір ордендер мен жоғарғы айыру белгілерін әшекейлеуге қолданылады.

6. Мәтінді оқыңыз.

Гауһар Әлімбекова



Қыздар педагогикалық институтының музыка факультетінде оқыдым. "Әкеге сағыныш", "Перзент сыры", "Ақ келін", "Жазығым не?", "Көктемгі жаңбыр" атты әндеріме клип жаздық. Кейбір клиптерімнің түсіруіне қаржы жағынан көмектесіп, демеушілік жасаған - өнер жанашыры Абай Әбішев. Жақында "Әлдилесін махаббат ән - бесігін" атты альбом шығармақтын.

Өз әндеріме ара-тұра сөз жазамын. Бірақ соған қарап мен ешқашан өзімді "ақынмын" деп есептеген емеспін. Мүмкін, баяғыда, балалықпен солай ойласам, ойлаған да шығармын. Дегенмен кейіннен орта көрдік, айналамызға қарап, ненің не екенін ажыраттық. Мен тіпті көп уақытқа дейін өзімнің ән жазатынымды да, жүрттан жасырып журдім. Әйтпесе ондай қабілетім ертеректе, 8-9 сыныпта оқып жүрген кезде-ақ байқалған. Одан кейін Қыздар педагогикалық институтында студент болып жүргендеге де ән жазып, оны өз арамызда айтып жүрдім. Соны "өзімдікі" деуге үялып, "бір дос қызымдікі еді" дейтінмін. Бір

қызығы, артынша, сол әндерді факультеттегі, жатақханадағы басқа қыздар да үйреніп алатын болды. Өз әнімді басқалардың ауынан естігенде алабөтен бір күй кешіп, алғаш рет қатты толқыдым. Сонда да "менің осындай өнерім бар екен-ау" деп аса мойындағы қоймадым. 1992 жылы "Үкілі үміт" байқауына қатысып, дипломант болғаннан кейін фана, өзімді-өзім қолға алып, "қой, мен бұған жеңіл қарамайын. Мүмкін, менің өмірдегі жолым осы шығар" деп біржоға бет бұра бастадым. Өзімнің сазгерлік өнеріме деген сенімімнің бекуіне сол "Үкілі үміттің" әділқазылар алқасында болған Мұрат Құсайынов, Секен Тұрысбеков, Әбдурибек Тінәлиев ағалардың көп ықпалы болды.

(*"Айқын"* газетінен).

7. Мәтінді оқыңыз.

Ділдәбеков Мұхтархан Қабыланбекұлы

Ділдәбеков Мұхтархан Қабыланбекұлы 19.3.1976 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарап ауданында туған. Бокшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері атағын 1997 жылы алған. 1994 жылы Шымкент гуманитарлық университетіне түскеннен кейін бокспен айналыса бастайды. Алғашқы жаттықтыруышы - Н.Сафиулин. 1996 жылы Ташкент қаласында өткен С.Джексон атындағы халықаралық турнирде ауыр салмақта (91 кг-нан жоғары) жеңіс түғырына көтеріліп, спорт шебері атанды. Үш рет (1997, 1998, 1999) Қазақстанның, Бангкокте өткен 13- Азия ойындарының (1998) чемпионы, Қазақстан - Куба боксшыларының жолдастық кездесуінің (1998) және Варшавада (Польша) өткен Ф.Штамм атындағы халықаралық турнирдің (1999) жеңімпазы, дүниежүзілік чемпионаттың (1999, Хьюстон, АҚШ), 27-Олимпиада ойындарының (2000, Сидней, Австралия) күміс жүлдегері атанды.

8. Мәтінді оқыңыз.

Маржан

Көбіне маржан полиптері класына, жарым-жартылай гидроидтар класына жататын ішек құысты теңіз жануарлары. Маржандардың көпшілігі пішіндері әртүрлі әктасты қаңқа түзеді. Маржан рифтерінің негізгі мадрепоралы маржандар тогайынан тұрады. Маржан деп сондай-ақ әшекей бұйымдар жасалатын қызыл және қара маржандардың қаңқаларын да айтады. Түсі алуан түрлі болып кездеседі. Зертгерлік өндірісте кей түрлері (қызыл, қызыл, сарғылт қызыл, қызылт қоңыр, қара түсті) қолданылады. Түсі құрамына енген түрлі орга-

никалық заттар мен қоспаларға байланысты. Темір қоспалары маржанды қызылт, қызыл сарылт қызыл, қоңыр, ал марганец - сүр түске бояйды. Дүниежүзілік саудада алынған жеріне және сапасына қарай африкалық, алжирлік, сицилиялық, жапондық болып жіктеледі. Жыл сайын 50 тоннаға жақын маржан өндіріледі. Одан түрлі зергерлік және өшекейлік бұйымдар жасалады.

9. Мәтінді оқыныз.

Мерверт

Меруерт - інжу, кейбір моллюскілердің бақалшақтарындағы (раковиналарындағы) шар тәрізді түзіліс. Ол мантияға немесе мантия мен бақалшақтар арасына бөгде заттардың жиналуды әсерінен түзіледі. Түсі ақ, қызылт немесе сары, кейде қара. Қолемі кейде кептердің жұмыртқасында болып келеді. Негұрлым ірі әрі шар пішінді болса, соғұрлым жоғары бағаланады. Меруерт өзінің әсемдігіне байланысты зергерлік өнерде қеңінен қолданылады. Теніз меруерті өнімдерін алу Қызыл теңіз, Парсы шығанағы мен Цейлон, Австралия, Жапония және Венесуэла жағалауларында жүргізіледі. Тұщы су меруерті өнімдерін жинастыру ежелден Ресей, Шотландия, Германия, Қытай және Солтүстік Америкада тарапған. XX ғасырда меруертке деген сұраныс және оның табиғи қоздерінің азауы нәтижесінде меруерт қолдан өсіріле бастады.

10. Мәтінді оқыңыз.

Жібек - жібек құртының піллесынан өндіріліп, тоқыма-мата өнеркәсібінде пайдаланатын табиғи талшық. Кейде ол талшықтан тоқылған матаны да жібек деп атайды. Жібек құрты куыршаққа айналар алдында арнаулы бездері бөлөтін жібек жіпше - піллө түзеді. Өндірістік жібек, негізінен, тұт ағашының қолдан өсірілетін (асыранды) құртынан және жабайы емен құртынан алынады. Асыранды жібек құрты барлық жібектің 90 пайызын береді. Көп еңбек қажет ететіндіктен жібек ең қымбат талшық саналады, сондықтан жасанды жібек өндірісі қолға қойылған. Жалғыз пілләдан алынған талшық тым жіңішке болатындықтан, тікелей өндірісте қолданылмай, тек жібек қасиетін зерттеу үшін пайдаланады. Табиғи жібек талшықтарынан тоқылған маталарды адамдар ерте замандарда-ақ жоғары бағалаған. Қытайдан шығарылатын жібек маталар Ұлы Жібек жолы арқылы дүние жүзінің басқа аймақтарына таралып, сауда-герлерге мол табыс әкелген. Жібек құрты қазір тек Өңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысының кейбір аудандарында, Қытай, Жапония, Үндістан елдерінде өсіріледі.

11. Мәтінді оқыңыз.**Болат**

Болат - темірдің көміртекпен және басқа элементтермен қорытпасы. Ол деформалануға тезімді. Болат қара металургия өндірісінің негізгі өнімі және қазіргі машина жасау өнеркәсібі мен құрылышта пайдаланатын негізгі материал. Болат өндірісінің көлемі мемлекеттің техника-экономикалық деңгейін сипаттайты. Негізінен домна пештерінде, конвертерлерде, мартен және электр пештерінде шойын қорытпалары мен болат кесектерін балқыту жолымен алынады. Болатты жаппай өндіру әдістерімен қатар оның қымбатқа түсетін әрі өнімділігі тәмен, бірақ жоғары сапалы ерекше таза металл алуға мүмкіндік беретін - вакуумдық дөғамен қорыту, вакуумды индукциялық қорыту, электрон сөулесімен балқыту, плазмамен қорыту сияқты тәсілдері жетілдіріп келеді. Химиялық құрамына қарай көміртекті және легирленген болат болып белінеді. Көміртекті болаттың құрамында темір мен көміртектен басқа марганец және кремний сондай-ақ, зиянды қоспалар - күкірт, фосфор элементтері болады. Болаттың сапасын жақсарту үшін қорытпа құрамына хром, никель, молибден, ванадий, вольфрам, марганец, кремний элементтері қосылады. Пайдалану ретінде қарай болат мынадай негізгі топтарға белінеді: құрылымдық болат, аспалтық болат және айрықша химия-физикалық қасиеттері бар болат.

12. Мәтінді оқыңыз.**Парижді тамсандырған қазақ өнері**

Дүниежүзілік өнер астанасы саналатын Париж қаласында қазақтың белгілі суретшісі Ерболат Төлепбай атағы өлемге өйгілі қылқалам шебері Сальвадор Далидің шығармаларымен бірге арнайы көрме өткізді.

Ерболат Төлепбайдың шығармашылығы өз елімізде кеңінен мәлім әрі жоғары бағаланады. Ол - Қазақстан Республикасының өнеріне енбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Республикасының меменаттары клубының Платина Тарлан атты мәртебелі сыйлығының иегері. Оның салған суреттерімен ТМД мен шығыс Еуропа елдерінің көрермендері әбден таныс. Бұған дәлел ретінде, Ерболат Төлепбайдың Мәскеу қаласындағы Третьяков галереясында, Бішкек қаласындағы Evrounion көркемсурет орталығындағы зор табыспен өткен дербес көрмелерінен соң оған Ресей Федерациясы көркемсурет академиясының академигі, Чехия көркемсурет академиясының академигі атағы берілгенін, сондай-ақ 2002 жылы Өнер Evrounionның ең жоғары наградасы тапсырылғанын айтсақ та әбден жеткілікті.

2004 жылдың маусым айында оның шығармалары Париждегі ең ірі атақты суретшілердің көрмелері өткізілген "Escapo Miromeslin" галереясында өткен көрмеде талғампаз париждіктерді де тамсандырды.

Парижде қазақ суретшісі Ерболат Төлепбайға Сальвадор Дали атындағы Халықаралық альянс сыйлығы берілді.

13. Мәтінді оқыңыз.

Темір

Темір - жылтыр, күміс түсті ақ металл. Оның пластикалығы жоғары, соғуға, таптап жағаға, іп соғуға бейім, жақсы өнделеді. Темір жылу мен электр тогын жақсы өткізеді. Қазіргі техника үшін темірдің маңызы зор. Ол негізінен құрамы мен қасиеттері әртурлі қорытпалар түрінде қолданылады. Темір және оның қорытпаларын өндіру жылдан жылға дамып келеді. Темір барлық есімдіктер мен жануарлар организмінің құрамында болады. Жануарлар мен адам организміне темір тاماқ арқылы өтеді. Медицинада дәрілік темір препараттары, изотоптары медицина, биология зерттеулерінде индикатор ретінде, қан ауруын анықтауда қолданылады.

14. Мәтінді оқыңыз.

Темірбеков Абдолла Хұсайынұлы

Темірбеков Абдолла Хұсайынұлы - психология. Ол 1929 жылы Та什кенттегі Орта Азия мемлекеттік университеттің бітірген. Еңбек жоғын мектепте психология пәнінен сабак беруден бастайды. Орал педагогика институты директорының сырттан оқу жөніндегі орынбасары (1932-37), Қызылпорда педагогика институты директорының ғылыми-оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (1939-48), Абай атындағы қазақ педагогика институтында декан (1950-1955), Өскемен педагогика институтының доценті (1960-62) және Шет тілдер институтының педагогика және психология кафедрасының менгे-рушісі (1962-72) қызметін атқарған.

Темірбеков жоғары оқу орындарына арналған психологиялық оқулықтарының, көптеген ғылыми еңбектерінің авторы.

14-САБАҚ

**АСПАН ДЕНЕЛЕРІНІЦ АТАУЛАРЫНАН
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
(Имена, связанные с названиями небесных тел)

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Орыс тіліндегі мағынасы (Значения в русском языке)
Ай	▲	луна	
Айнұр	▲	Айнұр, ай – луна + нұр – свет, сияние луча	пусть ребенок будет красивым как лунный свет. Присваивается обычно девочкам
... гул	▲	Айгүл, ай – луна + гул – цветок	пусть ребенок будет как лунный цветок. Присваивается обычно девочкам
... жан	▲	Айжан, ай – луна + жан – душа	пусть ребенок будет красивым как луна, луноподобным. Присваивается обычно девочкам
... ғаным	▲	Айғаным, ай – луна + ғаным/ қаным/ ханым – госпожа	предвещает будущее ребенку, чтобы она стала госпожой. Присваивается обычно девочкам
... жамал	▲	Айжамал, ай – луна + жамал – красота, прелесть, миловидность	пусть ребенок будет красивым как луна, Присваивается обычно девочкам
... ғерім	▲	Әйгерім, ай – луна + керим – прекрасный, чудесный, замечательный	пусть ребенок будет прекрасным как луна. Присваивается обычно девочкам


... ман	▲	Айман известная, ясная, славная	пусть ребенок будет ясным как луна
... наш	▲	Айнаш блестящая, как зеркало, красивая	пусть ребенок будет блестящим как зеркало. Присваивается обычно девочкам
... бек	▼	Айбек, ай – луна + бек – крепкий, твердый. Перен. – долгоживущий.	пусть ребенок будет крепким как луна. Присваивается обычно мальчикам
... бар	▼	Айбар – символ, внушительный	пусть ребенок будет смелым, мужественным. Присваивается обычно мальчикам
... бас	▼	Айбас, ай – луна + бас – начало, глава	пусть ребенок будет со светлой головой, умным. Присваивается обычно мальчикам
... бат	▼	Айбат, супровость, грозный вид, смелость	пусть ребенок будет смелым, бесстрашным. Присваивается обычно мальчикам
... бол	▼	Айбол, ай – луна + бол – будь	пусть ребенок будет светлым как луна. Присваивается обычно мальчикам
... болат	▼	Айболат, ай – луна + болат – сталь	пусть ребенок будет как лунная сталь. Присваивается обычно мальчикам
...бын	▼	Айбын, величие, внушительность, смелость, яркость	пусть ребенок будет смелым. Присваивается обычно мальчикам
... фали	▲	Айғали, ай- луна + ар. ғали – высокий, высший	пусть ребенок будет справедливым. Присваивается обычно мальчикам
... дана	▲	Айдана, ай – луна + дана – знающая, мудрая, целомудренная	пусть ребенок будет всезнающим, мудрым. Присваивается обычно девочкам

... дар	▼	Айдар, пучок волос (чуб, хохолок) на голове мальчика.	пусть ребенок будет сильным, крепким. Присваивается обычно мальчикам
...дос	▼	Айдос, ай – луна + дос – друг	пусть ребенок будет верным другом. Присваивается обычно мальчикам
...дын	▼	Айдын 1) величавость, внушительность; 2) яркость, сила, энергия;	пусть ребенок будет сильным, энергичным. Присваивается обычно мальчикам
...жарқын	▲	Айжарқын, ай – луна + жарқын – светлый, лучистый	пусть ребенок будет светлым, ярким, лучезарным. Присваивается обычно девочкам
... жас	▲	Айжас, ай – луна + жас – молодой	пусть ребенок будет как молодой месяц, чистым
...зат	▲	Айзат, ай – луна + зат – от зада – дитя, ребенок	пусть ребенок будет подобным луне
... мұрат	▼	Аймұрат, ай – луна + ар. мұрат – желание, цель	пусть ребенок будет целеустремленным. Присваивается обычно мальчикам
... на	▲	Айна – зеркало	пусть ребенок будет чистым как зеркало. Присваивается обычно девочкам
... темір	▼	Айтемір, ай – луна + темір – железо	пусть ребенок будет крепким как лунное железо. Присваивается обычно мальчикам
... туар	▼	Айтуар, ай – луна + туар – восход	пусть ребенок будет счастливым, жизнерадостным, долгоживущим
... шуақ	▲	Айшуақ, ай – луна + шуақ – солнечный луч, т.е. светлый	пусть ребенок будет как свет луны. Присваивается обычно мальчикам

... толқын	▲	Айтолқын, ай – луна + толқын – волна	пусть ребенок будет как лунная волна. Присваивается обычно девочкам
... шолпан	▲	Айшолпан, ай – луна + шолпан – утренняя звезда	пусть ребенок будет красивым, как Венера. Присваивается обычно девочкам
Толған...	▲	Толғанай: толған– наполненный + ай – луна	пусть ребенок будет как полная луна. Присваивается обычно девочкам
Алтын...	▲	Алтынай, алтын – золото + ай – луна	пусть ребенок будет как золотая луна. Присваивается обычно девочкам
Жарқын...	▲	жарқынай, светлый, лучезарный	пусть ребенок будет жизнерадостным
Күміс...	▲	Күмісай, күміс – серебро + ай – луна	пусть ребенок будет как серебряная луна. присваивается обычно девочкам
Жұлдыз	▲	звезда	пусть ребенок будет как звезда
Жұлдызай	▲	Жұлдыз – звезда + ай – луна	пусть ребенок будет красивым, как звезда и луна. Присваивается обычно девочкам
... хан	▲	Жұлдызхан, жұлдыз – звезда + хан – правитель//ханский, господин	пусть ребенок будет звездным правителем
Шолпан	▲	Шолпан, Венера, утренняя звезда	пусть ребенок будет как Венера. Присваивается обычно девочкам
Таңшолпан	▲	Таң – утро, шолпан – венера. Утренняя звезда	пусть ребенок будет как утренняя звезда. Присваивается обычно девочкам
Айшолпан	▲	Айшолпан, ай – луна + шолпан - утренняя звезда	пусть ребенок будет как лунная звезда. Присваивается обычно девочкам

Күн	▲	солнце	
... ай	▲	Күнай, күн - солнце + ай – луна	пусть ребенок будет как солнце и луна. Присваивается обычно девочкам
... сұлу	▲	Күнсұлу, күн – солнце + сұлу – красивый	пусть ребенок будет красив как солнце. Присваивается обычно девочкам
... жан	▲	Күнжан, күн – солнце + жан – душа	пусть у ребенка душа будет красивой как солнце. Присваивается обычно девочкам
Марс	▼	Марс, название планеты	пусть ребенок будет воинственным ярким как Марс. Присваивается обычно мальчикам

❖ Упражнение 1. Сопоставьте слова с рисунками.



❖ Упражнение 2. Отделите в именах одно слово от другого и переводите используя таблицу.

Образец: ай+нұр

Айнұр, Айгүл, Айжан, Айғаным, Айжамал, Айбек, Айжарқын, Аймұрат, Айтемір, Айтуар, Айтолқын, Толғанай, Алтынай, Күмісай, Айхан, Таңшолпан, Айшолпан, Күнсұлу.

❖ **Упражнение 3.** Переведите вторую половину слов на русский язык.

Лунанұр, Лунабар, Сереброай, Таңвенера, Солнцесұлу, Лунажарқын, Айдуша, Айбудь, Айцветок.

❖ **Упражнение 4.** Найдите русский перевод имени Айман и ознакомьтесь с текстом.

госпожа, красота, прекрасный, известная, блестящая, крепкий, справедливость, внушительный, начало

айман - _____

Шәкен Айманов



Шәкен Айманов 1914 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Шәкен сәби кезінен домбыра ұстал, ән салуға құмартып, үлкендер аузынан өнегелі ертегі, аңыз-әңгімелер тыңдауға жалықпаған. Өлең де шығарған. Ол айтты деген талай өлең-жыр ел аузында әлі жүр.

Шәкен бауырмал, көпшіл, сері мінезді, сауықшыл азамат болып өсken. Мектепте көркемөнерпаздар үйірмесіне белсene қатысып, пьесалардағы рөлдерде ойнай бастайды. Семейдің педагогикалық училищесінде оқып жүргенінде театр өнерімен қатты әуестенеді. 1933 ж. таланттынан үміт күттірген Айманов Қазақ драма театрының құрамына алышынады. Қазақ совет театр өнерінің іргетасын қалаушылар Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Е.Әмірзаков, Қ.Жандарбеков сияқты ағалардан тәлім алады. Қазақ драма театры сахнасында жиырма жыл ойнап, таланттын жетілдіреді. Бұл тұста Ш.Айманов қатардағы актерден КСРО халық әртісі дәрежесіне дейін көтерілді. Ол ойнаған қылыштың қызын рөлдер ондаған саналады: ақын Ақан сері, Қобыланды батыр, опасыз Қодар, сатқын Керім, алпыс айлапалы тапқыр Алдар Көсе, халық көсемі Исатай - бәрі-бәрі де Ш.Айманов таланттының тамаша айғағы. Сонымен қатар У.Шекс-

пирдің "Отелло" трагедиясындағы Кассио мен Отелло, "Асауға тұсай" комедиясындағы Петруччио, А.Островскийдің "Таланттар мен табынушылардағы" Великатор, "Найзагайындағы" Тихон, М.Горькийдің "Шыңырауындағы" Сатин, Н.Погодиннің "Мылтықты адамындағы" Шадрин, Н.Гогольдің "Ревизорындағы" Хлестаков рөлдерін сомдаған.

❖ **Упражнение 5.** Сопоставьте русско-казахские варианты слов в таблице.

Айбат	свет луны
Айдана	утренняя звезда
Айдар	красивая как солнце
Айшуақ	венера
Жұлдыз	смелый
Жұлдызай	сильный, крепкий
Күнсұлу	красивая как солнце
Таңшолпан	звезда
Шолпан	знающая, мудрая

❖ **Упражнение 6.** Отделите мужские имена от женских.

Айнұр, Айбар, Айбек, Айман, Айгерім, Аижамал, Айғаным, Айжан, Айгүл, Айбас, Айбол, Айбын, Айболат, Айфали, Айдана, Айдар, Айдос, Айдын, Айжарқын, Айтуар, Жұлдызай, Толғанай, Шолпан, Таңшолпан, Күнсұлу, Күнай.

❖ **Упражнение 7.** По содержаниям предложений определите о каких небесных телах идет речь.

1. _____ ең жақын орналасқан табиғи жер серігі
2. _____ жер бетіне жарық беретін аспан денесі
3. _____ өте қашық орналасқан галактика
4. _____ күн батарда және таң атарда ғана көрінетін жарық жұлдыз

❖ **Упражнение 8.** Найдите продолжение текста.

Кеше күн жылы болды. Түнде жұлдыздар самсып тұрған. Ай да жарық болатын. Анаң екеуміз жолға шықтық. Жол ұзак, бүтінгі күн кешегідей емес, бұзылайын деді. Анаң түйіншегін шешіп, өзіне де, маган да арнап алып шықкан киімдерді ала бастады. Өзі шапанды киді де ...

Кеше күн жылы болды. Анаң екеуміз базарға бардық. Осы ай күн жылы болатын сияқты, өйткені түнде жұлдыздар жарқырап тұрды. Күн бұзылса, айдың аяғына қарай сұытады деп жүр білгір қариялар. Біз базардан жылы киім сатып алдық. Ініме қыстық киім, өзіне шапан алды ...

маган күртешені ұсынды. Тұс қайта күн жадырап ашылап кетті. Біз ыстықтай бастадық. Таңертеңгілік салқынға пана болған киімдер енді жүк бола бастады.

Упражнение 9. Разгадайте загадки.

Кек жиекті шай табақта
Алтын алма тербеледі,
Кейде бұркер алма жүзін
Ұлпа мақта перделер

(...)

Қонақтап күнде қонар су бетіне,
Сүйсінер барлық адам келбетіне.
Тұлғасы су ішінде көрінеді.
Таңырқап қарап тұрсам суретіне

(...)

Алтын бәкі,
Күміс сәкі,
Қырық қысырық,
Бір сәурік

(..., ..., ..., ...)

Үй үстінде ұсақ тас

(...)

Көп моншақ үй үстінеге қойдым шашып,
Қарасаң толып жатыр көзіңді ашып.
Үйіме сәулеленіп түссе жарық,
Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып

(...)

❖ Упражнение 10. Найдите, какие имена образованы от названий небесных тел.

Айнұр, Айгүл, Асыл, Асық, Арыстан, Барыс, Дәуіт, Гүлім, Гүлжан, Кеңесгүл, Құнай, Құнсұлу, Жазира, Жарқынай, Жұлдыз, Жұлдызхан, Таңжарық, Толғанай, Рауан, Раушан, Райхан, Ләззат, Ләйлә.

❖ Упражнение 11. Переведите и запомните народные приметы.

- Егер жұлдыздар айқын жарық шашса - қатты жел болмаса, жаңбыр болады.
- Жұлдыздар сирек көрінсе, ертеңіне ауа-райы бұзылады.
- Ай шалқайып туса, құн сұытады.
- Ай еңкейіп туса, қыста - жылы, жазда - ыстық болады.
- Құн шығарда аспанда түйдек-түйдек бұлттар жүрсе, ауа-райы өзгереді.
- Құн ұясынан қызыарып шықса - жел болады.
- Құн жарқырап шығып, бұлт астына кіріп кетсе, кешікпей жаңбыр жауады.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Ай

Ай - Жерге ең жақын орналасқан аспан денесі, табиғи Жер серігі. Ол Жерді ұдайы айналып тұрады. Айға дейінгі қашықтық 356 мың қм -ден 406 мың қм - ге дейінгі шамада өлшенеді, өйткені Ай Жерді созылыңқы шенбер - эллипс бойынша айналады.

Ай шары Жер шарынан көп кіші: диаметрі жағынан 4 есе дерлік. Қөлемі жағынан 49 есе кіші. Жер шарынан әрқайсысы Айдың салмағына тең 81 шар жасауға болады.

Жерден жай көзбен қарағанда Ай бетінде қаз қалпынан айнымайтын сұрғылт дақтар әрдайым байқалады. Бұл Ай Жерге ылғи да бір жақ бетімен ғана қарайды деген сөз. Демек, Ай бетіндегі тәулік, яғни Айдың өз осінен айналу уақыты, оның Жер төнірегіндегі айналу уақыты - на 27 1/3 тәулікке тең.

Айдың сыртқы, Жер бетінен көрінейтін бетін тек космостық ұшу аппараттарымен ғана зерттеудің сәті кейін түсті.

Ай өзінен сәуле шығармайды. Бірақ Айдың сәуле шашып түнді жарық ететін себебі, оның бетінен құн сәулесі шағылады. Ай бетінен

шағылған сәулеменің бір бөлігі Жердегі тұнді жарық етеді. Айдың күн сәулесі түскен жарты бөлігі тұтас Жерге бағытталғанда, Ай бізге жарқыраған дәңгелек табақ сияқты болып көрінеді. Мұны толық Ай дейді. Айдың жарық түскен жарты шарының көбінесе Жерден тек белгілі бір бөлігі ғана көрінеді. Мұндайда аспандағы ай орақ, жарты дәңгелек және толық емес дәңгелек түрінде байқалады. Егер ай Күн мен Жердің ара-лығында дәп келгендей болса, Ай бізге мұлдем көрінбей кетсе, онда жаңа Айдың туғаны.

Кейде жаңа Ай туған кезінде Ай Күнді көлегейлейді. Мұндай сәтте Күн тұтылады. Ай толған кезінде Жердің кейде Айға өз көлеңкесін түсіретін сәттері де болады, мұндайда Ай тұтылады.

2. Мәтінді оқыңыз.

Ай нұры

Берік Әбдіеали

Күн кетіп, тұн келді. Аспанда жұлдыздар жарқырап жана бастады.
Жарық нұрын шашып Ай да жанды.

- Ала, Ай бетіндегі белгілер неден пайда болған?
- Махабbat қайғысынан төгілген жастан дейді ғой, балам.
- Қалай, Ай жылайды ма, апа?
- Иә. Айдың қайғылы сыры бар.
- Қандай? Айтшы апа, ол қандай сыр?
- Ертеден келе жатқан Ай туралы аңыз бар. Білгің келсе, тыңда, балам.

Ертеден халық Айдың сырын түсінгісі келген. Айдың сыры "қайғыда" деген ел аузында көптеген аңыздар болған.

Неге Ай қайғылы екен? -деген сұраққа халық ертеден жауап ізде-ген. Мүмкін, тек түнде ғана жаңғанынан болар?

Ай неге жер жүзіне тек түнде ғана сәулесін шашуы керек? -деген сауалдар адам баласына ертеден маза бермеген.

Бәлкім, бұл Алланың Айға жазғаны шығар. Күндіз Күн қасында сөніп тұрганша, түнде көп жұлдыздар арасында жаңып тұр, жердегі ғашықтарға сәулесін төгіп жол көрсетіп жүр дегені шығар?

"Жанамын деп жарыққа ұмтылма - сөнерсің. Жандырамын деп отқа сеірме - өшерсің. Өз әлінді біл, түннің жарығы бол", - дегені шығар Айға Жаратқанның.

Табиғаттың заны болар. Тұн болмаса - Ай да болмас, жұлдыздар да жанбас.

Айттар аңызыым, балам, Ай қайғысының сыры махаббаттан дейді. Бәріне кінелі Гүл дейді.

Мүмкін, гүл емес, тек сол гүлге деген сүйіспеншілік болар. Немесе бар бәле - өз әлін білмеген, бос әурешіліктен шығар.

Кім білсін, әйтеүір күндіз сөніп, тұнде оттай жанған жарық Ай Гүлге ғашық болып, қатты қайғырыпты дейді.

Тағдырына өкініп, шексіз қасіретке шалығыпты.

Ал бар оқиға былай болған дейді, балам:

Ай Гүлге былай депті:

- Тұннің әсемділігі жетпейтін, жұлдыздардыңда, аспанның да сұлулығы жетпейтін, о, Гүлім!

Қанша тұн көрдім Сені, қанша күн күттім Сені, ал Сен маған көніл бөлмедін... Маған арнап гулінді ашпадың...

Күндіз гүлдегенінді көріп, Сенсіз өткен тұндерім туралы талай үнсіз жыладым... Тұнде өзіме орын таптай күнді күтем, - әсем жүзінді қайта көреін деп ...

Сенсіз тұнім тұн болмай, Сенсіз өмірім өмір болмай қасіретке айналды ғой, жаным...

Сені көрмесем іздеймін, Сені көрсем қайғырамын...

Мен сені сүйемін, Гүлім!

Неге Сен үндемейсің? Неге маған көніл бөлмейсің? Неге гүлінді ашпайсың? Айтшы, жаным, менің кінәм неде?

Сонда Айға Гүл былай деп жауап беріпті:

- О, Айым! Сенің сәулеңе ештеңе жетпес бұл дүниеде. Мен сені қатты сыйлаймын.

Бірақ сен де мені түсінші - менің өз сүйіктім бар. Тұнімен соны күтіп, таң атысымен қарсы алып, сонымен өмір сүремін.

Сені ғұмыр бойы сыйлап өтермін, бірақ кешір, - менің махаббатым, менің өмірім - ол Күн!

Оған Ай былай депті:

- Күн саған арнап ешқашан назарын бөлмейді ғой ... Саған мен сияқты ешқашан көнілін білдірмейді ғой?

Ол сені сүймейді ғой... Мендей болып күймейді ғой, жаным?...

Сонда Гүл айттыпты:

- Сен Күн емессің... Кешір, сенің сәулең оята алмас менің жүрегімді ...

Ал махабbat дегеніміз тек сөз ғана емес қой. Махабbat - Күн. Жарық. Өмір. Ол дегеніміз, - Күннің арқасында менің гүлімнің ашылуы, жұпар иісімнің таралуы.

Менің Күнсіз өмірім жоқ.

Мейлі, Ол мені сүймесін... Маған көніл бөлмесін...

Мейлі, Ол басқаны сүйсін... Мейлі, менің сезімім жауапсыз қалсын...

Мейлі...

Тілерім тек: Ол ешқашан сөнбесін... Мен тек Оны әрқашан көрсем, жылыштырып сөзім, аман екендігін білсем болды...

Онсыз менің күнім жоқ...

Сен кешір мені, қымбатты Айым, бұл менің табиғатым...

Айдың сонда айтқаны:

- Жаным! ... Гүлім!...

Аяулы махаббатым! ...

Көптің арасында жүрсем де жалғызбын мен Сенсіз бұл дүниеде...
 Өтер енді Сенсіз жалғыздықта күнім, жалғыздықта енді бітер түнім...
 Бірақ... бұл дүниеде Сені шын жүректен сүйеттін, Саған тек бақыт тілейтін жан бар екенін ұмытпашы, аяулым... Мендей Сені ешкім, сірә, сүйген емес, сүйе де алмас...

Кешір мені, қош бол ... Сүйіктім...
 Содан Ай: "О, тәнірім, Күндей қуат бермесен, жұлдыз қылып мені неге жаратпадың? - сүйіктімнің аяғына ағып түсер едім..." - деп, жауапсыз махаббат қайғысынан үнсіз, үзақ жылапты, - дейді бұл аңыз, балам...
 Өмірде әлі көпті көрмеген, сезбеген, әлі көпті түсінбеген жас бала да терең ойға батып, үнсіз қалды, Ай жүзіне қарап...
 Қараңғы түнде Ай жаңып тұр еді.
 Қайғыдан.

3. Мәтінді оқыңыз.

Күн - күн жүйесінің орталық деңесі, жерге ең жақын жұлдыз. Күн спектрлік класы G2V, жұлдыздық шамасы $+4,83$ сары ергежейлі жұлдызы. Ол біздің Галактика центрінен $9\cdot10^{10}$ кр қашықтықта орналасқан. Жақын жұлдыздармен салыстырғанда күн $1,97 \cdot 10^{10} / 4$ м/с жылдамдықпен Геркулес шоқжұлдызы бағытында қозғалады. Жерден күнге дейінгі орташа қашықтық $1,496 \cdot 10^{11}$ күн ішінде өндірілетін қуаттың орташа мөлшери $1,88 \cdot 10^{40} / 4$ Вт/кг. Күннен Жер орбитасы бірде альстап, бірде жақындауына байланысты күннің көрінерлік радиусы жыл бойы өзгеріп отырады.

Күнде өте кең тараған элемент - сутек. Оның атомдарының санынан гелий атомдарының саны 7-8 есе аз, ал қалған өзге элементтерінің саны сутек атомдары санынан 1000 есе аз. Күн құрамындағы басқа элементтерге қарағанда оттек, көміртек, азот, магний, кремний, темір басымырақ. Күннің сәулесі түгелдей дерлік күн атмосферасының төмөнгі бөлігінен шығады, оны фотосфера деп атайды. Қалыңдығы 100-300 км.

4. Мәтінді оқыңыз.

Күн болсан,
 Күндей бола біл.
 Ай болсан,
 Айдай тола біл.

Еткен күнді қуып жетпессің.

Күн жауса тоңдымы ұрап.

Ескі айда есірке,
 Жаңа айда жарылқа

5. Өлеңді оқыңыз.

ЖУЛДЫЗЫМ

**Сөзі: Ұл.Сапарбаевтікі,
әні: С.Сапарәлиевтікі**

Құйылып көзіңнен нұр,
Ерекше сезіммен бір.
Тұңжырап қара менін,
Сен маған қарап едін.

Қайырмасы:

Жұлдызым,
Жүзіне құлқі үйірген,
Арайлы қірпігінен,
Бір ұшқын шашып еттін,
Сейттіңде ғашық еттің.
Осынау жас шағымда,
Айым бол аспанымда
Сырынды жанға ашпаған,
Сыйладың алғаш маған.

Қайырмасы.

Ешкімге оқылмаған,
Жүректе лапылдаған.
Махаббат қуат күші,
Сен ғана сияқтысын.

6. Мәтінді оқыңыз.

Жұлдыз - ете күшті қызған газдан тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан қунгे үксас аспан денелері. Қун жерге жақын болғандықтан ғана үлкен болып көрінеді. Жарық күннен жерге дейінгі аралықты 8 1/3 мин, ал ең жақын Центаврдағы а жұлдызына дейінгі аралықты 4 жыл 3 айда жүріп өтеді. Жұлдыздар жерден өте қашық орналасқандықтан, телескоппен қараганның өзінде де нүктедей ғана болып көрінеді. Айсыз түнде жай көзбен қараганда 5 мыңға жуық жұлдызы, ал күшті телескоп арқылы миллиардтаған жұлдызды көруге болады. Ерте заманның өзінде-ақ адамдар жұлдызды аспанды шоқжұлдыздарға бөлген. Қазіргі кезде 88 шоқжұлдыз бар. Көп уақытқа дейін жұлдыздар орнынан қозғалмайды деп есептелген.

Аристотель заманынан бастап, көп ғасырлар бойы, жұлдызды аспан мәнгілік және өзгермейтін хрусталь сфера тәрізді, оның сыртында

құдайлар өмір сүреді деп жорамалданды. 16 ғасырдың сонында Дж. Бруно жүлдyzдар да күн сияқты аспан дәнелері деген пікір айтты. 1596 жылы алғаш рет айнымалы жүлдyz, ал 1650 жылы алғаш рет қос айнымалы жүлдyz ашылды. 18-ғасырдың ортасында және 2-жартысында М.В.Ломоносов, И.Кант, ағылшын астрономдары Т.Райт, В.Гершель құрамына Күн енетін жүлдyzдар бар екендігі жайлы дұрыс пікір айтты.

7. Мәтінді оқыңыз.

Шолпан - күн жүйесінің күннен ара қашықтығы бойынша екінші планетасы. Жердің Күн жақтағы жақын көршісі. Оның күннен орташа ара қашықтығы 108 млн. км. сидерлік айналу периоды 224 тәулік 16 сағат 49 минут 8 секунд. Жерден қараған бақылаушыға Шолпанның күннен бұрыштық қашықтығы 48° -тен аспайды. Сондықтан ол күн батқаннан кейін не күн шығудың алдында аз уақыт көрініп тұрады. Шолпан аспандарғы ең жарық тарауының максимумы 4,4-жүлдyzдық шамаға дейін жетеді. Шолпанның фазаларын көру қабілеті ерекше жақсы адамдар жай көзбен де байқай алады. Тәменгі тоғысуы кезінде шолпанның бұрыштық диаметрі 64° -қа жетеді. Жер бетінде жүргізілген радиолокациялық бақылаулардың нәтижесі бойынша Шолпанның орташа радиусы 6050 0,5 км. Шолпанның температурасы оның бетіне жақындаған сайын арта түсетеңдігін Шолпанның тәменгі атмосферасында алғаш рет советтік "Венера - 4" автоматтық планетааралық станциясында тікелей жүргізілген өлшеулер көрсетті.

15-САБАҚ

**ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСТА АТАУЛАРДАН
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, связанные с явлениями
общественной жизни)**

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Орыс тіліндегі мағынасы (Значение в русском языке)
Әкім	▼	аким ар. хаким – мудрый, гений, умный	пусть будет умным руководителем, мудрым правителем
...бай	▼	богатый	
...бек	▼	великий	
...жан	▼	душа	
...нұр	▼	свет, луч	
...тай	▼	стригун, стригунок	
...хан	▼	хан	
Бейбіт	▼ ▲	мир, мирный	это имя появилось после войны: пусть будет мир на земле
... жан	▼	душа	
Галым	▼	ученый, знаток	пусть ребенок станет образованным, ученым, когда вырастет
... жан	▼	душа	
... бек	▼	великий	
Женіс	▼ ▲	победа, завоевание	в честь Победы над фашистами в Великой Отечественной войне
... күл	▲	цветок	
... хан	▼	хан	
... бек	▼	великий	
Кенес	▼	совет, совещание	одно из новых имен, присвоенных во время правления советской власти
... бек	▼	великий	
... күл	▲	цветок	
Космос	▼	космос	имя связано с первым полетом человека в космос
... бек	▼	великий	
Ким	▼	Ким	аббревиатура от словосочетания Коммунистический интернационал молодежи
Сайлау	▼	выборы	
... күл	▲	цветок	
... бек	▲	великий	
... бай	▲	богатый	имя присваивается ребенку, родившемуся во время выборов

Совет	▼	совет	присваивались новорожденным в первые годы Советской власти
... күл	▲	цветок	
... бек	▼	великий	
... жан	▼	душа	
... қан	▲	хан	пусть будет султаном своего народа
Сұлтан	▼	султан	
... бек	▼	великий	
... хан	▼	хан	
... мұрат	▼	цель, желание	
Социал	▼	социал	сокращенная форма от слов социализм, социалистический

❖ Упражнение 1. Найдите соответствующие смыслу имена.

Орысша түсініктемесі	Қазақша атауы
пусть будет султаном своего народа	Сайлау
одно из новых имен, присвоенных во время правления советской власти	Галым
в честь Победы над фашистами в Великой Отечественной войне	Әкім
имя присваивается ребенку, родившемуся во время выборов	Сұлтан
это имя появилось после войны: пусть будет мир на земле	Женіс
благопожелание - пусть ребенок станет образованным, ученым, когда вырастет	Бейбіт
пусть будет умным руководителем, мудрым правителем	Кенес

❖ Упражнение 2. О каком понятии идет речь.

тыныш әмір болсын деген ниетте берілген есім	Космос Сұлтан Әкім Бейбіт Женіс
ғалым болсын деген ниетте берілетін есім	
ел билейтін әзамат болсын деген ниетте қойылатын есім	
соғыс жылдарынан кейін қойылған есім	
адамзат алғаш космосқа үшқан кезден бастап қойылған есім	

❖ **Упражнение 3.** Найдите имена, связанные с жизнью общества.

Алдар, Басқан, Берген, Сайлау, Сақтаған, Сөгіз, Совет, Фалым, Әкім, Сұлтан, Социал, Женіс, Бейбіт, Қырық, Кенес, Космос, Көбей, Жайна, Жүрсін, Тоқтар, Тілеген, Тұрсын.

❖ **Упражнение 4.** Ознакомьтесь с текстом

Сайлау жүйесі жайында

39-бап. Сайлау жүйесі

1. Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 6 қарашадағы № 285-І Конституциялық заңымен алғыншыл тасталды.

2) мыналар:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) елу процентінен астамының дауысын алған;

- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

- Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 545-І ҚРЗ Конституциялық заңымен алғыншыл тасталды.

1-1. Саяси партиялардан Парламент Мәжілісінің депутаттары біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдермен сайланады.

2. Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

3. Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 6 мамырдағы № 375-І Конституциялық заңымен алғыншыл тасталды.

2) басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген кандидаттар сайланған болып саналады.

❖ Упражнение 5. Сгруппируйте имена по столбикам.

Айнұр, Айбек, Айбол, Айболат, Алдаберген, Байбол, Бақкелді, Бақберген, Байболсын, Сайлау, Совет, Фалым, Әкім, Сұлтан, Сұлтанмұрат, Социал, Жангелді, Жарқынай, Женіс, Жұлдызай, Бейбіт, Кеңес, Космос, Құмісай, Құнай, Құнсұлу, Шолпан, Таңшолпан, Толғанай, Таңатар, Тәңірберген, Ұлтуған, Ұлболсын.

Аспан денелерінің атауларынан жасалған есімдер	Қоғам өміріне қатысты атаулардан жасалған есімдер	Сөздердің тіркесі арқылы жасалған кісі есімдері

❖ Упражнение 6. Ознакомьтесь с текстом.

Әкім Тарази



Әкім Тарази 1933 жылы Алматы қаласында туған. Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтты, Мәскеудегі сценаристердің жоғары курсын бітірген. Еңбек жолын Жамбыл облысы, Шу ауданы Әуезов атындағы мектепте мүғалім болудан бастаған. Республика газет-журналдарында "Қазақфильм" киностудиясында бас редактор. Қазақстан кинематография одағында хатшы болып қызмет істеді. КСРО, Қазақстан Республикасы жазушылар одағына мүшесі. Ә. Тарази "Атаман-атаман", "Қарашибаш-қарашибаш" фильмдерінің сценарий авторы. "Жолы болғыш жігіт", "Өлмейтін", "Жақ-

сы адам" пьесалары, "Тас жарған", "Үлкен ауыл" роман-повестері жоғары деңгейдегі шығармалар.

Қазіргі кезде Ә. Тарази Жұргенов атындағы өнер академиясында профессор, белгілі қоғам қайраткері. "Құрмет белгісі" орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан жазушылар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасына еңбекі сіңген қоғам қайраткері.

❖ Упражнение 7. Объясните значение пословиц.

<p>Өзге елде сұлтан болғанша, Өз елінде үлтан бол.</p>	<p>Жақсының аты өлмейді, Фалымның хаты өлмейді.</p>
--	---

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

"Колхозшы Махамбет"

Ертеректе Ісмет Кеңесбаев ҚазМУ-дағы мемлекеттік емтиханға тेңрек болып қатысады. Сырттай оқушылар әдебиеттен емтихан тапсырып жатса керек. Бір студентке батырлар жыры жайындағы билет келіп, ол жарытып ештеңе айта алмапты. Өзі ересек, ауылдық мектептің мұғалімі болса керек. Студентті жетектейін деп Ісекен:

- Махамбетті білесің бе, соның бірер өлеңін жатқа айтшы, - деп қосымша сұрақ қойыпты. Сонда студент жұлып алғандай:

- Махамбет дейсіз бе, оны жақсы білемін, ол біздің колхоздың есепшісі ғой. Ал оның өлең шығарғанын естігенім жоқ, аздал домбыра тартатыны бар, - депті. Оған комиссия мүшелері құліп алған соң, Ісекен тағы да студент білімін байқайын деп, сол жерде отырғандарды атап:

- Мәулен батырды білесің бе? - десе: "Білем, білем", - дейтін көрінеді. "Есмағамбет батырды білесің бе?" - десе де: "Білем", - деп жауап беріпті.

2. Мәтінді оқыңыз.

- Мен сайлау күні туылғандықтан, есімімді Сайлау деп қойған.
- Қызық еken, сайлау күні сен үшін ерекше күн болар.
- Эрине, әсіресе біреулермен танысқанда бірден "сен сайлау күні туылдың ба?" - деп сұрайды.
- Мен президент сайлауы, депутаттар сайлауы өмірде маңызды құндердің бірі деп есептеймін.

- Неге?
- Себебі, Республикамыздың тағдыры сол аға-апаларымыздың қолында емес пе?
- Дұрыс айтасың.

3. Мәтінді оқыңыз.

Куаныш Сұлтанов



Менің ауылым - ауаның тазасы, таудың сағасы, судың тұнығындағы Жаркент өңірінің Еңбекші деген жері. 1945 жылы 9 мамыр күні бүкіл ел қуанып, бір-бірінен сүйінші сұрап, соғыс біткен күнді тойлап жатқанда, Жеңіс қунінен 3 күн еткен соң дуниеге келген екенмін. Әкем соғыстан жаралы болып қайтып келген жылдар екен, көтпен күткен Жеңіс қунінен, әрі ұл тұғанына қуанып: "Ел қуанып жатыр - Куаныш болсын!" деп атымды ырымдап осылай қойыпты.

Біздің әулетіміздің ата-көсібі - ұсталық өнер. Аталарымыз ұсталақтың екі түрімен айналысқан екен: бірі - қара темір балқытатын ұсталар, екіншілері - құмістен әшекей жасайтын зергерлер. Негізінен, 12 атадан бері ұсталар үрпағы болып саналамыз. Ұсталар - оқшау, еркін тірлікті кесіп еткен. Ешкімге жалданбаған, малын бақ-паған, ешкімге тәуелді болмаған. Мұса деген атамыздың Сұлтан, Дәуken, Нұрым, Уәли, Дәулетбек деген ұлдары болған. Ең ұлкені - Сұлтан. Атамыз кезінде балаларын оқытып көріп, олардың қайсының оқуға икемі барын зерделеген. Бір күні оқудағы тәрт ұлын шақырып алып: "Сұлтан оқиды, ал Дәуken ұсталықпен айналыса-сың" деп қолына балға мен балта ұстараткан деседі. Әкемнің Нұрым, Уәли деген екі інісі соғыста із-түзсіз жоғалып кетті. Дәуken деген інісі аман-есен елге оралып, өмірінің соңына дейін ұста дүкенін ұстады. Әкем ерте, менің 12 жасында қайтыс болды. Шешем Шәрбану бес баланы өзі тәрбиелеп шықты. Үш ұл, екі қызды өсіріп, ел қата-рына қосты. Өкінішке қарай, екі бауырымның біреуі инфарктен 49 жасында, екіншісі 29 жасында апаттан кетті. Қазір бір әпкем мен бір қарындастым бар. Екеуі де балалы-шагалы.

4. Мәтінді оқыңыз.

Сұлтан аз-Захир Бейбарыс деген кім?

Арабтың "мамлюқ" деген сөзінің көп мағынасының бірі-ақ құлдар. Ал осы мамлютердің бір тобы қазіргі қазақ сахарасы мен

Еділ, Жайық, Қара теңіз бойында монгол шапқыншыларымен болған қырғын соғыс кезінде тұтқынға алынған қыпшақтар болған. И. М. Фильшинский зерттеулеріне қарағанда, монголдар өзгелермен бірге қыпшақтарды да шетелдік көпестерге, әсіресе италиялық саудагерлерге сатып отырған. Ал олар мұндай өтімді, "тауарды" Жерорта теңізінің арғы жағалауындағы Мысыр еліне апарып, артық бағамен қайта сататын болған. Тұтқындар ішінен қыпшақтардың батырлығына, ер жүректілігіне, тәзімділігіне, шыдамдылығына қызықкан Мысыр сұлтандары оларды әскери қызметке тартқан, сарай жасақтары еткен. Біртіндеп жоғары әскери қолбасшы мәртебесіне қолы жеткен қыпшақтар жұрты қолдамаған сұлтандарды тақтан оп-оңай-ақ тайдырып отырған. Мысырлық қыпшақтардың салтанат құруы, әсіресе, XIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мысалы, 1250-57 жылдары Египетті түркінің баҳрлықтар деп аталған Айбек бастаған қауымы билеген. Олардың баҳралықтар деп аталуына себеп болған жайт қыпшақтардың әскери казармаларының Ніл өзені ортасындағы аралда болғандығынан еді. Сондықтан да олар "баҳрлықтар", яғни "аралдықтар" деп атальп кеткен.

Мемлекет билігі қолдарына тиғеннен кейін қыпшақтар күрдтер әулетінен аластаған. Сөйтіп, олар Египетті ұзақ уақыт билеген. Олардың басын біріктіріп, жеңістерге жетелеген, күні бүгінге дейін аты халық аузында аңыз бол қалған қыпшақ текті сұлтан аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс болған.

5. Мәтінді оқыңыз.

Сартаев Сұлтан Сартайұлы

С.Сартаев 1927 жылдың 15 қазанында дүниеге келген. Ол заңғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбекі сіңген ғылым қайраткері, құқықтану және халықаралық қатынас институтының ректоры, жергілікті халықтар мен этникалық жетіспеушілік Қазақ халықаралық қорының президенті, Қазақстан заңгерлер Ассоциациясының вице-президенті.

1962 жылы Сұлтан Сартаев ауыл мектебін бітірген түлектер ана тілінде білім алу үшін, заң факультетінде қазақ білімін ашу үшін бар құшін салған. Бұрыш газеттерінің баспасы қазақ тілінде шығу үшін, жетімдер үйінде тәрбиеленген студенттерді стипендия мен жатақханалармен қамтамасыз етуде зор үлесін қосқан.

Академик Сартаев- шығармашылық туындыларын туған жеріне арнап жазған. Оның өлеңдерін оқи отырып туған жерге, ана тілге деген маҳаббатты айқын көруге болады.

С.Сартаев Қазақстан мемлекеттігі мен тәуелсіздігін қалыптастыруда және тәуелсіздіктің ғылыми-теориялық негізін салуда қосқан үлесі орасан зор. Ол Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация жобасының негізін салушыларының бірі. 1995 жылы академик С.Сартаев Қазақстанның негізгі зандарын жасауда белсенділік танытқан. Оның ұсынысы бойынша Қазақстан жері, ұлттық рәміздер туралы атапынызға бірталай өзгерістер енгізілген. С.Сартаев - 500-ден аса ғылыми еңбектің авторы.

16-САБАҚ**ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ҚАЗАҚ (ТҮРІК) ЕСІМДЕРІ
(Казахские (туркские) имена в русском языке)**

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Орыс тіліндеғі қазақ (түрік) есімдері (Казахские (туркские) имена в русском языке)
Булгаков	▼	бұлға 1. махать, перемешать, взбалтывать 2. мутить 3. качать, биться	фамилия Булгаков является довольно старой и широко распространенной, но на русской исторической арене она появилась позже фамилии Куракиных, хотя носитель прозвища Булгак, потомок Патрикия, князя Звенигородского, внука Гедимины, ведущего свою родословную от Владимира Святого, был родоначальником двух княжеских родов – Голицыных и Куракиных
Сабуров	▼	сабыр 1. терпение, выдержка 2. слякоть, вязкий	фамилия Сабуров «происходит от выехавшего в 6838 1330 году к великому князю Иоанну Даниловичу из Орды князя Четы, а по крещении названного Захарием. У него был правнук Федор Иванов сын Сабур, коего потомки Сабуровы служили Российскому престолу ...»
Шигельдиев	▼	шенгел 1. горсть, пятерня (сильная рука) 2. лапа, когти (хищной птицы) 3. чингиль (колоющий тростник)	к великому князю Иоанну Даниловичу Московскому Калите выехал из Орды Аливтей Шигельдеев сын Мансуров, а по крещении имя ему наречено Борис; коего потомки в 7021/1513-м и других годах Российскому престолу служили в

			постельничих, воеводами по Москве, наместниками, послами в Царьград и Литву, стольниками и стряпчими и жалованы были поместьями
Ханыков	▼	қанық – насыщенный	фамилия Ханыковых происходит от выехавшего в Россию к великому князю Олегу Рязанскому из Большой Орды мужа честна именем Салахмира, а по крещении названного Иваном. Великий князь выдал за него в супружество сестру свою родную княжну Настасью и пожаловал ему вотчину. У сего Ивана был правнук Тимофей Константинов, прозванный Ханык, коего потомки Ханыковы Российской престолу служили стольниками и в иных чинах, жалованы были от государей в 7114/1606 и других годах поместьями и чинами
Тутолмин	▼	тұт - схватить, поймать, держать, хранить, огородить	в родословной Тутолминых нет прямых указаний о том, что фамилия эта ведет свое начало от какого – либо выходца из Золотой Орды. В родословной имеется только указание на то, что «фамилии Тутолминых многие Российской престолу служили стольниками, воеводами и в иных знатных чинах и жалованы были от государей в 7078/1570 – м и других годах поместьями»
Казнаков	▼	қазына – сокровище, сокровищница.	род Казнаковых начало свое воспринял от выехавшего в Россию из Золотой Орды Василия Казнаковича, коего потомки Казнаковы служили Российской престолу стольниками и в иных чинах и жалованы были от государей в 7118/1610 и других годах поместьями

Ушаков	▼	ұсақ 1. мелкий 2. малый, невысокого роста; 3. перен. мелочный человек 4. молодой, мальчик, ребенок	фамилия Ушаковых представлена в Гербовнике несколькими родами, из которых, судя по общим геральдическим признакам – изображению дуба и оперенных стрел, большинство являются родственными и только один род Ушаковых, более поздний, не связан родством с предыдущими
Салтыков	▼	салтық хромой, прихрамывающий	род графов Салтыковых «произошел из древней российской благородной фамилии Салтыковых. Начальника сего рода Михайла Салтыка сын Андрей Салтыков в 1508 году при великом князе Василье Ивановиче жалован был оружейничим. Равным образом и прочие потомки помянутого Михайла Салтыка многие служили Российскому престолу в разных знаменитых чинах. Сего же рода Параскевия Федоровна Салтыкова была в супружестве за царем Иоанном Алексеевичем»
Нарышкин	▼	нар 1. одногорбый верблюд 2. дромадер	родословная Нарышкиных противоречива: по одним источникам, род этот происходит из Германии, по другим – из Крыма. В краткой родословной справке, помещенной в Общем гербовнике, отмечается: Род Нарышкиных, как удостоверяют некоторые иностранные писатели, происходит из Богемии от фамилии Нарисци, которая в древние времена имела во владении город Егру, состоящий в Германии на границах Богемии. В справке же Разрядного архива и в

			истории Российской показано, что в 6971/1463 году к великому князю Ивану Васильевичу выехал из Крыма Нарышко и был при великом князе окольничим. Потомки его Нарышкины, находясь в российской службе наместниками, воеводами и в иных знатнейших чинах, жалованы были от государей вотчинами и в иных знатнейших чинах и другими почестями и знаками монарших милостей
Аргамаков	▼	арғымақ – рослая и дорогая азиатская лошадь под – верх	фамилия Аргамаковых также относится к поздним фамилиям, появившимся на исторической арене в 7135/1627 г., о чем в краткой родословной Аргамаковых сказано, что из Аргамаковых «многие служили Российскому престолу разные дворянские службы и жалованы были от государей в 7135/1627-м и других годах поместьями ...»
Чубаров	▼	шұбар конопатый, чубарый, рябой, конопатый	– фамилия Чубаровых многие служили Российскому престолу стольниками и в иных чинах жалованы были от государей в 7086/1578 и других годах поместьями
Архаров	▼	арқар – архар, дикая овца, баран	из родословной фамилии Архаровых известна только дата первых пожалований от государей поместий и чинов, которая определяется 7125/1617 г.
Азанчеев	▼	азан – утро, раннее утро, благовест	фамилия Азанчеевых принадлежит выходцам из татар, поступившим на службу к русскому двору в 50-х годах XVII в., когда Азанчеевы были «жалованы от государей в 7165/1657 и других годах поместьями»
Шамин	▼	шам – лампа, светильник.	фамилия Шамин датируется Гербовником 1741 г.

Шерапов	▼	шарап – 1. напиток 2. вино	фамилия Шерапов относится к серии фамилии гренадеров, жалованных императрицей Елизаветой Петровной в 1741 г. в дворянское достоинство
Булатов	▼	болат – 1. сорт стали, стальной клинок, сталь; 2. крепкий	туркская по происхождению фамилия Булатов датируется в Гербовнике 1741 г.
Аксаков	▼	ақсақ – хромой	предок рода Аксаковых, - как отмечается в родословной, - Шимон Африканович, а по крещении названный Симоном, выехал в 6535/1027 году к великому князю Ярославу Владимировичу в Киев из Варяжской земли и с ним людей его владимировичу в Киев из Варяжской земли и с ним людей его три тысячи человек. У сего Симона были правнуки Федор Васильевич Воронец и Юрий Васильевич Грунька, который имел внука Вельямина Андреевича. От Федора Воронца пошли Воронцовы, а от Вельямина – Вельяминовы. У сего Вельямина Андреевича был внук Иван Федорович Аксак. Потомки сего рода Аксаковы Российскому престолу служили...
Караулов	▼	қарауыл – стража, караул, часовой в военное время	предок рода Карауловых Ямгурчай Караул, а по крещении названный Симеоном, в 6888/1480 году выехал в Россию из Золотой Орды. Сын сего Симеона Иван Караулов в 7032/1524 году при великом князе Василии Иоанновиче служил наместником
Бекетов	▼	бекет – 1. пост 2. станция	фамилия Бекетовых многие Российской престолу служили дворянские службы в разных чинах и жалованы были от государей в 7129/1621 и других годах поместьями

❖ Упражнение 1. Найдите казахские имена на русском языке.

Булгаков, Болғанбаев, Сағындықов, Сабуров, Сауранбаев, Салтыков, Шенгелдиев, Шигельдив, Халықова, Ханыков, Тоқтарбаев, Тутолмин, Қожахметов, Казнаков, Ушаков.

❖ Упражнение 2. Выучите наизусть куплеты.

Сокровище - қазына
Кокетство - базына
Мелкий - ұсақ
Самолет - ұшақ

Бұлғау - махать
Жырту - пахать
Утро - азан
Октябрь - қазан

❖ Упражнение 3. Найдите русский перевод казахских имен на русском языке.

Арамаков	мелкий
Азанчеев	терпение
Булгаков	махать
Булатов	лошадь
Бекетов	утро
Сабуров	стража
Салтыков	сталь
Караулов	пост
Ушаков	традиция

❖ Упражнение 4. Какие слова встречаются как имена на русском языке.

Ара, арғымақ, арқар, бата, бұлға, сары, сабыр, тәнір, тұт, қазына, қызанақ, ұсақ, ұшақ, бала, баға, шам, болат, темір, қарауыл, батыр.

❖ Упражнение 5. В предложениях найдите слова, которые встречаются в русских именах.

Ол өзеннің арғы бетінен маған қолын бүлғады. Сабыр түбі сары алтын. Шенгел шөллейт жерде өсетін өсімдік. Мен оған қонақ болдым. Халық қазынасы асыл сөз. Қалтамда ұсақ ақша болмай тұр. Нар жолында жүк қалмас. Арғымақ мінген жігіттер. Болаттай берік ағалар.

17-САБАҚ

АРАБ-ПАРСЫ ТІЛІНЕН ЕНГЕҢ ЕСІМДЕР
(Имена арабо-персидского происхождения)

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Мағынасы (Значение)	Танымал тұлғалар (Знаменитые люди)
Ахмет	▼	Ахмет, ар. – мақтаулы, мақтауга лайық	Ахмет Байтурсынов – казахский общественный деятель, ученый, лингвист, литературовед, тюрколог, переводчик
Әлия	▲	Әлия, ар. – 1) құны, бағасы артық, биік, жоғары; 2) қымбатты, сүйікті; 3) мәртебелі, көрікті қыз	Алия Молдагулова – Герой Советского Союза
Әмина	▲	Әмина, ар. – 1) адаптация, сенімді; 2) зиянсыз, сәтті, иглілікті	Амина Умирзакова – актриса
Динара	▲	Динара, ар. – алтын тыын, ақша	Динара Кырықбаева – молодая певица
Бақтияр	▼	Бақтияр, ир. бақытты, құтты	Бактияр Артаев – Олимпийский чемпион по боксу
Ғазиза	▲	Ғазиза, ар. – 1) құшті, қуатты; 2) сирек, бағалы; 3) сүйімді, қадірлі	Ғазиза Жубанова – композитор
Жәмилә	▲	Жәмила, ар. жамил 1) әдемі, тамаша, көркем сұлу; 2) сүйімді, ажарлы	Жамиля Серкебаева – скрипачка
Иса	▼	Иса, ар. құдай сыйы, құдай құтқарады	Иса Байзаков – поэт, певец, композитор

Салтанат	▲	Салтанат, ар. – 1) сұлтандық, патшалық; 2) мақтаныш, абырай, тәқаппарлық, байлық; 3) өсемдік, асқан әдемілік, сән-салтанат	Ерболатова Салтанат Темирбековна – врач, акушер-гинеколог
Сәбит	▼	Сәбит, ар. мықты, тұрақты, табанды, адал	Сабит Муканов – писатель, академик АН Казахстана
Мұхтар	▼	Мұхтар, ар. – таңдаулы, іріктеули	Мұхтар Ауэзов – великий писатель, академик АН Казахстана
Мәншүк	▲	Мәншүк, ар. – атақты, белгілі, даңқты	Маншук Маметова – Герой Советского Союза
Фариза	▲	Фариза, ар. – міндет, борыш	Фариза Онгарсынова – поэт
Фатима	▲	Фатима, ар. – емшек сүтінен айырган қыз, ер жетіп, есken қыз	—
Фаузия	▲	Фаузия, ар. – 1) женүші, женімпаз; 2) салтанат	Фаузия Оразбаева – лингвист
Хадиша	▲	Хадиша, ар. – шала тұған қызы	Хадиша Бокеева – народная артистка Казахстана

❖ Упражнение 1. Найдите имена, заимствованные с арабо-персидских языков.

Аққу, Аюбай, Арыстан, Элия, Бұлбұл, Бүркіт, Бота, Динара, Мәншүк, Мұхтар, Салтанат, Сәбит, Сәүле, Қарлығаш, Хадиша, Фаузия, Фариза, Қойшыбай, Қасқырбай, Мамыр, Маусым.

❖ Упражнение 2. Ознакомьтесь с текстом.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы 28.(15).1.1873 жылы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытубек ауылында дүниеге



ге келіп, 8.12.1938 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Ата-тегі: Аманжол - Шақшақ - Көмей - Қалқаман - Байсейіт - Үмбетбай - Арапбай

- Таңбай - Шошақ - Байтұрсын. Әкесі мен туыстарының Ресей әкіметі тарапынан жапа шегуі Ахметке азаттық жолындағы күреске түсүіне ой салды. Ахметті Ерғазы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895 жылдан 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде менгеруші қызметін атқарады.

1905 жылы саяси қызмет жолына түседі. 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылады. 1910 жылы Орынборда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрады. Осы қалада 1913-18 жылдары сенімді достары Ә.Бекейханов, М.Дулатовпен бірігіп, тұнғыш жалпы ұлттық "Қазақ" газетін шығарып тұрды. Бүкіл қазақ жүрті "Қазақты" оқып, оны мен солын тани бастады. А.Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, тарихи құбылыстың ортасында жүрді, оларға тікелей арапасып, "Қазақ" газеті арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облыстық бөлімінің мүшесі болды. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді тұрде арапасты. Тұтас буының төл басы болған алғашқы кітабы - "Қырық мысал", 1909 жылы жарық көрді. 1911 жылы өлеңдері "Маса" деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Оның "Әдебиет танытқыш" деген зерттеуі (1926) қазақ тілінде тұнғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Сондай-ақ, ол - әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерінің жинағын зерттеуші

ғалым. Көркемдігі айрықша "Ер Сайын" жыры мен қазақ тарихының төрт жүз жылдың қамтитын "23 жоқтау" жинағын кітап етіп шығарды. Сонымен қатар, үш бөлімнен тұратын "Тіл - құрал" - қазақ тілінің тұнғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. "Тіл - құрал" - қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Ол тұнғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды.

❖ **Упражнение 3.** Прочтите стихотворение и найдите имена людей.

Арызым бар, табиғат!

Реквием

Арызым бар, Табиғат, айтар менің;
Нар ұлдарын еліме қайтар менің...
Қайтар менің еліме нар ұлдарын -
Қайтар қайталанбайтын дарындарын!

Көңілі толмай біздерге әлдеқалай,
Халық көшін жетелер өрге қарай
Біртуарлар - о баста шыққан бөлек;
Абай керек, еліме Мұхтар керек!...

Үмітінді бір жола үз де, мейлің
Тауын кезіп, тереңін сүзген ойдың;
Іздемеймін қалайша Шоқанды мен,
Қанышты мен қалайша іздемеймін...

Жүректерді тілгілер жасын болып,
Кетер ме еді тағы бір Қасым келіп.
Арызым бар, Табиғат, тыңда мені,
Тыңда мені, көзімнің жасын көріп!

Тектілігін түбінде тәнір шер -
Жан азайып барады жанып олар...
Имансыздың иманын үйрететін
Иса қайда, қайда асая Әмірелер?!

Дегенің бе сен қалдың - көзі қалдық?!
Өзің беріп, қайтейін, өзің алдың...
Жас еді ғой, шынымен, гүл ашпай ма?
Күміс көмей, жez таңдай Күләш қайда?

Калданышым - шөпбасы өлеңіммен,
Жауабыңа жаутаңдап келемін мен
Әрең шыдап тұрсың ба тілсіздікten,
Мұлгисің бір самарқау үнсіздікten,

Үнсіздікten, Табиғат, асыл анам,
Жасытқанда жігерді жасымаған,
Ертеңімді егіліп ойлаймын да -
Откенімді амалсыз есіме алам...

Ж.Әбдіраш**❖ Упражнение 4.** Определите о ком идет речь.

Мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазак тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы	
Қазақтың қаңарман қызы, Кеңес Одағының батыры	
Афины Олимпиадасының чемпионы. Қазақ боксшыларының арасында тұңғыш рет ең үздік боксшыға берілетін баркер кубогын иеленді	
Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан FA-ның академигі. «Ботагөз» романының авторы	
Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстанның FA-ның академигі. «Қарашибаш-қарашибаш оқығасы» әңпімесінің авторы	

❖ Упражнение 5. Найдите продолжение текста.

Мәншүк Мәметова Женсікөлікізы 1922 жылы Бекей ордасында туылған, Қазақтың қаңарман қызы, Кенес Одағының батыры атағы 1944 жылы берілді. Екінші дүниежүзілік соғыста осы жоғары атаққа ие болған шығыстан шықкан екі қыздың бірі. Алғашқы қазақ зияяларының бірі. А.Мәметовтің отбасында тәрбиеленген. Мәншүк Алматы медицина институтында оқып жүріп, Кенес армиясы қатарына өз өтініші бойынша 1942 жылы алынған. Алғашында бригада штабында қызмет етті, кейіннен пулеметшілер бөлімшесінің командирі болды.

1. Мениң Мәншүк атты дос қызыым бар. Оның есімі Мәншүк Мәметованың құрметіне ата-анасы қойған екен. Ол Мәншүк аласы секілді қайратты, батыр болуды армандайды. Болашакта отан қорғайтын азаматша болсам деген ниеті бар.

2. 1943 жылы Ресейде Невель қаласында қаза тапты. Батыр қыздың құрметіне туған жерінде мемориалдық музей, Орда ауданында, Орал қаласында музей ашылды. Невель Орал, Алматы қалаларында ескерткіш орнатылып, Алматыдағы 28-орта мектеп пен медицина институтының алдында ескерткіш тақта қойылған.

❖ Упражнение 6. Ознакомьтесь с текстом.

Мұхтар Әуезов



Әуезов Мұхтар Омарханұлы (28.9.1897, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында туған - 27.6.1961, Мәскеу, Алматыда жерленген) - ұлты жазушы, қоғам қайраткері. Ғұлама ғалым, Қазақстан ФА-ның академигі. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Әуезов бұрынғы Семей уезі, Шығыстану болысының №8 ауданына қарасты Аяққараған деген жерде, орта дәулетті отбасында дүниеге келген. Әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты адамдар болған. Алты жасында атасының үйретімен Абайдың өлеңдерін жаттап, оны ұлты ақынның өзіне айтып берген. Бұл оқиға бала Мұхтардың есінде мәнгі сақталып қалады. Жеті-тоғыз жас аралығында ауыл мектебінде сауатын ашқан.

1908 жылды Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1909 жылды әкесі Омархан қайтыс болып, ауылына оралады. Семей мұғалімдер семинариясын бітірген Әбіш Қасенов деген мұғалімнен бір жыл дәріс алады. Немере ағасы Қасымбек оны жаз бойы өзі дайындалған, 1910 жылды Семей қалалық бес кластық орыс-қазақ училищесіне окуға орналастырылған. Сол училищенің соңғы класында оқып жүргенінде "Дауыл" атты алғашқы шығармасын жазады.

1914 жылды Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай, Н.Құлжанова мен әдеби кешке, 1915 жылды "Біржан - Сара" айтысы көрсетілген ойын-сауық көрмесіне қатысады. Онда Қ.Сәтбаев пен Ж.Аймауытов та өнер көрсетеді. Жас Мұхтар сол кездердегі қалалық спорт жарыстарында белсендегі қатысып, "Жарыс" футбол командасының жартылай қорғаушысы болады. Училищені 1915 жылды аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп те шығармашылықпен айналысады. Шәкірім Құдайбердіұлының "Жолсыз жаза" дастанының негізінде "Еңлік-Кебек" пьесасын жазып, оны 1917 жылды маусым айында Ойқұдық деген жерде Абайдың қызы Кенже мен Эйгерімнің тіркестіріп тіккен киіз үйінде сахнаға шығарады. Бұл қойылым оған үлкен шабыт беріп, өнерін ұштап, жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

"Қорғансыздың күні", "Қыр суреттері", "Кім кінелі?", "Заман еркесі", "Кінәмшіл бойжеткен", "Қаралы сұлу", "Жуандық" әңгімелерінің, "Айман-Шолпан", "Тартыс", "Тұнгі сарын", "Тас түлек", "Ақан-Зайра", "Алма бағында", "Шекарада", "Ақ қайың", "Бекет", "Қалқаман-Мамыр" пьесаларының авторы.

Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясы XX ғасырдың қазақ және әлем әдебиетіндегі ерекше көркемдік құбылысы. Суреткер өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының рухын, ұлттық болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абайдың мәңгілік тұлғасын сөз өнерінене өзгеше даралық таныммен сомдаған.

Упражнение 7. О ком говорится в тексте.

«Маса» , «Әдебиет танытқыш» еңбектерінің авторы	Сәбит Мұқанов
«Қыр суреттері», «Кім кінөлі», «Заман еркесі», «Кінәмшіл бойжеткен», пьесаларының авторы	Ахмет Байтұрсынұлы
1943 жылы Ресейдегі Невель қаласында қаза тапқан батыр қызы	Мәншүк Мәметова
«Мөлдір махаббат» романының авторы	Әлия Молдағұлова
1943 жылдың тамыз айынан 2- Прибалтика майданында 26-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергенділігімен көзге түскен батыр қызы	Мұхтар Әуезов

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Мұқанов Сәбит Мұқанұлы



Мұқанов Сәбит Мұқанұлы (22. 4. 1900, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданында - 18.4.1973, Алматы) - Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан ФА академигі (1954). Ауыл молдасынан оқып, хат таныған. Жасынан ел аузындағы жыр-толғауларды, қисса-дастандарды жаттап, мақамдап айтып үйренген. 14-15 жасынан өлең-жырды ауызша да, жазып та шығара бастады. 1918-19 жылдары Омбыдағы оқытушылар курсында білім ала жүріп М.Жұмабаевқа хатшылық етті, оның педагогика курс тарихынан оқыған лекцияларын қағазға түсірді. Өзі де алғашқы өлеңдерін Мағжанға оқып беріп, ақындық өнерін шындағы. Оқуды бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болды. 1920 жылы жаз айында Жұмабаевтың жетекшілігімен оқытушылар курсы қайта ашылып, күзге дейін сонда оқуын жалғастырды. 1921 жылы коммунистік төтенше әскери бөлімнің жауынгері болды. 1921-22 жылдары әртүрлі қызметтер атқарды, ел арасында астық жинау жұмысын жүргізді, Ақмола губерниясының ГПУ-дің Кекшетау болысындағы оперативтік үекілі және РК (б) П Ақмола губерния комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. 1922 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетіне түсіп, оны 1926 жылдың бітірді. 1926-28 жылдары баспасөз орындарында қызмет атқарды.

Мұқановтың алғашқы өлеңдері мен поэмалары, мақалалары мен әңгімелері ("Көңілім", 1917; "Бостандық", 1919) 1917 жылдан бастап жариялана бастады. Ол 1924 жылы өлеңдер мен мақалалардан тұратын "Совет өкіметі һем қазақ әйелі" атты тұнғыш кітапшасын шығарды. 20 жасынан бастап поэма жаза бастады: "Балбөпе", "Жетім Қызы", "Батырақ", "Қанды көл", "Жүйткі, қара айғырым", т.б. 1926-27 жылдары Мұқановтың үш жинағы: "Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы" поэмалары жарық көрді. 1928 жылы "Сұлуашаш" дастаны, 1931 жылы "Адасқандар" романы жарияланды. "Адасқандар" романы қазақ әдебиетіндегі тұнғыш романдардың бірі болып саналады. Кейіннен едәуір өзгерістер енгізіліп, 1959 жылы "Мөлдір махаббат" деген атпен қайта шығады.

С. Мұқанов көптеген классикалық шығармалардың авторы. Оның шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылды.

2. Мәтінді оқыңыз.

"Дұрыс" пен "Дұрыс емес"

Сәбит Мұқанов атамызы "дұрыс" деген сөзді көп айтады екен. Бірде жақын адамдарының бірі қайтыс болып, жерлеу кезінде Сәбен қопырақ салып жатып:

- Дұрыс, - депті.

Қасындағылардың бірі:

- Сәбе-ау, өлгеннің несі дұрыс?! - депті құлағына сыйырлап.

Сонда сасып қалған Сәбен қайтадан топырақ салып:

- Дұрыс емес, дұрыс емес! - депті.

3. Мәтінді оқып, түсініңіз.

Байзақов Иса

Байзақов Иса (3.10.1900, Павлодар обл. Ертіс ауд. Үлгілі а.-3.9.1946, Алматы) - ақын, әнші-композитор. Әкесі Байзақ ескіше хат таныған, жасында ән салып, өлең шығарған, шағын шаруалы, сауыққой кісі болған. Тоғыз жасында Исаңың шешесі қайтыс болып, өлеңші-әнші әжесі Жанбаланың бауырында өседі. Нагашы ағасы Рахмет оған домбыра тартып, ән салуды үйретеді. Кішкентайынан "Әнші Иса" атанды. 1921 жылы Семейдегі жұмысшы факультетінде, 1922 жылы Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында, 1929-32 жылдары Қазақ педагогика институтында оқыған 1926-29 жылдары Қазақ драма театрына шақырылып Әміре, Қалибек, Құрманбек, Серке, Елубай т.б. актерлермен бірге жаңа театрдың негізін қаласады. 1932-40 жылдары Алматыда, Қарағандыда, Семей қалаларында радиода, филармонияда Жазушылар одағында жұмыс істейді. Өлеңдері 1924 жылдан бастап жариялана бастады. Ақын өлеңдерінде фольклорлық сипат басым. Бұл

- оның сүйріп салмалық талантына байланысты ерекшелігі. Байзақов поэма жанрын дамытуға да зор үлес қосты. "Ұлы құрылыш" (1933), "Алтай арасында" (1964), "Кавказ" (1940), "Ақбөле" (1941), "Қырмызы - Жанат" көлемді шығармаларында өткен заман оқиғалары, кейінгі дәуір шындығы көрініс тапқан. "Құралай сұлу", "Алтай аясында" поэмаларында жонғар шапқыншылығы, "Ақтабан шұбырынды" заманындағы қазақ тұрмысы шынайы суреттеліп, ел бірлігі, патриотизм идеясы көтеріледі. Байзақовтың ақындық дарыны Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше танылған.

Байзақов қырықтан астам әннің сөзін жазып, көптеген қазақ әндерін нотаға түсіртті. Актерлік, әншілік, жыршылық дарынымен қазақ мәдениетінде терен із қалдырган. Байзақовтың өмірі мен шығармаларын Е. Үсмайлов, М.Хасенов, Р.Бердібаев, т.б. зерттеген. Жазушы Н.Ановтың "Ән қанаты" романында (1956), осы аттас кинофильмде (1962) әнші - ақынның көркем бейнесі жасалды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марарапатталған (1939).

4. Өлеңді оқындыздар.

М.Әуезов кешінде оптимистік элегия

Үдетіндер жырдың дүлей дауылын,
Дауыстарда неге сонша діріл бар?
Айтпаши сен қайдағыны, бауырым,
Мұқан деген келеді әні...
Тұрындар! ...
Кешіріндер...
Артық кеттім тегі, мен,
Ұлылыққа жан емеспін құр ғашық ...
Мұқан деген жаңа ғана менімен
Біздің үйде отырған-ды сырласып.
Кең мінезben кешіккендей түрі бар,
Манадан ол араласып жүрмес пе?!

Қолпаштандар сүймейді шын ұлылар,
Сол себепті келмеді ме бұл кешке...
Әкеге тән сылайылық сақтаумен,
Кілең жастар сырлассын деп шешіліп,
Жыл біздің салтымызды мақтаумен,
Қалған шығар бірер минут кешігіп.
Қаралы ойлар қонар болса санаға
Жапа шеккен жетім ұлдай бол кетем
Күтіндерші,
Шығындаршы Далаға,
Мұқан біздің келіп қалған жоқ па екен?...

Ж. Әбдіраш

5. Мәтінді оқыңыз.**Мәметова Мәншүк Жеңсікөліқызы**

Мәметова Мәншүк Жеңсікөліқызы (Мәнсия Мамытова Жиенғалиқызы) 1922 жылы Бекей ордасында туылып, 1943 жылы Ресейдегі Невель қаласында қаза тапты. Қазактың қаһарман қызына, Кеңес Одағының батыры атағы 1944 жылы берілді. Екінші дүниежүзілік соғыста осы жоғары атаққа ие болған шығыстан шықкан екі қыздың бірі. Алғашқы қазақ зияялдарының бірі. А.Мәметовтің отбасында тәрбиеленген. Мәншүк Алматы медицина институтында оқып жүріп, Кеңес армиясы қатарына ез өтініш бойынша 1942 жылы алынған. Алғашында бригада штабында қызмет етті, кейіннен пулеметшілер белгімшесінің командирі болды. Аға сержант М.М.Псков облысындағы Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста ерлікпен қаза тапты. Батыр қыздың құрметтіне Оңтүстік Қазақстан жөнө Павлодар облысының еңбекшілері "Мәншүк атындағы танк колоннасын" құру үшін қаржат жинап, оған жасалған 26 танк майданға жіберілді. Батырдың туған жерінде мемориалдық музей және Орда ауданы мен Орал қаласында музей ашылды. Невель, Орал, Алматы қалаларында ескерткіш орнатылып, Алматыдағы 28-орта мектеп пен медицина институты алдында ескерткіш тақта қойылған.

Қазақстанның ақын-жазушылары Мәншүк Мәметова туралы көптеген өлең, поэмалар жазды. Ақын М.Хакімжанова "Мәншүк" поэмасын жазды (1945). А.Михалков - Кончаловскийдің сценарийі бойынша режиссер М.Бегалин "Мәншүк туралы ән" атты көркем фильм түсірді. 1984 жылдан Орал қаласында Мәншүк Мәметованы еске түсіруге арналған спорттық жарыс өткізіліп тұрады.

6. Мәтінді оқыңыз.**Әлия Молдағұлова**

Молдағұлова Әлия (шын аты Ілия) Нұрмұхамедқызы (20.4.1924, Ақтөбе облысы, Қорда ауданы, Бұлақ ауылы - 15.5.1944, Псков облысында Новосокольники ауданы, Казачиха деревнясы) - қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының батыры (4.6.1944). Анасы Маржан қайтыс болғаннан кейін нағашысы Әубәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленіп, Санкт-Петербургтегі №9 мектепте оқыған. Ресейдің Рынинск авиатехникумын бітірген (1941).

1942 жылдың өз еркімен Қызыл Әскер қатарына алғынып, мергендердің Орталық әйелдер мектебін үздік бітіріп шықты (1943). 1943 жылдың тамыз айынан 2-Прибалтика майданында 26-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергенділігімен көзге түсті. Новосокольники темір жол станция маңында болған ұрыста Молдағұлова жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап, қаһармандықпен қаза тапты. Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында және көптеген облыстардағы мектеп пен көшөлдер Молдағұлова есімімен аталауды. Новосокольники, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында және туған ауылында ескерткіш орнатылған. Ақтөбе қаласында Молдағұлованың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді. Мәскеудің №891 орта мектебі жаңында мұражайы бар. Оның өмірі мен ерлігі жайлар ақындар Я.Хелемский "Әлияның жүргегі" (1944), С.Жиенбаев "Әлия" дастандарын, жазушылар Ж.Жұмақанов "Әлия Молдағұлқызы" (1959), Ә.Нұрмаханова "Шығыс шынары" (1973) по-востерін жазды. Молдағұлова туралы фильм түсірілді. Балет қойылып, ән шығарылған.

7. Мәтінді оқыңыз.

Бақтияр Артаев



М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің студенті Бақтияр Артаев - Афиндың Олимпиадасының чемпионы. Ол қазақ боксшыларының арасында тұнғыш рет ең үздік боксшыға берілетін Баркер кубогын иеленді.

Еліміздің Әнұраны Афиниң кең залын көрнеп барады. Оң қолымен жүргегін ұстаған Бақтияр жайлап көтерілген көк байрағымыздан көз алмайды. Бұл - Афиниң Олимпиадасында Қазақстан Әнұранының тұнғыш орындалуы. Осы сәтті бүкіл Қазақ елі ұзақ, тағатсыздана күтті. Міне, сол қуанышты сәтте келіп жетті. Оны қазақстандықтарға Тараздық талантты боксшы Бақтияр Артаев сыйлады. Қазақстандық олимпиадашылар арасынан дара шықкан Бақтияр Артаевтың жеңісі еліміздің спорт таланттарына көnde емес екенін байқатты.

18-САБАҚ

ҚЫСҚАРҒАН ЕСІМДЕР **(Сокращенные имена)**

Қысқарған есімдер (Сокращенные имена)	Белгі (Знак)	Толық аты (Полное имя)	Танымал тұлғалар (Известные люди)
Әбу Сәрсенбаев	▼	Әбуғали	Әбу Сарсенбаев – поэт, народный писатель РК
Бейімбет Майлин	▼	Бимұхамед Беймұхамед	Бейімбет Майлин – поэт, писатель, видный общественный деятель
Қажым Жұмалиев	▼	Қажығали	Қажым Жұмалиев – ученый, доктор филологических наук, профессор, заслуженный деятель науки Казахстана, академик АН Казахстана
Сәкен Сейфуллин	▼	Сәдуақас	Сәкен Сейфуллин – поэт, писатель, видный общественный деятель
Абылай хан	▼	Әбілмансұр	Абылай хан – видный государственный деятель, полководец и дипломат
Димаш (Димекен)	▼	Дінмұхамед Қонаев	Динмухамед Кунаев – видный общественный и государственный деятель, ученый, академик АН Казахстана, доктор технических наук, Трижды Герой Социалистического Труда
Кәүкен Кенжетаев	▼	Әбдірахым	Каукен Кенжетаев – народный артист Казахстана

Абай Құнанбаев	▼	Ибраһим	Абай Кунанбаев – великий поэт, философ, просветитель, композитор
Ыбырай Алтынсарин	▼	Ибраһим	Ыбырай Алтынсарин – просветитель, педагог, писатель, этнограф, фольклорист, общественный деятель
Шоқан Үәлиханов	▼	Мұхаммедқанафия	Шоқан Уалиханов – великий казахский ученый, просветитель-демократ
Фарида Жолдасова	▲	Перизат	Фарида Жолдасова – молодая певица

❖ Упражнение 1. Найдите сокращенные имена.

Әбду, Әбу, Бақашар, Бейімбет, Қажым, Қасым, Сәбит, Сәкен, Абылай хан, Димаш, Дінмұхамед, Кәуken, Абай, Шоқан, Шара, Ыбырай, Фарида, Жадыра, Таңшолпан, Айғаным.

❖ Упражнение 2. Прочтите текст и обратите внимание на сокращенные имена.

Адам кейде белгілі-белгісіз себептермен ойда-жоқта екі есімді болып жатады. Екі есімге ие болу арқылы екі адамның тағдырын арқалап жүру адамның ғана қолынан келеді. Абай - Ибраһим, Шоқан - Мұхамедқанапия т.с.с. қос есімді арқалап жүрген кісі есімдері кездеседі. Мысалы, Ибраһимді әжесі Зере Абай атаса, Мұхамедқанапияны Шоқан, Әбілмансұрді Абылай аталып кетті. Олардың тарихта азан шақырып қойған есімдері емес, қосымша аттары арқылы танылады. Сонымен қатар, Әбуғали - Әбу, Қажығали - Қажым, Сәдуақас - Сәкен, Бимұхамед - Бейімбет болып қысқартылып кеткен. Бұл азан шақырып қойылған есімдердің ұмыт болуының бір себебі.

❖ Упражнение 3. Определите о ком идет речь.

ақын, ҚР Халық жазушысы
ақын, жазушы, көрнекті қоғам қайраткері
ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сінірген ғылым қайраткері, Қазақстан ФА- ның академигі
Қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы- демократ
ұлы мемлекет қайраткері, қолбасы және дипломат
көрнекті қоғам қайраткері және мемлекет қайраткері, ғалым. Қазақстан ФА-ның академигі.
Техника ғылымдарының докторы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері
Қазақстанның халық әртісі
ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор

Абай Құнанбаев
Әбу Сәрсенбаев
Кәүкен Кенжетаев
Дінмұхамед Қонаев
Әбілмансұр
Қажым Жұмалиев
Шоқан Үәлиханов
Бейімбет Майлин

❖ Упражнение 4. Ознакомьтесь с текстом.

Абылай (Әбілмансұр)



Абылай (Әбілмансұр) ұлы мемлекет қайраткері, қолбасы және дипломат. Арғы тегі - Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқым Жәңгір хан. Абылай Жәңгір ханның бесінші үрпағы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда, Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жеке-жеке шыққанда жауын шақ келтірмейтін батыр болып, Қанішер Абылай атанағты. Осы Абылайдан Көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр "ақтабан шұбырынды" жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Сол үйдің түйесін бағады. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өніне, есіп кеткен шашына қарап Төле би оған "Сабалақ" деп ат қояды.

Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал етеді. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінде көрген жұптыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда Абылай 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған.

1730 жылдары болған бір үрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың қас батыры, қоңтажы Қалдан Сереннің жақын туысы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға қарай "Абылайлап" шапқан Әбілмансұр жеңісті үрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады.

Упражнение 5. Ознакомьтесь с текстом.

Майлин Бейімбет



Майлин Бейімбет (Бимұхамед) Жармамбетұлы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, Бейімбет Майлин атындағы ауылда 1894 жылы дүниеге келген. Арғынбай қажының медресесінде, Қостанайдағы орыс-қазақ мектебінде, Уфадағы Фалия медресесінде (1914-15), Троицк қаласындағы Уәзиға медресесінде оқыған. 1923-25 жылдары Қостанай губерниясында "Ауыл" газетінде, 1923-32 жылдары Республикалық "Ауыл тілі" газетінде әдеби қызыметкер, редактор болды. 1932-37 жылдары "Социалистік Қазақстан" газетінде бөлім менгерушісі, редакторының орынбасары, "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы тағы басқа қызыметтер атқарды. Уфадағы Фалия медресесінде оқыған жылдары татардың F.Ибрағимов, M.Фағурисынды ақын-жазушыларымен шығармашылық байланыста болды. Осы оқу орындарында

"Садақ" қолжазба журналында "Мұсылмандық белгісі" атты тұңғыш өлеңі жарық көрді. Оның алғашқы шығармалары - "Қостанай уезі, Дамбар болысы" очеркі, "Мұқтаждық", "Көңіліме" атты өлеңі (1914), "Мал" (1914), "Шұғаның белгісі" повесі (1914), "Болған іс" әңгімесі "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінде жарияланды.

Упражнение 6. Выразительно прочитайте стихотворение.**Б.Майлин "Ыбыраймыз"****Кеше:**

- Уа, кімсіз?
- Ыбыраймыз.
- Жаймысыз?
- Жаймыз.
- Уа, қайдан келесіз?
- Сайлаудан келеміз.

Елге ойран сап,
Ойнаудан келеміз.

Бүгін:

- Уа, кімсің?
- Ыбыраймын.
- Жаймысың?
- Жаймын.
- Қайдан келесің?
- Соттан келемін.
Соттан емес -ау,
Оттан келемін ...

Упражнение 7. Сопоставьте фотографии, имя и полное имя знаменитых людей.

Суреті	Аты-жөні	Толық аты-жөні
		

Упражнение 8. Ознакомьтесь с текстом.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы



Қонаев Дінмұхамед (Димаш) Ахметұлы (12.1.1912 жылды Алматы - 22.8.1993, сонда) - көрнекті қоғам қайраткері және мемлекет қайраткері, ғалым. Қазақстан ФА-ның академигі. Техника ғылымдарының докторы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған.

1936 жылды Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын бітірген. 1936-42 жылдары Балқаш, Алтай, Риддер, Лениногор көн орындарында басшы болып қызмет атқарған. 1942-52 жылдары Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі, кейіннен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары болды. 1952 жылды сәуірде Қазақстан ФА-ның президенті болып сайланды. 1955-60 және 1962-64 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы. 1960-62 жылдары және 1964-86 жылдары Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы болды.

Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы

қызметін атқарды. Ол басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты. Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптастып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Павлодар-Екібастұз отын-куат кешені, Қарағандыдағы ГРЕС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр стансысы, Павлодар трактор зауыты, т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Маңғыстаудың мұнай-кен орындары игеріліп, теміржол құрылышы, көлік түрлері дамыды. Республика титан, магний, синтетика, каучук өндіре бастады. Электро-техникалық машина жасау, химия салалары тез дамыды. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай облыстары шаңырақ көтерді. Қонаев Алматы облысының Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы каналын салуға ерекше көніл бөлді. Алайда Қазақстан экономикасы, жалпы алғанда, Одақ үшін шикізат базасы бағытында дамыды, мұнда көп жағдайда өнім шығаруға қол жетпеді. Бүкіл Қеңес Одағына тән экономиканың милитарлануы Қазақстанда да орын алды.

Қонаев Республика аумағының тұтастырының сақтап қалуда табандылық көрсетті. Ол кезінде Өзбекстанға берілген Оңтүстік Қазақстанның мақта өсіруші аудандарын қайтаратып алды, Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталық ұсыныс - жоспарларына қарсы шықты. Ол Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмысады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, Арасан сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені сынды ірі ғимараттар бой көтерді. Алматыны тасқыннан қорғау үшін Медеу сайында улкен бөгет жасалды.

Қонаев дипломатиялық сапармен Қытай, АҚШ, Алжир, Уругвай, Иран, Италия, Үндістан, Корея, Мысыр, Болгария, Жапония, т.б. мемлекеттерде болды.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев



Абай (Ибраһим) Құнанбаев [29.7.1845, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ жайлауы - 23.6.1904, сонда, Балашақпақ жайлауы, бейіті Жидебай] - ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор. Ақынның арғы бабасы - Олжай батыр. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 үрпақ тарайды. Айдостың Айпара деген әйелінен Үрғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, ер мінезді әйел болған. Сол Айпара ана балаларына: "Шыңжыр балақ, шұбар төс Үрғызбайым, Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым, Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым, Сірә да онбас Торғайым", деген сипаттама берген. Анасы айтқандай, Үрғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Үрғызбайдан Үркөр, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбайдың әйелі - Зереден Құнанбай туылады. Құнанбай 4 әйел алған. Оның бәйбішесі Құңкеден - Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң, өзі алған екінші әйелі Ұлжаннан - Тәнірберді (Текежан), Ибраһим (Абай), Үсқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан Халиулла, Үсмағұл туады. Қартайған шағында үйленген кіші әйелі Нұрғанымнан үрпақ жоқ. Абайдың "Атадан алтау, анадан төртеу ..." едім дейтіні осыдан.

Балашақ ақын сабырлы мінезіне, кең пейіліне сай ел анасы атанған "көрі әжесі" Зеренің мол қазандай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде ести.

Абай бала кезінде ширақ, пысық болмағанымен, елдегі шешен, ақын, ертегішілер әңгімесін тез ұфып алатын зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген. Анасы Ұлжан да шешен болған, сөз қадірін білетін ортада өскен кісі. Оның ағасы (әкесі Тұрпанның інісі) Тонтайдың өлерінде қожа-молдаларға қарап: "Жазыла-жазыла қожа-молдадан да үят болды, енді өлмесек болмас" дегені халық аузында мәтел бол кеткен.

Құнанбай қажы "Ескітам" деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай өуелі сонда оқыған. Кейіннен әкесі Абайдың зерделігін байқап, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда 3 жыл оқып,

үшінші жылды осы қаладағы "Приходская школаға" да қосымша түсіп, онда 3 ай орысша оқиды. Бұл жерде Абай зеректігімен көзге түседі.

Абайдың зеректігін байқаған Құнанбай Абайды оқуынан алдырып, ел ісіне араластырмак болады. 13 жасар Абай әке ықпалымен ел ісіне араласады. Әке қасында болған жылдары қазақ даласындағы әлеуметтік өмір қайшылықтарын жан-жақты тани түседі. Патша үкіметінің топ ашылық саясаты мен оның аярлығын түсінбей өзара қым-қиғаш айтыс-тартысқа түскен, танымы таяз болыстар мен ел билеушілеріне қарсы құресуге бел буған Абай болыс сайлаудына түсіп, жеңіп шығады. Абай ел ісіне араласқан жылдарында әділеттігі мен білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытын шығармашылықта арнайды.

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан - Ақылбай, Әбдірахман, Құлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен - Тұрагұл, Мекайыл, Ізкайіл, Кенже деген балалары болады. Барлығы 7 үл, 3 қызы сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан үрпақ көрген жоқ.

Абайдың ақындық қуатын танытқан өлеңі "Қансонарда" (1882). Бастаң-аяқ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі ұғымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. "Қалың елім, қазағым, қайран жұртыйм", "Жаз", "Желсіз түнде жарық ай", "Болыс болдым, мінеки", "Келдік талай жерге енді", "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?", "Жазғытыры", "Қыс", "Күз", "Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы", "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" т.б. өлеңдердің авторы. Бұл қазақ халқының атын өлемге таныттын, мақтан ететін үздік шығармалар болып есептеледі.

2. Мәтінді оқыңыз.

Жұмалиев Қажым (Қажығали)



Жұмалиев Қажым (Қажығали) (28.12.1907, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы - 16.12.1968, Алматы) - ғалым, филология ғылымдарының докторы (1947), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), Қазақстан ФА-ның академигі. 1923-25 жылдары Орынбор Ересектер мектебінде, Шымкент ауыл шаруашылық техникумында оқыған. 1932-37 жылдары Орал педагогикалық институтында (қазіргі Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті), 1937-68 жылдары ҚазПИ-де сабак беріп, қазақ әдебиеті кафедрасын басқарады. Шығармашылық жолын ақындықтан бастаған. Оның алғашқы өлеңі "Батырақ Фалиасқар"

1928 жылы "Лениншіл жас" газетінде жарияланды. "Ерғожа мен Егізбай" поэмасы (1929), "Шабуыл" (1933), "Қанды су" (1934), "Өмір жыры" (1938), "Қырдағы күрес" (1957) деп аталағын өлеңдері мен поэмалар жинақтары жарық көрді. Исадай-Махамбет көтерілісінің тарихынан жазыла бастаған романның үзінділері "Айқас" деген атпен басылған (1942). "Біржан-Сара" операсы либреттосының, "Арбасу" (Әбу Сәрсенбаевпен бірге) атты пьесаның авторы. Қажым Жұмалиев зерттеулерінің бір саласы - әдебиет теориясына қатысты еңбектері. Фалымның бүл саладағы еңбегі 1938 жылы шыққан "Әдебиет теориясы" деген кітабынан басталады.

3. Мәтінді оқыңыз.

Сәрсенбаев Әбу (Әбуғали)



Сәрсенбаев Әбу (Әбуғали) (15.10.1905, қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Алға ауылы - 28.11.1995, Алматы) - ақын, КР Халық жазушысы (1987). Астрахандағы партия мектебін (1929), Алматыдағы Коммунистік жоғары оқу орнын бітірген (1934). 1934-36 ж. "Түрксіб" газетінде редактор, 1936-42 жылдары Қазақ мемлекеттік Баспасының директоры қызметтерін атқарған. 1942-47 жылдары әскерде болып, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1947-53 жылдары Қазақ мемлекеттік оқу - педагогика баспасының директоры. "Еділ толқыны" атты тұнғыш дастаны 1937 жылы жарық көрген. "Жүрек сыйы" (1938), "Ант" (1940) жыр жинақтарында замандастар өмірін жырлады. Майдан тақырыбына жазылған "Ақша бүлт" (1947) жинағына отандастарының басқыншы жаумен шайқастағы ерлігі өзек болды. Соғыстан кейінгі жылдары жарық көрген "Тұған өлкө" (1948), "Отан таны" (1952), "Миллиардың ізімен" (1959), "Баспалдақтар, біктер" (1971) жинақтарында халықтың бейбітшілік жолындағы қажырлы күресі суреттепеді. Алғашқы дастаны "Ақмаралдың жүрегі" (1940) төңкеріске дейінгі кезеңдегі қазақ қызының тағдырын бейнелесе, соғыс жылдары жазған "Шие ағашы" (1943), "Намыс ұлы" (1943) поэмаларында өз отандастарының патриоттық, жауынгерлік тұлғасын сомдады. "Ұлым турали ой" (1948), "Жазылмаған дастан" (1961), "Отыз үшінші көктем" (1975), "Ақырғы гранаталар" (1977) т.б. көптеген прозалық шығармалар жазды. "Арбасу" (Қ.Жұмалиевпен бірге, 1948), "Теніз махаббаты" (1975) пьесалары театр сахналарында қойылды. Қызыл жулдыз, Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі", "Халықтар достығы" (1975), "Ұлы Отан соғысы", "Октябрь революциясы" (1985), "Парасат" (1995) ордендерімен және басқа да бірнеше медальдармен марапатталған.

4. Мәтінді оқыңыз.**Кенжетаев Көүкен (Әбдірахым)**

Кенжетаев Көүкен (шын есімі Әбдірахым) 25.2.1916 жылды Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туылған. Қазақстанның халық әртісі. 1936-41 жылдары Мәскеу консерваториясын бітірген. 1942-46 жылдары Хабаровскіде шекарашибылар ансамблінде қызмет етті. 1946 жылдан Қазақ опера және балет театрының әншісі. Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан. Тарғын, Жалбыр, Бекежан, Семен (Е.Г.Брусиловскийдің "Ер Тарғын", "Жалбыр", "Қызы Жібек", "Дударайында"), Жанбота (М.Төлебаевтың "Біржан-Сарасында"), Эскамилью (Ж.Бизенің "Карменінде"), Руслан (М.И.Глинканың "Руслан мен Людмиласында"), Демон (А.Г.Рубинштейннің "Демонында"), Алеко (С.В.Рахманиновтың "Алекосында") партиялары - Кенжетаевтың әншілік, орындаушылық таланттың әр қырынан ашқан образдар болды.

Кенжетаев концерттік-орындаушылық өмірімен де халыққа жақсы танымал. Репертуарында қазақтың халық әндерімен қатар, орыс, украин, татар, езбек халықтарының халық әндері, сондай-ақ, Батыс Еуропа композиторларының шығармалары бар. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдарымен марапатталған. Гастрольдік сапармен Польша, Монголия, Румыния, Турция, Грекия, Мысыр, Сирия, Ливан елдерінде болды.

5. Мәтінді оқыңыз.**Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас)**

Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас) (15.10.1894 жылды қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданындағы Қарашілік қыстағында - 25.02.1938, Алматы) - жазушы, көрнекті қоғам қайраткері, Нілдідең орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905-08), қалалық училищеде (1908-13), Омбыдағы мұғалімдер семинариясында (1913-16) оқыған. 1914 жылы Қазанда "Өткен кундер" атты тұнғыш өлеңдер жинағын бастырады. Омы полициясының қара тізіміне іліккен ол семинарияны тәмамдағаннан кейін Ақмолаға қайта оралып, 1916 жылғы үлт-азаттық көтеріліске тілекtes ниетте өлеңдер жазды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалаға ауысып, "Жас қазақ" үйымын құрды. "Тіршілік" атты газет шығаруға ат салысып, З айлық педагогикалық курста оқытушы болды. Осы тұста "Асығып тез аттандық" (1917),

"Кел, жігіттер" (1917) атты өлеңдер жазып, халықты қуреске үндеді. 1917 жылдың 27 желтоқсанында Ақмола Совдепінің төралқа мүшелігіне салланып, ағарту комиссары болып тағайындалды. 1918 жылы сәуірде "Жас қазақ марсельзасын" жарияладап, 1918 жылы 1 мамырда "Бақыт жолына" атты тұнғыш пьесасының премьерасын қойды. "Домбыра" (1924), "Экспресс" (1926), "Тұрмыс толқынында" (1928), "Көкшетау" (1929) өлең-поэмалары жарық көрді. "Альбатрос" (1932), "Қызыл ат" (1934), "Социалистан" (1935) атты кітаптарын жариялады. Қазақ әдебиетінің классикалық туындысына айналған "Көкшетау" поэмасы халық өмірін философиялық түрфыдан терең толғаумен, келешек үрпақ мұраттарын шынайы бейнелеумен, заман бейнесін жетілдіре суреттеумен құнды. Ол туған жер табиғаттың адамның ішкі сезім қүйлерімен астастыра жырлады, адал маҳабbat пен өмірді сүюді насихаттаған "Аққудың айырылуы", "Лашын әңгімесі", "Ақсақ қиік", "Сыр сандық", "Отарба терезесінен", т.б. көптеген шығармалар жазды. Еңбек Қызыл Ту орденімен мара-патталған. Оның есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталған. Астана қаласында Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді.

6. Мәтінді оқыңыз.

Жұмбақ жан

Қазақта "Жұзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар" деген мақал бар. Абай мыңнан, миллионнан озып шыққан тұлпар. Абайлар жұз жылда, мың жылда бір-ақ туады. Табиғаттың сыйлығы. Тәнірдің төрелігі ретінде, қуаты қашпайтын, көкейкесті мұра қалдырады. Абай - таудай тұлға. Абай - сахарадай шежіре. Абай - сегіз қырлы, бір сырлы суреткер. Өз өмірінің жалғасын тозбас томдардан таба білген байырғы гений. Өмір жолына, әдеби мұрасына қанша үңілсөң жалықтырмайтын шипалы жұмбақ. "Шынын айтпай, сырын айтатын" сүмдік сыйпайы. Жалғыз жібектің жүздеген түйіні Абайдан табылады. Шебер қол, сезімтәл жүрек, милы парасат таңдайтын түйіндер - сансызы үрпақтың үлесі.


Ұлы жазушылар, ұлы ақындар халық пен халықты жақындастырады, ұлт пен ұлтты бауырластырады. Абайдың бір өзі қазақ халқын қанша елге танытты. Дүние жүзінде оны білмейтін прогресшіл ел жоқ. Абайдың 125 жылдығы қарсаңында Москванды "Прогресс" нәшірияты ақынның шығармаларын өлденеше шетел тіліне аударып, шығарды. 200 томдық "Күллі әлемдік әдебиет кітапханасында" Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" романы жарық көрді. Түсікән республикаларда Абайдың төл туындысы ұлт тіліне аударылды.

Шетелдікпен кездескен адам шетел тілін білмесе, әдетте, сол елдің ең ұлы адамын атайды. Абай осындай тұлға. Ағылшын, яки неміс тілінде, үнді, яки жапон тілінде Абайды атасаң сенің қазақ екенінді үғынады. Абай халқымен мақтанса, қазақ халқының Абаймен мақтануында осындай сыр бар. Көзі тірісінде-ақ ел аузындағы лақапқа, аңызға айналған Абай есімі бесік жырына, ана өлдіне айналуға лайықты. Басында саңлау, жүргегінде сезім бар қазақ Абай есімін пір тұтады. Пір тұта тұра, онымен ұзақ сырласады. Тұған табиғат құлпырса, шалқыса, түнерсе біз Абайды еске алымыз. Көңіл шіркін құйқылжып, шабытқа талпынса, сұлулықты қекей қекспел, жүрек сезінсе, ойымызға Абай оралады. Әлденеден қиянат кезігіп, құдер үзілсе, үміт торығып, көңіл қамырықса, қасымызда уһілеген Абай түрғандай болады. Жақсылыққа сүйсініп, жамандыққа зығырлансан, опасыздан опық жеп, баяндыға бәрекелді жаудырсан, аузың алғысқа, көңілін қарғысқа барса, Абай жадыңа түседі.

Тәкен Әлімқұлов

7. Мәтінді оқыңыз.

Ыбырай Алтынсарин



Ыбырай Алтынсарин (Ибраһим) 2.11.1841 жылы қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданы - 30.7.1889, Қостанай - ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырайдың өз әкесі (Алтынсарин) ерте қайтыс болғандықтан, ол атасы Балқожа бидің тәрбиесінде өскен. Балқожа би немересін 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының осы қалада қазақ балалары үшін ашқан жетіжылдық мектебіне оқуға береді. Мектеп оқушылары отаршылдық

саясат рухында тәрбиеленуге тиісті болды. Бірақ жасынан зерек Ы.Алтынсарин бүл мектептің оқу жүйесі шенберінде қалмай, дүниежүзі әдебиеті мен орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын өздігінен оқып, нәр алды. Мектеп бітіргеннен кейін, 1857-59 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атасы Балқожа бидің хатшысы болды. Кейін Орынбор облысы басқармасына кіші тілмаштық қызметтіне ауысады. 1860 жылы Ы.Алтынсаринге облыс басқармасы Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырады, сонымен бірге оны осы мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп белгіледі. Осыдан былай ағартушылық-педагогикалық қызметті басталды. Шалғай түпкірде мектеп ашу жұмысының қынышылықтарына қарамастан, ағартушылық идеяларын, көзделген мақсатын орындауға құлшы-

на кірісті. Ауыл-ауылды аралап, халықта көсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Ішінде Алтынсариннің талабы мен қадамын халық қуттады. Халықтан жиналған қаржыға мектеп үйін салуды қолға алды. Мектеп 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды. Мектеп жанынан интернат ашылды. 1860-79 жылдар арасында Ішінде Алтынсарин мұғалімдік, ағартушылық қызметімен қатар арагідік басқа да қызметтер атқарды. 1876-79 жылдары Алтынсарин Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі болды. Инспекторлық қызметіне кіріскең кезден бастап, мектеп ашуды қолға алды. Облыс, уезд орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. Содан кейін Елек, Қостанай, Торғай, Үргым уездінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашты, олардың бәріне кітапханалар ұйымдастыруды. Осыдан кейін болыстық бастауыш мектептер ашу ісін қолға алды. Ішінде Алтынсариннің ұсынысы бойынша 1888 жылы 10-сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Оған Торғай, Үргым қалаларындағы орыс-қырғыз училищелерінің жақсы бітірген жастары алынды. Торғайда қол-өнер училищесін ұйымдастыруды. А. Үргымда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп аштыруды. Мұның езі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Рұқсат ол қайтыс болғаннан кейін екі жылдан соң, Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Қарағаштақта (1895), Ақтөбеде (1896) жанында интернаттары бар қыздар училищелері ашылды. 1889 жылы оның "Қазақ хрестоматиясы" атты оқулығы жарық көрді.

8. Мәтінді оқыңыз.

Шоқан Уәлиханов



Қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ Ш.Ш. Уәлиханов отандық ғылым мен әдебиет тарихында үлкен орын алады. Оның қысқа да жарқын өмірі мен ғылыми қызметі қазақ халқының көп ғасырғы дамуының, рухани ізденістерінің тамаша қорытындысы, биік жалғасы болды. Қоғамдық ой-саны, пікір-тұжырым биіктей өркендеуіне ықпал етті.


Шоқан (шын аты - Мұхаммедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекінісінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың әулетті отбасында дүниеге келген.

Жасында Шоқан әжесі Айғанымның ықпалында болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі Омбыға өкеліп, сол кезде Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадет корпусына

оқуға орналастырады. Жабық әскери оқу орны болғанмен, онда көптеген пәндер оқытылуы, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің екілдері сабақ беруі, Омбының көзі ашық оқыған адамдарының семьяларымен араласуы, көп оқып білімін тереңдете тусуі Шоқанның рухани өсуіне, келешек тағдырына едәүір ықпал болған.

"Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Екі-үш жылдан кейін-ақ Шоқан өз класындағылардан ғана емес, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да идея жағынан басып озды" - деп жазды онымен бірге оқыған досы Г.Н. Потанин.

Шоқан Үәлиханов өзінің қысқа өмірінде қоғамдық ғылымдардың алуан саласында - тарихта, шығыстануда, географияда, этнографияда, экономикада, филологияда, өнертануда - көптеген құнды еңбектер қалдырыды. Ол Қазақстанның, Орта және Орталық Азияның түрік тілдес халықтарының - қазақтың, қырғыздың, өзбектің, үйғырдың, түрікмennің тарихы мен сол кездегі жағдайы, тілі мен әдебиетін терең зерттеумен шығыстану ғылымына зор үлес қосқан. Шоқанның "Қазақтың шежіресі", "Жонғария очерктері", "Қазақтар туралы жазбалар", "Абылай", "Көне замандағы қазақтың қару жарақ, сауыт-саймандары", "Даладағы мұсылмандық", "Қазақтағы шаман дінінің қалдықтары", "Қазақтың көшіқоны", "Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы пікірлер", "Ыстықкөл құнделіктері" еңбектерінде Қазақстан мен Орта Азиядағы түрік халықтарының келелі мәселелері кеңінен зерттелді. Және зерттеулерде, мәселе-лер қою мен шешүде қазақ ғалымы дүррис ғылыми бағыт ұстағаны кейінгі оқымыстылар зерттеулері арқылы раставленды, бүтінгі күні де мәні сақталған.

**19-САБАҚ**

**АЙ, АПТА КҮНДЕРІНІҢ АТТАРЫНАН
ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР**
**(Имена, образованные от названий
дней недели и месяцев)**

Есімдер (Имена)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Синонимдері, тусініктемесі (Синонимы, пояснение)
Наурыз	▼	март	1. март (наурыз) – 3-й месяц календарного года (31 день), первый месяц весны
...бай	▼	богатый	2. наурыз – праздник. Персидски: «Най» (новый) и «руз» (день). На 22-й день марта наступает равноденствие, начинается новый год Наурыз коже – национальное блюдо на празднике Наурыз.
...бек	▼	великий	
...Гүл	▲	цветок	Приготавливается из 7 или 9 продуктов
Мамыр	▼	май	1. май (мамыр) – 5-й месяц календарного года, 3-й месяц весны
...ай	▼	луна	2. мамыр - еще не окрепшие цыплята гусей или лебедей
...бек	▼	великий	3. мамырқұс- название птицы, которая прилетает в начале мая
...жан	▼	душа	
...хан	▼	хан	
Маусым	▼	июнь	1. июнь (маусым) – 6-й месяц календарного года, первый месяц лета
...жан	▼	душа	2. маусым-название птицы

Қазан	▼	октябрь	1. десятый месяц календарного года, второй месяц осени 2. қазан-посуда для приготовления пищи 3. переносное значение: қазан болды- завершилось, закончилось, об уражает, исчезло 4. Қазан – столица Республики Татарстан
...ғап	▼	суфф.	
Дүйсенбі	▼	понедельник	
Дүйсен	▼	сокр.форма	
... бай	▼	богатый	
... Гали	▼	араб. Имя	
... хан	▼	хан	
Дүйсек	▼	(ласкательная форма)	дүйсенби, ду – два + сен <сенби>шамбе – день. Букв. – первый день недели. Впоследствии получило название «понедельник». Имя давалось ребенку, рожденному в понедельник
Сейсенбі	▼	Вторник	
Сейсен	▼	сокр.форма	
... бек	▼	великий	
... би	▼	судья	
... ғали	▼	араб. имя	
... хан	▼	хан	
... құл	▼	цветок	
Сәрсенбі	▼	среда	
Сәрсен	▼	сокр.форма	
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	
... әлі	▼	араб. имя	
... ғали	▼	араб. имя	
... қан	▼	хан	
... құл	▲	цветок	
Сәрсек, Сәрсен, Сәрсекей, Сәрсеш	▼	(ласкательно – сокращенные формы)	
Бейсенбі	▼	четверг	
Бейсен	▼	сокр.форма	
... әлі	▼	араб. имя	
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	
... ғали	▼	араб. имя	
... құл	▲	цветок	
Жұма	▼	пятница	
... бай	▼	богатый	
... бек	▼	великий	
... қан	▼	хан	
... діл	▼	чувства	жұма, ар.джумга – пятница

... жан	▼	душа	
... гелді	▼	араб. имя	
Жұмаш	▼	ласкательная форма	
Сенбі	▼	суббота	семби, шамбе – суббота.
Сенбек	▼	ласкательная форма	Имя дано ребенку, рожденному в субботу
Жексенбі	▼	воскресенье	жексенбі йек – один +
Жексен	▼	сокр.форма	шамбә - день + каз. бай.
...бай	▼	богатый	букв. Раньше – второй
...кул	▲	цветок	день недели, сейчас –
...кул	▼	раб	воскресенье

❖ Упражнение 1. Это какой месяц? Что вы знаете о нем?



❖ Упражнение 2. О каком месяце, о каком дне идет речь?

Кектемің соңғы айы	
Күздің екінші айы	
Алтанаң ең ауыр күні	
Шығыстың жаңа жылы	
Жаздың бірінші айы	
Сәтті күн	
Қай күні жолға шықпайды	
Қай күні кір жууга, тырнақ алуға болмайды	
Мұсылмандардың демалыс күні	
Кебіне жартылай жұмыс күні	
Демалатын күн	

❖ Упражнение 3. Расположите названия месяцев, недели по порядку.

Ай аттары	Сандық ретімен орналастыру	Апта күндерінің аттары	Сандық ретімен орналастыру
қаңтар		сейсенбі	
мамыр		бейсенбі	
қырқүйек		дүйсенбі	
шілде		жексенбі	
желтоқсан		жұма	
тамыз		сәрсенбі	
ақпан		сенбі	
қазан			
сәуір			
қараша			
маусым			
наурыз			

❖ Упражнение 4. В каком месяце это бывает?

- _____ айында күн мен тұн теңеледі
 _____ айында жаз шығады
 _____ айында күз түседі
 _____ айында қыс келеді
 _____ айында көктем шығады
 _____ айында жаңа оқу жылы басталады
 _____ айында егіс егіледі
 _____ айында жемістер піседі
 _____ айында ағаш бүршік атады
 _____ айында құстар жылы жаққа ұшып кетеді
 _____ айында құстар балапандайды
 _____ айында аналар мерекесі
 _____ айында жапырақтар сарғаяды

❖ Упражнение 5. Прочтите текст.

**Наурызбай батыр
(1706-1781 ж.ж.)**



Аты аңызға айналған ержүрек батырлардың бірі, XVIII ғасырдағы Қазақ елінің жонғарларға қарсы ұлт-азаттық соғысындағы көрнекті қаһарман - Шапырашты Наурызбай Құттымбетұлы.

Құттымбетұлы Наурызбай 1706 жылы Жетісіу жерінде, Алатаудың баурайында дүниеге келген. Бұл кезде Іле, Талас, Алатау мен Қаратая аралығындағы қазақ пен қырғыз жонғарларға тәуелді еді.

Батырдың көзін ашқаннан естігені батырлар туралы жырлар, аңыз әңгімелер болып, тендерессіз бай рухани ортада өсті. Екінші жағынан елге үстемдігін жүргізген басқыншы жаудың зорлығы мен зомбылығын да көрді. Мұның өзі жүрепінде оты бар жасты туған елін, атамекенін жаудан азат ету туралы арманға жетеледі, батыр болуға құлшындырыды.

Наурызбай батырдың өмірі туралы бүгінгі күнгі деректерде Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгөнбай бабаларымыз Абылай хан айналасындағы бас батырлар қатарында бағаланады. Бұқар жырау осы үш тұлғаның жаңындағы мынадай ірі батырларды атайды: Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Текеден шыққан Сатай мен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жөпек, Сенкібай, Шойбек, Таңсыққожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл және басқалар.

Әдеби-тарихи деректер мен ел есінде сақталған аңыз-әңгімелер Наурызбай батырдың бүкіл халықтың ықыласына бөленіп, мақтанышына айналуы 1727-1731 жылдардың шамасы екендігіне мәнзейді. Қазақ халқының жонғар басқыншыларына қатарынан бірнеше рет қатты соққы беріп, ақыры үлкен жеңіске жетуі осы уақытқа сәйкес келеді. Алатау етегінде жонғарлардың Шамалған, Қаскелен, Бұрындарай секілді аты шулы батырлары өлім табатын сұрапыл шайқастарда Наурызбай бабамыз орасан ерлік көрсетеді. Қозыбасыда қалың қол бастап, бас батыр атағына ие болады.

❖ Упражнение 6. Это какой месяц, какой день недели?

Күнтізбелік жылдың бесінші, көктемнің үшінші айы _____.

Күнтізбелік жылдың үшінші, көктемнің бірінші айы _____.

Күнтізбелік жылдың 6-шы айы, жаздың бірінші айы _____.

Күнтізбелік жылдың оныншы, күздің екінші айы _____.

Күнтізбе бойынша аптаның бірінші күні _____.

Күнтізбе бойынша аптаның екінші күні _____.

Күнтізбе бойынша аптаның үшінші күні _____.

Күнтізбе бойынша аптаның төртінші күні _____.

Күнтізбе бойынша аптаның бесінші күні _____.

Күнтізбе бойынша аптаның алтыншы күні _____.

Күнтізбе бойынша аптаның жетінші күні _____.

 ⓘ Назар аударыңыз!!!

Қазан - Ресей Федерациясындагы қала, Татарстан Республикасының астанасы. Еділ өзенінің сол жағалаяуында, Қазан өзенінің сағасында орналасқан. Тұрағыны 1,1 млн. адам. Қазан X-XI ғасырларда Еділ Бұлгариясының солтүстік аймасында сауда орталығы және қорғаныс шебі ретінде пайда болған. 1399 жылы Мәскеу князьдігінің әскері қаланы құратты. 15 ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап Қазан хандығы құрылып, қала қайта бой көтерді. 1438 жылдан Қазан хандығының астанасына айналды. 1552 жылы Қазанды орыс патшасы Иван Грозный жаулап алып, Ресей мемлекетінің құрамына қосты.

Қазақ тіл білімінде "қазан" сөзінің бірнеше мағынасы бар:

ҚАЗАН I 1. Тамақ пісіруге арналған үлкен шойын ыдыс. ~ толы ет.

2. **метап** Қен қорытатын үлкен шойын ыдыс; бағранка. Бұл ~ сағатына 40 тонна шойын қорытады. 3. **кәсіб**. Судың балық көп жүретін, қыста қаттайтын, терең жері. Әдемітте ~га балықтар үйір келеді. • **Қазан асты** - тамақ жасады, ет салды.

Қазан бас - басы қазандай үлкен (*kisi*). **Қазан көтерді** - тамақ әзірлеуге кірісті, қазан асты. **Қазан құйрық** - құйрығы қазандай, үлкен (*кой*). **Қазаны басқа** - ез алдына бөлек үй, жеке отбасы. **Қазаны майланды** - қазанына семіз ет асты. **Қазаны отман түспейді** - бір тамақтан кейін бір тамақ пісіріп үнемі ас әзірлейді. **Қазан аузынан белісті [бөліп ішті]** - бар тапқанын ортага салды. **Қазан бұзарлық** - соғырлық, сотқарлық, тентектік. **Қазан құлағын [тұтқасын] үстелді** - билікке қолы жетті. **Қазанның түп күйесіндей** - қап-қара, тіптен қара. **Қазан үстінен күн көрді** - біреудің енбекі есебінен күнелтті.

ҚАЗАН II Күздің екінші айы; октябрь. • **Қазан соқты** - аяз ұрды, сұық шалды. **Қазан ұрды** - қазанның қара сұығы ұрды, кек біткенді солдырыды. **Қазан болды** - бақшадағы қауын-қарбыз таусылды, бітті.

ҚАЗАН III арх. Өзгеше, басқаша, ақыр соңы, тәмам. "Елу жылда ел жаңа, жұз жылда

- қазан" (Мақал).

❖ Упражнение 7. Переведите предложения.

- 1) Наурызбай ағам наурыздың он екісінде туылған.
- 2) Сәуірдің жақсы көретін мақалы "Сәуір болмай, тәуір болмас".
- 3) Наурыздың 8-і халықаралық әйелдер мерекесі, Наурыз да анасын құттықтады.
- 4) Менің Маусымжан есімді танысым бар.
- 5) Қазанбай ағамның машинасымен қазан айында барлық еінді жинап алдық.

❖ Упражнение 8. Найдите среди названия дней недели перевод слова "жұма" и ознакомьтесь с текстом.

понедельник, вторник, среда, четверг, пятница, суббота, воскресенье

Жұма - _____



Қазақ елінің аты әлемге күннен-күнге әр қырынан танылуда. Мәдениетіздің, қазба байлығымыздың, біліміздің арқасында бұрын-соңды естімеген қазақ елін, қазақ жерін әлем мойындауда. Сонымен қатар бокс өнерінің арқасында олимпиада, сан түрлі әлемдік жарыстарда Қазақстанның көкбайрағы желбіреуде, әнұранымыз орындалуда. Сол боксшы ұлдарымыздың бірі – Жұмаділов Болат Нұретдинұлы.

Жұмаділов Болат Нұретдинұлы 22.04.1976 жылы Жамбыл облысы, Байзак ауданы, Жетібай ауылында дүниеге келген. Боксшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері (1995), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2000). Болат бокспен 12 жасынан бастап айналысқан. 1990-1997 жок. аралығында Қазақстанның, ТМД елдерінің (1992) чемпионы. Алғашқы жаттықтырушысы Ф. Цой болды (Тараң). Орталық Азия ойындарының (1995, Пусан, Корея) чемпионы. Дүниежүзі чемпионаттарының (1995 ж., Берлин, Германия, 1997 ж., Будапешт, Венгрия) қола, 26-Олимпиада ойындары-

ның (1996, Атланта, АҚШ) күміс және Дүниежүзі чемпионатының (1999, Хьюстон, АҚШ) алтын, 27-Олимпиада ойындарының (2000, Сидней, Австралия) күміс жүлдегері. "Құрмет" орденімен марапатталған. Жұмаділов Болаттың жетер женістері, көтерілөр биіктегі әлі алда деп сөнім артамыз.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

Наурыз

1. Мәтінді оқыңыз.

Наурыз - көне мейрам. Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында баяғы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер "патрих", бирмалықтар "су мейрамы", тәжіктер "гүл гардон", "бәйшешек", "гүлнаурыз", хорезмдіктер "наусарджи", татарлар "нардуган", буряттар "сагаан сара", соғдылықтар "наусарыз", армяндар "навасарди", чуваштар "норис ояхе" деп түрліше атаған.

Қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қызыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа күймдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдастып, тәс қағыстырады. Эйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі - қыс тамағымен қоштасуды, құрамына актың қосылуы - жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм таттырып табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қаруына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қызы күу, алтыбақан, тең көтеру, т.б) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

2. Мәтінді оқыңыз.

Наурызбаев Хакімжан Есімханұлы - мұсінші, ұлттық кәсіби мұсін өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР-інің халық суретшісі (1969). 1951 жылды Харьков көркемсурет институтын бітірген. Сол жылдан бастап Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында оқытушы-

лық қызмет атқарды. "Абай", "Жамбыл", "Шоқан Уәлиханов", "Мәншүк Мәметова", "Ахмет Байтұрсынов пен Міржакып Дулатов" атты монументті ескерткіштерінде пропорция, ритм занұлдылықтарын тиімді пайдалану арқылы образдарды шынайы кескіндеді, әрі ұлттық колоритке жіті назар аударды. Ол 200-ден астам әр алуан ескерткіш ("Амангелді Иманов", 1960, қола, гранит; Қостанай облысы, Амангелді ауданының орталығында), бюстер ("Күрманғазы", 1958; "М.Хакімжанова", 1961;) т.б. еңбектердің авторы.

3. Өлеңді оқыңыз.

Наурыз тойы

Күн менен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді,
Соны тойлап ел енді.
Наурыз тойы салтымыз,
"Көгерсін!" деп халқымыз,
Кәшеге тал егеді.
Наурыз тойы ұлыстың,
Нағыз күні ұлы істің -
Салтанаты дәстүрдің.
Ел түр жайып құшағын,
Күйге қосып құс өнін,
Кел жырлайық, жас құрбым!

4. Мәтінді оқыңыз.

Қазан - тамақ пісіретін ыдыс. Қоладан, мыстан, шойыннан құйылады. Мыс пен қоладан қалыпқа құйылып, түрлі өрнекпен, аңдар бейнесімен әшекейленген қазандар алғаш рет сақ дәуірі ескерткіштерінен қазып алынған. Бұл кезеңде құрбан шалуға арналған қола қазандар кең тараған. Кейінрек қазан шойыннан құйылатын болған. Қазанды қөтеруге ыңғайлы болуы үшін ернеу тұсына сырт жағынан 2-4 құлақ жасалады. Ә.Марғұлан "Құламерген" жырының желісіне ерекше назар аудара келе, қазанға байланысты "Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан - шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды", - деп жазады.

5. Мәтінді оқыңыз.

Қазанғап Тілепбергенұлы (1854, Арап аймағындағы Құланды тубегі (қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы), Ақбауыр ауылында туылған). Күйші - композитор. Шығармалары Батыс Қазақстан ай-

мағындағы төкпе күй дәстүрінде көрінген. Бірақ композитордың өзіне ғана тән көркемдік-образдық, музыкалық суреткерлік өрнектері де айқын. Қазанғап жас кезінен күйге құмартып, ессе келе Тереш, Орынбай, Құрманияз, Усен деген күйшілерден дәріс алған. Оның сексеннен астам күйі болған. Олардың алды нөғайлы дәүірінің оқиғаларын ("Зар күйі", "Бекеттің жыр-күйі", "Ноғайлыштың жыр-күйі") толғаса, енді бір тобы "Ақжелен", "Орынбай Ақжелен", "Тентек Ақжелен", "Домалаттай Ақжелен", "Кербез Ақжелен", "Серпер Ақжелен", "Бұлбұл Ақжелен" болып келеді. Бұл Ақжелендер - Батыс Қазақстан аймағындағы күйшілік өнеге тән образдық әлем. Композитор солардың санын 62-ге жеткізіп, ел арасына насыхаттаған.

6. Мәтінді оқыңыз.

Мамыр - ежелгі италияның жер құдайы Маий атынан шыққан болуы ықтимал. Құнтізбелік жылдың 5-айы, көктемнің 3-айы. Мамыр деп сонымен қатар қаздың немесе аққудың ұша алмайтын, топшысы бекімеген үртек балапанын да айтады. Сонымен қатар көктемде мамыр айының басында ұшып келетін болғандықтан, татренділер отрядының балтықшылар тобына жататын құсты мамырқұс деп атаған. Мамырқұстың қошқыл түзу тұмсығы, сұрғылт аяқтары өзге балтықшылардан қысқа. Құйрығы қара түсті. Жерде жүргенде құйрығын селтеңдетіп, басын тәмен салып, ізет білдіргендей болып жүреді, сондықтан мамырқұс тобына жататын құстарды ізетшіл құстар деп атайды. Мамырқұстың дene тұрқы шағын, салмағы 40-50 г. сүкіймалар жағалаудында, ылғалды-батпақты жерлерде кездеседі. Мамырқұс - жыл құсы. Негізгі қорегі - суда және құрлықта тіршілік ететін жәндіктер мен солардың дернәсілдері. Суда жақсы жүзіп, сұнғи алады.

7. Мәтінді оқыңыз

Мамыров Мәулен Сатымбайұлы

14.12.1970 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы, Ақиық ауылында туылған. Палуан, еркін күрестен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Еңбек сіңірген спорт шебері атағына 1994 жылы ие болды. 1991 жылдан А.Бұғыбаевтың жетекшілігімен жаттықты. Қазақстанның 11 дүркін чемпионы (1992-2002). 1994 жылы I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін бітіріп, 1989 жылдан Қазақстанның ұлттық құрамасында, 1997 жылдан "Динамо" ұйымының орталық кеңесінде жұмыс істейді. Жастар арасындағы әлем біріншілігінің (Австрия, 1988) қола, КСРО жастар ойындарының күміс жүлдегері (Запорожье, 1989), КСРО Кубогінің женімпазы (Тбилиси, 1990), КСРО чемпионы (Жапония, Хиросима, 1994), Азия Кубогі жа-

рысының (Индонезия, 1995), Орталық Азия ойындарының (Ташкент, 1995) жеңімпазы, 26-Олимпиада ойындарының қола (АҚШ, Атланта, 1996), Әлем чемпионатының қола жүлдегері (Ресей Федерациясы, Красноярск, 1997), Орталық Азия ойындарының (Алматы, 1997), Шығыс Азия ойындарының (Корея, Пусан, 1997), Азия (Ташкент, 1999), Шығыс Азия ойындарының (Жапония, Осака, 2001) чемпионы. 1-дәрежелі "Айбын" орденімен марапатталған.

8. Мәтінді оқыңыз.

Майқанова Сәбира

Қызылорда облысы, Сырдария ауданында 1.1.1914 туылды. Актриса, Қазақстан (1958) және КСРО (1970) халық әртісі. 1932 жылы қазіргі Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының құрамына қабылданып, шығармашылық жолы осы театрдың тарихымен, өсу жолымен тығыз байланысты болды. Театр сахнасындағы тұңғыш рөлі - Б.Майлиниң "Майдан" драмасындағы Алтынай. Бұдан кейін ол замандас құрбыларының сахналық бейнесін жасады. Роза (Д.Рахманұлов, "Документ"), Зотова (В.М.Киршон, "Астық"), Рая (М.Әуезов, "Алма бақ"), Гүлжәмила (М.Әуезов, Ә.Тәжібаев "Ақ қайын") тағы басқа көптеген аяулы ана образын мүсінде, сахна суреткөрі ретінде танылды.

14.1.1999 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Оның нұрлы бейнесі қазақ халқының жүргөндегі мәңгі сақталып қалды.

9. Мәтінді оқыңыз.

Дүйсенбаев Үлкән Тәкімұлы

Дүйсенбаев Үлкән Тәкімұлы - ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан FA-ның корреспондент мүшесі. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Мәскеу қаласындағы Әдебиет институтын бітірген. 1936-42 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редактор, КСРО FA Қазақ филиалының әдебиет секторында ғылыми қызметкер, сектор менгерушісі, 1942-43 жылдары өскери-педагогикалық институт тыңдаушысы, 3-Украина майданының "Советский воин" газеті редакторының орынбасары болған. Майданнан оралған соң, Қазақстан FA тәралқасының ғылым-хатшысы (1946), Тіл және әдебиет институтының бөлім менгерушісі (1949-61), Әдебиет және өнер институтының бөлім менгерушісі (1961-76) қызметтерін атқарған. Негізгі ғылыми еңбектері қазақ фольклоры, соның ішінде лиро-эпос, әдебиет тарихы, қазіргі заманғы әдебиет мәселелеріне арналған. Ф.Рабле, И.С.Тургенев, А.П.Чехов, Р.Роллан,

М.Горький шығармаларын қазақ тіліне аударған. Дүйсенбаевтың "Фасырлар сирі", "Қазақтың лиро-эпосы", "Мұхтар Әуезов", "Эпос және ақындар мұрасы" атты еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған елеулі үлес болып есептеледі. Қызыл жұлдыз, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

10. Мәтінді оқыңыз.

Бейсенғалиев Марат Сәметұлы 15.3.1962 жылы Алматы қаласында туылған. Қазақстанның халық әртісі, скрипкашы. Алматы қаласындағы Күләш Байсейітова атындағы музыкалық мектебінің түлегі. 1980 жылы Алматы консерваториясына түсіп, 3-курстан кейін оқуын Мәскеу консерваториясында жалғастырды. Осы консерваторияның аспирантурасын 1988 жылы бітірді. Республикалық (Алматы, 1986), И.С.Бах атындағы (Лейпциг, Германия, 1988) және Н.Забалетта атындағы (Сан-Себастьян, Испания, 1991) халықаралық конкурстардың лауреаты атанды. Қазақ филармониясының солиси, Қазақ мемлекеттік квартетінің мүшесі, "Алтын алма" камеральық оркестрінің көркемдік жетекшісі болған. Әр стилде жазылған музыканы өте терең түсініп, көркем әрі асқан шеберлікпен орындағытын Марат концерттік қызыметпен де белсенді шүғылданды. Оның бай репертуарлары М.Төлебаевтың, Ф.Жұбановың, Т.Қажығалиевтың туындыларымен қатар Батыс Еуропа және орыс класикасы, қазіргі музыкалық шығармалар бар.

11. Мәтінді оқыңыз.

Жексенбин Бөрібай Биқожаұлы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 мамырдағы № 1366 Жарлығымен Жамбыл облысының Әкімі болып тағайындалды. 1952 жылдың 26 мамырында Жамбыл облысы Шу ауданының Чкалов атындағы ұжымшарда туылған, қазақ, жоғары білімді, 1974 жылы Алматы малдәрігерлік институтын, 1999 жылы Еуразия нарық институтын бітірген, ғалым, мал дәрігері, экономист. Экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын 1968 жылы Жамбыл облысында Шу жөндеу-механика зауытында жұмысшы болып бастаған. 1969-1974 жылдары - Алматы мал дәрігерлік институтында студенті. Институтты бітіргеннен кейін 1979 жылға дейін Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, "Қарабұлақ" кеншарында бас зоотехник, одан кейін 1982 жылға дейін Жезқазған облысы Приозерное ауданының КПСС-тің XXII-ші партсъезд атындағы

ұжымшардың директоры. 1987-1989 жылдары - Жезқазған облысы Приозерное аудандық халық депутаттары кеңесінің атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары - аудандық агроенеркесін бірлестігінің төрағасы. 1989-1992 жылдары - Жезқазған облыстық агроенеркесін өдағының төрағасы, облыстық агроенеркесінің комитетінің төрағасы. 1992-1995 жылдары - Жезқазған облысы әкімінің бірінші орынбасары. 1995-1996 жылдары - Жезқазған облысы әкімінің бірінші орынбасары - облыстық ауыл шаруашылығы және астық ресурстары департаментінің бастыры. Одан кейін 1999 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің үйымдастыру - бақылау белгімінде мемлекеттік инспектор болып істеген. 1999 жылдың наурызынан 2004 жылдың мамырына дейін Жамбыл облысы әкімінің орынбасары. 2004 жылдың мамырынан бастап Жамбыл облысының әкімі. Мемлекеттік наградалары: "Құрмет" ордені, "Астана" естелік медалі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы және Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы медальдары. "Қазақстан Республикасының құрметті білім беру қызметкері" және Х.А. Яссайи атындағы Қазақ-Түрік Халықаралық университетінің "Құрметті профессоры". Үйленген, 4 бала тәрбиелеп отыр.

12. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ елінің аты әлемге күннен-күнге әр қырынан танылууда. Мәдениетіміздің, қазба байлығымыздың, біліміміздің арқасында бұрын соңды естімеген қазақ елін, қазақ жерін әлем мойындауда. Сонымен қатар бокс өнерінің арқасында олимпиада, сан түрлі әлемдік жарыстарда Қазақстанның көкбайрағы желбіреуде, әнұранымыз орындалуда. Сол боксшы ұлдарымыздың бірі Жұмаділов Болат Нұретдинұлы.

Жұмаділов Bolat Nұrетdinuly 22.04.1976 жылы Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Жетібай ауылында дүниеге келген. Боксшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері (1995), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2000). Бокспен 12 жасынан бастап айналысқан 1990-97 ж. аралығында Қазақстанның, ТМД елдерінің (1992) чемпионы. Алғашқы жаттықтырушысы Ф.Цой болды (Тараң қ.). Орталық Азия ойындарының (1995, Пусан, Корея) чемпионы. Дүниежүзі чемпионаттарының (1995 ж., Берлин, Германия, 1997 ж. Будапешт, Венгрия) қола, 26-Олимпиада ойындарының (1996, Атланта, АҚШ) күміс және Дүниежүзі чемпионатының (1999, Хьюстон, АҚШ) алтын, 27-Олимпиада ойындарының (2000, Сидней, Австралия) күміс жүлдегері. "Құрмет" орденімен марарапатталған. Жұмаділов Bolatttyң жетер женістері, көтерілер биіктегі өлі алда.



13. Мәтінді оқыңыз.

Сейсембаев Манас Ахметжарұлы (2.06.1950 ж.т., Қарағанды к.) - ғалым, медицина ғылымдарының докторы (1995), профессор (1998). Семей мемлекеттік медицина институтын бітірген (1973). 1974-77 жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданында хирург, 1978 жылдан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған Республикалық клиникалық госпитальда белім менгерушісі, директоры (2004 жылдан). 1980-2003 жылдары Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығында белім менгерушісі, директоры (2001-03) болды. Негізгі ғылыми еңбектері жалпы хирургия мәселелерінде, бауыр, өт жолдары, үйқы безі, ішек-қарын және басқа да ауруларды хирургиялық жолмен емдеу мәселелерінде арналған. 147-ден астам ғылыми еңбектері, оның ішінде 2 монография жазған. "Хирургияда жаңа технологияны зерттеп, оны тәжірибелеге енгізу" атты ғылыми-зерттеу жұмысының авторларының бірі. Медицина саласында аяnbай еңбек еткені үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын 1999 жылы иемденді.

14. Мәтінді оқыңыз.

Маусымқұс - денесінің ұзындығы 28 см-дей, салмағы 200-300 грамдай. Маусымқұс жазда арқа қауырсыны құбылмалы, бауыры қара, ал қыста қауырсындары ақшыл түсті болады. Маусымқұс - жыл құсы. Көктем (Наурыздың және мамырдың сонында), күзгі (шілдеден қазаннаның сонына дейінгі) аралықта Қазақстан арқылы ұшып өтеді. Бұлардың белсенді тіршілігі маусым айында байқалғандықтан, құстың аты соған байланысты қойылған. Мекені солтустік жартышар болғандықтан тундраның құрғақтау ашық тұстарына маусымқұстар жеке-жеке ұя салып, 3-4-тен жұмыртқалайды. Жұмыртқалары қызғылт немесе қоңырқай түсті болады. Қоразы мен мекені кезектесе шайқап 23 күнде балапандары үядан ұшып шығады. Маусымқұстар су және ұсақ жәндіктермен, өсімдіктердің тұқымымен қоректенеді.



ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ ЕСІМДЕРІ (Имена героев казахского фольклора)

Есімдер (Имена)	Белгі (Белгі)	Аудармасы (Перевод)	Синонимдік қатары (Синонимический ряд)
Алдар көсе	▼	алда 1. впереди 2. обманывать көсе – без бороды	собирательный образ умного, хитрого человека. Его цель – высмеивать скupого богача, ростовщика торговца, безжалостного правителя
Қожанасыр (әпенди)	▼		образ порой хитрого, порой простака, порой острослова
Таша бала	▼	таз 1. парша // паршивый 2. плесь // плешивый 3. перен. голый, оголенный	в народной сказке умный, находчивый мальчик
Жалмауыз кемпір	▲	1. миф. чудовище (которое пожирает) 2. перен. обжора 3. экс. неодобр. противный	отрицательный образ, колдунья, в любое время превращающая в другое существо. Баба Яга
Жартыбай	▼		Нечестный, жмот, нечистоплотный
Шығайбай	▼		Скупой, скряга, думающий только о себе

❖ **Упражнение 1.** Сгруппируйте имена по трем столбикам.

Атабек, Ағаділ, Алдар кесе, Ақғул, Әппақ, Батыр, Ба-
уыржан, Берік, Бөлебай, Dana, Кенжегүл, Кенжебек, Керім,
Қожанасыр, Тазша бала, Тұңғышбай, Жалмауыз кемпір,
Жақсылық, Жиенбай, Жиенқұл, Шығайбай бай.

Сын есімнен жасалған есімдер	Тұыстық атаулардан жасалған есімдер	Қазақ ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің есімдері

❖ **Упражнение 2.** Прочтите рассказ о Кожанасыре.

Бәйбішесі кір жуам деп көл басына бармақшы болады. Қожанасыр да ере шығады. Кірді енді жуа бастағанда бір қарға ұшып кеп сабынды алып кетеді. Бәйбішесі Қожана-сырға:

- Ефендім, жетіңіз анаған! Сабынды қарға алып кетті! - дейді.

Кожекен орнынан да козғалмастан:

- Таласпа онымен, бәйбіше. Көрдің бе қап-қарасын, үсті-басы бізден де кір. Жуынсын, тазалансын. Сабын бізден гері соған керек. - депті.

ⓘ Назар аударыңыз!

Жапмауыз кемпір

Жалмауыз көмір Қазақ ертегіндеңдегі жағымсыз кейіпкер. Ол кейде жеті басты, қарға тұмысық, кол-аяғының тырнақтары сояудай, адам қанын соратын коркынышты кейіпкер. Жалмауыз кейіпкердің бейнесінің тарихи неізі бар. Матриархат дәүірінде руды қария әйелдер басқаратын болған. Жас балаға ат қою, жетім қалған балаларға қамқорлық жасау, шеттеп келгендік аданды руга қабылдау, жастарды үйлендіру, рулық заңдарды қатал сактау, т.с.с. істер осы ананың әмірінде болған, керек кезде ол бақсы да, әскербасы да болған. Осының нәтижесінде, қартанага та-бынушылық пайда болды. Ол керемет күш ісесі, қолынан келмейтіні жоқ сиқыр-шы, рудың жаударын жыныштаңдағы да жене алатын күш дең танылған.

Рұбысы аныңың бейнесі қазіргі кезде миғтік аңыздарда ғана қалды, бара-бара жаппап атпен жаһымсыз көйлікпен сипаттың шеңдері.

❖ Упражнение 3. О ком идет речь?

Бірде қу, бірде аңқау, бірде өткір тілді қалжынбас	Алдар көсе
Үлкен адамдардан артық ой-өрісі дамыған кейіпкер	Шығайбай
Тырнақтары соядай, адам қанын соратын қорқынышты кейіпкер	Жалмауыз кемпір
Сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды әжұа ететін ақылды кейіпкер	Қожанасыр
Сараң бай	Тазша бала

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыздар.

Алдар Көсе және Жартыбай бай

Өтіздер, обалдары не керек, қамши салдырмай, ырғақтарынан жаңылмай түп-түзу тартып отырады. Соқа жүріп өткен жазықта дымқыл қара топырақ аунап түсіп, атыз жасайды. Бәрі жақсы, бірақ мұндай жұмыспен өмір бойы шүғылданып көрмеген безбүйрек байдың самайынан тер сорғалап, көзі қарауытады. Сондай бір көзі қарауытып, басы айналған кезде жанына жақын келіп:

- Ассалаумағалейкум! - деген Алдар Көсені Жартыбай байқамай да қалды.

- Ұағалай ... - дейді де сөзін өрі жалғастыра алмай отыра кетеді. Алдар Көсе оны қолтығынан демеп түргызады да:

- Оу, бай-еке, сізге не болған? Негып жер жыртып жүрсіз? Қызметкерлеріңіз қырылып қалған ба?!- дейді.

- Жоға! Олар қайда кетуші еді?! Бірақ олардың бәріне бірдей ақы төлеу керек. Мал баққанына төле! Шөп шапқанына төле! Жер жыртқанына төле! Соның бәріне дәүлетің жете ме?! Барлығын қуып жіберіп, өзім ғана қалдым!

Жаңа ғана жер жыртып, өз қолымен еңбек етіп, терін төгіп жүрген байды көріп, оның бүл ісіне іштей сүйсінсе, енді оның ниетін білген-нен кейін көнілі қалып, ызасы келді.

- О құрметті Жарты-еке, шаршадыңыз гой, демалсаңызы! Мен -ақ жырта тұрайын!- дейді ренішін сездірмей.

Буыны босап, көзі кілмиіп, өзінен өзі бітіп тұрган бай, дүниекоңыз сараң бай өлгі сөзге қуанып кетсе керек, шәбі қалыңдау темпешікке шығып, қисая қалса, қалғып жүре береді. Соны өз көзімен көрген Алдар Көсе екі өтіздің құйрығын қақ түбінен қырқып алып,

борпылдақ жұмсақ топырақта қадайды да, өгіздерді төбенің арғы бетіне апарып тығып тастайды. Қайтып келіп ұзақ үнсіз отырады. Жол жүріп қажыса керек, бір сәт қалғып та кetedі... Біраз көз шырымын алған Жартыбай ояна сала қалғып отырған Алдар Көсені кереді. Перштесі тұрткендей, сол сәтте ол да атып тұрып:

- Сіздің мына өгіздерініз бұрыннан да осындай ма еді?! Мені ұнатпағаннан өстіп қалды ма?! Қолым соқаға тиер-ти mesten мәніреп қоя бермесі бар ма? Мәніреп-мәніреп, егістікке сіңіп жоқ болды! Арттарында тек құйрықтары ғана қалды!

- Эй, не деп оттап тұрсың сен?! Тау шайқалмай, жер сілкінбей, олар қара жердің астына қалай сіңіп кetedі?! - деп Жартыбай құйрықтарға қарай бет бұрганда Алдар Көсе шырылдан қоя береді:

- Тиіспе, бай-еке, тиіспе! Өгіздің құйрығы өгіздің салмағын көтешуші ме еді? Үзіліп кetedі. Шыдаңыз! Кейін қазып шығарамыз. Немесе өздері шығады...

Күйіп-піскен ашулы бай ойланbastan құйрықтарға жармасып, бірінен соң бірін жұлдып алады.

- Шыдай тұрыңыз, әйтпесе өгіздерден мәнгі айырыласыз деп ес-керттім гой мен сізге! Ал енді не болды?!

Осы сөзді айтады да, қолын бір сілтейді. Байдың сараңдығынан, дүниекоңыздығынан, іштарлығынан жұмыстан қуылған бейшара кедейлердің аш-жалаңаш бала-шагасы есіне түсіп, төбенің аржағына байлап кеткен өгіздерге қарай тартып отырады. Бір күн болса да сорпа-су iшіп, онып қалсын. Сол екі өгізді алып барып соларға сойып берейін деп ойлайды.

2. Мәтінді оқыңыз.

Алдар Көсе

- Алдар! Эй, Алдар! Адам түгіл сайтанның өзін жер соқтырып кеткен дей ме сені?! Мықты болсан, мені бір алдашы! - дейді кеудесіне нан піскен дарақы бай at үстінде шіреніп тұрып.

- Несі бар, алдасам алдай салар едім, әттең әлгі алдағыш таяғымның үйде қалып қойғаны! - дейді Алдар өкінген болып.

- Немене, ол таяқсыз алдай алмайсың ба?

- Эрине, алдай алмаймын!

- Ендеше бар да алып кел сол сиқырлы неменді. Мен күте тұрайын...

- Жаяудан-жаяу қалай барам? Келесі бір кезіккенде алдай жатармын.

- Жоқ, қазір алдауың керек қайтсөн де! Шаршап тұрганың рас болса, мә, менің атыма мін де тез барып кел!

- Қалауыңыз білсін. Соңшалық алданғаныңыз келіп тұрса амалым қанша! Барсам барып қайтайын, - дейді. Алдар Жуан байдың

торысына қарғып мініп, - мынау жатқан төмпешік - әкем сорлының зираты, еңбегінді қайырам деп сіз оны елу жыл алдарқатып едіңіз. Енді міне, қақпаға өзіңіз кеп түстіңіз. Қайдағы бір сиқырлы таяққа сеніп тұрған өзіңіз де ақымақ екенсіз. Алдады деген міне, осы. Әкем моласының қасы! - деп Алдар Көсе шаба жәнеліпті.

Ал мазақ болған мақтаншақ бай айдалада жаяудан жаяу қала беріпті.

Алдар Көсе - қазақ ауыз әдебиетіндегі халық арасында көп тараган ұнамды, құлдіргі кейіпкер. Әр кезде өмір сүрген ақылды да, айлакер, тұра да тапқыр, жарлы-жақыбайдың қамын жеген әділ адамның жиынтық бейнесі. Ол бірде жұмыртқадан жұн қырыққан дүниекоңыз Шық бермес Шығайбайдың басын шыр айналдыrsa, бірде, тыыннан теңге, тұяқтан табын құраған Ысқақ саудагердің өзін мұзға отырызып кетеді. Ол - ол ма, қараңғы халықтың зересін алып, жағасын ұстараткан жын-сайтандармен айқасқа шығып, олардың өзін өлердей мазақ етеді.

Байлар мен билер, саудагер мен алыштарлар, хан мен уәзірлер, қарапайым халықты сұліктей сорады. Ал халық оларға "өз өкілі" Алдар Көсені қарсы қояды. Өстіл, езілген ел қалауын тапты. Алдар Көсе арқылы да алданбай күреседі.

3. Қожанасырдың әңгімелері

Төсекте жатқан Қожаны бәйбішесі:

- Эрі кетші, - деп, сырғытып тастапты.

Қожекен лезде тұрып, күмін кие салып үйден шығып кетеді.

Екі-ұш сағат жол жүрген соң танысы кезінеді.

-Қожеке, таң сәріден қайда барасыз? - дейді.

Қожа:

- Өзім де білмеймін. Жалғыз-ақ біздің үйге соғып, бәйбіshedен сұрай салшы, бұдан да әрі кетеійін бе? - депті.

* * *

Қожанасыр құмбырамен өзеннен су ала бергенде, құмбырасын түсіріп алады. Құмбыра су түбіне батып кетеді. Қожанасыр құмбыра батқан тұстан көз айырмай үзақ отырып қалады.

Жанына келген біреу:

- Қожа, не күтіп отырсыз? - дейді.

- Құмбырам суға түсіп кеткені. Судан шыға қалса мойнынан шап беріп ұстай алайын деп отырмын, - депті.

* * *

Қожанасырды бай кісі қонаққа шақырыпты. Дастархан жайылып, ыстық тамақ желінеді. Бір уақытта сусынға мұздай сұық айран ке-

леді. Үй иесі қонақтарына айранды кішкене кесеге, өзіне үлкен тостағанға құйдырады. Суық айранды жұтқан сайын иесі:

- О - охх! ... Өлдім! ... - деп тамсана береді.

Қонақтары кішкене кеседегі айранды ішіп болып, үй иесіне қарап отырады.

Бір уақытта шыдамаған Қожанасыр:

- Бере тұршы, біз де біраз өлейік! - деп, үй иесінің алдындағы тостағанды тартып алып, басына бір-ақ көтеріпті.

4. Мәтінді оқыңыз.

Тазша баланың ақылы

Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерде қесіп қылуға талап етіп, өзіне тиғен ешкін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен арқалап кетіпті. Келе жатып бір өнерші байдың үйіне кезігіпті. Осы байға өнер үйренуге жалданыпты. Өнерші бай өте жауыз адам екен. Ол жалданған жігітті пайдаланып, ақысын төлейтін мезгілде алдап, сандыққа салып, аузын бекітіп тастайды.

Үйінде қалған ортаншы баласы да өнер үйренбекке талап етіп, ол да ағасының кеткен жолымен өнерші байға келіп жалданыпты. Өнерші бай ақысын төлейтін кезде оны да сандыққа тығып тастайды.

Үшінші ұлы - Тазша бала да ағаларындай өзіне тиғен ешкін сойып алып, жарты етін әке-шешесіне беріп, олардан рұқсат алғып, жүріп кетіпті. Келе жатып бір қора қойға кезігеді. Қойды бір шал бағып жүр екен. Тазша бала қойшыдан:

- Бұл кімнің қойы? - деп сұрайды.

Қойшы:

- Бұл - өнерші байдың отары, - деп жауап береді де, - қарағым, қайда барасың? - деп сөзін жалғастырады.

- Өнер үйренуге барамын, - деп жауап береді Тазша бала.

Сонда шал тұрып:

- Балам, өнерші бай - өте зұлым адам. Одан аулақ жүр. Оның құс болып үшып, аң болып жорта алатын қасиеті бар, - деп ақылын айттыпты.

Тазша "шалдың айтқаны рас-ау" деп ойлайды. Қайтсе де сол зұлым байды көріп кеткісі келеді. Ол байдың үйіне келіп қонады. Ертеңінде жүреін дег жатқан кезінде өнерші бай:

- Жіргітім, қайда барасың? - деп сұрайды.

Тазша бала:

- Мен баласы жоққа еншілес бала бола аламын, - деп жауап береді.

Сонда бай:

- Олай болса, сен қал, маған бала бол. Мен жолаушылап кетіп барамын. Мен кеткен соң-ақ құнан қойды сой, той жаса. Асық жілігін етімен өзің жерсін, - дейді де, өзі жолаушылап кетеді.

Тазша бала:

- Хош, әке, жолыңыз болсын, - деп, үйде қалады.
- Аға, сен асықты жілікті өзің жемей, керегенің басына іліп қой. Сонда бір ақ тазы келіп жілікке ұмтылар, сен балтаны алып, тазыны өлтір, - дейді байдың қызы.

Мұнан соң Тазша бала ақ құнан қойды сойып, той қылады. Көршілерін шақырып, асықты жілігін өзі жемей, қыздың айтқанын орындалп, кереге басына іліп қояды. Айтқанындай-ақ, ақ тазы келіп, жілікке ұмтылыпты. Тазша тазыға қарай балтаны жіберіп қалыпты. Бірақ, балтасы оған тимей, ит құтылып кетіпти.

Өнерші бай үйіне оралады. Тазша баланы көріп, ашуланды. "Енди бұл итті аштан өлтірейін" деп ойлайды. Тазшаны да ағаларындаі алдап, сандыққа салып, аузын мықтап бекітіп тастайды. Байдың қызы әкесі жоқта сандықтың түбін тесіп, Тазша балаға тамақ әкеліп береді. Осылай оны күн сайын тойындырып тұрады. Ал, Тазша сандықта жатып, байдың сан түрлі сиқыр өнерін үйрене береді. Бірнеше күн өткен соң Тазшаның әкесі балаларын іздең шығады. Жолжөнекей кездескен ауылдардың бәрін аралайды. Бір күні өнерші байдың үйіне келіп:

- Мениң өнер үйренуге кеткен үш ұлым бар еді, соларды көрмединіз бе? - деп сұрайды.

Өнерші бай:

- Жоқ, көргенім жоқ, - деп жауап береді.

Өнерші бай мен әкесінің сөзін естіген Тазша:

- Эке, мен мұнданың, - деп сандықтың ішінен айқайлайды.

Әкесі баласын даусынан танып, байдың ішкі бөлмесіне кіреді. Тेң жақта тізіліп тұрған үш сандықты көреді. Байдың айтқан сылтауларына көнбей сандықтарды ашады. Үш сандықтан үш ұлым шығады. Оларды ілеңстіріп, үйіне қайтады. Тазша жол-жөнекей әкесінің өнерші бай жөне оның қызымен қалай танысып, сиқыр өнерін қалай үйренгендігі жөнінде, ағаларының сол қыздың көмегімен қалай тірі қалғандары туралы әңгімелеп береді. Үйлеріне оралған соң, Тазша бала:

- Эке, мен бірталай өнер үйрендім. Біз енді жауыз өнерші байды сабасына келтіріп, алдап соғуымыз керек. Ол күнде таңертен базарға барып, арзан бағамен жақсы мал сатып алады. Мен бір қара құнан қой болайын, мойныма жіп тағып, жетектеп сол базарға апарыңыз. Бірақ мені тек өнерші байға сатыңыз да жіпті алып қалыңыз, - дейді.

Әкесі келіседі. Баласы айтқанындай қара құнан қойға айналады. Әкесі мойнына жіп тағып, базарға апарады. Оны өнерші байға сатып, үйіне қайтады.

Ертеңіне баласы өз қалпына түседі де, үйіне қашып келеді. Келесі жолы ол:

- Экес, бұл жолы мен бір жez бүйдалы нар тайлақ болайын. Сіз бүйдамды алып қалыңыз да, мені базарға апарып сатыңыз. Сонын үйге қайта беріңіз, - дейді.

Тазша енді тайлақ болады. Экесі тайлақты сатайын деп, базарға жетектеп келе жатса, алдынан баяғы өнерші бай шығады. Ол Тазшаның айласын біліп:

- Маган мынау тайлағыңды сат, - деп, әкесінен тайлақты жүз ділдеге сатып алады.

Үйіне жетектеп келеді де, қызын шақырып алып:

- Мынау тайлақты ұстай тұр, - дейді. Өзі үйден пышақ алып шығып, тайлақты бауыздамақшы болады. Қыз әкесінің жаман ниетін біліп, үйден пышақ ала шыққан екен.

Әкесі үйге кеткенде, тайлақтың бүйдасын пышақпен қызып жіберіп, босатып қоя береді.

Өнерші бай сыртқа шығып, үйіне қарай қашып бара жатқан тайлақты көреді де, артынан қуады. Тазша сонда тұлкіге айналып қашады. Өнерші бай тазы болып қуып, енді жете берген кезде, Тазша тұлкіден үйрекке айналып үшады. Бай қаршыға болып қуады. Біраздан соң Тазша бала торғай болып қашады. Бай қырғи болып сонына түседі. Онан соң Тазша торғай қалыбына түсіп шарбаққа қонауды. Бай қырғи бол келіп таяна бергенде, Тазша шүберекке айналып жерге түседі. Өнерші бай кісі болып шүберекті қолына ала бергенде, Тазша тары болып шашылады. Бай тауық болып шұқыын дейді. Осы кезде Тазша бала кейпіне оралып, тауық болып жүрген өнерші байдың желкесінен ұстай алады. Басын төмен қаратып ұстап тұрып, іштей дұға оқиды да, оның бойындағы бар сиқырын жойып жібереді. Осылай Тазша зұлымдықты жеңіп, өзіне көп көмек берген өнерші байдың қызын алып, мұратына жетеді.

5. Мәтінді оқыңыз.

Жалмауызды алдаған қыздар

Ертеде бір бай болыпты. Байдың ауру әйелі және үш қызы бар екен. Бір күні әйелі науқасынан айықпастан қайтыс болады. Біраз уақыттан кейін бай үйіне басқа әйел алып келеді. Бұл әйел қатыгез адам болып шығады. Ол байдың қыздарын жек көреді. Бір күні өгей шешелері қыздарын шақырып алып:

- Шырақтарым, бүгін сендер тоғайдан жеміс теріңдер, - деп түбі тесік шелек береді.

Қыздар:

- Алақай! Жеміс тереміз! - деп қуанып тоғайға кетеді.

Тоғайға келіп, жеміс тере бастайды. Бірақ, терген жемістері тесік шелектен түсіп қала береді. Сол себепті қыздар тоғайда көп жүріп

қалады. Осы уақытта өгей шешелері әкесінің басын айналдырып, басқа жаққа көшіп кетеді. Кешке жақын қыздар әбден шаршап үйлөріне келсе, үй орнында жоқ болып шығыпты. Қыздар жылап-сықтап үйдің орнына тұнейді. Ертеңіне осы арадан бір айнаны, тарақты, инені тауып алады. Осыларды алып қыздар жолға шығады.

Келе жатып бір жұлым үйге кезігеді. Осы жұлым үйде жалмауыз кемпір тұрады еken. Қыздар үйге кіреді. Үйдің ішінде кішкентай қызы отыр еді. Қыздар одан:

- Үйдің иесі қайда? - деп сұрапты.

Сонда қыз:

- Бұл үйдің иесі - мен және менің шешем - жалмауыз кемпір, - дейді.

Қыздар қорқып қалады. Бірақ басқа амалы болмағандықтан кешке дейін жалмауызды күтіп отырады. Кешке жалмауыз үйіне келсе, үйде үш қызы отыр еken. Қыздарды көріп, ол қуанып қалады.

- Сендерді маған шайтан айдал әкелген шығар. Қызымыз екеуін міз бір тоятын болдық. Ал, бүгінше жатып демалыңдар, - деп оларға төсек салып береді.

Кемпір ертеңіне аң аулауға кетіп бара жатып, қыздарға:

- Маған кішкентайларыңды пісіріп қойыңдар, түсте қайтып келермін, - дейді.

Жалмауыз кемпір кеткен соң, қыздар кішкентай қызды өздерімен бірге алып қашады.

Кемпір келсе, өзінің қызы да, үйде қалған үш қызы да жоқ. Қатты ашууланған ол қыздарды қуа жөнеледі.

Бір уақытта қыздар артына қараса жалмауыз кемпір жетіп қалған еken. Жалмауыз кемпірдің қызы осы уақыттың ішінде үш қызға бауыр басып қалған еді. Ол:

- Апайлар, менің шешем жетіп қалған кезде, қолдарыңда не бар соны артқа қарай лақтырыңдар. Сол кезде оның алдынан бөгет пайда болады, - дейді.

Қыздардың үлкені кішкентай қыздың сөзін ести сала тарақты тастапты. Ол үлкен тоғай болыпты. Екінші рет жете бергенде ортаншысы инесін тастайды. Ол биік тау болыпты. Онан да кемпір өтеді. Үшінші рет кішкентай қызы айнасын тастайды. Ол үлкен көл болады. Жалмауыз кемпір бұл көлден өте алмайды. Ол көлдің екінші жағалауында тұрған қыздардан:

- Қыздар, сендер бұл көлден қайтіп өттіңдер? - деп сұрайды.

Қыздар:

- Мойнымызға тас байлап өттік, - дейді.

Кемпір қыздардың сөзіне сеніп, тас байлап суға түседі де батып кетеді. Ал, қыздар аман-есен үйін тауып, әкесіне болған оқиғаны түгел баяндап береді. Әкесі қыздарына жасаған зұлымдығы үшін әйелін қызып жібереді. Жалмауыз кемпірдің қызын асырап алады. осылай қыздар бірге тату-тәтті өмір сүреді.

ЛАҚАП ЕСІМДЕР (Прозвища)

Лақап есім (Прозвища)	Белгі (Знак)	Аудармасы (Перевод)	Қойылу себебі (Причина, по которому дается имя)
Ақсақ	▼	хромой	человек, который хромает
... Темір	▼	железо	
Арық	▼	худой	худощавый, тощий
Быртық	▼	карлик	человек маленького роста
Даукас	▼	скандалист	бесконечно спорящий человек
Дәукас	▼	великан, гигант	неуклюжий человек
Жаңғалақ	▼	безалаберный	бестолковый, беспорядочный
Жаяу	▼	пеший	у известного поэта Мусы
... Мұса	▼	пеший Мұса	Байжанулы отобрали коня и он ходил пешком. Поэтому народ прозвал его пеший Мұса
Қара	▼	черный	смуглое лицо
... бай	▼	богатый	
Сары	▼	желтый	рыжее лицо
Сал	▼	мудрый, знающий	разносторонний человек искусства
Біржан ...	▼		
Семіз	▼	толстый, жирный	жиরный, толстый человек
Сепі	▼	богеманый человек	поэт, песенник
Ақан ...	▼		
Суайт	▼	лгун, врун	человек, который много лжет
Тырық	▼	исхудалый	руки-ноги тоненькие
Тәштек	▼	карлик	человек маленького роста
Ұзынтура	▼	жираф	человек высокого роста

❖ Упражнение 1. Дайте этим людям прозвища.



❖ Упражнение 2. Прочтите стихотворение и отдельно выпишите прилагательные.

Сенің көзің түпсіз терең тұңғылықтан жаралған,
Сонда жатыр мәнде жүрген орындалмас бар арман.
Сенің жүзің көкте күннен, жерде гүлден нәр алған,
Шашың сенің - жан баспаған жапандарғы қара орман.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындағы қап-қара,
Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?
Әсем-басың өп-әдемі, мүсінің шақ қана,
Шиедейін еріндерің қызырып тұр шоқтана.

Толықсыған тұла бойың шыбық па еken, тал ма еken,
Бейнең сенің баяу атқан жазғы шүғыла таң ба еken,
Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің көусар, бал ма еken
Бұл ғаламда сенен артық сірә, біреу бар ма еken!?

M. Мақатаев

❖ Упражнение 3. Составьте предложения, связанные с внешним видом, характером и с манерами говорить людей.

1. құлпырып
2. сүйкімді
3. жүдеп кетіпсің
4. қайырымды жігіт
5. өте қатал
6. көнілді жүреді
7. қысқа бойлы

8. ұзын бойлы
9. аққұба
10. қараторы

❖ **Упражнение 4.** Найдите прозвища.

Арық, Арал, Аязбай, Болат, Ботқа, Ділдә, Еділ, Ербол, Ертіс, Қара, Қазан, Кеңес, Сайлау, Сары, Семіз, Совет Суайт, Тәштік, Тараз, Ұзынағаш, Ұзынтура, Жаңғалақ, Жаңбырбай, Жібек.

❖ **Упражнение 5.** Ответьте на вопросы

1. Аяғы ақсақ болса кім деп қойған?
2. Семіз адам болса кім деп қойған?
3. Мұрны тәмкіш болса кім деп қойған?
4. Өні қара болса кім деп қойған?
5. Бойы ұзын болса кім деп қойған?
6. Денесі кішкентай болса кім деп қойған?

❖ **Упражнение 6.** Прочтите текст.

Ұзын

Әлемдегі ең ұзын саналатын адам - Леонид Стадник. Ол Житомир облысының Подолянцы селосында тұрады. 36 жастағы азаматтың бойы 2 метр, 55 см. Украина президенті болған Виктор Ющенко Леонидтің өтініші бойынша, бойына сәйкес келетін Chevrolet Tacuma маркалы автокөліктар ту етті.

Соңғы жылдардағы көрсеткіштерге қарасақ, бойшаң халықтар қатарына жататын Германияда немістердің 24 пайызының бойы 170 см-ден аспайды. Ең ұзын адамдар Африкада жиі ұшырасады.

Қазақстанда ең ұзақ жыл ел басқарып, тарихта есте қалған қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев елімізде ғана емес, Қеңестер Одағындағы шен-шекпендерділер арасында бойымен ерекшеленген. Сонымен қатар бүгінгі күнде мемлекет басын басқарушы қоғам қайраткерлерінің ішінен де көптеген бойшаң азаматтарды атауға болады. Мәселен, Григорий Марченко - 198 см, Қасымжомарт Тоқаев - 187,

Қ.Келімбетов - 186, Д.Ахметов - 175, А.Есімов - 174, Ә.Жақсыбеков -172 см.

Қысқа

Ең қысқа адамдар - Вьетнамда, Филиппин арапдарында, Тайландта тұрады.

Жапон жігіттері болашақ жарының бойы қысқа болғанын, нақтырақ айтсақ, 44 размерден аспайтын кім кигенін қалайды екен. Себебі осы шамадағы кім-кешек арзанға түседі. Керісінше АҚШ ғалымдары жүргізген зерттеулер көптеген елдерде бойы қысқа адамдарға жауапты жұмыстар сеніп тапсырылмайтынан және олардың бәрі дерлік ұзын адамдарға қарағанда жалақыны белгілі бір мөлшерде аз алғатынан анықтаған. Дегенмен, тарих беттерін парақтап ашсақ-ұлы өзгерістер жасауға мұрындық болғандардың дені аласа бойлы азаматтар көрінеді. Айталық жарты Еуропаны жаулаған Наполеон Бонопарттың бойы - 169 см, әлемге әйгілі Темірлан - 145 см, Александр Македонский мен Карл Великий - 150 см, Муссолини - 160 см, Гитлер - 165 см болған.

❖ Упражнение 7. Ознакомьтесь с текстом.

Ақын, әнші, композитор

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса ,
 Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
 Шорманның Мұстафасы атымды алып,
 Атандым сол себепті "Жаяу Мұса",

- деп қара құшке дес бермес өнер тілін қарсы қойған атақты жаяу Мұса 70-ке таяу әннің авторы. Орысша, қазақша бірдей сауатты болған ол жалпы қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан қайраткер. Абай мен Ұбырай Алтынсариннің тұсында өмір сүрген Жаяу Мұса бостандыққа үмтىлышп келе жатқан ағымды терең сезінді, Алтынсариннің өлеңіне ән шығарып, Шоқанмен бірге жүрді, Абайға өлең арнады.

Оның халыққа кең тараған, әлеуметтік теңсіздікті бейнелейтін "Ақсиса", "Хаулау", "Толғай", "Бұзау зары", "Сүйіндік", тұған жері мен ауыл табиғатын суреттейтін "Баянауыл", "Гау-

хар қыз", "Сұраншы қыз", "Шолпан" сияқты әндері - шығарма-шылық мүмкіндігін танытар тамаша дүниелер.

❖ **Упражнение 8.** Прочтите краткое содержание произведения.

Б. Соқпақбаев Менің атым Қожа

"Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады еken. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. "Ортаншым", "кенжем", "сүйіктім" "жұпарым" деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны таңдал алады. Міне, әділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес.

Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген еken. Туутуралы күәлігінің өзінде солай жазылған. Бірақ дүниеде не қиын ғажайып құбылыстар бола бермейтіні тәрізді, бертін келе "Қожабергеннің" құйрығы үзіліп, түсіп қалыпты. Бұл құбылыстардың қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеумізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап, мені қара Қожа, оны сары Қожа деп атайды".

❖ **Упражнение 9.** Прочтите стихотворение.

Мына келген біздерге Ұзынтура,
Ұзын оның аяғы мен қолы да.
Сыймай кеттің сорайып, бұл не болды
Отыра қал, орныңа енді тұрма.

Даукес келсе біздерге, мейлі келсін,
Жүрген жерде айтады, миды жейсің.

Кісі менен кісіні бірге қоспай
Келген жерге әкеліп дауды жүрсің.

Ал мынау ше, семіз емес неге Арық
Төлей ме еken әлде ол сонша салық.
Берейікші, қант, май ірімшіктен
Көңілі оның жайланаған соң болсын қарық

Сұлу еken десем бұл Пұшық еken,
Пұшық десем, өзіме қүледі еken.
Түсінетін қалжынды көңілімен
Пұшығымның жаны нағыз сұлу еken.

❖ **Упражнение 10.** Ознакомьтесь с текстом.

Ақан сері

Ақан сері - ақын, әнші, композитор. Әкесінің есімі - Қорамса, шешесі - Жаңыл. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли молдадан оқыған. 16-17 жасынан өнер жолына түскен. Шоқанның қазасына көніл айтып, оны Қекшениң биғігіне, теңіздегі кемеге теңейді, "40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз" деп бағалайды. Ақан серінің бірінші әйелі Жұман қызы Бәтимадан туған жалғыз ұлы Үбап тілсіз, мылқау болған. Оған Ақан сері жазу-сызу үйреткен. Бәтима өлгеннен соң, аз күн отасқан әйелі Тінәлі қызы Үрқияға Ақан сері "Хат жаздым қағаз алыш, қалам сия" деген өлеңін арнаған. Ақан серінің тірідей айырылған оқиға. Ақтоты есімі Ақан серінің шығармаларынан кең орын алды. "Ақ кейлек", "Аужар", "Алтыбасар", "Фашық жарға", "Тағрипың" - Ақтотыға арналған махаббат толғаулары. Құлагердің мерт болуы да егде тартқан Ақан серінің өмірі мен шығармаларында ұмытылmas оқиға болды. Керей Сағынайдың асындағы аламан бәйгеде Құлагер кісі қолынан мерт болды. Құлагер туралы өлеңдерінде ақынның көңіл-күйі, ашу-ыза, күйініш, үміт-сезімі тебірене жырланған. Өмір соққысынан көрген Ақан сері енді: "Жақсылық-

тан жамандық асып кетті, Бой бағып тұру артық келсе шаман" дейді.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Мәтінді оқыңыз.

Бейресми жалқы есімдер лақап ат барлық халықтарда бар. Орыс тілінде лақап атқа - "прозвище, название, данное человеку в насмешку, в шутку. Обычно содержащее в себе указание на какую-либо заметную черту его характера, наружности, деятельности" деп анықтама берілген.

Сонымен, қазақ, орыс халықтарында да лақап ат қою адамның бет-пішініне, мінез-құлқына, істейтін кәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты қойылады. Кейбір тұра тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қалады.

2. Әзіл өлең.

Қара қызы, қара қызы,
Шашыңызды тараңыз.
Неге сондай, қарасыз
Қара ма, екен анаңыз.
Қара ма, екен әкеңіз.
Әйтеуір бір қарасыз,
Сіз қап-қара болсаңыз.
Біз ақ құба боламыз.
Сіз қара, мен ақ болып,
Басыма қонған бақ болып
Бір отбасы болалық.

3. Әзіл әңгіме.

Жұмысттан шыққан Шора

Шөкен (Шора Сарыбаев) біраз уақыт Тіл институты директорының орынбасары болып жұмыс істеді гой. Әбдуәлиге (директор) өзінің аууларын тізіп, жұмысттан босатын сұрап жаза беріпті. Оған Әбекен: "Ауруы шыдауға болатын ауру" деп бұрыштама соғып қайырады. Шөкен тағы бірде арыз жазып: "Бұрынғы аууларым аздай, енді қарап отырып өзіммен-өзім сейлесемін", - депті. Ол арызға Әбекен: "Бұл - алжудың нышаны екен, босату керек", - деп шешіпті.

4. Өлеңді оқыңыз.

Қара сұр, ұзын бойлы, емес талпак,
Денесі кек құрыштай, өрдеш -шалқақ.
Қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты,
Қақпақтай қобы жауырын, топшы жалпақ.
Солқылдақ кек құрыштай, біткен тіп-тік,
Жараған аш берідей белі жіптік.
Ыңғайлы, сұлу сида, сұңғақ дене,
Жараған бәйге кердей ықшам, сыйptyқ.
Біленген шиыр дене, бейне шойын,
Жұп-жұмыр сом бол біткен жігер мойын.
Денесі бұлшық етті, терткен күшті,
Бәйге атша ширатады тұла бойын.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

- Абай 200,201,203,206,210
Абылайхан 199, 200, 204
Ағабек 59,60
Ағаділ 59
Ағажан 59
Ағатай 67
Азанчеев 184, 186
Айбар 160,165
Айбас 160,165
Айбат 160, 165
Айбек 160,163,165
Айберген 49, 53
Айбол 49,53,160,165
Айболат 49,53,160,165
Айболсын 49,51,53
Айбын 160,165
Айгерім 159,165
Айгүл 159,163,165,167
Айғали 160,165
Айғаным 159,163,165
Айдана 160,165
Айдар 161,165
Айдос 161,165
Айдын 161,165
Айжамал 159,163,165
Айжан 159,163,165
Айжарқын 161,163,165
Айжас 161
Айзат 161
Айқын 16,24
Айман 160,164,165
Аймұрат 161,163
Айна 161
Айна 80,82,85
Айнабек 86
Айнагүл 80,82
Айнаш 80,160
Айнүр 159,163,168
Айтбай 37,08,44
Айтбек 37,39
Айтемір 161,163
Айтолқын 162,163
Айтуар 161,163,165
Айхан 162,163
Айшолпан 162,163
Айшуақ 161,162,163
Аксаков 184
Ақан сері 237,242
Ақбатыр 16
Ақбаян 16
Ақбота 16
Ақбөпе 16
Ақгүл 16
Ақерке 16
Ақжан 16
Ақжігіт 16
Аққү 115,119,122
Аққызы 16
Ақмаржан 16
Ақнұр 16
Ақсақ 237
Ақсақ Темір 237
Ақсөүле 16
Ақтоты 16
Алдаберген 49
Алдар 37, 38, 39
Алдар көсе 228,229,230,231
Алма 128,129,130,131,132
Алмабай 128
Алмабек 128
Алмагүл 128
Алмас 146,147,148,151,152
Алмасбек 146,148
Алмахан 128

- Алпысбай 26,28
 Алтай 5,7,9,12
 Алтыбай 26
 Алтын 146,
 Алтынай 146,162,163
 Алтынбек 146
 Алтынгүл 146
 Алтынсарин 200,211
 Амангелді 49,51,52
 Анар 128,134,137,138
 Анарбек 128
 Анаргүл 128
 Анархан 128
 Аңсаған 37,42
 Арал 5,15
 Аргамаков
 Архаров 184
 Арық 237
 Арыстан 97,105,108
 Арыстанбек 97
 Арыстанхан 97
 Асқар 16
 Атабай 58
 Атабек 58
 Аталық 58
 Атамұрат 58
 Атанияз 58
 Ахмет 187,188,194
 Аюбек 97,102
 Аюхан 97
 Аяз 89,90
 Аязбай 89
 Аязбек 89
 Аязби 89
 Әбу 199,201,208
 Әбілмансұр 201
 Әділ 16
 Әділбек 16
 Әділжан 16
 Әділхан 16
 Әкім 173,176
 Әкімбай 173
 Әкімбек 173
 Әкімжан 173
 Әкімнұр 173
 Әкімтай 173
 Әкімхан 173
 Әлия 187,188,194,197
 Әмина 187
 Әппақ 16
 Әсем 16
 Әсембек 16
 Әсемгүл 16
 Бабағали 58,60
 Бабажан 58,60
 Бабақан 58,60
 Бабақожа 58,60
 Бабанияз 58,60
 Байбол 49
 Байболсын 49
 Байқозы 70
 Байлыш 17
 Байлыбай 17
 Байлыбек 17
 Байлыбол 17
 Байтақ 17
 Бақашар 49,51
 Бақберген 55,49
 Бақболат 147
 Бақкелді 49
 Бақтияр 187,198
 Бақыткелді 49
 Басар 37,38
 Басқан 37
 Батыр 17
 Батырбек 17
 Батыржан 17
 Батырхан 17,24

- Бауыржан 58,62
Бейбіт 173,176
Бейбітжан 173
Бейсен 215
Бейсенәлі 215
Бейсенбай 215
Бейсенбек 215
Бейсенбі 215
Бейсенғали 215,225
Бейімбет 199,201,202,203
Бекболат 147,148
Бекетов 185
Бекін 37
Берген 37
Берді 37
Берік 17
Беріkbай 17
Беріkbол 17
Бесбай 26,29
Бидайбек 128
Бижомарт 18
Болат 147,148,157
Бота 71
Ботабай 71
Ботагөз 17,71
Бөлебай 99
Бөрібай 99
Бөрібек 59
Булатов 184
Булгаков 181
Бұзау 70,77
Бұзаубай 70
Бұлбұл 116,119,121,122,123124
Бұркіт 115,119,122,125
Бұркітбай 115
Бұркітбек 115
Быртық 237
Біржан 26,28,32,33
Біржан сал 237
Бірлік 17
Гаяхар 146,147,148,149,154
Гаяхарбек 146,148
Гаяхартас 146,148
Гұлай 128,139
Гұлғауһар 146
Гұлдана128,128
Гұлжан 128,139
Гұлсім 128,139
Гұлхан 128,139
Гүлім 128,139
Ғазиза 187
Ғалым 173,177
Ғалымбек 173
Ғалымжан 173
Дана 17
Данагул 17
Данақызы 17
Данышпан 17
Дархан 17
Даукес 237
Дәүкес 237
Дәүлетжан 49
Дәүлеткелді 49
Дәүлетхан 49
Дәуіт 100,112
Демеген 37,39
Демеу 37,38,40
Димаш 199
Динара 187
Дүйсек 215
Дүйсекей 215
Дүйсен 215
Дүйсенбай 215,224
Дүйсенбі 215
Дүйсенғали 215
Дүйсенхан 215
Ділдә 146,148,155
Ділдәбай 146,148

- Дінмұхамед 204
 Еділ 6,13
 Елең 37,38,39
 Елнұр 17
 Елубай 26,35
 Ербол 50,51,53
 Ерболат 50,51,53
 Ерболсын
 Ерке 17
 Еркебек 17
 Еркежан 17
 Еркеназ 17
 Ерқозы 70
 Ертіс 6
 Есенгелді 50
 Жайна 37,38,39,40
 Жайық 6,13
 Жақсыбай 17
 Жақсылық 17
 Жалмауыз кемпір 228,229
 Жаман 18
 Жамбыл 6,7,8,9,12,13
 Жанболат 50,51
 Жангелді 50,51
 Жанерке 17
 Жаманқұл 18
 Жанқозы 70
 Жаңабай 18
 Жаңаберген 18
 Жаңагүл 18
 Жаңбыр 90,91
 Жаңбырбай 90
 Жаңғақ 128,129,135,143
 Жаңғалақ 237
 Жарқынай 162
 Жартыбай 228,230
 Жаяу Мұса 237,240
 Жәмила 187
 Жексен 216
 Жексенбай 216
 Жексенбин 225
 Жексенбі 216
 Жексенгүл 216
 Жексенқұл 216
 Женіс 173,176
 Женісбек 173
 Женісгүл 173
 Женісхан 173
 Жетібай 26
 Жетпісбай 27,28
 Жидегүл 128
 Жиенбай 59,60
 Жиенқұл 59
 Жолбарыс 98,108,109
 Жолдасова 200
 Жомарт 18
 Жомартбай 18
 Жомартбек 18
 Жұлдыз 162,167,171
 Жұлдызай 162,165
 Жұлдызхан 162
 Жұма 285
 Жұмабай 215
 Жұмабек 215
 Жұмагелді 216
 Жұмаділ 215,220
 Жұмажан 216
 Жұмалиев 199
 Жұмақан 215
 Жұмаш 215
 Жұзбай 27
 Жүрсін 37,38
 Жылқы 70,71,76
 Жылқыбай 70,71,74
 Жібек 146,148,156
 Ибәділдә 146
 Иса 187,195
 Итбай 70

- Казнаков 182
Караулов 185
Кәрібай 18
Кәрібек 18
Кәүкен 199,201,209
Кеменгер 18
Кенже 59,60
Кенжебек 59
Кенжеғали 59
Кенжегүл 59
Кенжеқан 59
Кенжетаев 59
Кенжетай 59
Кенжехан 59
Кеңес 173,177
Кеңесбек 173
Кеңесгүл 173
Керім 18
Керімбай 18
Керімбек 18
Ким 173
Космос 173
Космосбек 173
Көбей 37,38,47
Көпберген 50
Күміс 146,153
Күмісай 146,148,162,163
Күмісбек 146,148
Күнай 163,165,167
Күнжан 163,170
Күнсұлу 163,165,167
Қажым 199,201,207
Қазан 215,222
Қазыбек 117,120
Қара 18
Қарабай 237
Қарақат 128,130,132,136
Қарашаш 18
Қаржая 89,94
Қарлығаш 117,119,122,123,126
Қасқыр 99,111
Қасқыrbай 99
Қасқыrbек 99
Қожа 241
Қожанасыр 228,229,232,233
Қозыбағар 70,71,74
Қозыбай 70,71,74,72
Қойбағар 70,71,74
Қойгелді 75
Қойлыбай 70,71,74
Қойшыбай 70,71,74
Қоян 99,103,107,109
Қоянбай 99
Қуан 38
Құдайберген 50
Құнанбаев 200
Құндыз 100,113
Қызғалдақ 128,144
Қырау 89,90,94
Қыраубай 89
Қырықбай 26,28
Лашын 118,119,122,127
Майлин 199
Мамыр 214,223
Мамырбай 214
Мамырбек 214
Мамырхан 214
Маржан 146,147,155
Марс 163
Маусым 214
Маусымжан 214
Мәншүк 188,192,194,197
Мейір 18
Мейірбан 18
Мейірбек 18
Мейіржан 18
Мейірман 18
Мекем 18

- Мекемтас 18,21
 Мерген 18
 Меруерт 146,147,156
 Мұхтар 188,192,194,196
 Мыңбай 27
 Мысық 71,72,79
 Мысықбай 71,74
 Нағашбек 59
 Нарышкин 183
 Наурыз 214,217,221,222
 Наурызбай 214,218,221
 Наурызбек 214
 Наурызгүл 214
 Нұрберген 90
 Нұрғайша 90
 Нұрғиса 90
 Нұрдаulet 90
 Нұржан 90
 Нұрлан 90
 Нұрсұлтан 90,92
 Нұрым 90
 Оразгелді 50
 Орал 6
 Әрік 129,135,142
 Әтеген 38
 Палуан 18
 Пердегүл 80,82
 Райхан 128
 Раушан 129,130,145
 Сабуров 181
 Сабыр 18
 Сабырбек 18
 Сабыржан 18
 Сабырхан 18
 Сайлау 173,175,177
 Сайлаубай 173
 Сайлаубек 173
 Сайлаугүл 173
 Сақтаған 38,39
 Салқын 18
 Салқынбай 18
 Салқынбек 18
 Салтанат 188
 Салтыков 183
 Сары 237
 Сарымсақ 129,135,138
 Сәбит 188,194
 Сәкен 199,209
 Сәркеш 215
 Сәрсек 215
 Сәрсекей 215
 Сәрсен 215
 Сәрсенбаев 199
 Сәрсенбі 215
 Сәүле 89
 Сегізбай 26
 Сейділдә 146,148
 Сейсен 215
 Сейсенәлі 215
 Сейсенбай 215,227
 Сейсенбек 215
 Сейсенбі 215
 Сейсенғали 215
 Сейсенгүл 215
 Сейсенхан 215
 Сейфуллин 199,209
 Сексенбай 27,28
 Семіз 257
 Сенбек 216
 Сенбі 216
 Серке 70,74
 Серкебай 70,78
 Серкеш 74
 Совет 174
 Советбек 174
 Советжан 174
 Советқұл 174
 Советқан 174

- Социал 174
 Суайт 257
 Сұлтан 177,178,179
 Сұлтанбек 174
 Сұлтангелді
 Сұлтанмұрат 50,53
 Сұлтанхан 174
 Сұлу 18
 Сұлухан 18
 Сұлушаш 18
 Табақбай 81,82,84,86,87,88
 Табылған 38
 Тазша бала 228,233,234,235
 Таңатар 50,54
 Таңерке 17
 Таңшолпан 162,163,165
 Тәңірберген 50
 Тәштік 257
 Темір 147,148,158
 Темірбек 147,148
 Темірлан 147,148
 Тоғызбай 26
 Тоқсанбай 27,28
 Тоқтар 38,39
 Толғанай 162,163,165,167
 Төлеген 38
 Тутолмин 182
 Тұман 89,90
 Тұманбай 89,95
 Тұнғышбай 59,64,65
 Тұнғышбек 59
 Тұrap 38,42,39,40
 Түрған 38,39
 Тұрсын 38,39
 Тырық 207
 Тілеген 38,39,42
 Үәлиханов 200,212
 Ушаков 182
 Ұзынтура 237,239
 Ұлболсын 50,53
 Ұлтуған 50,53
 Үшкемпір 26,28
 Фарида 200
 Фариза 188
 Фатима 188
 Фаузия 188
 Хадиша 188
 Ханыков 182
 Чубаров 184
 Шамин 184
 Шамша 81
 Шамшы 81,82
 Шапағат 90
 Шара 81,82,84
 Шарагүл 81,84
 Шерапов 184
 Шигельдиев 181
 Шоқан 200,201,212
 Шолпан 162,172
 Шеміш 81
 Шемішбай 81,82,83
 Шемішбек 81
 Шығайбай 228,231,232
 Үбырай 200,211

КІРІСПЕ	3
Жер-су аттарынан жасалған есімдер	5
<i>Имена, связанные с географическими названиями</i>	
Сын есімдерден жасалған есімдер	16
<i>Имена людей, образованные от прилагательных</i>	
Сан есімдерден жасалған есімдер	26
<i>Имена, образованные от числительных</i>	
Етістікten жасалған есімдер	37
<i>Имена, образованные от глаголов</i>	
Сөздердің тіркесі арқылы жасалған есімдер	49
<i>Имена, образованные при помощи словосочетаний</i>	
Тұстық атаулардан жасалған есімдер	58
<i>Имена, образованные от номинаций родства</i>	
Үй жануарлары атауларынан жасалған есімдер	70
<i>Имена, образованные от названий домашних животных</i>	
Үй жиһаздары мен мұліктердің атауларынан жасалған есімдер	80
<i>Имена, образованные от названий домашней мебели и имущества</i>	
Табигат құбылыштары атауларынан жасалған есімдер	89
<i>Имена, образованные от названий природных явлений</i>	
Аңдар мен жәндік атауларынан жасалған есімдер	97
<i>Имена, образованные от названий животных и насекомых</i>	
Құстардың атауларынан жасалған есімдер	115
<i>Имена, образованные от названий птиц</i>	
Жеміс-жидек атауларынан жасалған есімдер	128
<i>Имена, образованные от названий ягод и фруктов</i>	

Асыл металдар мен қымбат зат атауларынан жасалған есімдер	146
<i>Имена, образованные от названий драгоценных металлов и ценных вещей</i>	
Аспан денелерінің атауларынан жасалған есімдер	159
<i>Имена, связанные с названиями небесных тел</i>	
Қоғам өміріне қатысты атаулардан жасалған есімдер	173
<i>Имена, связанные с явлениями общественной жизни</i>	
Орыс тіліндегі қазақ (туркі) есімдері	181
<i>Казахские (туркские) имена в русском языке</i>	
Араб-парсы тілінен енген есімдер	187
<i>Имена арабо-персидского происхождения</i>	
Қысқарған есімдер	199
<i>Сокращенные имена</i>	
Ай, апта күндерінің аттарынан жасалған есімдер	214
<i>Имена, образованные от названий дней недели, месяцев</i>	
Қазақ ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің есімдері	228
<i>Имена героев казахского фольклора</i>	
Лақап есімдер	237
<i>Прозвища</i>	
Есімдер көрсеткіші	245

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІ

(ОРЫС АУДИТОРИЯСЫНА
АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ)

Тех.редакторы Б.Қосдәuletov
Корректоры Ж.Жақсыбеков

ISBN 978-601-7206-52-9

9 786017206529

Теруге 15.08.2013 берілді.
Басуға 24.08.2013 қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/₁₆. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «KZ Arial»
Шартты баспа табағы 16,0.
Таралымы 4000

ЕСКЕРТПЕ ҮШІН

ЕСКЕРТПЕ ҮШІН